

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж күелік берілген*

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

**Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік жұрнал**

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

**№12 (189),
ЖЕЛТОҚСАН
2020 жыл**
1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

**БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ
ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргұл ҚАСЫМҚЫЗЫ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Терага: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д.,
проф., ҚР ҰҒА академигі (Алматы).
Орынбасары: Әлімбай Н. – ҚР МОМ
директоры, т.ғ.к., этнограф (Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БФМ ФК ТЭИ директоры (Алматы)
Байтанаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф., ҚР БФМ
ФК АИ директоры (Алматы)
Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БФМ ФК
МТИ директоры (Нұр-Сұлтан)
Көрібаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы)
Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ФА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан)
Ташағұлы А. – т.ғ.д., проф. (Түркия,
Стамбул)
Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы)
Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Баш-
құртстан, Уфа)
Жұмагұлов К.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы)
Курманов З.К. – с.ғ.д., проф.
(Қыргызстан, Бішкек)
Кашенко С.Г. – т.ғ.д., проф. (Ресей,
Санкт-Петербург)
Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауым. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Қойгелдиев М.Қ. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы)
Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., (Нұр-Сұлтан)
Мұқтар Ә.Қ. – т.ғ.д., проф. (Орал)
Сәтбай Д.Я. – т.ғ.д., проф. (Қызылорда)
Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей)
Шаңбай Т. – ф.к. проф. (Семей)
Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы)
Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы)
Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауым. проф.
(Алматы)
Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан)
Қалиев Ж.Н. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан)
Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).
.....
Басыға 21.12.2020 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}. Шартты б.т. – 5. СТР
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380. Индексі – 75748.
Редакцияда беттеліп-кітапталып,
“Акимбаев” ЖК-де басылды.

**Журнал ҚР БФМ Білім және ғылым
саласындағы бақылау комитеті (БФСБК)
ұсынған тізімде бар. Журнал в списке
рекомендованных НКСОН МОН РК.**

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАР

ӘЛІМБАЙ Н. БЕЛТЕН Ж.	Абай Құнанбайұлының "Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққандығы туралы" атты қолжағасы жөнінде	2
БОЛСЫНБЕК Т.	Абай – заманың ұлы тұлғасы	8
БЕРЛІБАЕВ Е.Т., ҚОЗҒАМБАЕВА Г.Б.	Алтын Орда – қазақ мемлекетінің алтын бесігі	11
ӘБДЕНОВ А., ҚОНБАЙ Е.	Қазақ жылқысының еркениеттік рөлі	14
СҰЛТАНОВА Б.М., ҚАНАТБЕКОВА Н.С.	Тарихи тұлға және драма	17
ҚҰРМАНБАЕВА Қ.	Архивтік құжаттар тарихи дерек ретінде	19
ДАДЫРОВА А.А., ТАШАЕВА А.Ш.	Телевизиялық гримінің ерекшеліктері	22
ТӨРЕКҰЛОВА Ж.Е., ОТАРБАЕВА Г.К.	Мухаммад Алидің білім саласындағы реформаларының тарихи алғышарттары	26
КАРИМОВ М.Қ., ИБРАЕМОВА М.С., Даутова А.Ф.	Шығыс Қазақстандағы көсіпкерлік ісі дамуының тарихи алғышарттары	28
ҚАЙЫРҒАЛИЕВА Г., ЗАЙНОВ А.М., ЖҰМАБАЕВА К.С.	Археологиялық барлау экспедициясының нәтижелері	33
СӘРСЕМБИНА Қ.Қ., СҰРАҒАНОВА З.Қ.	Саяси құбын-сүргін құрбандарының жазалау және қамау орындары	37
САЙЛАН Б., САНАБАЙ Н.	Тұтқындар тарихы: қорлық пен зорлық	45
ШАШАЕВА Г.Қ., ТӘСІЛОВА Н.А.	Мәдени құндылықтарды зерттеудегі мәдени-әлеуметтік алғы шарттар	50
ЖЕТПІСБАЙ Н.	Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің жалпы сипаты	53

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

НУРМАНОВА А. Ш., МЕДЕРОВА Д. Е., ДЮСЕНОВ Б. Д.	Новые данные о «полунезависимых» ханах: Жанторе Айчуваков	57
ИБРАЕВ Е.	Художественные образы казахов в советском кинематографе I половины XX века	61
НАЙМАНБАЕВ Б., ШЕРИМБАЕВА Ж.	Связь общенациональной идеи «Мәнгілік ел» со стратегически значимыми программами развития Казахстана	64

ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

МАРХАБА Ә., ЖЕМЕНЕЙ И., РАХМЕТУЛЛИН А.	Шетелдік қорлардағы арабша жазба деректер	67
ҚАЙЫПБАЕВА А., НҰРМҰХАМБЕТОВ А.	Қазақстандағы зайырлы білім беру ісі	71
МҰХИТОВ Қ., ӘБСАДЫҚ А.	Мұнай құбырының тарихы	73

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

ТЕМІРОВ Н.	Сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыру	76
ЫСҚАҚОВ Е.	Кенестік кезеңдері дін мен рухани жағдайдың мәселелері	78
ӘБДІЛБАЕВА Б.	Қысқа мерзімді жоспар	80

ФТАХР/ IRSTI/ МРНТИ:03.01.09

Нұрсан ЭЛІМБАЙ¹, Жасұлан БЕЛТЕНОВ²,
^{1,2} Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
орталық музейінің ғылыми қызметкерлері, Алматы к.
¹e-mail: csmrk1986@mail.ru ²e-mail: zhassbell@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫң «БІРАЗ СӨЗ ҚАЗАҚТЫҢ ТУБІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ» «(براز سوز قازاقتنگ توبى قايدان چقانلۇي طورالى) «« АТТЫ ҚОЛЖАЗБАСЫ ЖӨНІНДЕ*

Мақалада Абайдың (1845-1904) «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққандығы туралы» деген әйгілі еңбегіне текстологиялық талдау жасалады. Сан алуан мәліметтерге қарағанда, ұлы ақын бүл туындысын 1899 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданына қарасты Шыңғыстау өңірінде жазыпты. Барлығы сегіз беттен тұратын ақ сұр қағазға араб харпімен түсірілген осы еңбегіндегі Абай қазақтың тек-тамыры, хандық биліктің орнығы һәм таралуы жөнінде ой қозгайды. Сондай-ақ туындыда ислам дінінің дәстүрлі қазакы ортада деңдеп орнығына дейінгі және орнығынан кейінгі кезеңдердегі тәнірлік нағым-сенімнің кейбір элементтері туралы да айттып өтеді. Сонымен бірге ұлы ойшылдың әр жылдары жарық көрген жинақтарындағы атамыш еңбектің кейбір жиберілген олқылықтары сөз болады.

Кілт сөздер: Абай, тұпнұсқа қолжазба, көшірме қолжазба, текстология, музей, түсініктеме, шығармалар жинағы.

Nursan Alimbai¹, Zhassulan Beltenov²,
^{1,2} Researchers of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, Almaty.
¹e-mail: csmrk1986@mail.ru ²e-mail: zhassbell@mail.ru

ABOUT THE MANUSCRIPT OF ABAY KUNANBAYULY “A FEW WORDS ABOUT THE ORIGIN OF THE KAZAKHS”

The article presents a comparative textual analysis of the famous work of Abay (1845-1904) "A Few words about the origin of the Kazakhs", which, as is known, was written by the great poet in 1899, while in his native village, located near the Chingisky mountains (modern Abai district of East Kazakhstan region). In this work, written in a clear handwriting in Arabic letters on white-gray paper and consisting of eight pages, the great poet offers his vision of the process of adding the Kazakh people. At the same time, he pays special attention to the formation of the Khan's power, which is understood as the highest form of political self-organization of a nomadic ethnic group. The poet ignored a very important question about the presence of certain elements of Tengri traditions in the cultural tradition, especially in the everyday life of Kazakh nomads, which at that time, together with the Islamic institutions that permeated the nomadic society at all times, still continued to have a regulatory significance.

The authors of the article conduct a detailed comparative textual comparison of the original manuscript of this work with its texts published in different years as part of collections of the poet's works. As a result, they were able to detect a number of inaccuracies and errors.

Keywords: Abay, original manuscript, copy of the manuscript, textology, Museum, Museum Fund, commentary, collection of works.

Нұрсан Алимбай¹, Жасұлан Белтенов²,
^{1,2} Научные сотрудники Центрального
государственного музея Республики Казахстан, г.Алматы.
¹e-mail: csmrk1986@mail.ru ²e-mail: zhassbell@mail.ru

О РУКОПИСИ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ «НЕСКОЛЬКО СЛОВ О ПРОИСХОЖДЕНИИ КАЗАХОВ»

В статье дан сравнительно-текстологический анализ известного труда Абая (1845-1904) «Несколько слов о происхождении казахов», который, как известно, был написан великим поэтом в 1899 году, находясь в родном ауле, расположенному у Чингиских гор (современный Абайский район Восточно-Казахстанской области). В этой работе, написанной четким почерком арабскими буквами на бело-серой бумаге и состоящей из восьми страниц, великий поэт предлагает свое видение процесса сложения казахского народа. При этом уделяет особое внимание становлению ханской власти, понимаемой как высшая форма политической самоорганизации кочевого этноса. Осталось вне внимания поэта весьма важный вопрос о наличии в культурной традиции, в особенностях, в повседневном быту казахов-кочевников, некоторых элементов традиций тенгрианства, которые в то время вкупе с проникавшимися во все поры кочевого социума исламскими установлениями, все

еще продолжали иметь регулирующее значение.

Авторы статьи подробно проводят сравнительно-текстологическое сопоставление оригинала рукописи указанного произведения с его опубликованными в разные годы в составе сборников произведений поэта текстами. В результате им удалось обнаружить ряд неточностей и ошибок.

Ключевые слова: Абай, оригинал-рукопись, копия рукописи, текстология, музей, музейный фонд, комментарий, сборник произведений.

Kіріспе. Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрашының бірегейі – мазмұны бағзы заманнан бүгінге дейінгі тарихи ұзак мерзімді қамтитын сан алуан қолжазбалар мен сирек басылымдардың түпнұсқалары отандық және шетелдік музейлердің, архивтердің, ғылыми зерттеу мекемелерінің қорында мол сақталған (Абусеитова, Нурманова, 2004: 167-181). Соның ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің (ері қарай – ҚР МОМ) қолжазба және бірегей басылымдар қорында да Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты жазба ескерткіштердің құнды нұсқалары – әр түрлі тақырыпқа жазылған сирек кездесетін қолжазбалар мен бірегей басылымдар сақталып отыр. Олардың жалпы саны 410-нан астам сақтам бірлікті құрайды. Жазылған уақыты, шықкан мерзімі, орны, сақталу жағдайы әртүрлі болып келетін мұндай қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдар халқымыздың материалдық һөм рухани мәдениетінің айғағы әрі ескерткіш ғана емес, танымдық тағылымы өлшеусіз деректер де болып табылады. Яғни, қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеп, зерделеуге негіз һөм негіздеме боларлық айрықша құндылық деректік категориялардың бірегейі. Айтылған қысын тұрғысынан отандық музей қорларындағы атальыш қолжазбалар мен басылымдарды ғылыми каталогтаудың, сөз жоқ, деректік тұрғыдан да, тарихнамалық жағынан да маңызы айрықша екендігі сондықтан.

Жоғарыда сөз болған қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдар коллекциясының құрамындағы танымдық тағылымы мен мәдени-тарихи ескерткіш ретіндегі маңызы өлшеусіз Абайдың жеке өмірі, шығармашылығы және қоғамдық-саяси қыраткерлігі туралы қолжазбалардың күні бүгінге дейін ғылыми айналымға енгізілмегендігін ерекше екшеп айту қажет**. Соның ішінде ұсынылып отырган мақалада салыстырмалы-текстологиялық талдау жүргізілген ұлы ақынның «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққандығы туралы» бірегей шығармасы да бар (Abaj, 1933: 319-323; Abaj, 1940: 248-253; Құнанбаев, 1945: 112-113).

Методологиялық жосын. Атальыш еңбектің мәтінін зерделеу барысында контекстуалдық, салыстырмалы-текстологиялық тәсілдер қолданылды. Бірінші контекстуалдық саралау қарастырылып отырган туындыны ұлы ақынның өмір сүрген һөм шығармашылық жүргізген ортандың контекстінде зерделеуді міндеттейді. Мұндай методологиялық мәнді көзқарас, сөз жоқ, еңбектің мазмұнының пайда болу ерекшелігі мен ондағы авторлық сюжеттердің өрбітілу қысының барынша дұрыс талдауға мүмкіндік ашады. Екінші салыстырмалы-текстологиялық тәсіл атальыш шығарманың Абайдың әр жылдары жарық көрген жинақтарындағы нұсқаларын ең алдымен ҚР МОМ қорындағы сақталып отырган түпнұсқа қолжазбаның мәтінімен өзара шенденестіре талдауды міндеттейді. Сөйтіп, осы тәсілдің негізінде атальған жинақтарға енген, қарастырылып отырган шығарманың әр жылдардағы нұсқаларында жиберілген біраз қателіктерді анықтаудың сәті түсті.

Зерттелу тарихынан. Атальыш қолжазбаны көп-теген зерттеушілер ұлы Абайдың қолтума шығар-

масы ретінде қарастырады (Жиреншин, 1956: 167; Сильченко, 1957: 281-282; Абай Құнанбайұлы, 2005: 296; Жиреншин, 2003: 208). Осы жайт туралы Сәбит Мұқанов 1945 жылғы Абай шығармаларының толық жинағында алғашқылардың бірі болып өзінің тәмендегідегі пікірін білдірген еді: «бұл сөз Абайдың өз қолжазбасынан алып, тұнғыш рет 1939-1944 жылғы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағына енгізілген. Абай өзі жазған осы қолжазба СССР Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Тіл, әдебиет Институтында сақтаулы, мұны 1934-1935 жылдары М.Әуезов басқарған экспедиция тапқан, мұнан басқа Абайдың өз қолымен жазған қолжазбасы жоқ. Осы сөздің аяғында ұш жолын («сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған» деген жерден) Абай жазбасының қағазы жыртылып қалғандықтан қысынына қарай М.Әуезов басқарған редакция қосқан» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1945).

Алайда, атальыш шығарманың Абайдың қолтума туындысы екендігіне күмән көлтіруші ғалымдар да бар. Мысалы ретінде 1977 жылы ұлы ақынның шығармаларының екі томдық толық жинағының алғысөзінің авторы профессор Ы.Дүйсенбаевтың тәмендегідегі пікірін көлтіруге болады: «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққаны туралы» аталағын шағын мақаланы бірден бір жеткен Абайдың оригиналы санап келсек те, шынында тап солай екендігіне шубесіз дәлеліміз тағы жоқ». Бұл жайт Абай шығармаларына, ең алдымен, ұлы ақынның өмірбаяны мен туындыларына байланысты түпнұсқа қолжазбаларға сүйене отырып, қазіргі кезеңдегі (тек әдебиеттану ғана емес) әлеуметтік және гуманитарлық ғылым саласындағы өнегесі озық соны жетістіктер аясында жүйелі текстологиялық зерттеудің қажеттілігін айқын айғақтаса керек (Абай Құнанбаев, 1977: 12). Басқаша айтқанда, ұлы ақынның өмірбаяны, шығармашылығы мен саяси қызметі жөніндегі жоғарыда айтылған қолжазбалар сияқты қарастырылып отырган қолжазба да қазірге дейін, екінішке орай, арнайы зерделі зерттеудің еншісі болған емес.

Колжазба жөнінде қысқаша мәлімет. Зерттеудің нысаны болып отырган «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққандығы туралы» атты туындысын ұлы ақын 1899 жылы 54 жасында Семей губерниясы, Шыңғыстау өнірінде (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) жазған. Бұл шығарманың екі нұсқасы сақталып отыр. Бірінші – тиисті зерттеулерде жиі айтылатын, 1907 жылы қағаз бетіне Мұрсейіт Бікіұлы түсірген Абай шығармалары жөніндегі қолжазбадағы нұсқа (Абай, 1995: 5). Екінші – біздің ойымызша, тіпті, абайтану мәселе сімен тікелей айналысадын ғалымдардың біразы біле бермейтін ҚР МОМ қорындағы ұлы ақынның өз қолымен жазылған қолжазба (ҚР МОМ КП 17569). Араб әріпперімен (қадым стилінде) қазақ тілінде қара қарындашпен жазылған бұл қолжазбадағы жазу үлгісі өзінің ұқыптылығымен және әсем түсірілгендейімен ерекшеленеді. Ақшыл-сүрғылт түсті қалыңдау қағазға түсірілген қолжазбаның әрбір бетінің өлшемі 22x35,6 см. 4 парақтан (8 бет) 160 жолдан тұрады. Қағазы есқі, әрбір парақтың ортасында

жыртық тесік бар. 1 параптың сол жақ бұрышы жыртытау, 4 параптың сол жақ бұрышы жыртылып жоғалған. Оның музей қорының түсім кітабындағы тіркеу нөмірі – ҚР МОМ КП 17569. Әрбір қағазының жоғарғы бұрышында «Успенская фабрика №7» деген таңба (оттиск) соғылған. Бұл – 1886-1994 жылдары Ресейдің Свердлов облысы, Тугулым ауданындағы кеңсе қағазын шығарып фабриканың логотип-белгісі. Демек, қағаз – осы ресейлік фабриканың өнімі. Қолжазбаның бірінші параграфында жоғарғы он жақ бұрышында 18 X/X 99 деген сандар бар. Бұл қолжазбаның жазылған мерзімі болуы да ықтимал.

Қорды есепке алу тобының 1982 жылғы 10 маусымында жазылған №294 қабылдау актісінде төмендегідей мәлімет кездеседі: «Автограф рукописи Абая Кунанбаева «Несколько слов о происхождении казахов» («Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққандағы туралы») 1899 г.». Рукопись написана арабским шрифтом, карандашом, на плотной белой бумаге «Успенской фабрики №7». На первой странице, в углу, справа написано тушью 18 X/X99, а также тушью в верхней половине листа, по краю надпись на русском языке «Начало киргизского бытия». 4 листа. 36x22 см. Бумага пожелтела, края оборваны и загнуты, видны следы сгибов, по центру сгиба порвано, у четвертого листа оторван нижний левый угол. На последней, восьмой странице внизу надпись карандашом по-русски «Ибрагим Кунанбаев». Заключение отборочной комиссии принять подлинный автограф рукописи Абая в основной фонд для пополнения коллекции материалов о творчестве Абая Кунанбаева. Легенда: из старых поступлений». Колжазба ҚР МОМ-ның қалпына келтіру кеңесінің шешімімен біраз қалпына келтірілді (қалпына келтіру кеңесінің №230. (06. 2010 жылғы хаттамасы). Өкінішке орай, ҚР МОМ қорының Түсім кітабында аталмыш қолжазба жайында бар мәлімет жоғарыдағы келтірілген ақпаратпен шектеледі.

Қазақ халқының шығу тегі мәселесіне арналған шығарманың сюжеттік өрбітілуі және қысынына қарағанда ұлы ақын осы енбегін дәстүрлі қазақы ортада сан тарихи кезеңдер бойы орнығып һәм толығып отырған көшпелілердің ауызша тарихнамасының бірегей салалары – фольклорлық, соның ішінде, әсіресе, шежірелік мәліметтерге және сан алуан аңыз-әңгімелерге, тіпті кейбір тарихи туындыларға сүйене отырып жазған сыйайлы (Абай, 1995: 5). Осы ретте қолжазбаның қара қарындашпен жазылғандығы ерекше назар аудартады. Расында да ұлы Абай өз шығармаларының денін қара қарындашпен жазған екен. Бұл жайтты Абайдың ұлы Тұрағұлдың (1875-1934 жж.) төмендегі естелігі де растайды: «Әкемнің алдында ақ қағазы, қолында қарындаши, құніреніп отырып, өлең жазып тастанды...» (Тұрағұл Абайұлының қолжазбасы. ҚР МОМ КП 3119: 90). Оның үстінен, бұл қолжазбадағы жазу үлгісі Абайдың әдеби хатшысы болған, оның шығармаларын қөшіріп жазушы Мұрсейіт Бікіұлы және Тұрағұл Абайұлының қолжазбаларындағы жазу ерекшеліктеріне мүлдем ұқсамайтындығы анық көрініп түр. Демек, аталмыш қолжазба ұлы ақынның төлтума туындысы деуге толық негіз бар.

Абайдың осынау халықтық этимологиялық же-ліспен жазылған әйгілі тарихи зерттеуі қазақ халқының тек-тамыры – этногенез мәселесін қаузайды. Сондай-ак ұлы ақын өзі өмір сүрген кезеңде дәстүрлі қазақы ортаның барлық саласында орнықан ислам канондарымен қатар, әлі де болса өзінің жансебілділігін дәлелдеген тәніршілдік ұста-

нымдардың да табы айқын сезілетіндігін ерекше атап етеді. Бұл қолжазбаның ақынның осы құралыптас өзге мұрасынан ерекшеленетіндігі де сондықтан. Осы қолжазба туралы көрнекті абайтанушы ғалым М.Мырзахметов қисыны келіскең төмендегідей пікірін білдірген еді: «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққаны туралы» (1899 ж.) деген ғылыми негіздегі тарихи мақаласының жазылу себебі «Түркістан уәләяті» мен «Дала уәләяті» газетінде о баста қатар уағыздылған діншілдік теріс танымдағы мақалаларға қарама-қарсы жазылған еңбек екеніне көзіміз жете түседі. Бұл зерттеу сипатындағы мақаланы Абай өз кезінде қазақ қауымында көп сөз болып, өріс алған, бірақ негізгі шындықтан тыс, ғылымға жат ойға құрылған пікірдің өріс алуына байланысты жазған сияқты. Себебі Абайдың осы мақаласы жазылған күнге дейін «Түркістан уәләяті» мен «Дала уәләяті» газеттері сөз еткен бірнеше мақалалардың жалпы сарыны осыны аңғартады. Газет уағызыдауындағы қазақтың қайдан шыққандығы, яғни қазақтың тубі арабтан, пайғамбар қауымынан шықты деген алтынқашпа көзқарасқа қарсы Абай ғылымға негізделген өз ойын: «Біздің қазақтың ықыласы атасын арабтан шықты дегенді, яки бәні Ислайлдан шықты дегенді ұнатқанда. Онысы, ерине, тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, дін-дестерді жақын қөрсеткендіктен ھем артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс» (Мырзахметов, 1994: 14-15).

Қолжазбаның жариялануы туралы бірер сөз.
1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толу мере-кесіне арналып шығарылған Абай (Ибраһім) Құнанбаев шығармаларының толық жинағында аталмыш мұра жөнінде төмендегідей ақпарат келтірілген: «... бұл сөз Абайдың өз қолжазбасынан алып, тұнғыш рет 1939-1940 жылғы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағына енгізілген. Абайдың өзі жазған осы қолжазбасы ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Тіл, әдебиет Институтында сақтаулы, мұны 1934-1935 жылдары М.О. Әуезов басқарған экспедиция тапқан, мұнан басқа Абайдың өз қолымен жазған қолжазбасы жоқ» (Құнанбаев (Ибраһім) Абай, 1945: 402-407).

Алайда «Абайдың осы қолжазбасын М.Әуезов басқарған экспедиция 1934-1935 жылдары тапқан» деген пікір жаңсақтау көрінеді. Өйткені, бұл туынды аталмыш уақытта дейін, яғни 1933 жылы арабша нұсқасынан латын әрітеріне аударылып, ең алғаш «Abaj Qunanbai үш. Tolq қынапац. Қынапац: Әvez үш Muqtar. Qarap съыр səz basıp çaşgan: Çansyur үш Ilijas. – Кзыл-Орда: Гостиграфия №1, Qazaqstan basrası» деген жинақтың «YI ВӨLIM TARJQЫ SӨZ 1899 - ҪЬL» атты бөлімінде жарияланған (Abaj Qunanbai үш, 1933: 319-323). Демек, жоғарыда сөз болған М.О. Әуезов басқарған экспедиция қазір кейбір зерттеулерде айтылып жүргендей, 1934-1935 жылдары емес, бұрынғы аталмыш жинақ жарық көрген 1933 жылға дейін ұйымдастырылды деп көміл сеніммен айтуға болады.

1939-1940 жылдары латын әрпімен түсірілген «Абай (Ибраһім) Құнанбайұлының шығармалары» атты екі томдық енбегінде қолжазбаның 3-беті (факсимелесі) беріліп, астына Абайдың «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген сезінің өз қолжазбасынан суретке түсірілген нұсқасы» деген жолдар кездеседі. Бұл фотокөшірмені түпнұсқамен салыстыраганда, мәтіннің 1-жолдан емес, 2-жолдан басталғанын, яғни 1-жолдың ұтас түсіп қалғаны анықталды.

1977 жылы жарық көрген Абай (Ибрахим) Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағында тәмендегідей ақпарат берілген: «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» алғаш рет 1933 жылы М.Әуезов құрастырған Абай шығармаларының толық жинағында «Тарихи сез» деген бөлімінде жарияланған. Содан берігі Абай шығармаларының жинақтарында басылып келеді. Бұл басылымда бүрынғы жинақтарда жарияланып жүрген «біраз сез...» М.Әуезов әдеби-мемориалдық музейінің фондында сақтаулы тұрған оригиналымен салыстырылды. Алайда он екінші абзацтың асты көмескі тартқан, қолжазба текстері оқылмайды. Сол себепті «біраз сез...» текстің толықтай 1933 жылғы тұнғыш басылымымен, онда кеткен әріп, сез қателерін жөндеп, М.О. Әуезов бастырған 1940 жылғы жинақпен салыстырып шықтық» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1977: 226-234).

Осы мәліметтерге қарағанда, аталмыш қолжазба әуелі ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Тіл, әдебиет Институты мен М.О. Әуезов әдеби-мемориалдық музейінде сақталып, ҚР МОМ қорына содан кейін түскен болуы керек.

Қолжазба 1945 жылы кирилшеге түсіріліп, Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының толық жинағына өзінің төл атываемен енді. Сондай-ақ қолжазба 1957 жылғы Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағының 2-томында және 1961 жылы жарияланған Абай Құнанбаевтың бір томдық жинағының құрамында жарық көрді. Сонымен бірге аталмыш мұра 1977 және 1986 жылдары жарық көрген Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағына да енген болатын.

Бірақ осы еңбектердің бәрінде де аталмыш қолжазбаның сегіз беттік аудармасы келтірілгенмен, оның транслитерациясы мүлдем берілмеген. Кезінде абайтанушы М.Е.Сильченко аталмыш қолжазба туралы тәмендегідей өте құнды пікір айтқан еді: «Единственная, дошедшая до нас рукопись – автограф Абая содержит его заметки об истории казахского народа» (Сильченко, 1957: 281-282). Автор өзінің осы дәлелдемесін Абайдың аталмыш қолжазбасының З-бетін (факсимилесін) жариялау арқылы оның ұлы ақынның өз қолымен жазған еңбек екендігін дәйектеген болатын.

Алайда, М.Е.Сильченко жариялаған бұл факсимиле фотосурет болуы да мүмкін. Өйткені осы қолжазбаның жарияланған З-бетінің 1-жолы түпнұсқада «бара алмабды» деп басталса, біз мүқият текстологиялық зерттеу жүргізген қолжазбаның осы бетінде М.Е.Сильченконың факсимилиелік жарияланымдағы әлгі сез тек «.....бды» деп берілгендейі анықталды. Яғни «бара алма...» деген сездер түсіп қалған, сондай-ақ бірінші жолдың аяғы мен екінші жолдың басындағы «есебедеп» деген сездің «еб-де» деген екі буыны басылмай қалған. Өткіншке орай, қолжазбаның осы үшінші беті М.Е.Сильченконың жіберген аталмыш қателігімен Ә.Жиреншиннің 90-жылдығына арналып шыққан еңбекте де беріліп кетті (Жиреншин, 2003). Тек сәл кейіндеу, Ә.Жиреншиннің 1959 жылғы «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары» кітабында аталмыш қолжазбаның осы үшінші беті (факсимилесі) еш қатесіз «Абайдың қолжазбасы» деген атпен жарияланды (Жиреншин, 1956).

Сондай-ақ, «Абай» энциклопедиясында аталмыш қолжазбаның бірінші және сегізінші беттері (факсимилесі) «Ақынның қолтаңбасы» деген атпен басылған (Абай. Энциклопедия, 1995: 92).

Бұл көшірме ҚР МОМ қорынан алынған, себебі қолжазбаның бірінші бетінің тәмендегі жағындағы «ЦГМ КП 17569» деген жазу анық көрініп тұр (Абай. Энциклопедия, 1995: 172). Қолжазбаның ҚР МОМ қорында сақтаулы тұрғандығын 1995 жылы шыққан Абайдың екі томдық шығармалар жинағындағы берілген тәмендегідей жолдар да нақтылады түседі: «Алғаш рет 1933 жылғы жинақтың «Тарихи сез» деген бөлімінде жарияланған. Одан кейін 1933-1934 жылдары М.Әуезов басқарған экспедиция тауып әкелген Абайдың өз қолжазбасымен (1899 ж.) салыстырылып, тиісті түзетулер жасалып, 1939-1940 жж. екі томдық жинаққа енгізілген. Абайдан қалған бірден-бір қолжазба қазір Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұражайында сақтаулы» (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 1995: 343).

Сондай-ақ, Абайдың бұл қолжазбасының аудармасы 2002 және 2005-жылдары шыққан «Абай. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сездер» атты жинақтарына да енді.

Қолжазбаның текстологиялық сипаттамасы. Осы қолжазбаны текстологиялық тұрғыдан зерттеу барысында Абайдың бүрын-соңды жарияланған (әр жылдардағы) шығармалары бір-бірімен салыстырылды. Салыстыру барысында аталмыш қолжазбаны сегізінші бетіндегі, яғни 151-жолдан басталатын: «Бізің қазақның мұнғұлдан чықбактығы бізге үйт имәс, бірақ бізің білімсіз, ғылымсыз қалмақдиқымыз үйт. Қалмақның төрт атасының бірі – Хазар. Сол Хазардан үч атаниң оғылы фарсы йұртында қалыб иді: Қажар, Афшар, Ұтташы диген. Сол қызылбас дүниадағы бір искі падшаларының сарқұты – Қәсірәй ғажам йұрты сол. Бізің қазақның Әмудариасынан қорқиб қачыб келиіб, Сырдариасының аяғында қалмақтан жинілиб, Ақтабан үлбүрүнды қөретүғұны, Әмудариадан қачамин діб болған. Сол Надир Афшардан иді. Осы күнгі Нәсірәддин шаһ - Қажардан чыққан кісі. Кім жетсе талабы өнәриминән житеді. Оларға атаң қалмақ діб кім бөгөт болды?» деген тұтас бір абзац осы уақытқа дейін жарияланып келген мәтін-нұсқалардың бәрінде бірінші бетке басылып келген.

Бұл жайтты үлкен қателік деп бағамдауға тұра келеді. Өйткені, түпнұсқа бойынша аталмыш жолдар сепізінші бетте ғана кездеседі. Осы ретте ерекше екшел айттар геп – көрсетілген қателік Абайдың 1933 жылғы жинағынан басқа нұсқаларда әлі күнге дейін қайталанып келеді (ал 1961 жылғы жарық көрген ұлы Абайдың шығармаларының жинағында белгісіз себептермен мүлдем берілмеген).

Сондай-ақ, 1940 жылы жарық көрген «Abai (Ibrahim) Qunanbai үш съартмаларъ. Audarmalarъ мен qara сездері» атты латын әрпімен жазылған жинақтың екінші томының сонында авторлардың тәмендегідей анықтамасымен де мүлдем келісуге болмайды: «Осы арада, екі-үш жолдың аяғы Абай жазбасында жыртылып қалыпты. Сондықтан аяқталған бірер сезді қысынына қарай өзіміз қостық. М.А.». Дәл осы құралыптас қателік 1945 жылы басылып шыққан Абай Құнанбайұлының шығармалары жинағында кездеседі: «Осы сездің аяғында үш жолын («сол сез осы күнге шейін мақал болып қалған» деген жерден») Абай жазбасының қағазы жыртылып қалғандықтан, қысынына қарай М.Әуезов басқарған редакция қосқан» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1945: 468).

Расында да, келтіріліп отырған бұл түсініктемелер сез болып отырған қолжазбадағы тиісті жолдармен сәйкес келмейді. Өйткені, қолжазбаның 148-жолдан басталатын «Сол сез осы күнге шейін мақал болып қалған. Сонан... бізді қайтыб Шағатай

түкүмбы биләгән имес. Оナン соңғы бізниң ханымыз, төрәміз – бәрі де Жочы нәсілінән бола килгән» деген жолдар, шынтуайтында, жетінші беттің соңғы жолынан басталып, сегізінші бетпен (149, 150 жолмен) аяқталады. Біздің пікірімізше, егер Абай қолжазбасының қағазы (аяқ жағы) жыртылса, онда қисынына қарай қосылған сөз сегізінші беттен басталmas еди.

Сондай-ақ Абайдың 1961 жылғы еңбегінде қолжазбаның аудармасы он ушінші жолдағы «Есте жоқ ескі мезілде, мұнғұлдан бір татар...» деген абзацпен басталатын (түпнұсқада тиісті беттің дәл ортасында берілген) соңғы 151-жолындағы «Бізниң қазақның мұнғұлдан чықбаклығы бізге үйат имәс, бірақ бізниң білімсіз, ғылымсыз...» деген сөйлем толық түсіп қалған.

Сонымен бірге қолжазбаның 2-жолындағы «Онұсы һәрне, тауарихдан хабар тисе» деген тіркестегі «әрне» сөзі 1977 және 1986 жылғы жарық көрген ақын шығармаларының жинақтарында «әрине» деген берілген. Яғни, қателік жіберілген. Дегенмен, осы жинақтардың 1995, 2002, 2005 жылғы нұсқаларында атаптың қателік түзетілді. Яғни, қолжазбадағыдай «әрне» деген берілді. Өкінішке орай, қолжазбаның 25, 26, 27-жолдарындағы «Сол қырғызды хытайлар «брот» діб атайды, өз тауарихларинда онүң сәбәбин, неликдән хытайлар «брот» дигәнүн һәм биләрмин дегендің көрмәдім» деген сөйлемдегі «қытайлар» сөзі соңғы басылымдарда мұлдем түспей қалған.

Тағы да бірер қателіктер жөнінде. 1995 жылғы ақын шығармаларының екі томдық жинағында төмөндегідей ескертпе жолдар кездеседі: «1977 ж. екі томдықта (Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1977) түпнұсқа мен көшірме қолжазбалармен, сондай-ақ бұрынғы басылымдармен қайтадан салыстырылып, жекелеген әріп, сөз қателері түзетілген. Бұл басылымда негізінен сол түзетулер қабылданды. Сонымен қатар жаңадан байқалған кейбір қателер мен дәлсіздіктер түпнұсқаға сәйкес келтірілді» (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 1995: 343). Алайда, 1977 жылдан бері басылған жинақтардан мұндағы түзетулерді кездестіре алмадық. Мысалы: қолжазбаның 5-жолындағы «хәммәге мағлұм» деген тіркес 1933 жылғы жинақта «жалпыға мәлім», 1945, 1977, 1986, 2005 жылғы нұсқаларда «хәммәға мәлім», ал 1995, 2002 жылғы еңбекте «хәммәға мағлұм» деген аударылған. 1995, 2002 жылғы аударма көпшілікке түсінкіт болғанымен, оның нақты, дәл аудармасы 1933 жылғы нұсқа болып табылады. Сондай-ақ, 10-жолдағы «көбі тилинің» деген тіркес 1933 жылғы нұсқада «көптеген» деген, 1945 жылғы жинақта «кей тарафының» деген берілсе, ал 1957, 1977, 1986, 1995, 2002, 2005 жылғы еңбектерде бұл тіркес мұлдем жоқ, яғни түсірлемеген.

Қолжазбаны текстологиялық саралау барысында ақынның әр жылдары жарық көрген жинақтарында түпнұсқаның 33-жолындағы «Олардың орны Инесей-нің қара суы бас жағында болыпты» деген сөйлемнің (қолжазбаның екінші бетінің оң жақ жиегіне тігінен жазылған) өресек қателікпен берілгендері анықталды: 1933 жылғы жинақта «Олардың біз есей аңғара сурвының басы жағында болыпты», ал қалған 1945, 1957, 1961, 1977, 1986, 1995, 2002, 2005 жылдардағы басылымдарда «Олардың орны Енесей, Аңқара суының бас жағында болыпты» деген түсірілген. Яғни, жоғарыда келтірілген түпнұсқадағы сөйлемге мұлдем сәйкес емес.

Сондай-ақ, түпнұсқаның 8-жолындағы «Чыққанун» деген сөз 1933, 1945, 1957, 1977, 1986, 1995, 2002,

2005 жылғы басылымдардың барлығында да «шыққандарын» деген түсірілген. Ал 157, 158-жолдардағы «Ақтабан құбұрунды көретүғұны, Әмудариадан қа-чамин діб болған» деген сөйлем басқа басылымдардың бәрінде дәл түпнұсқадағыдай берілгенімен, ол 1995 және 2002 жылғы жинақтаған «Ақтабан шұбырынды көретүғын себебі Нәдірден қашамын деб болған» деген өресек қателікпен өзгерілген (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 1995: 343). Осы орайда «түсінік» берушілердің бұл түпнұсқаны қай қолжазбага сүйене отырып түзеткені жөнінде дұдамал ойға қаласыз.

Ұлы ақынның 1933, 1945, 1957, 1961, 1977, 1986, 2005 жылдары жарық көрген жинақтарында қолжазбаның 15, 16-жолдары «Осы күнде де қазақдұн тәрә нәсілділәрі өзін «біз татармұз» деб айтұсады» деген түссе, 1995, 2002 жылғы нұсқаларында «Осы күнде де қазақтың тәре нәсілдері өзін өзі «біз татармыз» деб айтұсады» деген берілген. Яғни, бұл тұста да жинақтарды құрастыруыштар үлкен қателік жіберіп отыр.

Қолжазбаның 23 және 24-жолында «Қазақты өзләріне ағайын тұтады диді, һәм бір тұқымдас икән-дигине көрген кісі таласбайды. Тағы һәм қазақ, қырғыз бинен қазақдұн бір тұқымдас икәнүне таласбайды» дегенде кездесетін «һәм» сөзі 1933 жылғы жинақта «қана», 1945 жылғы еңбекте «һәм» деген берілген. 1957 мен 1961 жылғы нұсқада 23-жолын берігі басылымдарда 23-жол «һәм», 24-жол «евш» болып аударылған.

Осы сияқты ірілі-ұсақты қателіктер қолжазба мәтінінде де, ұлы ақынның әр жылдары жарық көрген кирилше нұсқаларында да, өкінішке орай, бой көрсетіп отыр. Яғни Абайдың өз қолымен жазған қолжазбасының аудармасы сан мәрте жарияланғанымен, ондаке бірбеттердің, жекелеген сөздердің белгісіз себептермен түсіп қалуы немесе орындарының ауысып кетуі, кейде, тіпті, тыңнан жаңа сөздердің қосылуы сияқты елеулі олқылықтар орын алған. Демек атаптың қолжазбасының мәтінін ауытқушылықтың нәтижесінде туындалап отыр. Шынтуайтында, Абайдың әр жылдары жарық көрген жинақтарын дайында барысында оның шығармаларының, соның ішінде сөз болып отырған «Біраз сөз қазақтың түбі қайdan шыққандығы туралы» атты туындысының да, түпнұсқаларының лексикографикалық, лексикологиялық, синтаксистік, емлекілік, грамматикалық сынды және тағы басқа да лингвистикалық параметрлері қатаң ескерілуі керек еди.

Осы ретте атаптың жайт жөнінде көрнекті абытанушы ғалым Қ.Мұхамедхановтың тәмендегі ете зерделі әрі орынды айтылған пікірінің зерттеушілердің назарынан әлі де тыс қалып келе жатқандығына назар аудара кеткен жөн деген есептейміз: «Тегінде ақын өлең жазғанда, тіл білімінің заңдарына тәуелді болып, табына бермейді. Абай сөзінің қате басылышпен келе жатқаның дәлелдеп жазған пікіріме мән берілмеді, елеусіз, ескеруіз қалды» (Мұхамедханов, 2007: 90).

Түйін. Мақаланың қисыны Абайдың атаптың туындысының дәстүрлі қазақы ортада ежелден орынқан ауызша тарихнаманың желісіне құрылғандығын айқын аңғартады. Сонымен бірге осы еңбектің контекстісінен ұлы ойшыл өмір сүрген кезеңдері тарихи және шығыстану ғылыминың жетістіктерінің әсері айырықша сезіледі. Дегенмен, бұл туындыны таза ғылыми зерттеу ретінде қарастыруға болмайды. Мұндай ұстаным ұлы ақынның рухани болмыс-бітіміне

обал жасағандық болар еді. Қазіргі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың соңғы жетістігі тұрғысынан «далалық ауызша тарихнамасының» үздік үлгісі болып табылатын бұл еңбекті, бір жағынан, «Абай әлемі» атты рухани кеңістікті, екінші жағынан, қазақтың ежелден орнықкан тарихи көзқарасын дендең зерделеуге мүмкіндік берер дерек ретінде де бағамдаған ләзім.

Әлбетте, авторлардың жүргізген салыстырмалы-текстологиялық сараптамасы өзінің қисыны келісken hәм методологиялық толымды жана зерттеулерден табиғи жалғасын табатындығына шәк жок.

Ескертпе

* Мақаладағы қажетті мәліметтерді алдын-ала жүйелуе және талдауды авторлар бірлесіп атқарды. Мәтінді жазған – Нұссан Әлімбай.

** Былың ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толу құрметіне ҚР МОМ қорындағы сақталып отырыған Ұлы Абайдың жеке өмірі мен шығармашылығы һәм саяси қайраткерлігі туралы бес қолжазбаның факсимилелерінің және олардың кирилше түсірілген нұсқаларының екі кітаптан тұратын ғылыми инвентарлық каталогы жарыққа шықты: а) «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққандығы туралы» Абай Құнанбайұлының қолжазбасы, ҚР МОМ КП 17569; ә) Тұрағұл Абайұлының қолжазбасы. «Қазактың атақты ақыны Абай Құнанбайұлы». ҚР МОМ КП 3119; б) Мұрсейіт Бікіұлының қолжазбасы. ҚР МОМ КП 2705; в) Ахат Шәкіримұлы Құдайбердиевтің қолжазбасы. ҚР МОМ КП 23654; г) «Мүсірәлі ақсақалдың айтуынша» атты қолжазба, ҚР МОМ КП 5905. Отандық ғылымда атальмыш бес қолжазбаның факсимилелерінің кирилшеге түсірілген нұсқаларымен бірге берілуі былы жарық көретін басылымның танымдық тағылымын айрықша арттырап бірегей жайт деуег әбден болады. Оның, әсіресе, ақын шығармаларының текстологиясын әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салаларындағы әлемдік соны жетістік аясында одан әрі дамыту үрдісіне соны серпін берері қарасты.

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ДЕРЕК

Abai (Ibrahim) Qunanbai ulы съярмалары. Audarmalarы мен qara sezderj. II-том. – Alma-Ata: Qazaqstan kerkem әdebiet baspasы, 1940. – 320 б.

Abaq Qunanbai ulı. Төлъқ қынаңақ. Қынаңаңы: Өvez ulı Muqtar. Qarap сыръя сез басын қазған: Қансыгур ulı Ilijas. – Кызыл-Орда: Гостиография №1, Qazaqstan baspazy. 1933. – 409 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: «Фылым» баспасы, 1977. – 454 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1977. – 312 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Казактың біріккен мемлекет баспасы, 1945. – 468 б.

Абай (Иbrahim) Құнанбайұлы. Өлөндер мен аудармалар. Поземлар. Қара сөздер. 2 том. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1995. – 343 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, карасөздер. – Алматы: Жазуышы. – 2005. – 296 б.

Абай. Өлеңдер мен аудармалар. Бірінші том. Алматы: «Жазушы», 1995. – 5-б.

Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұргалиев; ред. алқасы: З.Ахметов, Л.М. Өзезова, Б.Г. Ерзакович т.б.). - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. - 720 б.

Абусеитова М.Х., Нурманова А.Ш. Арабографические рукописи, хранящиеся в фондах г.Алматы // «Шығыс» ғылыми журнал. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2004.- №1. –167-181-бб.

Жиреншин Абусагит. Избранные труды. – Алматы: Алаш, 2003. – 208-б.

Жиреншин Ө.М. Абай және орыстың революцияшыл демократтары. – А., 1956. – 268 б.

КР МОМ КП 17569. Легенда: из старых поступлений» (Акт №294 от 10. 04. 82 г.)

Мұхамедханов Қ. Қөп томдық шығармалар жинағы. 5-том.
– Алматы: «Ел -шежіре», 2007. – 344 б.

Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1994. – 192 б.

Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – А., 1957.
– 294 с.

Тұрағұл Абайұлының қолжазбасы. Қазақтың атақты ақыны Абай Құнанбайұлы. ҚР МОМ КП 3119. – Қолжазба. 90-б.

REFERENCES

- Abaï (Ibrahim) Qunanbaev. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq jinagy [Complete collection of works in two volumes]. 1-tom. – Almaty: «Gylym» baspasy, [«Gylym» publishing house] 1977. – 454 p. [in Kazakh].

Abaï (Ibrahim) Qunanbaev. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq jinagy [Complete collection of works in two volumes]. 2-tom. – Almaty: «Gylym» baspasy, [«Gylym» publishing house] 1977. – 312 p. [in Kazakh].

Abaï (Ibrahim) Qunanbaev. Shygarmalarynyn tolyq jinagy [Complete collection of works]. – Almaty: Qazaqtyn birikken memleket baspasy, [Kazakh United State Publishing House] 1945. – 468-p. [in Kazakh].

Abaï (Ibrahim) Qunanbai uly shiqarmalary. Audarmalary men qara sozderi [Translations and book of words]. II-tom. – Alma-Ata: Qazaqstan korkem ədebiet baspasy, [Kazakhstan Fiction Publishing House] 1940. – 320-p. [in Kazakh].

Abaï (Ibrahim) Qunanbaiuly. Olander men audarmalar. Poemalar. Qara sozder [Poems and translations. Poems. Book of words]. 2 tom. – Almaty: «Jazushy» baspasy, [Zhazushy publishing house]. 1995. – 343-p. [in Kazakh].

Abaï (Ibrahim) Qunanbaiuly. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq jinagy [Complete collection of works in two volumes]. T.2: Olander men audarmalar, poemalar, qarasozder. [Poems and translations, poems, book of words] – Almaty: Jazushy. – 2005. – 296 p. [in Kazakh].

Abaï. Ensiklopedia. [Encyclopedia]. (Bas red. R.N. Nurgaliев; red. alqasy: Z.Ahmetov, L.M. Auezova, B.G. Erzakovich t.b.). – Almaty: «Qazaq ensiklopediasyey» Bas redakciasy, «Atamura» baspasy [General edition of the Kazakh encyclopedia, Atamura publishing house]. 1995. – 720 p. [in Kazakh].

Abaï. Olander men audarmalar [Poems and translations]. Birinshi tom. Almaty: «Jazýshy», 1995. – 5-p. [in Kazakh].

Abaï Qunanbai uly. Tolyq zhinaq [complete work]. Çýjnavcý [Compiler]: Əuez uly Muqtar. Qarap shygyp soz basyn zhazgan [looked up and wrote the preface]: Zhansyur uly Ilyas. – Kzyly-Orda: Gostipografiya №1, Qazaqstan baspasy [Kazakhstan Publishing House]. 1933.– 409-pp. [in Kazakh].

Abuseytova M.H., Nurmanova A.Sh. Arabograficheskie rukopisi, hranyashiesya v fondah g. Almaty [Arabographic manuscripts stored in the funds of the city of Almaty] // «Shygys» gylymi jurnal [«Shygys» scientific journal]. –Almaty: «Dairk-Press», 2004.- №1. –167-181-pp. [in Kazakh]

Jirensin A.M. Abai Jane orystyn revolusiashyl demokrattary. [Abay and the Russian Revolutionary Democrats]. – A., 1956. – 268 p. [in Kazakh].

Jirensin Abusagit. Izbrannye trudy [Selected works]. – Almaty: Alash, 2003. – 208-p. [in Kazakh]

KR MOM KP 17569. Legenda: iz starykh postupleniy [Legend: from old receipts]. (Akt №294 ot 10. 04. 82 g.) [in Russian].

Muhamedhanov Q. Kop tomdyq shygarmalar jinagy [Multi-volume collection of works]. 5-tom. – Almaty: «El -shejire», 2007. – 344 p. [in Kazakh].

Myrzahmetov M. Abaytanu taripy [history of learning Abay] – Almaty: «Ana tili» baspasy, 1994. – 192 p. [in Kazakh].

Silchenko M.S. Tvorcheskaia biografia Abaya [Creative biography of Abai]. – A., 1957. – 294 p. [in Russian].

Turagul Abayulynum qoljazbası. Qazaqtyn ataqtı aqny Abai Qunanbaiuly [Manuscript of Turagul Abayuly. The famous Kazakh poet Abay Kunanbayuly]. KP MOM KP 3119. – Qoljazba. [manuscript]. 90-p. [in Kazakh].

Тимур БОЛСЫНБЕК,
ғалым хатшы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі
Алматы қ. Е-mail: tbolsynbek77@gmail.com

АБАЙ – ЗАМАННЫҢ ҰЛЫ ТҮЛГАСЫ

Автор мақалада ұлы Абайдың ақындық шығармаларын, ғылым-білім туралы ойларын, даналық өснегеттерін, қоғамдық қызметтің қарастырады. Мақаланы жазу барысында ақын туралы абайтанушы М.Әуезов, М. Мырзахметов, Р. Сыздықова сындығында ғалымдардың, қазіргі зерттеушілердің деректері негізге алынды. Онда Абай қазақтың қазіргі әдеби тілінің неғізін салушы деген түсінікке қатысты классик жазушы М. Әуезовтің көзқарасы беріледі. Ұлты ақынның американ публицисті Дж. Кеннанмен Семейде кездесуі, пікірлесу барысында Абайдың жан-жақты білімділігі оны таңдандырығаны сөз болады. Мақалада Абайдың халықты оку-білімге шақыруы, өркениет жолында ғылымның алатын орнының маңыздылығын түсіндіруді; бойында тұа біткен ақындық дарыны бар жастардың халық мұддесін ойлап, адап болуын насиҳаттауы; соны зерттеулер нәтижесінде ақын өлеңдерінің санының артқаны; шетел ақындарының шығармаларын аудару барысында оны жалпы халыққа түсінкті тілде көркем жеткізу және т.б. мәселелер қозғалады.

Кілт сөздер: түлға, ойшыл, ақын, даналық ойлар, өснегет, тәрбие, толық адам, ғылым, білім, халық.

Тимур Bolsynbek,
Scientific secretary. Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.
Almaty c. E-mail: tbolsynbek77@gmail.com

ABAI – A GREAT PERSONALITY OF THE EPOCH

In the article, the author examines the poetic works of the great qazaq poet Abai, in which he expresses his thoughts about science, as well as the wills of folk wisdom. The article is also based on the prominent researches as M. Auezov, M. Myrzakhmetov, R. Syzdykova and modern researchers. It gives the point of view of the classic writer M. Auezov on the concept of Abai as the founder of the modern literary language of the Kazakhs. American publicist translator of the great poet J. Kennan in Semipalatinsk expressed admiration for Abai's comprehensive knowledge. At the same time, the article notes Abai's call for knowledge, clarification of the importance of the place of science on the path of civilization; as a result of his research; in the process of translating the works of foreign poets, the issues of its artistic transmission in a language understandable to the people as a whole are raised, etc.

Keywords: personality, thinker, poet, wisdom, testament, upbringing, person, science, education, people.

Тимур Болсынбек,
ученый секретарь, Центральный Государственный музей
Республики Казахстан. г. Алматы. E-mail: tbolsynbek77@gmail.com

АБАЙ – ВЕЛИКАЯ ЛИЧНОСТЬ ЭПОХИ

В статье автор рассматривает поэтические произведения великого казахского поэта Абая, в которых он выражает свои мысли о науке, а также завещания народной мудрости. При написании за основу статьи взяты труды абаеведа М. Ауззова, М. Мырзахметова, Р. Сыздыкова, а также современных исследователей. В статье рассматривается точка зрения писателя классика М. Ауззова, где считается, что Абай является основателем современного казахского литературного языка. Во время его встречи великого поэта с американским публицистом Дж. Кеннаном в Семипалатинске, последний выразил восхищение всесторонними знаниями Абая. В данной статье рассматривается призыв Абая к знаниям, разъяснение важности роли науки на пути цивилизации; призыв к молодым поэтам служить интересам своего народа; в результате исследований выявились новые стихотворения великого поэта; а также другие проблемы.

Ключевые слова: личность, мыслитель, поэт, мудрость, завещание, воспитание, полный человек, наука, образование, народ.

Кіріспе. Ғылыми мақалада Абайдың ақындық қарымы, қоғамдық қызметі, қазақ тілінің өркендеуіне қосқан үлесі, даналық ойлары, ақын шығармашылығын зерттеген ғалымдардың оң пікірі және т.б. сөз болады.

Материалдар мен әдістер. Мақалада ғылыми жүйе, тарихи принцип сақтала отырып, онда айтылған әрбір ой-пікірге автор тарапынан саралau жасалды. Зерттеу барысында хронологиялық, тақырыптық жіктеу жұмыстары жүргізілді, методологиялық әдістәсілдер қолданылды.

Талдау. Ұлты Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттелген көптеген еңбектер бар. Әсір-есе, ақын шығармаларын насиҳаттауда К.Құнанбаев, Ә.Бекейханов, А. Байтұрсынов еңбектері, сонымен бірге, М. Әуезов, Қ. Мұхамедханов, М. Мырзахметов,

Ә. Марғұлан, И. Қенесбаев, М. Магауин, А. Үсқақов, Р. Сыздықова және т.б. ғалымдар зерттеулерінің маңызы жоғары, әрі құнды дереккөзі екендігін айтамыз.

Зерттеу нәтижелері. Абай – әдебиет саласындаған емес, сонымен қатар жалпы ұлттық мәдениетте ерекше орны бар түлға. Ақын шығармаларының неғізін тақырыптары оқу-ағарту, ғылым-білім, философия, әдебиет пен өнер, аударма, еңбек ету, адамгершілік қасиет, үрпақ тәрбиесі, өмірлік құндылықтар, әділдік, қоғамның өзекті мәселелері туралы болып келеді. Ұлты ақынның «Арттағыға сөзің мен ісің қалса, Өлсөң де, өлмегенмен боласың тен» – деген өлең жолдары дәл өзіне арналғандай.

Академик Р. Сыздықова Абай қазіргі әдеби тіліміздің неғізін қалаушы деген ұғымға байланысты жазушы М.Әуезовтің мынадай пікірін келтіреді. Жалпы

мұнда үлттың әдеби тілі Абайдан ғана басталады деген сөз емес, оған дейін де қазақта аузыша шешендік пен ақын-жыраулар туғызған әдеби тіл болды. Фасырлардан келе жатқан эпостардағы, салттық, тарихтық жырлардағы, көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді қалай ұмытамыз. Бұхар, Махамбет сынды ақын-жыраулардың туындыларында әдеби тілді таңыттын үлгі-өрнектер бар. Ал, Абай өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында байыты (Сыздыкова 1986: 328-330). Демек, ұлы ақын – қазіргі қолданып жүрген кең ауқымды әдеби тілдің негізін қалаған және оның ары қарай өркендердамуына даңғыл жол салған көрнекті тұлғаның бірі.

Ұлы ақынның «Артық ғылым кітапта ерінбей оқып көруге» деген өлең жолдарынан өзіне кітапты рухани серік еткенін аңғарамыз. 1885 ж. Сібірді шарлап жүріп Семейге келген Америка публицисті Дж. Кеннан қаладағы кітапханамен танысуга барады. Ол жерде оған Қазақстанға жер аударылған А. Леонтьев жергілікті қазақтар арасында Дж. Милль, Г. Бокль және Дж. Дрепер еңбектерін оқығандар да барын айтып, оны Абаймен таныстырады. Пікірлесу кезінде Абайдың одан индукцияның дедукциядан айырмашылығын түсіндіріп беруін сұрағаны таңдандырады. Дж. Кеннан Абайға Дж. Дрепердің «Еуропаның ақыл-онының жетіліуі» атты еңбегінен сұрақтар қойып, оның бұл шығармамен жақсы таныс екенін көз жеткізеді (Кеннан 1906: 26).

Абай қоғамды өркендетудің бірден-бір жолы халықа білім беру, олардың ғылымға деген қызығушылығын ояту деп түсінді. Оныншы сезінде: «Ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ», дейді. Абайдың ойынша, ғылымды жүйелі игеру қоғамды алға сүйрейді. Он сезізінші сезінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», – деп жазады. Білімді адам өмірлік тәжірибеден де қалыптасатынын ақын он тоғызыншы сезінде былай сипаттап кетеді: «Адам ата-анадан тұганда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайdan білгені, көргені көп болған адам білімді болады». Ақын білімнің – оқып-естігінін зердесіне тоқып алатын, талапты адамға қонғанын қалайды.

Ұлы ойшыл адам бойындағы үш қасиетті анықтайды, ол: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Ол туралы он жетінші сезінде мынадай мысал келтіреді, қайрат, ақыл және жүректің, әрқайсысы өз өнерлерінің бір-бірінен артықшылықтарын айтып, өзара тартысып, ақырында төрелгін айтуда ғылымға келіп жүгінеді. Сонда, ғылым үшеуіңдің басындаң қоспақ менің ісім дейді. Келтірілген бұл мысалдан ғылымның дүниетанымдық қызметінің жоғары екендігін аңғарамыз. Ол туралы ақын «Өуелде бір сұық мұз – ақыл зерек», – деген өлеңінде көркем сүреттейді.

Абайдың толық адам ілімінің үрпақ тәрбиесіндегі маңызын ғалым М. Мырзахметов былай түсіндіреді. Бұл ілім адамды рухани тазалайды. Бойында жаман қасиеті болса алып шығады. Ілімнің басты мақсаты сонда. Сондықтан ілімге сүйене отырып жас үрпақтың бойын тазартуымыз керек. Сонда ғана адамгершіліктің жолына түсеміз. Рухани жанданамыз. Абайдай мұндаид мән-мағынасы терең ой айтқан адам болған емес (Мырзахметов 2020: 6).

Абай Қазақстанға жер аударылған Е. Михаэлис, П. Маковецкий және т.б. достық-сыйластық қарым-қатынаста болды. 1883 ж. 11 қыркүйегінде Статистикалық комитеттің негізінде Е. Михаэлис, А. Леонтьев, А. Блэк және Абай қолдауымен Семейде ал-

ғашқы музей ашылады. Ал, 1886 ж. 4 мамырында Е. Михаэлистің ұсынуымен Абай Статистикалық комитеттің толық мүшесі болып қабылданады (Ыбыраева 1999: 27-28). Өлкетанушылар Семей жерінде ғылымның география, геология, тарих, этнография, статистика, археология, археография салалары бойынша ауқымды зерттеулер жүргізді. П. Маковецкий, Н. Коншин сынды зерттеушілер қазақтардың әдәт-ғұрпы, салт-санасы, дағдылы құқығы бойынша еңбектер жазу барысында Абайдан кеңес алып тұрды. Нәтижесінде, П. Маковецкийдің редакторлығымен «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов», аталған еңбегі жарық көрсө, Н. Коншиннің етіншімен Абай оның «Заметка о происхождении родов Средней Киргизской орды» атты зерттеу еңбегіне анықтама әзірлеп береді (Қарасаев 2001: 19).

Кеменгер Абайды баршамыз әуелі ақын ретінде танимыз. Абай шығармаларының жинағында, әр адамда кездесе бермейтін ақындық қасиеттің тек Абай бойында толық табылатынын төмөндегідей атап көрсетеді және оған «Төрт тұлігі сай ақын» деп баға береді. Оnda былай делінген: «Тіл шеберлігі мен сөз көркемдігі бірін-бірі толықтырып, септесіп жатыр; Ақын ойының терендігі, аз сөзге көп мағына, философиялық мән беруі; Поэзияның адам өмірі, қоғам тұрмысы, әлеуметтік тілегінен туып отыруы; Поэзияның сыртқы қөркемдігіне, ішкі мазмұнының үйлесіп «іші алтын, сырты күміс» болуы – форма мен мазмұның тұтастасы» (Құнанбаев 1961: 516).

Абай бойында ақындық дарыны бар жастардың шығармалары елдің мұн-мұқтажы, арман-тілегімен ұштасып жатуын өзінің «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңінде келісті жеткізеді. Сонымен бірге, ақын: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бишарасы», – дейді. Ұлы ақын осындағы ойларымен ақындарға, жастарға елін-жерін суюіне, халықна адал қызмет жасауына бағыт-бағдар берді. Өйткені, Абайдың өзі қоғамдық қарым-қатынаста кейбір адам мінезіндегі өсек айтуда, жалған сөйлеу, дарақылыштық сынды рухани кеселмен күресуді басты міндеттерінің біріне айналдырыды. Қазақ қоғамының дамуына кедегі көлпіретін кез келген жайты шығармаларына арқау етіп, оларды аяусыз сыйнап отырды.

Абайдың өлеңдері алғаш рет «Дала уалаяты газетінде» жарық көрді. Газеттің 1889 ж. 7-ші салында «Жазды күні шілде болғанда», ал 12-ші нөмірінде «Құлембайға» атты өлеңдері жарияланады (Субханбердина 1995: 20).

Күні кешеге дейін Абай 173 өлең жазды делініп келген болатын, алайда абайтанушы, ғалым А. Омаров қазіргі таңда Абай өлеңдерінің саны 195-ке жеткенін айтады. Олар, «Жаңа закон», «Бүркіттің салыны», «Қызғалдақтай қызықты өмір», «Ақылды әдәт жеңбегі» және т.б. өлеңдер (Омаров 2019: 422).

Абай – көркем аудармашы. Ол аудармаларында А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов, Дж. Байрон сынды ақындар шығармаларының түпкі мазмұнын сақтай отырып, халықта түсінікті тілде жеткізе білді. Мысалы, А. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы Татьяна хаттарын тәржімелегендеге, қазақтың бай тілін кеңінен қолдана отырып, бас еркіндігін аңсаған орыс қызының мұнды назын көркем тілмен жеткізеді. Абайдың бұл аудармасы туралы зерттеуші Ж. Қыдыров: «орыс қызының көкірегін тырналаган ашы арман-мұнцын қыр қызының тағдырауқыметімен астасыра жаңаша, құлаққа жағымды, көкейге қонымды етіп сырлы, назды әуен ырғақпен

әнге қосқан», – деп сипаттайты (Қыдыров 1976: 3). Ал, «Қазақ әдебиетінің тарихында» Абайдың И. Крылов мысалдарын тәржімелуеүне қатыстыбылай делінген: «И. Крылов мысалдары халық арасына кен тарап, қазақ топырағында жаңаша түлеп, қайтадан фольклорға айналады да, шығыстық үлгілер сиякты өзгерістерге ұшырайды. Орыс сюжеттері «ұлттанып», оның моралы қазақ түрмисына, этикасына бейімделеді» (Қирабаев 2008: 376).

Абайдың поэтикалық шығармаларынан басқа, тарихи тақырыптарда жазылған «Ескендір», «Мас-ғұт», «Әзім әңгімесі» деген дастандары бар. Ұлы ойшыл өзінің «Қара сездерінде» де тарихи тақырыптарды қозғап отырады. Мысалы, «Біраз сөз қазақтың тубі қайдан шыққаны туралы» атты сезінде тарихи деректер мен ел жадындағы аузыша жеткен дәйектер негізге алынып, қазақтың шығу тегі туралы бірқатар мағлұматтар берілген. Жалпы, ұлы ақын шығармашылығы ұлттың рухани қазынасының өлшеусіз бір бөлшегі тәрізді.

Қазақ «мақал—сөздіңатасы» дейді. Мақал-мәтелді халық тудыратын болғандықтан онда мағынасы терен, тәрбиелік мәні бары да, сондай-ақ көнілге қонбайтыны да кездеседі. Абай кейбір мақалдарға сын көзбен қарайды. Жиырма тоғызыныш сезінде, «Жарлы болсан, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады» және т.с.с. мақалдардың түп мағынасының бұрыстығын айтып қынжылады. «Жарлы болсан, арлы болма» мақалы туралы былай дейді: «Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаңында қинал енбекпенен мал тап деген сез болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жаңын қарманып, адап енбекпен мал ізdemek – ол арлы адамның ісі». Абай осындай ойымен, қазақтың сез мағынасына қарап сөйлеуін, жөнсіз сезден аулақ болуына шақырады.

Ұлы ақынның артында көптеген шәкірттері қалды. Оның ақындық мектебінің тікелей шәкірттері Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Әсет, Шәкәрім саналады. Ақынның кеңесімен Көкбай «Сабалақ», Ақылбай «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауия «Медғат-Қасым», Әсет «Салих-Сәмен», Шәкәрім «Қалқаман-Мамыр», «Жолсыз жаза», «Нартайлак пен Айсұлу» поэмаларын жазады. Олармен қатар, Абайдың ақындық өнерінен улғи алып, көп нәрсе үйренген басқа да ақындар болған. Солардың бірі – Ә. Тәнірбергенұлы. Әріп Абайдың поэзиядағы жаңашылдығын қабылдайды. Абайдың ақындықтың ағасы деп санайды. Шығармаларында «Абайдан басқаң сезді не қыласың, сол дана бұл заманда биік занғар», – деп жырлаған (Есназаров 1963: 4).

Кейінгі кездері қоғамда Абай қазаққа көnlі толмай, оны сынады деген пікірлер орын алып жүр. Біздің ойымызша, ол ұлтың сынаамады, тек оны озық ойлы, алдыңғы ел қатарынан көргісі келді. Абай «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесен істін бәрі бос», – деп, оның ауызбірлікте болуын, ал «Бір жерде бірге жүрсөн басың қосып, біріңін бірің сөйле сезін тосып», деген өлең жолдарынан бірін-бірі құрметтеуін, сыйластықта өмір суруін қалғанын аңғару қыын емес.

Қорытынды. Абай – қазақтың ұлы ойшылы, бірегей ақыны, заманың алып тұлғасы. Ол халықтың күрмеуі қыын күрделі мәселелерін аңғара білді. Ертеңіне алаңдады. Абайдың қазақтың қамын жеп айтқан дана ойлары мен көзқарасы қазіргі қоғамдағы рухани, әлеуметтік, экономикалық және т.б. өзекті мәселелерді шешуде зор демеу тәрізді. Ұлы ақынның ұлағатты сездері мен тәлім-тәрbiесінен үйреніп,

өзі айтқандай, болмасақ та, ұқсап бағайық, өйткені, Абайдың ой-өрісі – ақылдың толған кемесі.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Есназаров Ә. Әріп ақын туралы жаңа деректер. Қазақ әдебиеті. 22 март 1963. № 12, 4-б.

Кеннан Дж. Сибирь и ссылка. Ред. Ф. Дедова, Н. Максимова, А. Рудина. Перевод с англ. И.Н. Кащинцева. Вступ. статья Ф. Волховского. Санкт-Петербург: издание Вл. Распопова, 1906. 286 с.

Қарасаев Ф. Шығыс Қазақстанға саяси жер аударылғандар. Қазақ тарихы. 2001, № 3. 18-22 бб.

Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Жалпы ред. басқарған С.Кирабаев. Т. 1. Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 812 б.

Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. 693 б.

Қыдыров Ж. Өн тағдырын сез етсек... Қазақ әдебиеті. 12 март 1976. №12, 3-б.

Мырзахметов М. Абай даму жолына енді түсті (ғалыммен сұқбаттасқан Н. Назарбек). Айқын. 11 ақпан 2020. № 20. 6-б.

Омаров А. Абай өлеңдер жинағы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. Семей: Интеллект, 2019. 425 б.

Субханбердина У. Дала уалаятының газеті. Алматы: Ғылым, 1995. 216 б.

Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Абай тағылымы. Алматы: Жазушы, 1986. 324-344 бб.

Ібыраева А. Семей мұражайы тарихынан. Қазақ тарихы. 1999, № 2. 27-32-бб.

REFERENCES

Esnazarov O. Arip aqyn turaly zhana derekter. Qazaq adebieti. 22 mart 1963. №12, 4-b. [Esnazarov O. new facts about Arip poet. Kazakh literature]. 22 March, 1963. No. 12, 4-p. [In Qazaq].

Kennan J. Sibir I ssylka. Red. F.Dedova, N.Maksimova, A.Rudina. Perevod s angl. I.N. Kashinzheva. Vstup. Statia F.Volhovskovo. Sankt-Peterburg: izdanie VI.Raspopova, 1906. 286 c. [In Russian].

Qarasayev G. Shygys Qazaqtanga saiasi zher audarylgandar. Qazaq tarihy. 2001, №3. 18-22 bb. [Karasayev G. Political exiles in East Kazakhstan. Kazakh history. 2001]. No. 3, pp. 18-22. [In Qazaq].

Qazaq adebietinin tarihy. On tomdyq. T. 1. Zhalpy red. Basqargan S. Qirabaev. Almaty: QazAqparat, 2008. 812 b. [History of Kazakh literature. 10 volumes. Ed. S. Kirabayev. Vol. 1. Almaty: Kazinform, 2008. 812 p.]. [In Qazaq].

Abai Qunanbaev. Shygarmalaryn bir tomdyq tolyq zhinagy. Almaty: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1961. 693 b. [Abai Kunanbayev. A complete collection of his works in one volume. Almaty: Kazakh state publishing house of fiction, 1961. 693 p.]. [In Qazaq].

Qydyrov Zh. An tagdyryn soz etsek... Qazaq adebieti. 12 mart 1976. №12, 3-b. [Kydyrov Zh. If we talk about the fate of the song... Kazakh literature. March 12, 1976. No. 12, p. 3.]. [In Qazaq].

Myrzahmetov M. Abai damu zholyна endi tusti (galymmen suqbattasqan N.Nazarbek). Aiqyn. 11 aqpan 2020. №20. 6-b. [Myrzakhmetov M. Abai has entered the path of development (interviewed the scientist N. Nazarbek). Aikyn. 11 February, 2020. No. 20. 6 p.]. [In Qazaq].

Omarov A. Abai oleder zhinagy. Sharmalaryn eki tomdyq tolyq zhinagy. Birinshi tom. Semei: Intellekt, 2019. 425 b. [Omarov A. Collection of Abai's poems. A complete two-volume collection of his works. I volume. Semei: Intelligence, 2019. 425 p.]. [In Qazaq].

Subhanberdina U. Dala ualaiatyyn gazeti. Almaty: Gylym, 1995. 216 b. [Subhanberdina U. Newspaper of the Steppe ualayat]. Almaty: Nauka publ., 1995. 216 p. [In Qazaq].

Syzdyqova R. Abai tiliniñ zerttelui. Abai tagylymy. Almaty: Zhazushy, 1986. 324-344 bb. [Syzdykova R. The study of the Abai language. The lesson of Abai]. Almaty: Writer. 1986. 324-344 pp. [In Qazaq].

Ibyraeva A. Semei murazhaiy tarihynan. Qazaq tarihy. 1999, №2. 27-32 bb. [Ibraeva A. From the history of the Semei Museum. Kazakh history. 1999, No. 2, 27-32 pp.]. [In Qazaq].

FTAXP/ IRSTI/ МРНТИ: 06.81.23
ӘӘЖ 94(574)

Е.Т.БЕРЛІБАЕВ¹, Г.Б.ҚОЗГАМБАЕВА²,

¹Т.Ф.К., доцент. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Алматы. E-mail: turbekuly.e@mail.ru

²Т.Ф.К., доцент. Әл -Фарағи атындағы ҚазҰУ.

Алматы қ. E-mail:kozgambaeva@mail.ru

АЛТЫН ОРДА – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІң АЛТЫН БЕСІГІ

Мақалада Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы Алтын Орданың мемлекеттік құрылымымен тарихи сабактастырыла қарастырылды. Мақсатқа қол жеткізу үшін тарихи-салыстыру әдісі қолданылды. Ұған дейінгі ғылыми жұмыстардың басым көпшілігінде бұл мемлекеттердің тарихы жекелей нақты қарастырылғанымен, зерттеулерде үздіксіздік және сабактастық принциптері ескерілмеген. Алтын Орда мемлекеттің ұлыстар, мемлекеттің екі қанатқа бөлінуі, хан билігінің киелілігі мәселелерінің Қазақ хандығында көрініс табуы, қандайда бір сабактастықтың болғандығының белгісі. Жалпы Қазақ Хандығы Алтын Орданың заңды мұрагері екені мәлім. Мұны ресейлік тарихшылардың өзі айта бастады.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Қазақ хандығы, тарихи сабактастық, ұлыс, киелілік, хан, мемлекет.

Е.Т.Berlibaev¹, G.B.Kozgambayeva²,

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University. Almaty c. E-mail: kozgambaeva@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, E-mail: kozgambaeva @mail.ru

GOLDEN HORDEIS – A GOLDEN CRADLE OF KAZAKH STATEHOOD

In this article the problems of historical continuity of the state system of the Golden Horde and the Kazakh Khanate were considered. Medievalists thoroughly studied the history of the state structure of each state separately, that is, the principles of continuity and succession were not the focus of scientists. In the course of the investigation of the aforementioned problem, we adhered to precisely these principles. The study of such elements of the state system as the ulus, the division of the army into two wings, the belonging of the khan's power to the Chingizids both in the Golden Horde and in the Kazakh Khanate led us to the conclusion that the historical continuity of the state system between these states really existed.

Key words: Golden Horde, Kazakh Khanate, historical succession, ulus, sacredness, khan.

Е.Т Берлибаев,¹ Г.Б.Козгамбаева,²

¹к.и.н., доцент. Казахский национальный женский педагогический университет. г.Алматы. E-mail: turbekuly.e@mail.ru

²к.и.н., доцент. КазНУ имени Аль-Фараби.г.Алматы, E-mail: kozgambaeva@mail.ru

ЗОЛОТАЯ ОРДА – ЗОЛОТАЯ КОЛЫБЕЛЬ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

В данной статье были рассмотрены проблемы исторической преемственности государственного строя Золотой Орды и Казахского ханства. Медиевистами была хорошо изучено история государственного строя каждого государства по отдельности, и не рассматривались принципы преемственности и непрерывности. При изучении материала использовался историко-сравнительный анализ Исследование таких элементов государственного сроя, как улус, деление войска на два крыла принадлежность ханской власти чингизидам как в Золотой Орде так и в Казахском ханстве привело нас к выводу о том, что существовала не только династическая преемственность, но и преемственность государственного строя между этими государствами действительно существовала.

Ключевые слова: Золотая Орда, Казахское ханство, историческая преемственность, улус, сакральность, хан, государство.

Кіріспе. Төуелсіздік кезеңінде Отан тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу Алтын Орда тарихына қатысты деректер мен материалдарды қайта зерделеуді талап етуде. Қазақ хандығының 550 жылдығы мерейтойында Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ қөтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәүірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері» деп баса айтуды – тарихшыларға жаңа бағытта зерттеу жүргізуге жол салды. Біз осы жұмысымызды Алтын Орда мен Қазақ хандығының мемлекеттік

құрылымының тарихи сабактастық мәселелерінің Қазақ хандығында көрініс табуын қарастыруды мақсат еттік.

Зерттеу әдістері. Европоцентристік көзқарастарынан туындаған кейбір ғалымдар Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының империясын дамымый қалған ерте таптық құрылым ретінде қарастырады. (Скрынникова, 1997: 12,32) Жошы ұлысын өзіндік ерекшелігі бар, саяси, әлеуметтік-экономикалық институттары бар феодалдық мемлекет деп «көшпелі феодализм» терминімен негізделп көрсетті (Владимирцов, 1934: 110-119). Өздігінен мемлекет бола алмайтын саяси құрылым тұжырымын негіз-

деушілдер де бар (Крадин, 2001: 7,8). Сондықтан біз көшпелі мемлекеттерде мемлекеттілік те, мәдениетте, өркениетте жоқ делінген теориялар мен тұжырымдарға сын көзбен қарап, мәселеңізді ұлттық мұдде тұрғысынан қарастырамыз.

Талдау. Алғашқылардың бірі болып Алтын Орданың әкімшілік құрылымын, әскери, азаматтық қызметтік шендер мен атақтарға талдау жасаған И. Березин. (Березин 1850: 7-13). Б.Д. Греков, А.Ю. Якубовский жұмысында да Алтын Орданың негізгі ірі шендерге, олардың атқаратын қызметіне ба-са назар аударған. Г.А. Федоров-Давыдов ұлтыстық жүйе мәселесіне арнағы тоқталған (Федоров-Давыдов, 1973: 43, 49). К.А. Пищулина қазактардың мемлекеттілігі туралы мақалаларында осы мәселеғе назар аударады. (Пищулина, 2016: 224-228). Н.А.Атығаевтың кандидаттық диссертациясында осы мәселеғе кішігірім шолу жасалған (Атығаев, 2003: 151-158). Т. Сұлтанов Қазақ хандығының ұлтыстық жүйесі туралы мәліметтер келтірген (Сұлтанов, 1982: 78-79).

Зерттеу нәтижелері. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры», «Мәдени мұра бағдарламасы және «Рухани жаңғыру: болашақ-қа бағдар» мақалаларының өзектілігі өз маңызын жойған жоқ. Онда кез келген халық, оның ұрпағы өзінің тарихын, адамзат дамуына қосқан үлесі туралы білуі тиіс деп көрсетілген. Осы міндеттерді жүзеге асыру ең бірінші тарихшы ғалымдардың құзырында.

2019 жылдың 24 тамызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуы тиіс..., қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенізді ешқашан ұмытпауымыз қажет», – деп Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын атап етуді, сонымен қатар оның негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау туралы бастама жасады (Тоқаев: 2019:1). Осындай игі бастамардан кейін өнірлерде жиындар, дөңгелек үстелдер өткізіліп, бұрындары көп қозғала бермейтін Алтын Орда, Шыңғыс ханның тұнғышы Жошы және оның құрған алып империясы туралы тың пікірлер талқыға түсіп жатыр. Жошы ұлсысы – дүниенің төрт бұрышына билігін жүргізген Шыңғыс ханның өз иелігіндегі жерлерін төрт ұлына бөліп бергенде Жошының үлесіне тиген аса үлкен аумақ. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өнірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шыңғыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Қыпшақ даласында құрлыған Жошы ұлсысы кейіннен Алтын Ордаға айналды. Орыс кінәздіктері, Ногай ордасы, көшпелі Өзбек мемлекеті, Моголстан секілді елдер осы Алтын Ордадан бөлініп шыққаны белгілі.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұрпақтары негізін салған Алтын Орданың тікелей мұрагері – қазақ деген пікірді растайтын деректер аз емес. Солардың ең бастыларының бірі Жошы мазарынан ұлысқа қарасты 26 тайпаның таңбалары табылған. Ғалымдар осы 26 таңбаның түгелі бүтінгі қазақ руларына тиесілі белгілер екенін айтады. Олардың ішінде қазіргі монгол ұлтына жататын рулардың бірде-біреуінің белгісі кездеспеген. Кезінде ресейлік антрополог Л.Т. Яблонский Алтын Орданың көшпендейлерінің бас сүйегін, қаңқасын зерттей келе, ортағасырларда әмір

сүрген Алтынордалықтардың бет-пішініне, қазіргі халықтардың ішінде тек қазақтар қатты ұқсайды деген пікірі тарихтан белгілі. Кейін қазақтан шыққан тұнғыш антрополог ғалым Оразақ Смағұлов бастаған генетик ғалымдар қазақтарда бар антропологиялық типті XIII ғ. қалыптасқанын дәлелдеп келеді (Токтабай. 2020: 6-7).

Көп жылдар бойы Юань империясы, Иран, Еуропа елдерімен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатып, сауда жолын қалыптастыра білген Алтын Орда мемлекеті туралы ашық айттылмады. Қазақстандық ресми тарихнамада Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының жерлерін жауап алған» бөтен шетелдік мемлекет ретінде қарастырылды. Ортағасырлық Қазақстан тарихының алғашқы кеңестік осы бұрманланған көзқарасының орнығына Б. Греков пен А. Якубовскийдің 1937 жылы жарық көрген ғылыми монографиясы негіз болды (Греков, Якубовский. 1937: 203).

1937 жылдардағы репрессиялар тарихшыларды үрейде ұстады. Алғашқы қазақ тарихшылырының бірі Санжар Асфендияров 1937 жылы атылып кетті. Тарихшы ғалым Санжар Асфендияров «миссионер Алтынсарин мен Үәлихановты әспеттеп, қазақ халқының тарихын хандарды ұлықтаумен алмастыруды», – деп айтылғанды (Васильков, Сорокина. 2003: 496). 1937 жылдың саяси сабактары халық жадында жақсы сақталып қалды.

1944 жылы тамыз айында Татар партия комитетінің идеяологиялық тәрбие ісіне жауапты бөлімінде үлкен қаулы қабылданды. Оның негізгі мақсаты Алтын Орданы айтқызыбау, қаралау, айтқан күннің өзінде теріс жағынан яғни феодалдық мемлекет, басқыншы тайпалар бірлестігі, жабайылық ордасы деп насиҳаттау басым болды. Осы тақырып туралы зерттеуді мүлдем тоқтату керек деген теріс пиғыл жатты.

Ұлттық тарихты ұлықтаудың кез келген өрекеті ату жазасымен аяқталуы мүмкін еді. Бұл ретте Ермакан Бекмахановтың қудалануын, сондай-ақ Қ.И. Сәтбаевтың Едіге эпосын зерттеген үшін қудаланғанын еске алуға болады. Татарстанда осы эпосты жариялағаны үшін Н. Исанбет те қудаланды (Исхаков Д.М. 1997. 248 с. 33, 199). Кеңестік кезеңде Татарстанда Алтын Орда тарихын зерттеу мен насиҳаттауға тырысқан ғалымдар мен зиялы қауымның қалай қуғындалғаны жайында Д.М. Исхаков жақсы суреттейді (Исхаков.1997: 194-205). Осы тұстағы қауіпті тақырыптардың бірі – Алтын Орда.

1943 жылы «Қазақ КСР қоға заманнан бүгінге дейінгі» тарихы жарық көрді. Осы кітаптың «Монгол шапқыншылығы және Алтын Орда кезеңіндегі Қазақстан» атты тарауында алғаш рет Ақ Орда Қазақ хандығының негізін қалаушы деген тезис айттылды. (Абдықалыкова. Понкратова. 1943: 28). Осы тұста, Қазақ жерінде Алтын Ордаға қатысты үш бірдей ұлы оқиға өткен мекен бар екенін және ол – Ұлытау, Сарайшық және Түркістан қалаларына байланысты екенін айттымыз қажет.

Сарайшық, Кіші Сарай – ортағасырларда Алтын Орданың ірі сауда және экономикалық орталығы. Бұл қала Жайық өзенінің қазіргі Атырау қаласынан 50 км жогары орналасқан. Қала кезінде құллі Еуразияның тағдырын шешкен шаһар болған. Орыс княздары қаласын билеуге ұлықсатты осы Алтын Орданың астанасына келіп алатын болған. Бұл қалада Алтын Орданың ұлы, атақты хандары жерленген. Қасым

ханың тұсында Сарайшық қазақтың астанасына айналды.

Түркістан – құллі түріктің рухани астанасы, барша түріктің алтын бесігі болған қала. 1598 жылдан Қазақ хандығының астанасы ретінде танымал.

Қазақстанның тарих ғылымы кеңестік кезеңде Алтын Орданы туыстас, шетелдік мемлекет деп санады. Шоқан Уәлиханов: «Қырғыздар дәстүрлері бойынша өздерін Алтын Орда татарларының үрпақтарымыз деп санайды»; – деп жазды (Валиханов Ч.Ч. 1984. 432 с.-).

1969 жылы Г.Ф. Даҳшлейгер: «Ақ Орда өзінің құрамы жағынан, көбіне қазақтің болды, бірақ халықтың атауы кейін анықталып, деректерге енді»; – деп жазды (Дахшлейгер. 1969: 87). 1998 ж. жаңадан жарық көрген Қазақстан тарихының бес томдығында: «Алтын Ордада негізінен Бату ханың үрпақтары, ал Ақ Ордада Орда Еженнің үрпақтары билік етті»; – деп жазылды (Асылбеков және т.б. 1998: 108-12). 2000 жылдың аяғынан бері ғалымдар Алтын Орданы Еуразияны мекендеген көптеген түркі тайпаларының, сонын ішінде қазақтардың да ортақ ата-бабасы ретінде көрсетті. Сонымен қатар «қазақтар – Ақ Орданың мұрагері» деген тезис әлі күнге дейін өмір сүруін тоқтатқан емес. Елбасы өзінің Ұлытауда берген сұхбатында: «Біздің елдігіміз, қазақ жүртінің аргы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктеге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртінде Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Бұл – ...ғұндардың да, көк түріктегін де, Алтын Орданың да орталығы болған жер» десе, 2014 жылдың желтоқсанында Н.Ә. Назарбаев Алтын Орданы Қазақ хандығының негізін қалаушы дегендеген тағы да жариялады. Осының нәтижесінде монғол империясы ыдырағаннан кейін де, жеке дара империяға айналған ұлыстарда (Жошы ұлысы, Төле ұлысы, Шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы) бұл ұлыстар ыдырап, құрылған хандықтарда да Шыңғыс хан үрпақтарының билігі занды деп, таққа тек Шыңғыс хан үрпақтары отырды. Қазақ хандығында да осы дәстүр сақталды.

Көптеген қазақ зиялышлары қазақтардың Алтын Орданан шықынан біліп келді. Шоқан Уәлиханов қазақтарды Алтын Орданың үрпағы дегендеген тағы да жариялады. Ал қазақ әдебиетінің классигі I. Есенберлин қазақтың шығу тегі туралы баяндайтын «Алты басты Айдаһар», «Айдаһардың алты басы» және «Айдаһардың өлімі» атты романдардан тұратын «Алтын Орда» трилогиясын жазды.

Қорытынды. Қазақ жері түгелдей Жошы ұлысының құрамына кіріп, Алтын Орданың хандарына сүйеу болған негізгі күш қазіргі қазақты құрап отырған тайпалар болғанына тарих күе. XIII ғасырдың 40-жылдары Үгедей хан тұсында «Монғолдың құпия шежіресі» атты еңбектің жазылуының бір мақсаты Шыңғыс хан және оның үрпақтарының жаулап алған аймақтардағы билігін идеологиялық тұрғыдан негіздеу болды. Ал одан кейінгі ғасырларда бұл идеология ислам дінімен біte қайнасып, шыңғыстық идеология алып келеді. Қазақ хандығы дәуірінде бұл идеология жергілікті этностың санасына сіндірілді. Жалпы қорыта айтқанда Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабактастық мәселесі жанжақты және ғылыми тұрғыда терең талдауды, болашақта күрделі зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Атығаев Н.А. Казахское ханство в XV- середине XVI века: диссертация на соискание кандидата исторических наук. - Алматы. 2003. – С.151-158.

Абықалыкова Н.М., Понкратова А.М. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. –Алма-Ата. «Наука.» 1943. – 670 с. С. 28.

Асылбеков.М.Х және т.б. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. II том.- Алматы: «Атамұра», 1998. -164 б. 77-89 бб.

Березин И.Н. Внутреннее устройство Золотой Орды по ханским ярлыкам. Монгольский кочевой феодализм. -Ленинград. Издательство АН СССР // Историческая наука и практика. 1970. № 1 (27). С.6-26.

Васильков Я.В. Сорокина М.Ю. Люди и судьбы. Библиографический словарь востоковедов - жертв политического террора в советский период (1917-1991). Петербургское Востоковедение, 2003. 496 с. С. 31

Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград. Издательство академии наук СССР. 1934. С.110-119

Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда. Очерк истории Улуса Джучи в период сложения и расцвета в XIII - XIV вв. Ленинград. Издательство социально-экономической литературы 1937. С 203.

Дахшлейгер Г.Ф. Историография советского Казахстана. Алма-Ата, Наука. 1969. -192 с. С. 87.

Исхаков Д.М. Проблемы становления и трансформации татарской нации // Казань. Мастер Лайн. 1997. 248 с. С. 194-205.

Крадин Н.Н. Кочевники в мировом историческом процессе. // Философия о обществе. Выпуск 2001. №2(23). С. 7-8.

Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – нач.XVI в. Алматы. Наука.1977. 350 с. С.224-228.

Скрынникова Т.Д. Харизма и власть в эпоху Чингисхана. – Санкт-Петербург: Евразия, 2013. – 384 с. С.12,32

Тоқаев Қасым-Жомарт. «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында. сәйлемен сөзі. Қазақстан Республикасы Президенттің әдеби сайты. <https://www.akorda.kz/kz> 24.08.2019

Тоқтабай Ахмет «Оразақ Смағұлов және қазақтың қаны» // Қазақ әдебиеті 05.10.2020. 5 бет.

Федоров-Давыдов Г.Е. Общественный строй Золотой Орды. Москва. Издательство восточная литература.1973: С.43,49.

REFERENCES

Atygaev N.A., (2003) –Атығаев. N.A. Kazakhskoye khanstvo v XV- seredine XVI veka: [Kazakh Khanate in the 15th - mid-16th century] a dissertation for a candidate for historical sciences. Almaty. The science 2003. pp. 151-158. [in Russian].

Abdykalykova N.M., Ponkratova A.M. (1943) – Abdykalykova N.M., Ponkratova A.M. Istoriya Kazakhskoy SSR s drevneyshikh vremen do nashikh dney [History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day] Alma-Ata. – 670 p.P.28 [in Russian].

Asilbekov M.X. (1998) – Asilbekov M.X. jäne t.b. Qazaqstan tarixi (köne zamannan būninge deyin). Bes tomdıq. Il tom [History of Kazakhstan (from ancient times to the present). Five volumes. Volume II] Almaty: «Atamura», 1998. - 164p. 77-89. [In Qazaq].

Berezin I.N. (1970) – Berezin I.N. Vnutrenneye ustroystvo Zolotoy Ordy po khanskim yarlykam. Mongol'skiy kochevoy feodalizm. [The internal structure of the Golden Horde according to the Khan labels. Mongolian nomadic feudalism.] Leningrad. Publishing house of the Academy of Sciences of the USSR // Historical magazine № 1 (27) pp. 6-26. [in Russian].

Vasil'kov, YA.V. Sorokina M.YU (2003).-Vasil'kov, YA. V.Sorokina M.YU. Lyudi i sud'b. Bibliograficheskiy slovar' vostokovedov – zhertv politicheskogo terrora v sovetskiy period (1917-1991) [People and destinies. Bibliographic Dictionary of Orientalists - Victims of Political Terror in the Soviet Period 1917-1991] Petersburg Oriental Studies, 2003, 496 p. P. 31 [in Russian].

Vladimirsev B.YA (1934) - Vladimirsev B.YA. Obshchestven-

- nyy stroy mongolov. Mongol'skiy kachevoy feodalizm [The social system of the Mongols. Mongolian nomadic feudalism]. – Leningrad. 1934. P. 110-119 [in Russian].
- Grekov B., Yakubovskiy A. (1937) - Grekov B., Yakubovskiy A. Zolotaya Orda. Ocherkistorii Ulusa Dzhuchi v period slozheniya i rastsvera v XIII - XIV vv [Golden Horde. Essay on the history of UlusJochi during the period of addition and prosperity in the XIII - XIV centuries.]. – Leningrad. Publishing house of socio-economic literature. 1937. P 203 [in Russian].
- Dakhshleyger G.F (1969) - Dakhshleyger G.F. Istoriografiya sovetskogo Kazakhstana [Historiography of Soviet Kazakhstan.] Alma-Ata, The science1969.-192 p. P. 87. [In Russian].
- Iskhakov. (1997) - Iskhakov D.M. Problemystanovleniya i transformatsi tatarskoy natsi [Problems of the formation and transformation of the Tatar nation] – Kazan. Master Line. 1997. 248, pp. 194-205. [in Russian].
- Kradin N.N. (2001) - Kradin N.N. Kochevniki v mirovom istoricheskem protsesse [Nomads in the World Historical Process] Philosophy about society. Issue 2001. № 2 (23). p. 7-8. [in Russian].
- Pishchulina K.A. (1977) - Pishchulina K.A. Yugo-Vostochnyy Kazakhstan v seredine XIV – nach. XVI v [South-East Kazakhstan in the middle of the XIV - early. XVI century]. – Almaty. 1977 – 350 c. P. 224-228 [in Russian].
- Skrynnikova T.D (2013) - Skrynnikova T.D. Kharizma i vlast' v epokhu Chingis-khana. [Charisma and power in the era of Chinggis Khan. – Saint] – Petersburg: Eurasia, 2013 . - 384 p. P.12.32 [in Russian].
- Toqaev Qasim-Jomart. (2019) - Toqaev Qasim-Jomart «Ultau – 2019» xalıqaralıq twristik forwmında. söylegen sözi. Qazaqstan Respublikası Prezidentiniň resmi saytı. <https://www.akorda.kz/en> August 24, 2019. [In Qazaq].
- Toqtabay Axmet (2020) - Toqtabay Axmet «Orazaq Smagulov jäne qazaqtıň qanı» [«Orazak Smagulov and the blood of the Kazakhs】 Kazakh literature 05.10.2020. Page 5. [In Qazaq].
- Fedorov-Davydov G.Ye, (1973) – Fedorov-Davydov G.Ye, Obshchestvennyy stroy Zolotoy Ordy. [The social system of the Golden Horde.] Moscow .1973: p. 43, 49. [In Qazaq].

ФТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 68.39.49

А.ӘБДЕНОВ¹, Е.КОНБАЙ²

¹КеАК «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті»,

Т.Ф.К., доцент, aidyn_617@mail.ru, Ақтөбе, ҚР

²КеАК «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті»,

магистр, uerke-umi80@mail.ru, Ақтөбе, ҚР

ҚАЗАҚ ЖЫЛҚЫСЫНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК РӨЛІ

Мақалада қазақ халқындағы төрт түлік малдың бірі – жылқы туралы сөз етіледі. Жылқының қолға үйретілуі, алғаш мекендеғен террориялары мен салт-дәстүрге мән беріліп, зерттеулерге тоқталағы. Жылқы малының Орталық Азия елдеріндегі ата мекені қола дәүірінен алғаш рет жылқыны қолға үйретіп, ол өнерді қоғамдық тұрмыста қолдана бастауы, Солтүстік Қазақстан облысының Ботай тұрагынан табылған жәдігерлерді зерттеу барысында қыл құйрықты қолға үйреткен қазақ ұлтты жайлы қарастырылады. Еуропа және Америка ғалымдарының Орта Азия елдеріндегі жылқыны зерттеуге деген қызығушылығы туралы сөз етіледі.

Кілт сөздер: көшпенділер, жылқы, Алаш, Солтүстік Қазақстан, Орталық Азия елдері, Ботай мәдениеті, жәдігер.

A.Abdenov¹, Y.Konbay²,

¹«K.Zhubanov Aktobe regional university», docent, candidate of historical sciences aidyn_617@mail.ru, Aktobe, RK

² «K.Zhubanov Aktobe regional university»,master, uerke-umi80@mail.ru, Aktobe, RK.

THE ROLE OF KAZAKH HORSE'S CIVILIZATION

The article considers one of the four types of cattle of the Kazakh people – horses. Much attention is paid to the domestication of horses, their native habitat and customs. Studying the artifacts found at the Botay site in the North Kazakhstan region, they talk about the origin of horses in Central Asia during the bronze age, the art of taming them and the use of this art in the public life of the Kazakh people. It will focus on the interest of European and American scientists in the study of horses in Central Asia.

Keywords: nomads, horse, Alash, Northern Kazakhstan, Central Asian countries, Botai culture, artifact.

А.Абденов¹, Е.Конбай²

¹НАО«АГУ им.К.Жубанова», доцент, к.и.н., aidyn_617@mail.ru,Актобе, РК

²НАО«АГУ им.К.Жубанова», магистр uerke-umi80@mail.ru, Ақтобе, РК

РОЛЬ ЦИВИЛИЗАЦИИ КАЗАХСКОЙ ЛОШАДИ

В статье рассматривается один из четырех видов скота казахского народа – лошади. Большое внимание в исследований уделяется приручению лошадей, их исконной среде обитания и обычаям. Изучая артефакты, найденные на стоянке Ботай в Северо-Казахстанской области, говорят о происхождении лошадей в странах Центральной Азии в эпоху бронзового века,

искусстве их приручения и использовании этого искусства в общественном быту казахского народа. Речь пойдет об интересе европейских и американских ученых к изучению лошади в странах Средней Азии.

Ключевые слова: кочевники, конь, Алаш, Северный Казахстан, страны Центральной Азии, Ботайская культура, артефакт.

Kіріспе. Еңбекте қазақ тарихындағы жылқы ма-лының үлттық сана-сезім мен рухани болмыс, әдеп-ғұрып, мәдениет пен тарихтағы алар орнын анықтау мақсат етілді. Дәстүрлі мәдениеттің қазыналы беттерін қайта қарап, қазақтың өзін-өзі тануға себепші болуға тырыстық. Асауды алғаш ауыздықтағандар, етікке өкше қадап, шалбарды да тіккендер ежелгі көшпенділер. Бұдан өзге қазақ даласында адамзат өркениетін өрге сүйрекен қандай жаңашылдықтар пайда болды. Ердің құқын ер тоқыммен өлшеген қазақ алтыдағы ұлын атқа мінгізіп, алпystағы қариясын аттан түсірмеген.

Орталық Азия елдері мен Қытайдың Шинжяны – тұлпардың ата мекені. Осыдан 3000 жылдан астам бұрынғы қола дәүірінде атальған елдердің тұрғындары алғаш рет жылқыны қолға үйретіп, ол өнерді қоғамдық тұрмыста қолдана бастады, яғни жылқыны көлік ретінде пайдалануы, осынау ұлы тапқырлық Еуразияның солтүстік далаларындағы экономикалық информациины түбірінен өзгерти.

Зерттеу әдістері: Зерттеліп отырған мәселе институционалдық дәстүрді зерттеу барысында контекстуалдық, модельдеу және тарихи-социологиялық тәсілдерді қолданады. Қазақ тарихындағы, қоғамындағы жылқының рөлін анықтап, материалдарды типологиялық паралельдер жүргізу арқылы зерттеу. Басқа шетел ғалымдарының зерттеу әдістерін қолдана отырып, айғақтау мақсатында деректер пайдаланылады.

Талдау. Солтүстік Қазақстан облысының Ботай тұрағынан табылған жәдігерлерді зерттеу барысында қыл құйрықты қолға үйреткен қазақ ұлты екені дәлелденген. Қазіргі таңда әлемде жылқының 250 тұқымы бар екендігі анықталған. А.Загряжский «Шу жазығы мен Сырдария көшпенділерінің тұрмысы» деген еңбегінде ботаник маман ретінде бір қазақтың аузынан 31 тұрлі жылқы етін жейтінін таңдана жазып алған.

Омар Хайям түркілердің билеушісі Афрасиабтың сөзін келтіреді: «Аспанда ай қандай маңызды болса, адам үшін ат та сондай маңызды» деп. Адам өміріндегі аттың орны туралы М.Қашқар: «Ат – түріктің қанаты» деп айтқан, демек, қанатсыз құс ұша алмаса, түрік жылқысыз өмір сүре алмайды деген мағынаға сай келеді. Орыс тілінде «лощадь» сөзі XY ғасырдан бастап пайдаланылған. Сөздің шығу төркінің тексерген орыс ғалымдары «alasa» және «at» деген түркі сөздерінің қосылуынан шыққанын дәлелдеп отыр.

«Алаш» этнонимі «Алаша» – деген жылқының бейнелейтін сөзден шығып тұрса, орыстың «лощадь» сөзі «калаштың аттары», «алаштың жылқылары» – дегенмен мағыналас.

Қытайдың Хан династиясы Жан Чиянды Батыс өнірге елші етіп жіберіп, Үйсін елінен асыл тұқымды жылқыны Қытай орта жазығына алдырғаннан бастап, Хан патшасы У Ди «Пырак» деген жырын жазып, жылқының ғаламат құдіретін тамсана жырлап, оған «Пырак» деп ат қойған. Ұлы Жібек жолының бағыттарының онан әрі кени тусуіне байланысты Хан патшасы У Ди Орталық Азиядағы ежелгі Ферғана елінде «қан терлейтін тұлпар» болатынын, қытай жазбаларында: бұл айтылып отырған тұлпарлар

– теке-жәуміт тұқымды жылқылар, қытайлар алғашында осы тұлпарлардың күрен-жиендерін көрген де, олардан шықкан тер қан сияқты қызыл қөрінгендейтін, тер орнына қан шығады екен деп ойлап, оған «қан терлейтін тұлпар» деген ат қойған, оның тіпті Үйсін жылқысынан да керемет екенін естіп, соны қолға келтіру үшін сол елге елші аттандырады. Ежелгі Ферғана елінің «қан терлейтін тұлпарын» өз еліне дін аман жеткізу үшін Хан патшасы У Ди арнайы жарлық шығарып, Ұлы Жібек жолының бойында тұлпарларды қабылдап алып, жөнелтіп отыратын арнаулы бекеттер құрган екен. Сонымен бірге, Үйсін аттарын «қыыр батыс тұлпары» деп, ал ежелгі Ферғананың «қан терлейтін тұлпарын» «пырак» деп жанаша аттайтын болған. Алыс батыстағы Ферғана жылқысының аман-есен жетуінің құрметіне бола, У Ди патшаның арнаулы жарлығы бойынша, атбейлеріне Ферғана жылқысының алтынмен атальған қола мүсінін құйдырыпты да, оны Лу Бан қақпасының алдына орнатыпты. Сондықтан да Лу Бан қақпасы «алтын тұлпар қақпасы» аталағыпты. Хан патшасы У Ди Ферғанадан жеткізілген «қан терлейтін тұлпар» сияқты орта азиялық асыл тұқымды жылқыларды Үйсін сайгуліктерімен және монгол жылқысымен будандастырып, «данжұн» деп аталағын жылқы тұқымын (Зайберт, 2009: 323) өсіріпті. Сейтіп, Қытайдың орта жазығында жылқының тұқымы асылданып, Хан патшалығының жылқы шаруашылығы да өркендеп, әскери қуаты да мықтап дамыған.

Халқымыздың жылқыдан алған тағы бір қасиеті – қан арапастырмая салты. Үйір (15-20 бие) – бір айғырдың семьясы. Үйірдегі айыр өзінің байталаударына (қыздарына) шаппайды, сәүрікті де (ұлдары) енесіне, әпке-қырындастарына да шаппайды. Қазақта төмендегідей аныз бар. Ертеде биеге шабатын айғыр болмай қалып, бірақ айғыр салатын уақыт болғандықтан биенің көзін жауып, айғырлық жасқа жеткен бір төлін шаптырған екен. Оны сезіп қалған ана-бие жүгенін үзіп, құйындастып барып биік жардан құлап жан тапсырған деген. К.Маркстің «Священно первоначально то, что мы переняли от животного мира» деген сөздері тұспа-тұс келеді. Қазақтың қан бұзылmas үшін жеті атаға дейін қыз алып, қыз берісуге болмайды деген заңы осыған негізделген болуы мүмкін болып келді.

5500 жыл бұрын Ботай қонысындағы доместикация күллі адамзаттың өмір салтын өзгерти. Осыған дейін жылқының қайда, қалай үйретілгені жайлы талас-тартастытар көп болды. Әркім өркениетті өздерінен таратқысы келіп, «жылқыны жуасытқан біздер» деп дәйек іздел әлек болды.

Алайда 1980 жылы ғалым Виктор Зайберт еліміздің солтүстігіндегі үш өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл) тоғысқан тұсында археологиялық зерттеулер жүргізіп, дауыл сұрақтың нұктесін қойды.

Жылқы тарихындағы ірі маманы В.И.Цалкин: «Қазіргі кездегі жылқының қай кезде қолға үйретілгені жайындағы дәлелдемелер топшылаудан, мөлшермен айтушылықтан аса алмай жүр, бұларға әлі де, әсіресе, остеологиялық (сүйек) материалдар жетіспейді». Осы сұраққа жауап ретінде 20 жылдан астам уақыт ішінде Ботайдан қазылыш алынған

152 үйдің тұрағы, 60 мыңнан астам жылқы сүйегі мен қыш ыдыстар табылды. Жылқының 133 сүйегі зерттелген. Алайда В.Ф.Зайберттің жаңалығы жа-рия болғанмен, деректер Кеңестік кезеңде мойын-далмады. Себебі, Кеңес үкіметінің жылқыны алғаш-қы қолға үйреткен орыстан басқа үлт болуы мүмкін емес деген жабық саясат жүргізуімен байланысты болды.

Еліміз тәуелсіздік алған соң, Еуропа және Америка ғалымдарына жол ашылып, жүргізген зерттеулерінен соң ғана Ботай мәдениетінде алғаш рет энеолит дәүірінде жылқы қолға үйретілгені туралы В.Зайберттің зерттеулері толығымен мойындалды. 1994 жылдан бастап В.Ф.Зайберт Британ университеттерінде Ботай мәдениеті туралы дәріс оқып, Кембридж университетінің археологиялық музейінде Ботай артефактілерінің көрмесі өткен соң бүкіл әлемде бүл аты шұлы жаңалыққа қызығушылық арта түседі.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі таңда жылқы туралы білімнің аясы кеңейіп жылқыны зерттеу жеке ғылым-ға айналды. Түркия ғалымдары «жылқы мәдениеті» деген ұғымды енгізсе, Еуропа, орыс зерттеушілері «салтаттылық мәдениет» (всадническая культура) (Тоқтабай, 2010: 596) деген терминді қолданысқа енгізді. Қазақтар құлте жалды арғымақтар өсіріп, «ат мәдениетін» дүниеге әкелгендігін зерттеуші (Су Бихай, 2001: 11-12) дәлелдейді.

2018 жылдың жазында Париждегі Адам музейінде болған ҚР парламенті мәжілісінің депутаты С.Абдрахманов: «Әлемдегі әрлі-бергі аса үлкен жаңалықтардың қатарынан Ботай мәдениетінде алғаш рет энеолит дәүірінде жылқының қолға үйретілгендері жайлы үлкен стендіні көріп, төбем көкке жеткендей болды...» – деп көлтіреді.

Ғалымдардың пікірінше жылқы өркениеті б.д.д 4 мыңжылдық Энеолит дәүірінен бастау алып, иен далада жосып жүрген қыл құйрықты құрықтау Ботайлықтарға оңай соқпаған. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Артықбаевтың пікірінше: "алғашында сиырды қолға үйрету жеңілірек болған, сол тәжірибелі пайдалана отырып, жылқыны қолға үйреткен. Жылқыны қөлік ретінде пайдаланып, үстіне жайдак мінгеннің қолайсыздығын сезініп, ер-тоқым, ат әбзелдері: құйысқан, жүген, ноқта тартпалар пайда болған". Ат әбзелдерінің кейіннен атты жорықтарға пайдасы зор болды. Алғашқы атты пайдаланған халықтар, жарты әлемді жаулап алды. Осыған байланысты қазақтың ақыық ақыны Қадыр Мырзалиевтің «Жазмыш» атты кітабында әлемді жаулап алуда, жеңілісті білмеген Ақсақ Темір Алтын Ордаға жорық кезінде жеңіліс тауып кері шегініп келе жатып «мен неге жеңілдім» деген терең ойға кетіп, жолда сансыз көп жылқы көреді. Сонда айтқан екен: «Кімнің жылқысы көп болса, сол әр кезде жеңіске жетеді!» – деп жолда кездес-кен жылқыларды қыруға әмір етіпти (Мырзалиев, 2004:45). Шынында да, жылқыларды кешегі Ұлы Отан соғысы, Азамат соғысы жылдарында кеңінен пайдаланғандығы тарихтан белгілі.

Әйгілі америкалық ғалым Майк Оверн «Орта Азияның ежелгі мемлекеттері» деген еңбегінде: «... үзенгіден аяқ шығып кетпес үшін, өкшени де ойлап тапқан көшпелілер» дедінген. Қазіргі киіп жүрген өкшелі етіктердің алғашқы нұсқасы біздің

арғы аталарымызыға тиесілі.

Қорытынды. Тасын тұртсөң топырағы тәгілетін, топырағын тұртсөң тағылым сөйлейтін қазақ дала-сынының қиырында ашылмаған сыр жетерлік. Археологиялық зерттеулер бойынша табылған экспонаттарды таныта алмай келеміз. Тұнғыш Президентіміздің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы зерттеуді қажет ететін тың тақырыптардың бетін ашуға себепші болған сөзсіз.

Қазақ даласындағы жылқы малын қолға үйре-тіп, көлік ретінде қолдана бастауы көшпелілердің қару-жарагының да түрлі өзгеріске түсіune себепші болды. Қазақтар әуелден-ақ жылқыны азыққа да пайдаланған. Өткенімізді тірілтіп, барымызды бағалауда зерттеулердің кешенді турде жүргізілу үшін әлем ғалымдарымен бірлесе отырып, жылқыны зерттеуді қолға алсақ, нұр үстіне нұр болары хақ. Ендігі міндет – ұлы мұрат жолында жұмыла зерттеулер жүргізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

Aхметжанов Қ. Жараған темір кигендер. - Алматы: Дәүір, 1996.-238 б.

Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы; KazАкпарат, 2009.-566 б.

Қайратұлы Б. Қазақтың atbegilik óneri. «Самұрық-Қазына» әл-ақуат қоры,2014. //http://argymaq.kz/archives/5177

Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2-том. – Алматы; Қазақ энциклопедиясы ЖШС, 1999 жыл.

Мырзалиев Қ. «Жазмыш». - Алматы: Қазығұрт, 2001. – 236 б.

Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы.-Алматы: Атажұрт, 2001.-551 б.

Сұнғатай С. Жылқы туралы ақыздар//Қытай деректерінің аудармасы http://argymaq.kz/archives/4079

Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. - Алматықітап, 2010. – 425 б.

Төрекұл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: Қазақстан, 2006.-592 б.

Тоқтабай А. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені//Ағтореферат:https://iie.kz/?p=1013

Цалқин В.И. Древнейшие домашние животные Восточной Европы. – М: Наука, 1970.-280 б.

REFERENCES

Aхметжанов Q. Jaragan temir kigender. - Almaty: Dáýır, 1996.-238 b. [in Kazakh].

Zaibert V.F. Botaıskaia kúltýra. – Almaty; Kazakparat, 2009.-566 b. [in Russian].

Қайратұлы B. Qazaqtýn atbegilik óneri. "Samuryq-Qazyna" ál-aýqat qory, 2014. //http://argymaq.kz/archives/5177 [in Kazakh].

Qazaqstan ұлттық ensiklopediasy, 2-tom.– Almaty'; Қазақ ensiklopediyasy` ZhShS, 1999 zhy'l. [in Kazakh].

Myrzaliev Q. "Jazmysh". - Almaty: Qazygyrt, 2001. -236 b. [in Kazakh].

Sý Bihai. Qazaq mádenietiniń tarihy.-Almaty: Atajurt, 2001.-551 b. [in Kazakh].

Suńgatai S. Jylqy týraly arýyzdar//qytai derekteriniń aýdarmasy http://argymaq.kz/archives/4079 [in Kazakh].

Toqtabay A. Qazaq jylqysynyń tarihy. - Almaty kitap, 2010. -425 b. [in Kazakh].

Tóreqlu N. Dalanyń dara dilmarlary. – Almaty: Qazaqstan, 2006. -592 b. [in Kazakh]

Toqtabay A. Qazaq halqynyń dástúrlı mádenietindegi jylqy fenomeni//Aftoreferat: https://iie.kz/?p=1013 [in Kazakh].

Salkin V.I. Drevneishie domashnie jivotnye Vostochnoi Evropy. – M: Naýka, 1970. -280 b. [in Russian].

**ӘОЖ: 821.512.122; Orcid ID: 0000-0001- 5377-370X
ФТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 17.09**

Б.М.СҰЛТАНОВА¹, Н.С.ҚАНАТБЕКОВА²,

¹Ф.Ф.К., қауым. проф., ²2-курс магистранты,

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Алматы, e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru

ТАРИХИ ТҰЛІФА ЖӘНЕ ДРАМА

Мақалада қазақтың белгілі дүлдүл ақыны М.Жұмабаев туралы тарихи драма талданған. Пьесада Мағжан Жұмабаев ақынның өмірі арқылы қазақ интеллигенциясының тарихы суреттелген. Автор көркем шығармама арқау болған тарихи шындықты барынша ұтымды пайдаланған. Тарихи дерек және көркем шындықты жаңр ерекшелігіне орай пайдаланады драматуар. Сонымен қатар мақалада шығарманың тарихи неғиздері мен көркемдігі талдау нысаны болған. Мақалада драматургтің пьеса жазу шеберлігі шығарманы талдау арқылы ашылған.

Kілт сөздер: тарихи дерек, пьеса, көркемдік, жаңр, драмтизм, тенеу, метафора, эпитет, сюжет, эмоция.

Б.М.Султанова¹, Н.С.Канатбекова Н.С.²,

¹К. ф. н., ассоц.проф., ² курс, магистрант

^{1,2}Казахский национальный женский педагогический университет,

г. Алматы, e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКИЙ ЛИЧНОСТЬ И ДРАМА

В статье анализируется историческая драма о известном казахском поэте М. Жумабаеве. В пьесе описывает историю казахской интеллигенции через жизнь поэта Мағжана Жумабаева. Автор наиболееrationально использовал историческую правду, на которой основано произведение искусства. Драматург использует исторические факты и художественную правду в связи со спецификой жанра. Кроме того, статья стала объектом анализа исторической основы и художественности произведения. В статье раскрывается умение драматурга написать пьесу на основе анализа произведения.

Ключевые слова: исторический факт, пьеса, искусство, жанр, драма, метафора, эпитет, сюжет, эмоция.

B.M.Sultanova¹, N.S Kanatbekova²,

¹candidate of philological sciences, associate professor,

²undergraduate 2 nd year.

Kazakh national women's pedagogical university,

Almaty, e-mail: bibigul-sultanova@mail.ru

HISTORICAL PERSONALITY AND DRAMA

The article analyzes the historical drama about the famous Kazakh poet M. Zhumabaev. The play describes the history of the Kazakh intelligentsia through the life of the poet Magzhan Zhumabaev. The author made the most rational use of the historical truth on which the work of art is based. The playwright uses historical facts and artistic truth in connection with the specifics of the genre. In addition, the article became the object of analysis of the historical basis and artistry of the work. The article reveals the playwright's ability to write a play based on the analysis of the work.

Key words: historical fact, play, art, genre, drama, metaphor, epithet, plot, emotion.

Кіріспе. Алаштың айбоз ақыны Мағжан Жұмабаев туралы арнайы тапсырыспен жазылған Д. Исаbekовтің тарихи жаңа пьесасы «Жұз жылдық махаббат» деп аталағы. Шығарманы С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық драма театрының басшылығы драматургке арнайы тапсырыс беріп жаздыртқан. Драматургтің ұзақ ойлануының, толғануының нәтижесінде «Өйтпесе Мағжан бола ма?» деген жаңа шығарма 2013 жылдың дүниеге келді. Драматург Д. Исаbekовтің өзінің айтудың қаралғанда пьесаның алғашқы аты «Әлдиле, өлім, әлдиле» болған. Ойласа келіп, театр ұжымымен ақылдаса отырып сахнадан өлім дегенді айта бермейікші деп, «Әлдиле, өмір, әлдиле» деп ауыстырылған. Одан кейін «Жұз жылдық махаббат» деген атпен сахналанған. Ал спектакль қойылымынан кейін автор пьеса атауын «Жұз жылдық азапқа» ауыстырысы келетінін де айтқан. Түрік дүниесі мен отаншылдықтың, махаббаттың

жырышына айналған айбоз ақын М. Жұмабаевтың азапты өмірі мен шығармашылығы, репрессия құрбаны ретіндегі тұлғасы бүкіл халқымызға белгілі. Тарихи тұлғалар туралы, Алаш арыстары жайындағы көркем дүниелерге, тарихи тақырыптарға оқырманның қызығушылығының артуы соңғы кездеңі қазақ мәдениетіндегі жақсы үрдістердің бірі.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында әдеби талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талдаулар. Д.Исаbekов пьесаларының бір шоғыры белгілі тұлғалар өмірі туралы жазылған. Атап айттар болсақ «Тор» пьесасы орыс әдебиетінің ешкімге үқсамайтын дарабоз тұлғасы, жазушы, драматург М. Булгаков өміріне, оның атақты туындысы «Ағайынды Турбиндер» туындысына айналған. «Жұз жылдық махаббат» пьесасы – жұмақ құсындаидай құлпыраған, махаббат сезіміндегі тылсым жыр

жазған, өмірі де, өнері де аңыз М.Жұмабаев туралы.

Пьесаны С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музикалық драма театры мен М.Өуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық театры, содан кейін Н.Бекежанов атындағы Қызылорда қазақ музикалық драма театры саҳнадады.

Драматург Д. Исабековтің «Жұз жылдық махаббат» атты туындысы жаңа заман, жаңа таным түрғысынан жазылған. Пьесада ақынның жары Зылиханың Мағжанмен өткен және Мағжансызы өткен өмірі арқылы қазақ қоғамындағы тарихи шындық, әлеуметтік жағдай, ақынның жеке басындағы түрлі сезімдер шығарма арқауына айналған. Драматург шығармасында саясат құрбанына айналған Мағжан мен Зылиханың бақытты құндерінен гөрі 10 жыл күғын-сүргіндегі жылдарын көрсете отырып, репрессияның зардабын емес, сол репрессияға жеткізген өз жүрткышызды, «зиялъ қауым» өкілдерінің түрләусыз, «женелдігін» сынға алады. Мейірімсіздік пен ездік, қорқақтық, сатқындық үстемдік құрған қаралы құннің аңы шындығын көрсетеді. «Білімдін білімсіз, ойлыны ойсыз, саналыны санаңыз» женғен заман шындығын айтады.

«ЗЫЛИХА. Мынадай бір жапырақ матаға сыйған Мағжан кеңдүнеге сыймай кетіп еді. Айтшы, ит көйлек? Иең қайда? (тағы іске көйді) ісіс бар да өзі жоқ. Елесі бар да көзі жоқ. Ақыл мен ақындықтың қазынасы болған асыл тәнің қай жырада, қай шүнқырда қалды екен, қайран бекзатым! Адам өмірі қаңғыбас итпен тәңелген заманға туралап әкеп түдірған қай сайтанның тұрткісі болды екен? Ақылды керек қылмайтын мұна заманда ақын бол туып нең бар еді, оза туып нең бар еді?» (Исабеков, 2014: 56).

Кез келген драмалық шығармада (бұл оның жалпылық қасиеті) іс-әрекеттің орны шектеулі. «Жұз жылдық махаббат» пьесасында да оқиғаның өткен орны – Алматы қаласының тоғызыншы мәлтек ауданындағы панелді үйлердің бір бөлмелі пәтері. Д.Исабеков өзіне ұстаз санаған А.П.Чехов тәрізді пьесада жылжымайтын мүлік, кеңістіктің тар шеңберде болуына байланысты спектакльдің нақты сюжеттік-оқиғалық жағын шектейді. Бұл жағдайда іс-әрекет оқиғаны дамытпайды. Негізгі кейіпкер Зылиха, Мағжанның психологиялық жай-күйі пьеса сюжеті мен оқиғасын дамытады. Сахнаның локализациясы психологиялық талдау жасауға мүмкіндіктер береді.

Зылиха түрған бір бөлмелі жұптыны пәтер, Мағжан оқыған Мәскеуде жаңадан ашылған В.Брюсов бас-карған әдебиет институтының залы, Алматыдағы тергеу изоляторы – пьесадағы оқиға өрбіген іс-қимыл орындары. Мағжан Кәженмен дүэлге шығатын актіде ғана Д.Исабеков табиғатқа, пейзажға арналған суреттерді драмалық әрекетке қосуға мүмкіндік береді.

Пьесадағы қақтығыс тартыс туралы айтсақ шығармада шиеленіскен, өткір тартыс, күрес жоқ. Эпизодтар Мағжанның өмірі арқылы тарихи, мемлекеттік оқиғалармен қаныққан. Атап айтқанда С.Қожановтың шақыруымен Тәшкентке келген ақын мектеп оқулығын жазады, «Ақ жол» газетіне бас редактор болады, қазақ жазушылары үшін «Алқа» атты манифест жазғандығы тәрізді әрекеттері Зылиха әңгімесі арқылы ғана айттылып өтеді. «Жұз жылдық махаббат» пьесасында Д.Исабеков дүниені бұлдірген соғыс, қарақшылық немесе алапат жер сілкінісі емес, өшпендейліктен, дұшпандықтан, қорқақтық, сатқындық тәрізді ұсақ жанжалдардан адамгершіліктің, мейірімнің, «ерліктің, елдік, бірлік, қайрат, бак, ардың», «өлгенін» айтады

«Сәкеннің мұртын рахаттанып жұлған, Бейімбеттің артынан құшырланып тепкен өз қазағымыз екен ғой. Оларды атуға, дарға асуға, отқа өртеуге бұйрық берген

шығар, бірақ, мұртын жұл, артынан тәп деп ешкім бұйрыған жоқ еді ғой! «Оян қазақ!» деп зарлап өткен өз тектілерінің мұртын жұлғып, артынан тебетіндей мәңгүрт халғе қалай түстіңдер, қалай құлдырадыңдар, дала толған кешегі асылдар мен батырлардың бүгінгі үрпактары-ау! Неге оянбайсындар?! Ғасырға созылған бұл не деген үйқы?» (Исабеков, 2014: 12), – деп қүйініп отырган Мағжан монологынан автор ұстанымын айқын көреміз.

Бұл пьесада драма табиғатына сәйкес шытырман оқиғалы сюжет жоқ. Бір оқиғадан екінші оқиғаға ауысып отырмайды. Көрінше бір көңіл-күйден, эмоциядан екінші көңіл-күйге, эмоцияға ауысып отырады. Пьесада сюжетті дамытушы компонент – эмоция. Пьеса оқиғасы іс-әрекеттегі қарама-қарсылыққа емес, таным, түсінік, идеялық қарама-қайшылыққа, қарсылыққа негізделген.

Д.Исабековтің «Жұз жылдық махаббат» пьесасында интрига мен тартыс тіпті жоқ деуге болады. Бұл шығармада сюжеттік шиеленістің орнын психологиялық, эмоционалдық шиеленіс алмасырған. Мұның бәрі спектакльдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын психологиялық субтекст тудырады. Мұның бәрі психологиялық ахуалды қоюландыра түскен.

Классикалық драмада кейіпкер өзін белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттерде көрсетеді. Сондықтан әрекетті созып жібере өнерге қарсылық болып есептеледі. Ал «Жұз жылдық махаббат» пьесасында біз Мағжанды да, оның жары Зылиханы да мақсатқа жету жолындағы күресте емес, өзіне тән монологтері, диалогтері арқылы жеке тұлға ретінде танимыз.

Пьеса – XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ зиялышарының трагедиясы туралы қайылы оқиғаның қайғылы тарихы. Пьеса оқиғасы XX ғасырдың 20-30-жылдары мен 90-жылдары арасында еске түсіру, Мәдинаға баяндап беру түрінде өрбіл отырады. Драматургтің бұл пьесасында авторлық ұстаным ашық және айқын көрінеді. Мағжан, Зылиха, Мәдина, В.Брюсов диалогтерінен авторлық позиция ашық және айқын көрінген. Мысалы:

«ЗЫЛИХА. Сол Брюсов бүкіл әлем әдебиетінің классигі болып қалыптасып үлгерген Гогольдің «Үйлену» комедиясы мен «Өліжандарын», «Тарас Бульба» повесі мен «Нева проспектісі» повесін аяусыз сынап, кейбіреуін іске алғысыз ғып тастап өді... Біз біреуді пір тұтсақ, оған пұтқа табынғандай табынып, оған өмір бойы шаң жүттіпай өтеді екенбіз. Соңан соңда бізде ілгерілеу жоқ... Мағжанға Сталиннің репрессиясынан гөрі талантсыздардың талауы қатты батты. Ол өз заманынан озық туды. Оны ешкім туынбаді, түсінгендері қасақана мойындаады. Бұл жөнінде Пушкиннің не айтқанын білесің бе?

МӘДИНА. Жоқ.

ЗЫЛИХА. Әрине, білмейсің!... дарынсыз, қызғаншақ, тоғышарларға әбден ызаланған Пушкин байғұс: «Осындаі талант пен ақыл беріп, менің Россияда туылуыма қай сайтан тұрткі болды екен!» деп қүйінбелп пе өді... (Черт догадал с таким умом и талантом родиться мне в России)...» (Исабеков, 2014: 18). Немесе:

«БРЮСОВ. Магические стихи! Магия! Магия! А ты – маг! Есенин сени «Маг» деп бекер атамаған екен! Сениң атынды да «Мағжан» деп әке-шешен тауып қойыпты.

МАҒЖАН (қарқылдай күліп) Жаңа ат тауып бергендеріңіз үшін көп раҳмет.

БРЮСОВ. Маг! Мен сени университетке қызметке шақырмак едім, бірақ, Қазақстан алдынды орап кетті. Олар сени елге шақырыпты. Жолың болсын! «Қазақтан

шықкан Пушкин» деп сені бекер мадақтаған жоқпын! Сені ұлы болашақ күтіп тұр! Қош бол, менің сүйікті шәкіртім» (Исабеков, 2014: 48).

Драматургтің бұл пьесасының да тілі пернелі, поэтикалық, әуезді. Бұл – жалпы көніл-күйді, эмоцияны мәтіндегі образдардың көніл күй ауанын, сезімін саҳнаға шығару үшін қажетті шарттардың бірі. Д.Исабеков пьесаларында репликалар, сөздер тұра мағыналардан басқа, қосымша контексттік мағыналарды беретін бояуларға бай.

Қандай да болмасын ақын-жазушының шығармаларына тілдік тұрғыдан қойылар негізгі талап – олардың көркемдік деңгейі. Ал көркемдіктің елшемі – қолданылған сөздің ойды бере алатында орынды һәм бейнелі қолданыстарға ие болуымен тығыз әрі тікелей байланысты. Көркем ойды жеткізудің соған сай поэтикалық жүйесі қалыптасады. Мұндай көркем жүйенің әр авторға тән өзіндік сипаты болады. Мәселен, кейбір қаламгерлер шығармаларында тенеу мен эпитеттер, кейбір ақын-жазушыларда ауыспалы мағынадағы поэтикалық құралдар, үшіншілерінде синтаксистік айшықтаулар көбірек кездеседі. Д. Исабеков шығармаларының тілінде эпитет, тенеу, метафора, инверсия, қайталау, тұрақты тіркестер сияқты поэтикалық құралдар мейлінше көбірек қолданыс тапқан.

Қорытынды. Бар болғаны 44 жыл өмірінің көбін абақтыда, құғын-сүргінде өткізген ақынның шуақты қундері аз болса да шығармашылығына шабыт берген, өміріне қуат берген – ғашық болу сезімі, сұлуларға ынтықтыры, үлкен ұғымдағы отанға, жарға деген

махаббаты еді. Пьеса тақырыптық-идеялық тұрғыдан осындағы көкейкесті мәселелерді қамтыған. Драматург ұлы ақынның көркем образы арқылы адам болмысын ашуға ұмтылған. Халқының жүргегіндегі Мағжандай ақынның ішкі жан дүниесін, жүрек үнін көрерменге көрсетуге тырыскан. Драматург Д.Исабеков бұл мақсатына жеткен деуге болады.

ӘДЕБІЕТТЕР

Исабеков Д. Шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақпарат, 2014. – 464 б.

Каримова Г. Қазіргі қазақ драматургиясы және оны оқыту әдістемесі // Философия докторы (PhD) дәрежесін алған дайындалған диссертация колказбасы. Алматы – 2016ж.

Нұргали Р. Драма әнери - Алматы: Арда, 2009.- 592 б.

Есембеков Т.Ү. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы: Қазақ университети, 2013. – 304 с.

Сығай Ә. Толғам. Алматы, Парасат. 2004. 392б.

Танжарыкова А. Д.Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008. – 129 б.

REFERENCES

Isabekov D. Shygarmalar jinagy. – Almaty: Qazaqparat, 2014. – 464 b.

Karimova G. Qazirgi qazaq dramatyrigasy ja ne ony oqytý ádistemesi // Filosofia doktry (PhD) dárejesin alý úshin daýyndalǵan dissertatsia qoljazbasy. Almaty – 2016j.

Nurgali R. Drama óneri - Almaty: Arda, 2009.- 592 b.

Esembekov T.Ý. Fýnktssi dramatizma v hýdojestvennom tekste. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2013. – 304 s.

Sygai Á. Tolgam. Almaty, Parasat. 2004. 392b.

Tanjaryqova A. D.Isabekov prozasynyń kórkemidik əlemi. Filol. gyl. kand. diss. – Almaty, 2008. – 129 b.

ТАРИХИ ТАҢЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ

FTAXP/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20

Құралай ҚҰРМАНБАЕВА,

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызыметкері, Қазақстан, Алматы. e-mail: kura_ks@mail.ru

АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТИНДЕ (XX ғасырдың 20-30-жылдары. РФМА құжаттары негізінде)

Бұл мақала «Ұлы даланың тарихы мен мәдениеті бойынша шетелдік архивтер мен қорлардағы археографиялық жұмыстар (айқындау, талдау, цифирландыру)» ғылыми зерттеу жобасын іске асыру мақсатында 2019 жылы Мәскеу қаласында Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінде (ГАРФ) табылған құжаттар негізінде жазылды. Атап айтсак, XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы партия, кенес органдарына, құқық қорғау мекемелеріне жазған арыз-шагымдары тарихи дереккөз ретінде қарастырылады. Өз үйінің меншік құқығынан айырылған (муниципализацияланған) азаматтардың жан-айқайын негізгі мәселе ретінде көтеріп, олардың үкіметке жазған хаттарының түп нұсқасын ұсынып отырмыз. Бұл хаттан қоғам қайраткері, Қарқаралы ауданының тұмасы М.Х. Бекметовтің қылы тағдырын көздестіруге болады. Осы табылған материалдарды ғылыми айналымға енгізіп, көрермендей жаңалық ашып, тарихымыздың беттерін толтыру болашақтың ісі.

Кілт сөздер: архив, архивтік құжаттар, партия, орган, арыз-шагым, дерек, муниципализация.

Куралай Курманбаева,

научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова.
Казахстан, г. Алматы. E-mail: kura_ks@mail.ru

АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК (20-30-годы XX века. На основе материала ГАРФ)

В данной статье рассматриваются жалобы-заявление на основании архивных документов, обнаруженных в Государственном архиве Российской Федерации (ГАРФ) в г. Москве в 2019 году для реализации научно-исследовательского проекта

«Археологические работы (выявление, анализ, оцифровка) в зарубежных архивах и фондах по истории и культуре Великой степи». В частности, анализируются жалобы-заявления и письма 20-30-х годов XX века, написанные населением, адресованные вышестоящим органам, в качестве исторических источников. Основная проблема – это протесты граждан, лишенных права собственности (муниципальных), мы также предоставляем оригиналы их писем написанные в правительство. В этой письме можем увидеть общественного деятеля, уроженца Каркаралинского района М.Х. Бекметова. Внедрения этих открытий, вести в научный оборот и заполнить страницы нашей истории – дело будущего.

Ключевые слова: архив, архивные материалы, партия, орган, жалобы-заявление, источник, муниципализация.

Kuralay Kurmanbayeva,
researcher at the Suleimenov Institute of oriental studies.
Kazakhstan, Almaty. E-mail: kura_ks@mail.ru

ARCHIVAL DOCUMENTS AS A HISTORICAL SOURCE

(20-30 years of the XX century. Based on the material of the State Archive of the Russian Federation)

This article discusses complaints-statements based on archival documents discovered in the State Archives of the Russian Federation (GARF) in Moscow in 2019 for the implementation of the research project "Archaeological work (identification, analysis, digitization) in foreign archives and funds for history and culture of the Great Steppe". In particular, it analyzes the complaints-statements and letters of the 20-30s of the twentieth century, written to the population, addressed to the higher authorities, as historical sources. The main problem is the protests of citizens deprived of property rights (municipal), we also provide the originals of their letters written to the government. In this letter we can see a public figure, a native of the Karkaraly region M.Kh. Bekmetov. The introduction of these discoveries, leading into scientific circulation and filling the pages of our history is a matter of the future.

Keywords: archive, archival materials, party, organ, complaints-statement, source, municipalization.

Кіріспе. ХХ ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстанда орын алған түрлі саяси және әлеуметтік оқиғаларды зерттеу көп жағдайда ресми құжаттар негізінде жүргізіліп, өз кезеңінде ресми көзқарас түрғысынан баяндалып отырды. Бұл жағдай тарихи шындықты бүрмалауға, саяси-идеологиялық талапқа сай мәселелердің көрініс таппауына, немесе маңызды емес оқиғаларға аса мән беруге әкелді. Тарихи ахуалды білу, неғұрлым сенімді және толық қорытынды жасау дереккөздерде көрсетілмеген нәрсені қалпына келтіру үшін қажет.

Материалдар мен әдістері. Дереккөздің мазмұнын тікелей зерттемес бұрын оның ерекшеліктерін талдай білу қажет. ХХ ғасырдың 20-30-жылдары тарихқа толы архивтік құжаттар. Бұл құжаттардың басым бөлігі арыз-шағымдарға бағытталады.

Талдау. Отандық тарихнамада алғаш рет архивтік құжаттарға толы жинақ жарық көрген болатын (Хасанаева және т.б. 2018:108). Дегенмен де осы макалада көрсетілген және мұрағат қорларындағы басқа да құжаттар кең көлемде орын алған адам құқын аяқта тапташылық, антидемократиялық, антигуманистік әрекеттер Қазан төңкерісінің, азаттық ұрандарын жамылган Кеңес екіметтің қазақ даласында полицейлік-тоталитарлық жүйе ретінде орнағанына қосымша дәлел бола алады. Арыз-шагымдар сан түрлі партия органдарының арнаны тапсырысымен жазылып, құжат беттерінде дұрыс мәлімет берілмей, бұрмаланып та келеді. Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінің қорынан табылған құжаттар осыған дәлел.

Зерттеу нәтижелері. Атап айтсақ, 1235-кор Бүкілресейлік орталық атқару комитетіне (БОАК) арналған. Аталмыш мәселенің арыз-шагымдарды қабылдайтын арнайы орталықтары болған. Сол орталықтың біріне келіп түскен арызда Алматы қаласының №45 Карл Маркс көшесінің тұрғыны Ұланбай Әріпжановтың (құжатта – Уламбай Арибджанов) мәселесіне назар аударайық. «Горсовет Алматинский с 18 июня с/г. держит без резуль-тата мое заявление, поданное мною относительно воз-вращения, муниципализированного из меня в 1929 году принадлежащего мне дома. Дом отобран у меня как у торговца. В действительности же я не торговец, а бедный, живущий кое как, к тому же обремененный большой се-мьей, что подтверждается документации. Прошу в бюро жалоб. Воздействовать на Горсовет, что бы он(жазу өшірілп қалған) разобрал мое дела и возвратил бы мне дом неправильно муниципализированный. 8 июля 1929 года. г.Алматы» (РФМА. 1235-к., 74-т., 2294-ic, 6-п.). Шагымыңң назардан тыс қалғаны белгілі. Себебі БОАК-тың Әріпжанов мырзага жіберілген хатында шағымға катысты кажетті күжаттардың болмауынан

нәтижесіз қалғандығы туралы хабарлайды (РФМА. 1235-к., 74-т., 2294-ic, 1-п.). Ағымдағы жылдың 27 казандағы №177712.5/103 БОАК-н ҳатшылығында Ұ.Әріпжановтың Алматы қаласындағы жеке меншік үйінің құқырын муниципализацияланған және 14/V-29 жылғы РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысына сәйкес 136 шаршы метр үйінің бар-жоғы 16.487 рубльге бағаланғанын хабарлайды. Әріпжановтың жазған хаты мен арзының сәйкес меншігіндегі үй қайтарылын дед, БОАК-тың ҳатшысы Рузыевпен кеңесші зангер Добросмыслов қол қояды (РФМА. 1235-к., 74-т., 2294-ic, 3-п.).

Келесі арызданушы Қызылорда қаласы Карл Маркс көшесінің тұрғыны Балтабаев мырза Қазақ Орталық атқару комитетінен жеке меншік үйін муниципализациялау қаулысын тоқтатуын етініп сұрайды. Себебі бұл ағасының үйінің орнына қателесіп кеткен. ҚазОАК айтуы бойынша, етініш беруші ауласын өзінің ағасының үйімен біріктірген, бірақ жеке нәмірмен көрсетілген. Төрт сауда орны болған, оны 1918 жылы меншіктен босатып, басқа бөлігі 1925 жылға дейін етініш берушінің атында болған. Бірақ орталықта көшпес бұрын мұқтаж мекемелер үшін бос болмады. Тұрғын үй көлемі 328 ш.м., соғысқа дейінгі құны 11.457 рубль, қазіргі құны 24 мың. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің тараапынан 3.600 рубль қаржы жұмсалған. ҚазОАК Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінен Балтабаевтың үйінің меншіктік құқығын муниципалдық қорғақалдыру туралы қаулы шығарды. Себебі, етініш беруші кішігірім саудамен айналысадан, осының бәрін ескере келе, үйді мекеменің ішінәра иеленуі муниципализациялауға құқық береді. ҚазОАК үйді муниципализациялау туралы шешім қабылдап, 29 жылғы 16 қаулыны мақұлдады (РФМА. 1235-к., 74-т., 2295-ic, 2-п). ҚАССР-дағы үй меншік құқығын муниципализациялау туралы істерді қараста жөніндегі ҚазОАК жаһындағы Комиссия отырысының №4 хаттамасының қаулысы бойынша: Балтабаевтардың үйінің меншіктік құқығын муниципализациялау дұрыс деп танылды, НКВД-ның муниципализациялауга келісім беру мерзімін сәл жіберіп алу (13 / III-1925, яғни 13 күндік ай) маңызды бола алмайды (РФМА. 1235-к., 74-т., 2295-ic, 4-п.). Арызданың езіне назар аудларайық:

«В секретариат председателя Президиума

В секретариат председателя Президиума
Всероссийского Центрального комитета.

Гражданина Нажметдина Балтбаева,

проживающего в г. Кзыл-Орда на улице Карла Маркса в д. №1-3.

ЖАЛОБА

Протоколом Заседания Секретариата Президиума КазЦИКа от 16 февраля 1929 года за №74 постановлено

считать №74 постановлено считать муниципализацию моего домостроения, находящегося в гор. Кызыл-Орда на улице Карла Маркса под №3, правильной, согласно с заключение Комиссии. Таковое постановление я считаю неправильным и подлежащим – отмене о возвращением мне моего дома на следующих основаниях:

1. Неправильность означенного постановления заключается в том, что Секретариат Президиума КазЦИКа должен был иметь суждение только о моем домостроении под №3, разрешая вопрос о муниципализации, именно, этого домостроения, тогда как Секретариат позволил себе иметь еще совместно с моим домостроением суждение о муниципализации домостроения моего брата Насреддина Балтабаева, находящегося рядом с моим домостроением суждение только о моем домостроении под №3, разрешая вопрос о муниципализации, именно, этого домостроения, тогда как Секретариат позволил себе иметь еще совместно с моим демонстроением суждение о муниципализации домостроения моего брата Насреддина Балтабаева, находящегося рядом с моим домом, но под №1 и существующего совершенно самостоятельно на той-же улице Карла-Маркса в гор. Кызыл-Орде, хотя эти оба дома не имеют ничего общего между собой. Дом брата моего Насреддина Балтабаева, правда, был муниципализирован в 1919 году.

Мой-же дом был муниципализирован иначе говоря, внесен в список домостроений по гор. Кызыл-Орда, подлежащих муниципализации, лишь летом 1925 года с приходом сюда центральных учреждений Казакской АССР, а до этого времени он вовсе не был изъят из моего фактического владения или вовсе не был намечен к изъятию по признакам, предусмотренным постановлением Президиума ВЦИКа от 14 мая 1923 года, а если намечался, то Секретариат Президиума должен доказать это документально, чего однако не сделано.

2. Мое домостроение под №3 не должно быть, смешано с домостроением много брата Насреддина Балтабаева под №1 еще по одному тому, что мое домостроение было мной куплено у гражданки Елизаветы Ивановны Ивановой по купчей, совершенной в нотариальном порядке 4 января 1906 года, каковая купчая находится в производстве Секретариата Президиума ВЦИКа может истребовать ее вместе с делом о муниципализации моего домовладения.

А потому, руководствуясь Циркуляром Президиума ВЦИКа Центральным исполнкомом автономных республик, краевым областным и губернским исполнкомом от 17 сентября 1928 года о недопустимости проведения новой муниципализации строений, прошу Секретариат Председателя Президиума ВЦИКа истребовать в порядке надзора из Секретариата Президиума КазЦИКа все производство по делу о муниципализации моего домостроения №3 с документами за и против нее и в случае справедливости моей жалобы отменить обжалуемое постановление Секретариата Президиума КазЦИКа и домостроение, как неправильно муниципализированное возвратить мне (РФМА. 1235-к., 74-т., 2295-ic, 6-п., 6-артқы парап.).

г. Кызыл-Орда. 13/V-29 г.
Балтабаев»

Келесі арызданушы Қарқаралы өңіріне белгілі Бекметовтердің ішінде ең танымал көпес болған, Құнанбай мешітінің демеушісі болған, Ә.Бекейханов, Ж.Ақбаевтар келіп түстен үйдің іесі Халиолла Бекметов болатын.

«Председателю Центрального исполнительного Комитета и совета народных социалистических республик тов. Калинину
От гражданина города Каркалинска
Семипалатинской губернии (служащий «Казторга»)
М.Х.Бекметова

ЗАЯВЛЕНИЕ

В дополнение к заявлению моим, поданным Вам от 13

Қазақ тарихы

№12 (189), желтоқсан, 2020

сентября 1926 г. И от 30 декабря 1927 г. Представляю в копии протест, сделанный Пом.Семипалатинского губернатора по Каркалинскому уезду от 23 сентября 1924 года за №786, по поводу неправильности и несвоевременностью муниципализацию моего дома Каркалинским отделом местного хозяйства.

Мнение Помпрокурора в своем протесте в неправильности муниципализации моего дома тождественно с мнением Юрисконсульства Семипалатинского губисполкома данном последним в своем заключении по поводу моего дома. Правильность же мнения Помпрокурора и Юрисконсульта по поводу моего дома вполне подтверждается самим Каркалинским Отделом местного хозяйства в разъяснении в своем от 20/II-1927 года за №1, данном на запрос главного Управления Коммунального хозяйства казахского НКВД.

Вышеприведенные факты еще более убеждают меня в неправильности муниципализации моего дома и заставляющий меня обратиться с просьбой дать соответствующее движение моим заявлением, приняв во внимание прилагаемый к сему в копии протест Помпрокурора, так как строение мое с каждым днем рушится, вследствие не производства ремонта как со стороны Местхоза, так и с моей стороны.

14 февраля 1928 года.
г. Каркалинск, Семипалатинской губ.

Проситель М. Бекметов»

(РФМА. 1235-к., 74-т., 2297-ic, 14-п., 14 артқы парап.)

Осы секілді Талдыкорған ауданы Қапал болысының тұрғыны Бекболатовтың (құжатта – Бикбулатов. РФМА. 1235-к., 74-т., 2298-ic, 6-п.) ісі, Қызылорда тұрғыны Брандукованың (РФМА. 1235-к., 74-т., 2299-ic, 12-п.) ісі ес-керусіз қалып отыр.

Қорытынды. Мұндай мысалдарды тізбелей беруге болады, олардың жеке тұлғаларға ғана тән емес, республика көлемінде кең орын алған, жалпылық сипаттағы оқиғалар екендігін реңми құжаттар дәлелдейді. Отандық тарих ғылымында арыз-шабындармен хаттардың осы уақытқа дейін арнайы тақырып ретінде шынайы кешенді тұрғыдан зерттелмеуінен туынрайды. Десек те, уақыт еншісіне қалдырыған абыз.

ДЕРЕККӨЗДЕР

Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві. Бұдан былай РФМА. 1235-к., 74-т., 2294-ic. 6-п.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2294-ic., 1 -п.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2294-ic, 3 -п.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2295-ic, 2-п.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2295-ic, 4-п.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2295-ic, 6-п., 6-артқы парап.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2297-ic, 14-п., 14 артқы парап.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2298-ic, 6-п.

РФМА. 1235-к., 74-т., 2299-ic, 12-п.

Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М., Абikenova Г.Е. (2018). Казахстан в 20-30 годы XX века. Архивные документы и материалы: хрестоматия – Алматы: Қазақ университеті. – 108 с.

REFERENCES

Resei Federatsiasyның memlekettik arxiv. Budanbylai RFMA[State Archives of the Russian Federation. From now on SA RF].F. 135., In. 74., b. 2294., Sh. 6[in Qazaq].

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2294., Sh. 1.

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2294., Sh. 3.

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2295., Sh. 2.

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2295., Sh. 4.

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2295., Sh. 6., b.p. 6

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2297., Sh. 14.,b.p. 14

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2298., Sh. 6.

SA RF. F. 135., In. 74., b. 2299., Sh. 12.

Xasanaev L.M., Urazbaeva A.M., Abikenova G.E. (2018). Kazakstan v 20-30 gody XX veka. Arxivnyie dokumenty i materialy: Xrestomatia – Almaty: Qazaquniversiteti.– 108 p. [in Russian].

А.А.ДАДЫРОВА¹, А.Ш. ТАШАЕВА²,

¹ ф.ғ.к., доцент ҚазҰлтОҢУ.

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ. E-mail: asseldadyrova@gmail.com

²суретші-гример, ҚазҰлтОҢУ.

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ. E-mail: uraaa_nl@mail.ru

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ГРИМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Грим – сонау грек антикалық театры дәуірінен бері келе жатқан декоративті өнер түрі. Қазір ол кино, театр, телевизия өнерлерінде кеңінен қолданылуда. Бұл енбекте телевизиялық гримнің Қазақстандағы пайдалану аспекті қарастырылады. Театрдағы, кинодағы және теледидардағы грим техникасы, мақсаты және міндеттері әр түрлі. Сондықтан теледидар гримін жеке санатқа бөлу қажет. Қазақстанда алғаш рет эфирлік, теледидарлық бағдарламалар мен оларды құру процесінде гримнің ерекшеліктерін зерттеуге тырысады. Грим өнеріне байланысты алғашқы зерттеу жұмыстары – теледидар алаңындағы эксперименттер, суретші гримердің шығармашылық процесі. Көркемдік бағыттағы далалық зерттеулер теледидар жүргізушісінің бет-бейнесін, әртүрлі түсіру бұрыштарын жобалау кезінде сақталуы тиісті ережелерге байланысты. Миллиондаған көрермендердің тележүргізушиңің бейнесін қабылдауды белгілі бір хабардың алғашқы минуттарында пайда болады, ал образдың қандай болатыны ұжымға, оның ішінде шығармашылық процеске тікелей қатысатын суретші гримерге байланысты.

Түйін сөздер: сценография, театр, кино, теледидар, көркем образ, бейнелеу құралдары, костюм, сахналық макияж, сыртқы көрініс.

А.А.Dadyrova¹, А.Ш.Tashaeva²,

¹ candidates degree in Philosophical sciences, associate professor KazNUA.

Kazakhstan, Nur-Sultan city. E-mail: asseldadyrova@gmail.com

²greasepaint-artist, KazNUA. Kazakhstan, Nur-Sultan city. E-mail:uraaa_nl@mail.ru

FEATURES OF TELEVISION GREASEPAINT ON BROADCASTS

Greasepaint is an ancient art form that dates back to the era of ancient Greek theater. Today, greasepaint is widely used in cinema, theater and television. This article considers the aspect of the use of television greasepaint in Kazakhstan. The techniques, purpose and objectives of greasepaint in theater, cinema and television are different. Therefore, it is necessary to single out television greasepaint in a separate category. In Kazakhstan, for the first time, an attempt is made to study the features of greasepaint in the process of creating on-air, television programs and programs. The first research developments related to the art of greasepaint are experiments on a television platform, the creative process of a greasepaint. Field research in the artistic direction is due to the relevant rules that must be observed when designing the face of a television presenter, different shooting angles. The perception of the image of a TV presenter by a multi-million audience of viewers occurs in the first minutes of a particular broadcast, and what the image will be depends on the team, including the greasepaint, who are directly involved in the creative process.

Keywords: scenography, theater, cinema, television, artistic image, means of expression, costume, stage greasepaint, external representation.

А.А. Дадырова¹, А.Ш. Ташаева²,

¹ к.ф.н., доцент, ҚазНУИ.

Казахстан, г. Нур-Султан. E-mail: asseldadyrova@gmail.com

² художник по гриму, ҚазНУИ.

Казахстан, г. Нур-Султан. E-mail: uraaa_nl@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ТЕЛЕВИЗИОННОГО ГРИМА НА ЭФИРНЫХ ПРОГРАММАХ

Грим – это древний вид искусства, восходящий к эпохе древнегреческого театра. Сегодня грим широко используется в кино, театре и на телевидении. В данной статье рассматривается аспект использования телевизионного грима в Казахстане. У нас впервые предпринимается попытка изучить особенности грима в процессе создания эфирных, телевизионных программ и передач. Первые исследовательские наработки, связанные с искусством грима – это эксперименты на телевизионной площадке, творческий процесс художника по гриму. Полевые исследования в художественном направлении обусловлены соответствующим правилам, которые необходимо соблюдать при конструировании лица телевизионного ведущего, разных ракурсов съемки. Восприятие многомиллионной аудитории зрителей образа телевизионного ведущего происходит в первые минуты того или иного эфира, и каким будет образ зависит от команды, включая и художника по гриму, принимающих самое непосредственное участие в творческом процессе.

Ключевые слова: сценография, театр, кино, телевидение, художественный образ, выразительное средство, костюм, сценический грим, внешняя представленность.

Кіріспе. Көпшілік әлі күнге дейін визажист пен грим маманы бір деп шатастырып жүр. Екеуінің бір-бірінен айырмашылығы жер мен көктей. Негіз «грим» сезінің ауқымы ете кең. Грим – көне итальян сезі, «әжімді» деген мағынаны білдіреді. Францияда «грим» дегенді «кулдіргі атай» немесе «театрдағы

кәсіби бояулар» деп атайды. Сақал-мұрт жапсырып алып, адамдардың көңілін көтеретін атай. Ағылшынша – «makeup». Еуропада «грим» сезінің мән-мағынасы бүкіл еуропалықта түсінікті. «Грим» сезін орыс халқы да өз тілдеріне аудармай, сол калпында қолданады. Жалпы, грим маманы – ауқымды дүниенін жасай

алатын адам. Ал, визажистің негізгі міндеті – адамның бетін әрлеу (Бейган 1997:150).

Материалдар мен әдістер театрдағы, кинодағы және теледидардағы макияж, макияж өнері, диссертациялар, монографиялар, мерзімді басылымдар, веб-сайттар, интернет-ресурстар, грим өнерінің театр, кино және теледидардағы макияж өнері тарихы туралы ғылыми әдебиеттер.

Жұмыстың зерттеу әдістемесінде ғылыми зерттеудін негізгі жалпы әдістері қолданылды: талдау және синтез әдістері, салыстырмалы әдіс, сонымен қатар мазмұнды талдау әдістері, когнитивті сипаттама, ақпараттық технологиялар.

Зерттеу нысаны белгілі бір уақыт кезеңімен шектелмейді: осы тақырыптың ғылыми деңгейін анықтау үшін тарихи және логикалық зерттеу әдістері қолданылды. Өнер туралы барлық мәліметтер мен әдебиеттерге жан-жақты талдау жүргізілді. Жасау әдісі идеяларды іздеуден бастап макияждың ерекшеліктерін белгілеуге дейінгі ерекшеліктерді ескере отырып қарастырылады, рөлді сомдайтын актердің ойынындағы макияж адамдардың бұқаралық сана-сина күшті әсер ететіндігін ескереді.

Талқылау. Грим үш негізгі түрге белінеді: қарапайым, коррекциялық және характерлік.

-Қарапайым грим туралы айтсақ, оның мәні актердің түр-сипатын өзгертуші, тек терінің кемшиліктерін, түзетіп, кадрда дұрыс көрінүү үшін өзірлеп қояды.

-Коррекциялық грим – рөлдің образына сай болу үшін парикті, жабыстырманы пайдалана отырып, көзкасты жәндеуді айтамыз.

-Характерлік грим – типажды толықтанды дайындау үшін актердің түр-сипатын барынша өзгерту.

Телевизиялық гримнің ерекшелігі – ол ең бастысы тұрақты болуы көрек және тым курделі болуы шарт емес. Бұл мақсатта театралды грим жарамайды, себебі камерамен түсірген кезде – тым айқын және тым жасанды болып көрініп қалады. Репетиция кеzinde гример «тәжірибелік» гримнің нұсқасын ұсынады. Ол нұсқа суретші-гример беріліп, ол өзінің ескертпелерін жасаушы гримерлерге айтып оларды бағдарлайды. Женіл гримді салу 20 минут уақытты құрайды. Алайда студиядағы жасанды жарықтың ықпалынан және адамның терісінің өзі гримнің бір бөлігін сіңіріп алады, ондай гримді жаңартып отыру көрек. Гримді таңдау келесі аспектілерге байланысты: көркемдік талап, жарық күші, жарық пен көлеңкенің үйлесімі, декорациялардың орналасуы, бет пен фонның үйлесімі, видеокамераның сапасына да байланысты болады.

-Грим пластикалық және графикалық өнер түрлеріне жақын келеді. Ол пластикалық, рельефтік-модельдік, түзетуші, жалпақтаушы түрлерге белінеді.

-Бетті косметикалық құралдармен бояу.

-Жабыстырма мен коллодиялық силикондарды қолдану (желім мен лак).

-Кей жағдайда балықтың жұқа терісін, мақтаны да қолданады.

-Жартылай немесе толық пластикалық маска да қолданады.

Адамның бет-бейнесін өзгерту өнерінің ең көнсі – грим және бетперде кио. Грим тарихы де-геніміз – сахна тарихы. Грим өнері сонау алғашқы қауымдық құрылыш кезіндегі әдет-ғұрыптардан, жан-жануарлар «тотеміне» табыну заманынан бастау алған. Ежелгі заманда адамдар түрлі жануарлар бейнесіндегі маскалар киіп, беттерін бояп, әрқайсысы өз тайпаларының ерекшеліктерін көрсететін болған. Гримнің уақыт ете келе түрлі өзгерістерге ұшы-

рағанына қарал, мәдениет эволюциясын жасауға болады. Ежелгі классикалық дәстүрге негізделген театр формалары, мысалы, Жапониядағы «но» және «кабуки», Индонезиядағы «топенг», сондай-ақ көне қытай, үнді театрлары әлі күнге дейін бетперде тәріздес гримді сақтап қалған. Қазіргі театр өнерінде гримнің түрлері ете көп. Сахнадағы қойылымның жанры мен стиліне, режиссерлік шешіміне, актердің физикалық ерекшелігі мен образдың пластикалық трактовкасына орай грим де әртүрлі болып келеді.

Жалпы алғанда, гримді реалистік және шартты деп екі түрге бөлуге болады. Реалистік гримнің негізгі мақсаты – персонажды барынша шынайы емірге жақындау етіп көрсету. Айтальық, гримнің бұл түрі жастаны көріні жас етіп көрсете алады. Ұлттық және нәсілдік ерекшеліктерді де, белгілі бір тарихи кезеңдегі адамдардың образын да реалистік грим арқылы жасауға болады. Ал Абай, Абылай хан се-кілді белгілі бір тұлғаларды жасау үшін портретті грим пайдаланылады. Реалистік грим жасауда тек адамның беті ғана өзгерітімдейді, дененің ашық тұстарының барлығы өзгерітіледі. Шартты гримнің принциптері – реалистік дәстүрден ауытқыған, персонажды барынша өзгеретін немесе эстетикалық ағымға сай жасалатын грим түрі. Мысалы, жанрлық шартты грим антикалық дәстүрде, сайдымазаңтар секілді комедиялық персонаждарды жасауда кеңінен қолданылады. Ертеғідегі ойдан шығарылған персонаждарды бейнелеуде шартты гримнің алар орны ерекше.

Ертеғі фильмдерде жалмауыз кемпір, жеңіздік, жалғыз көзді дәү секілді кейіпкерлер грим және маска арқылы баланың есінде қалады. XXI ғасырда денеге түрлі сурет салу бүкіл әлемде сәнге айналды. Алайда нағыз өнер саналатын стилист-гримдеуші мамандығын біз өзірігे өзіміздің ұлттық ерекшелігімізге қарай бейімдей алмай отырмыз. Бозбаланы – шалға, құбыжықты – сұлуға, ақ адамды – қараға, қараны аққа айналдыруға мүмкіндік беретін грим, бетперде жасау өнерін театр сахнасында, кино саласында дұрыс қолдана алмағандықтан, көпшілік бет әрлеуді тек еріккеннің ісі деп қабылдайды. "Алаш айнасында" жарық көрген "Қазақтың қолынан грим жасау да келмегені ме?" атты мақаласына тоқталсам. Шетелге гастрольдік сапарлармен жиі шығатын актриса Айгүл Иманбаеваның айтуынша, бүгінде әлем театрлары гримді аз пайдаланатын көрінеді.

Яғни, театр актерлері барынша шынайылықа, көсіби шеберлікке мән береді. Ал біздің театрларымызда көрініште, гримді жағудың жәні осы екен деп, әлі күнге актерлердің бетін баттастырып бояуға құмармыз. Ал телевидениеге келсек, бүгінде қаптал кеткен шоу-бағдарламаларда бояу, грим шектен тыс пайдаланатынын байқап жүрміз. Яғни, біздің елімізде әлі күнге гримді қолданудың мәдениеті қалыптаспаған. Негізінен грим, бетперделердің түртүрі голливудтық фильмдерде жоғары қолданысқа ие. Мамандардың айтуынша, қазіргі таңда арнайы жобаларға, фильмдерге аса қажетті портретті грим болмаса, әртістердің бетіне шамадан тыс бояу жағу, парик киіп, бептердемен шығуы сәнді болып саналяйтын. Көсіби гримдеушінің жұмысы көрінбей тұрғаны аз болады.

Әрине, біздің елімізде мүлде гримдеуші мамандар жоқ деп айтуга болмас. Себебі біз қунделікі театр сахнасынан, теледидар экранынан актерлердің, тележүргізушілердің, әнші-бишілердің әдемі бейнелерін, күтімі күшті шаштарын, мінсіз мүсіндері мен құлпырған жүздерін көреміз. Бірақ осы сұ-

лу картинаның ар жағында бетті әрлеуші стилист, визажист, косметолог, шаштараздар мен гримдеушилердің күндөлікті орасан зор енбегі жатқанын ес-кере бермейміз. Аталған мамандық иелері бейне бір сиқыршылар тәрізді. Қолдарына қарындашын ала салып, адамның көркін кіртізіп, бет-бейнесіндегі кемшілігін жасыра қояды. Алайда қазіргі таңда біршама сұранысқа ие осы мамандықтың қыр-сырын игерген қазақ жастары аздау болып тұр. Кез келген телеарналарда, театрларда қызмет ететін гримдеуші стилист мамандардың көпшілігі – өзге ұлт өкілдері. Әйткені біз балаларымыздың қай салаға бейімдігін, икемділігін ескермesten каржыгерлікке немесе атағы шығу үшін әншілікке жібереміз. Бет әрлеуді, шаштүзеуді намыс қөргендігімізден, «кішкентай салада көрінбей қаламын» деген үрей-ойдан да осы бір көркем өнер саласы өзірге біздің жастарымызға қол болмай тұр.

Сондықтан амал жоқ, өз қолымыздан келмеген соң басқаны шақырып, өзгенің қалтасын қампайтып жіберуге мәжбүрміз. Ал кино саласының грим маманы Жазира Әбілқайырованың кезекті сұхбатынан үзінді келтірсем: ««Томири» жобасында тоғыз грим маманы жұмыс істедік Фильмдегі гримнің қыын түрлөрі менің қолымнан шықты десем, артық айтқаным емес. Мәселен, жасанды шаштар (парик), амazonка қыздардың денесіне татуировкалар жасау және т.б. Фильмде Азамат Сатыбалды, Еркебұлан Дайыров, Клара Әбілжанова, Асхат Үрпеков, Дәүлет Досбатыров сынды әртістерге грим жасалды. Асхат Үрпеков тәрт кейіпте шығады: жігіттік, орта және егде жастағы шағы, сондай-ақ соңында кейіпкерінің өртепетін сәті. Осыған орай, күйген тері жаракаттарын жасау мен үшін үлкен тәжірибе болды.

Сонымен қатар силиконнан шабылған бастардың мұляжын, соның ішінде тарихтан белгілі қанқұмар Кир патшаның да басын жасадым. Мұндай жұмыс Қазақстанда бұрын-соңды жасалмаган. Режиссер Ақан Сатаевтың осындай күрделі жұмыстарды маған сеніп тапсырғанына рахмет айтамын». ("Қазақ әдебиеті" газеті, 2019). Осы пікірден біз бүгінгі қазақ киносындағы грим саласының қаншалықты өзекті екенін байқаймыз. Осыған байланысты Әбілқайырованың пікірі бойынша, әсіресе, тарихи-әпикалық жанрда гримнің өзектілігі ерекше артады, себебі бұрынғы дәүірдің адамына тек киімімен ғана емес, сонымен қатар бет-әлпеттік образен де шынайы ұқсауы керек. Міне, дәл осы көзқарасқа сәйкес келесідей ой білдіреді. «Грим жасауда тарихи кейіпкер болса, міндетті түрде тарих-қа жүгіну қажет етіледі. Мәселен, тарихи әсқиздер, фрескалар, жазба деректер. Режиссерлердің де өз айтары болады. Тарихшы кенесшілермен сөйлесулері керек. Ұлардан бөлек, грим маманының да өз көзқарасы болуы тиісті. «Тар заман» телехикаясында халыққа жақсы таныс фотосуреттер арқылы грим жасалды. Пластикалық гримге жүгінбей-ақ, кастинг арқылы таңдал алынған, кейіпкерлерге түр-келбеттері үқсайтын актерлерге шаш үлгісі мен сақал-мұрттары заманына сәйкес жасалды.

Образ жасау жағынан емес, гриммер жалғыз өзі болғандықтан физикалық тұрғыдан шаршайды. Осы орайда режиссер Дин Махаматдиновтың көп көмегі болды. Кезінде марқұм Батырхан Шүкеновтің бейнеклиптерін түсірген, Ресейде тұратын қазақ азаматы. Түсірілімге дайындық кезінде не істеуім керектігін нақты айтып қойды. Грим жасатуға үлкен актерлер келгенде аздал қобалжыдым да. Десе де, өздері маған сеніммен қарап, жылы шырай танытып, жұмыстың жақсы жүруіне жайлышық орнатты. Негізі,

академияда оқып жүргенде грим, постиж сабақтары М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында өтетін.

Сол себепті ол кіслер бізді студент кезімізден билетін. Мәселен, Саят Мерекеұлы, Мұрат Нұрсілов, Болат Әбділманов ағалар. Аты-жөнімізді білмессе де, түр-түсімізді таниды. Қебіне бізді «Виктор ағайдың қыздары» деп атайды». Заманау грим, негізінен, аса курделі техникалық және көркемдік-шығармашылық процесс. Бұл тұста суреткерлік қабілеттен бөлек, тақырыпте теориялық-практикалық мамандандырылған тәжірибе керек. Осы пікірге қатысты Әбілқайырова, мәселен, келесі ойларымен бөліседі: «Ең қызын гримім екі сағаттай уақытқа созылған. Негізі, жасанды шаш, сақал-мұрт жапсыру жұмыстары болса, кемі 30-40 минут уақыт кетеді. Қазір женіл жұмыстарды қебіне көмекшілерім істейді. Актер грим жасау кезінде қозғалмай отыруы керек. Әйтсе де, академияда оқыған кезімізде ұстазымыз: «Сендер әрі кетсе төрт сағат түрегеп жұмыс істерсіндер. Ал, актер бір тәулік бойы халықтың алдында тұруы мүмкін. Сондықтан оларға кедері жасамаңыздар, шаршатпаңыздар», – дейтін. Сол себепті алдымызға келген қай актерге де құрметпен қарап, жақсы көңіл күймен кету үшін барымызды саламыз. Актриса Алтынай Нөгербек жұмыс кезінде өзінен бұрын сіздің жайлышығыңызды ойлап отырады. Ал осы жаздың атап ыстығында актер Сағындық Жұмаділ, Болат Ұзақов ағаларымыз күрделі сақал-мұрттар желімдеу кезінде соншалықты шыдамдылықтарымен тәнті етті. Жалпы, үлкен актерлер шыдамды, сабырлы келеді. Жасаған гримдерімізге күтіп қарайды. Грим ұзақ уақыт бүлінбей сақталуы үшін актерлерге бет-аузын себепсіз ұстамау, ретсіз тاماқ ішпеу керек. Түсірілім кезінде міндетті түрде камераның қасында гримнің бұзылмауын қадағалап тұрамыз.

Жалпы, гримнің бүлінбей сақталуы актердің шыдамдылығына байланысты. Актер ұқыпты болса, грим түсірілімнің басынан аяғына дейін – күні бойы өз қалпын сақтап тұрады». Заманау технологиялық гримнің тағы бір ерекшелігі – кейіпкердің бет-әлпеттің барынша мүмкін дәрежеде өзгерте алу, бұл тұста тек бет ғана емес, тағы мойын, иық, арқа, қол-аяқ, кеуде іспеттес элементтерге де қатысты гримделген маскалар мен детальдар қолданылады.

Сондықтан, грим жасау кешендік дайындықты талап етеді. Осыған қарай Әбілқайырованың тағы бір пікір қызықты. «Грим арқылы адамды танымасты етіп өзгертуге болады, әрине. Грим маманы грим арқылы жас адамды қартастып, қарт адамды жасарта алады. Бәрі де ізденіске байланысты. Актердің кескін-келбетіне қарап отырып жарасымды да қызықты образдар тудыруға болады. 2016 жылы «Би-лайнның» жарнамасында автобустарға жабысып алатын қорқынышты кейіпкерлер (зомбилер) бейнесін жасадық. Тәжірибе ретінде өзіме өте қызықты болды. Грим сәтті шығуы үшін грим маманының бойында ең алдымен қандай қасиеттер болуы керек десеніз, суретші болғаны дұрыс. Жайғана суретші емес, ізденіс жолындағы өз ісінің шебері. Әйтсе де, ең басты талап – талғамның жоғары болуы. Грим маманы актерге жарасымды, ал халыққа ұнамды образ жасай білуі керек. Шынымды айтсам, академияны бітіргеннен кейін сурет салмаппсын. Әйтсе де, бүгінде аздал мүсін өнерімен айналысамын. Мәселен, «Томири» жобасындағы силиконнан жасалған мұляждар мүсін өнеріне өте жақын.

Сондай-ақ, күйген теріні жасағанда ермексаздан (пластилин) қажетті белшектер дайындал алдым.

Соларды актерге жапсырып, үстінен бояп, гримдемдім. Қазіргі күні режиссерлер күрделі образдарды сеніп тапсырып жатыр. Мәселең, «Тар заман» телехикаясында бүкіл Алаш зиялышарының, «Біздің қаламгер» телехикаясында 1960-1970 жылдардағы ақын-жазушыларымыздың портреттік бейнелерін жасадым. Сондай-ақ, режиссер Мұрат Бидосовтың желтоқсан айында жарыққа шығатын «Орбұлақ шайқасы» телехикаясында қазақ батырлары мен жоңғарлардың бейнесін жасадым. Бәрі де бір-біріне үқсамайды. Қай-қайсысына да өзіне жарасымды сақал-мұрт, шаш үлгілерін дайыннадым. Қалыпты өлшемдерге жүгінбей, өзіндік тәжірибе жасадым десем де болады. Бүгінде толықтай қалыптастырудым деп айта алмаймын. Сол деңгейге жету жолында ақырындан алға басып келемін. Өз ісінің шебері болу – қай саладағы да маманның арманығой. Біздің жұмысымыз көрерменге кино арқылы көрінеді. Театрда ұмытылып қалады, залда отырған көрермендерге дұрыс көрінбейді. Негізі, тарихи портреттік бейнелерді жасауға жиі шақырады. Қазір режиссер Сатыбалды Нарымбетовпен бірге жұмыс істеп жатырмын. «Жаңғырық» атты фильм.

Ондағы міндетім – Кенесары батырдың, бай-сұлтандардың, Адольф Янушкевичтің портреттік образдарын жасау». Суреткерлік мамандар әр заманда сирек кадрлар қажып болып келді, дегенмен соңғы 30 жылдың ішінде отандықгрим мектебін қалыптастыруға көттеген мүмкіндіктер орын алған еді. Дегенмен, бұл тұста біз Өзбекстан, Қыргызстан, Ресей, Украина елдерінің өздерінен техникалық-көркемдік мамандар жетіспеушілігі бойынша алда келе жатырмыз.

Осы күрделі жағдаятты келесідей суреттеуге болады. «Еліміздегі грим жасаудың шебері деп ұстазым Виктор Щербаковты айтуға болады. Қалада біраз грим мамандары бар. Бірақ алға суырылып шығып, күрделі грим жасап жүрген ешкім жоқ. Шетелдік «Марко Поло» телехикаясының бірінші маусымының ту-сірлімі біздің елімізде өтті. Сол кезде «Батыл жүрек» фильмінде актер Мел Гибсонге шаш үлгісін жасаған белгілі постиж шебері, «Оскар» сыйлығының иегері Пол Патинсон келді. Негізі, түсірілім кезінде он гример жұмыс істегенбіз. Солардың ішінен дайындаған сақал-мұрттарымызды қарап отырып, менінің ұнатып, өзіне қөмекші етіп алды. Патинсонмен бірге шәкірті – «Хоббит», «Сакиналар әміршісі» киножобаларына грим маманы ретінде қатысқан Дэби Уотсон да келген. Екеуі де жұмыстарыма оң баға берді. «Енді Азияға келе жатқанда кімге хабарласатынымызды білеміз. Ісінде тоқтатпа», – деп қолдау білдіргендерінің өзі маған қанат бітірді. Жақында Ақан Сатаев «Елбасы. Астана» атты жаңа фильм түсірді. Сол кезде «Темір ханшайым» фильмінде Маргарет Тэтчердің бейнесін жасаған, екі рет «Оскар» сыйлығын алған Марк Кулье дейтін белгілі пластикалық грим (силикондар арқылы адам келбетін өзгерту) шеберін шақырған. Сол кісі де жұмыс кезінде басынан аяғына дейін жанында жүріме, суретке түсіріп алуыма, жасаған заттарын ұстап көрүіме мүмкіндік беріп, ақыл-көңестерін айтқан.”

Зерттеу нәтижелері. Қоріп тұрганымыздай, қазіргі грим өнер саласындағы жағдаят белгілі бір деңгейде дағдарыста деп айта алымыз. Грим тарихы Әлемдік даму үрдісі бойынша сан-алуан көркемдік ағымдар мен өзгерістерден өткен сала. Әр елдің өзіне тән грим бейнелік мектебі, саласы және инфрақұрылымы бар болғанмен, Қазақстанға келгенде ішкі кадр институциялары әлі де қалыптасу үстінде, кенжелеп дамып келе жатқандығын атап өтү керек. Әлі де көттеген арт-менеджменттік дамыту тетіктерін жасау

қажеттігін қофамдық деңгейде қарастыру керек. Осыған орай жалпы аталмыш жұмысқа келесідей қорытынды жасауға болады.

Қорытынды. Грим кез келген өнер саласында өзекті және маңызды аспект екендігін мойындау көрек. Қорытынды ретінде келесі тезистерді атап өтуге болады:

-Грим, оның ішінде телевизиялық грим – қарапайым макияж емес, ол үлкен шеберлікті талап ететін көркемдік өнер түрі.

-Грим – кез келген тележобаның немесе фильмнің көркемдік құрылымдық элементі деп айтуға болады, бұл тек жанрға (урей фильмі, комедия, шоу және т.б.) емес, сонымен қатар автордың – режиссердің идеялық ерекшеліктері мен жеке қолтаңбасына да тікелей байланысты болып келеді. Дегенмен, кино немесе телевизия саласындағы гримді пайдаланудың өз заңдылықтары мен өз ережелері, өз негізгі талаптары болады. Мұнымен арнайы түрде грим теориясы ілім айналысады.

-Бұгінгі Орта Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда грим өнері әлі де қалыптасу үстінде, себебі біздің жеке грим мектебі жоқ. Басты ағымдар мен бағыттар көнестік грим-декоративті өнер мектебінен, одан кейін Батыс грим мектебінен келіп отырды. Әсіресе, осында жарқын мысалды біз тіпті 1996 жылы шықкан алғашқы қазақ телехикаясы «Перекресток» («Тоғысқан тағдырлар») фильміндегі гримнен байқаймыз, ол эксперименталді жобада гримнің деңгейі көбінесе испантілді немесе ағылшын тілді шетел телехикаяларындағы тәмен сатылы гримге еліктеушілік екендігін байқаймыз. Бұгінгі тележобалардың тіпті сценарийлік және режиссуралық талаптары шетелдік аналогардан әлдеқайда тәмен көркемдік сапаға ие болғандықтан, грим саласының қолданысында маман да, көркемдік дайындықтың да тапшы екендігіне көз жеткіземіз. Ұсыныстар:

1. Қазақы грим мектебін қалыптастыру үшін арнайы оқу орнын ашу. Қазір грим мектебін ашу бойынша жобаларды енгізуге тырысып жатырмыз.

2. Қазақы грим мектебін іске қосудағы бастапқы сатысында (5-10 жыл) шетелден ең озық сала мамандарын, грим суретшілерін шақырту.

3. Мемлекет тарапынан грим мектебі түлектерін тегін оқытып, оларды міндетtelген түрде отандық телеарналар мен киностудияларға, театrlар мен цирктарға жіберу.

4. Мамандар тапшылығын толтыру үшін суретшілерді, дизайнерлерді, тіпті қабілетті шаштара兹имиджейкерлерді оқуға тарту, шетелге тәжірибе алмасуға жіберу.

5. Грим мектебінде оқытатын ұстаздар кадрларын дайындастырын арнайы педагогикалық оқу институтын салу. Оларға да бастапқы сатыда (10-15 жыл) шетелден ең озық мамандарды тарту.

ӘДЕБИЕТТЕР

Бейган Ли. “ГРИМ для театра, кино и телевидения” кітабы, М., 1997, 176 б.

«Қазақ әдебиеті» газетіндегі суретші-гример Жазира Әбілқайырованың сұхбаты (30.09.2019)/ <https://qazaqadebieti.kz/21984/tomiris-filminde-an-mar-kirdi-basyn-zhasadym>

REFERENCES

Beigan Li. “GRIM dla teatru, kina i telewiedenia” kitaby, M., 1997, 176 b. (In Russian) «Qazaq ádebeti» gazetindegi sýretshí-grimer Jazira Ábilqaiyrovanyň suhbaty (30.09.2019)/ <https://qazaqadebieti.kz/21984/tomiris-filminde-an-mar-kirdi-basyn-zhasadym>

Ж.ТӨРЕҚҰЛОВА¹, Г.ОТАРБАЕВА²,

¹ PhD доктор, доцент М. Эуэзов атындағы ОҚУ.

Қазақстан, Шымкент қ. Е-mail: turekulova74@mail.ru

² т.Ф.К., доцент, М. Эуэзов атындағы ОҚУ.

Қазақстан, Шымкент қ. Е-mail: gul_4979@mail.ru)

МУХАММАД АЛИДІҢ БЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАРЫНЫң ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

XIX ғ. Мухаммад Алидің жүргізген реформалары нәтижесінде Мысырда кең ауқымды модернизациялық үдерістер басталып, мәдениет және рухани саладағы өзгерістер жүргізді, орта және жоғары білімнің негізі қаланды, ауыл шаруашылығы секторындағы реформалардың қарасында экспорт және импорт дамыды, ішкі инфрақұрылымдар құрылды, жаңа қалалар тұрғызылды. Отарлық жүйеге тартылған басқа да араб елдерімен салыстырғандағы Мысырдың артықшылығы – европалық отарлық прогресс идеясының аясындағы тарихи кезенде елдің тәуелсіздігін сақтауға бағытталған өзгерістердің қажеттілігін түсінген Мухаммад Алидің билік басына келуі.

Осы орайда ұснылып отырған мақалада XIX ғасырдағы Мухаммад Али билігі кезеніндегі Мысырда жүргізілген реформалар аясындағы білім беру саласындағы бетбұрыстардың тарихи алғышарттары қарастырылып, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси-қоғамдық тұрғыдағы дамуындағы ықтальына талдау жасалады.

Кілт сөздер: Мысыр, Мухаммад Али, модернизация, индустриаландыру, білім беру, ғылым, реформалар, әлеуметтік-экономикалық даму, саясат.

Zh. Turekulova¹, G. Otarbayeva²,

¹ PhD doctor, associate professor. M. Auezov South Kazakhstan University.

Kazakhstan, Shymkent. E-mail: turekulova74@mail.ru

² candidate of historical sciences, associate professor.

M. Auezov South Kazakhstan University.

Kazakhstan, Shymkent. E-mail: gul_4979@mail.ru)

HISTORICAL BACKGROUND OF MUHAMMAD ALI'S REFORMS IN EDUCATION

As a result of the reforms of Muhammad Ali in the XIX century. a reliable foundation was created for the emergence and active development of large-scale modernization processes in Egypt. The transformations in the field of culture and spirituality, the laying of the fundamental foundations of secondary and higher education, the construction of new cities, etc., carried out in the 19th century, gave positive dynamics to the cultural progress of Egypt.

This article examines the historical background of the transformation in education and science in Egypt under the reforms of Muhammad Ali. Analyzes the impact of reforms on the socio-economic and socio-political development of the country.

Key words: Egypt, Muhammad Ali, modernization, industrialization, education, science, reforms, socio-economic development, politic

Ж.Е.Турекулова¹, Г.К.Отарбаева²

¹ PhD доктор, доцент ЮКУ им М. Ауэзова.

Казахстан, г. Шымкент. Е-mail: turekulova74@mail.ru

² к.и.н., доцент ЮКУ им М. Ауэзова.

Казахстан, г. Шымкент. Е-mail: gul_4979@mail.ru)

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ РЕФОРМ МУХАММАДА АЛИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Благодаря реформам Мухаммада Али в XIX в. был создан надежный фундамент для зарождения и активного развития широкомасштабных модернизационных процессов в Египте. Преобразования в области культуры и духовности, закладка фундаментальных основ среднего и высшего образования придали положительную динамику культурному прогрессу. Египет по сравнению с большинством колониальных стран обладал важным преимуществом – во главе государства находился Мухаммад Али, который в полной мере осознавал необходимость преобразований в стране, направленных на сохранение суверенитета страны и способных сделать Египет конкурентоспособным в новой исторической действительности, созданной европейским прогрессом.

В статье рассматриваются исторические предпосылки преобразования в сфере образования в Египте в рамках реформ Мухаммада Али. Анализируется их влияние на социально-экономическое и общественно-политическое развитие страны.

Ключевые слова: Египет, Мухаммад Али, модернизация, индустриализация, образования, наука, реформы, социально-экономическое развитие, политика

Кіріспе. Мақала тақырыбына қатысты зерттеудердің ішінен Мухаммад Али реформаларын қарастырған Н. Додвел (Dodwell N., 1967), Мысырдың білім беру жүйесін зерттеген Дж Хэйворт-Данн (Newsworth-Dunne J., 1968) енбектерін айрықшалауға болады. Мысырлық тарихшы Абд ар-Рахман ар-Рафиидің «Мухаммад Али ғасыры» еңбегінде билік

басына келгеннен кейінгі Мухаммад Али жүргізген барлық реформаларға, саяси жағдайларға талдау жасалып, билемшілік еңбегіне жоғары баға беріледі (Абд ар-Рахман ар-Рафиий, 1989). Мысырлық зерттеуші Абдул Хамид Батриқтың «Мухаммад Али кезеңі және XIX ғ. Мысырдың өркендеуі» еңбегінде білім беру саласындағы реформалар терең қарас-

тырылады. Ресейлік зерттеушілердің ішінен, Х.Г.Казарянның (Казарян, 1999), Ж.В. Петрунинаның (Петрунина, 2008), Х.Д. Пончаеваның (Пончаева, 2004) еңбектерінде Мухаммад Али кезеңіндегі Мысырдың әлеуметтік-саяси дамуы және білім беру реформалары қарастырылады.

Зерттеу әдістері. Ғылыми мақаланы жазғанда авторлар негізінен тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, Э.Валлерстайнның «Әлем – жүйе» теориясының негізінде тарихи-жүйелік әдіс қолданды. Жоғарыда көрсетілген еңбектер және тарихи-жүйелік әдіс негізінде Мысырдың білім беру жүйесіндегі түбекейлі бетбұрыстарына талдау жасау арқылы Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдерінің даму ерекшеліктерін дүниежүзілік өркениет тарихының бөлігі ретінде қарастырылады.

XIX ғасырдағы Мысыр тарихына, оның ішінде Мухаммад Алидің білім саласындағы реформаларына талдау жасау арқылы, қазіргі Мысыр елінде жүріп жатқан саяси оқигалардың түп-тамырын, алғышарттарын түсінуге мүмкіндік аламыз.

Негізгі бөлім. XIX ғасырдың басында Мысыр Осман империясына тәуелді мемлекет ретінде дамыды. 1805 жылы Осман империясының султаны Селим III (1789-1807) Македонияның Кавала қаласында туылған Мухаммад Алиді Мысырдың билеушісі етіп тағайыннады. Мысыр тарихшыларының еңбекінде Мухаммад Али тұлғасына Мысыр мемлекетінің негізін қалаушы ретінде баға беріледі және XIX ғасырда жүргізілген елдегі модернизациялық үдерістер атальыш билеушінің қызметімен тығыз байланыста қарастырылады (Абд ар-Рахман ар-Рафии, 1989: 62).

Мухаммад Алидың азаматтық және әскери реформаларды жүзеге асырудары басты мақсаты – араб-мұсылман қоғамына тән ерекшеліктерді сақтай отырып, Мысырды араб елдерінің негізгі орталығына айналдыру, тәуелсіз мемлекет ретінде дамыту және еуропалықтардың әскери-техникалық жетістіктерін, ғылыми прогресті көзінен енгізу болды. Осы мақсатты іске асырудар адамдық капиталды дамыту қажеттілігін жете түсінген Мухаммад Алидің реформаларының басты бағыты – білім беру ісін дамыту, білімнің, ғылымның деңгейін көтеруге арналды.

Ғылым және білімді дамыту ісінде еуропалық тәжірибеге сүйенген Мухаммад Али реформалары нәтижесінде елде педагогикалық мамандарды, әскерлерді, дәрігерлерді дайындастырып оку орындарын ашылды.

Мысыр армиясын дәрігерлермен қамтамасыз ету қажеттілігінен, жаңадан ашылған мектептердің ішінде басты назар дәрігерлерді дайындастырып мектептерге аударылды. 1827 жылы Абу – Заабалда медициналық колледжі, 1830 жылы фармакология мектебі, 1831 акушерлік мектебі ашылып, 420 дәрігер мен фармацевт біліріп шықты. 1837 жылы медициналық мектеп Каирге көшіріліп, Каср ал-Айни атымен белгілі болды (Абд ар-Рахман ар-Рафии, 1989: 125).

XIX ғасырда Мысыр дамуында ауыл шаруашылығы ел экономикалық өмірінің негізін құрады. Мысыр мемлекеттігінің өзегін ауыл шаруашылығы құрайтындығын, оның армияның қажеттіліктерін атқарып, мемлекеттік табыс көзінің бірі екендігін жете түсінген Мухаммад Али, ауыл шаруашылығын жандандыру үшін жаңа ирригациялық жүйелерді, бөгеттерді, каналдарды іске қосып, ауыл шаруашылығына бағытталған аумақтарды көбейтті. Мухаммад Али медициналық оку орындарымен қатар, ауылшаруашылық колледждерінің негізін қалады. 1830 жылы алғаш ашылған ал-Дарсахана ал-Малакия

(Корольдік академия) ауылшаруашылық колледжі болды. Ауылшаруашылық ғылымдарымен қатар бұл оку орнында араб және парсы тілдері оқытылды. 1833 жылы Шубра ал-Хеймада, 1836 жылы Набрухте ауылшаруашылық колледждері ашылды (Абд ар-Рахман ар-Рафии, 1989: 126).

Елдің индустріалдық даму жолына тусуі үшін жоғары білікті инженерлерге деген мұқтаждық басым болды. Инженерлерді дайындастырып мектептер 1816 жылы Каирде «Мухандисхана» (Инженерия мектебі), 1834 жылы Булакта ашылды. Мухаммад Али колледж студенттері үшін оқуды ақысыз жасап, мемлекет тарапынан стипендия төлеп отырды. Осы оку орындарын бітірген мысырлық инженерлер қызметі елде ирригациялық жүйені дамытуға, жаңа каналдар мен көпірлер салуға, ауылшаруашылық жерлерін көңейтуге, мақтаны экспортқа шығаруға, тоқыма өндірісін дамытуға, өнеркәсіптік жабдықтармен елді қамтамасыз етуге бағытталды (Guang Pan, 2013: 17).

Мысыр аумағын көңейтіп, көрші елдерді басып алу жорықтарын үйімдастырган Мухаммад Алидің мақсаты қарулы құштерді сапалы кәсіптік тәжірибесі жоғары мамандармен толықтыру болды. 1825 жылы Каср ал-Айнда, 500 курсанты бар алғашы әскери мектебі, 1834 жылы Ханакада жаяу әскерлердің офицерлерін дайындастырып арнайы әскери училище ашылды. Осы кезеңде әскери-теніз академиясы ашылды. Нәтижесінде, тұрақты мысырлық армия құрылып, 1820 жылы Мухаммад Али Суданды 1823-1824 жылдары Крит аралын жауап алды. Мухаммад Алидің жауап алу жорықтарының нәтижесінде Мысыр, Осман империясының құрамына кіргенімен, де-факто түрде тәуелсіз мемлекетке айналды (Түрекурова, 2013:53).

1836 – 1841 жылдар аралығында білім беру саласын бақылап, қызметін жандандыру үшін Диван ал-Мадарис (Мектептер департаменті) құрылды. Департаменттің прогрессивті рөлінің арқасында Бүхейра, Гарбия, Мануфия, Даҳаклия, Шаркия, Ка-любия, Гиза, Файюм, Асьют, Джирджа, Кена қалаларында бастауыш мектептері ашылды (Абд ар-Рахман ар-Рафии, 1989: 404).

Білім беру саласындағы реформалардың үтімді бағыттарының бірі – елдің дарынды жастарын Еуропалық елдерге білім алу үшін жіберілуін көрсетуге болады. 1813 жылы Италияның Валенсия, Милан және Рим қалаларына әскери іс және кеме жасау бойынша, инженерлік мамандықтарды менгеру үшін жастар жіберілді. 1826 жылы Францияға 40, 1828 жылы 44 және 1844 жылы 70 студентті шетелдерде білімін жетілдіруге жіберді (Абдул Хамид Батрик, 1999:108).

Оқуға жіберілген жастар ел мұддесі үшін аяnbай еңбек етіп, отанына оралған соң баспахана ашып, газет-журналдарды шығарып, кеме жасау ісін жолға қойып, әскери реформаларды тереңдетуге ат салысып, жолдар, темір жол, каналдар, маяктар ашты, үлттық білімді және ғылымды дамытуға үлестерін қости. Шетелге жіберілген патриот жастардың ішінен ғылымның барлық салаларында көрнекті өкілдер қалыптасты. Олардың қатарынан алғашы Мысырлық инженерлер, математиктер, жазушылар, астрономдар, суретшілер, мұсіншілер, дәрігерлер, мұғалімдер шықты.

Шетелге студенттерді жіберумен қатар, озық ойлы тәжірибелермен танысу, талдау жасап, тағылымын алу үшін елдің ішінде ашылған оку орындарына еуропалық мамандар шақырылды.

Мысырдың ғылыми-техникалық прогрессе деген бетбұрысына ат салысқан шетелден тартылған мамандардың ішінен: 1851-1853 жылдарда Александриядан

Каир қаласына дейін, ал 1858 жылы Суэц қаласына дейін тартылған темір жол құрылышын салған ағылшын инженері Роберт Стефенсон, Мысырлық әскерді европалық үлгіде жасактауға үлесін қосқан француз Джозеф Антальм Севез (Сулейман – паша ал-Франсауи), Мысырдағы тырысқаң эпидемиясының өршүіне жол бермей күрескен, 1856 жылы медициналық колledgeдің негізін салған француздық Антуан Бартелеми Клот-бей, кеме жасау инженері Лефевр де Серизи, Булакта Мысырлық мұражайдың негізін қалаған Франсуа Огюст Фердинан (Мариет-паша), Мысыр көпірлері мен жолдарының инженері Эжен Мужель сияқты тұлғаларды атап ету маңызды.

Қорытынды. Батыстық идеяларды, білім және ғылымды дамыту үлгісін көнінен енгізе отырып, Мухаммад Али Мысырдың Батысөуропалық державалардың отарлық саясатының аясына еніп кетпеудің үшін барлық жағдай жасап, мысырлық үлттүк ерекшеліктерді европалық үлгімен ұштастыра білді. Елдің әлеуетін көтеруге бағытталған шаралар Осман империясы және Батыс Еуропалық державалардың мүддесіне көреғар келгенімен, мысыр қоғамының жаңа белеске өтуінің және әл-ауқатының артуының тарихи алғышарты болды. Мысыр елі, европалық ғылыми-технологиялық жетістіктерді менгеріп, алынған білімдерді араб қоғамының ерекшелігіне бейімдел, мұсылман қоғамына тән өзіндік рухани-мәдени ділін сақтай білді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Dodwell H. The Founder of Modern Egypt: A Study of Muhammad Ali. –Cambridge: Cambridge University Press, 1967. – 286 p.

Heyworth-Dunne J. An Introduction to the History of Education in Modern Egypt. –London:Frank Cass, 1968. –503 p.

Казарян Х.Г. Реформы Мухаммада Али и их роль в социально-экономической жизни Египта в первой половине XIX в: Автoreф. дис. ... канд. ист. наук. – Москва, 1999. – 22 с.

Петрунина Ж.В. Социально-экономическое и политическое развитие Египта в период правления Мухаммада Али в Российской общественно-политической мысли XIX в.: Автoreф. дис...докт.ист.наук. – Москва, 2008 –36 с.

Пончаева Х.Д. Развитие системы образования в Египте в XIX - начале XX в.: Автoreф. дис. ... канд. ист. наук. – Санкт-Петербург, 2004. - 24 с.

، فراعملا راد:، فراغلـا – يـلع دـمح رـصـع. يـعـفارـلـا نـجـرـلـا دـعـ . 1409ـ، 1989ـ 595ـ

ФТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20

М.Қ.КАРИМОВ¹, М.С.ИБРАЕМОВА², А.Ф.ДАУТОВА³,

¹т.ғ.к, профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетті, Қазақстан. E-mail: karimov_51@mail.ru

²т.ғ.к, доцент, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетті, Қазақстан. E-mail:mayra_isa_1972@mail.ru

³Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеттінің докторанты, Қазақстан, E-mail: dautova_alma@mail.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТАРЫ (XIX ғасырдың бірінші жартысы)

Бұл мақалада Шығыс Қазақстандағы XIX ғасырдың бірінші жартысы кезеңіндегі қасіпкерліктің дамуының тарихи алғышарттары қарастырылған. Материалдар ретінде архив құжаттары және XIX ғасырдың сол кезеңінде қазақ даласында болған этнографтың жеке деректері де алынды. Біздің зерттеуімізде дереккөзі ретінде Ресей үкіметінің реесми басылымдарында жарияланған құжаттардың жинақтары пайдаланылды.

Аталмыш кезенде сыртқы факторлардың күшті әсерінен жаңа жағдайларға бейімделе бастаған далалық өлкенің шаруашылығы бірте-бірте Ресей империясының экономикасында маңызды орынға ие бола бастады.

Зерттеу міндеттерін шешуде жалпы дәстүрлі ғылыми, саралтау, синтез, нақтылау және жалпылау әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: Ресей империясы, XIX ғасыр, Шығыс Қазақстан, қасіпкерлік, тарихи алғышарттар.

قضىن و یل ع دمح رصع. نىيرىمىلا خىرات قىرطىلا دىمەنلە دىع .
قىرطىلا: فراغلـا (1805 - 1882).- رشـع عـاتـلـا نـرـقـلـا ىـفـ رـصـع
1999.- 247 ص.

Pan Guang. Revelations of Muhammad Ali's Reform for Egyptian National Governance//Journal of Middle Eastern and Islamic Studies (in Asia). – 2013. – Vol.7. – № 4. – P. 17 – 35.

Турекулова Ж.Е. Военные реформы как важный компонент цивилизационных преобразований в Египте в XIX веке. Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – Россия, Санкт-Петербург, 2013. – № 160. – С. 50 – 58.

REFERENCES

Dodwell H. The Founder of Modern Egypt: A Study of Muhammad Ali. –Cambridge: Cambridge University Press, 1967. – 286 p.

Heyworth-Dunne J. An Introduction to the History of Education in Modern Egypt. –London:Frank Cass, 1968. –503 p.

Kazaryan H.G. Reformy Muhammada Ali i ih rol' v social'no-ekonomicheskoy zhizni Egipta v pervoj polovine XIX v [Reforms of Muhammad Ali and their role in the socio-economic life of Egypt in the first half of the 19 th century]. Author's abstract. Dis. cand. ist. sciences. – Moscow, 1999 .- 22 p. [in Russian].

Petrunina ZH.V. Social'no-ekonomicheskoe i politicheskoe razvitiye Egipta v period pravleniya Muhammada Ali v rossijskoj obshchestvenno-politicheskoy myсли XIX v. [Socio-economic and political development of Egypt during the reign of Muhammad Ali in Russian socio-political thought in the 19 th century] Author's abstract. dis Doctor of Historical Sciences. - Moscow, 2008 –36 p. [in Russian].

Ponchaeva H.D. Razvitiye sistemy obrazovaniya v Egipte v XIX - nachale XX v. [Development of the education system in Egypt in the XIX - early XX century] Author's abstract. Dis. cand. ist. sciences. – Sankt - Petersburg, 2004 .- 24 p. [in Russian].

Abd ar-Rahman ar-Rafii Asr Muhammada Ali. – Cairo:Dar al-Maarif, 1989.– 595 s. [In arabic].

Abdul Hamid Batrik History of the Egyptians. The era of Muhammad Ali and the rebirth of Egypt in the 19 th century (1805-1882). – Cairo: Egyptian General Book Authority, 1999. – 247 p. [In arabic].

Pan Guang. Revelations of Muhammad Ali's Reform for Egyptian National Governance//Journal of Middle Eastern and Islamic Studies (in Asia). – 2013. – Vol.7. – № 4. – pp. 17 – 35.

Turekulova ZH.E. Voennye reformy kak vazhnij komponent civilizacionnyh preobrazovanij v Egipte v XIX veke [Military Reforms as an Important Component of Civilizational Transformations in Egypt in the 19 th Century]. – Izvestia:Herzen University Journal of Humanities & Sciences. – Sankt-Peterburg, 2013. – № 160. – pp. 50 – 58. [in Russian].

М.К.Каримов¹, М.С.Ибраемова², А.Ф.Даутова³,
¹к.и.н., профессор, университет им. Шакарима города Семей,
Казахстан. E-mail: karimov_51@mail.ru
² к.и.н., доцент, университет им. Шакарима города Семей,
Казахстан. E-mail: mayra_isa_1972@mail.ru
³докторант университета им. Шакарима города Семей,
Казахстан. E-mail: dautova_alma@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

В данной статье рассматриваются исторические предпосылки развития предпринимательства в Восточном Казахстане в период первой половины XIX века. В качестве материалов были использованы архивные документы и источники личного происхождения этнографа, посетившего казахскую степь в XIX веке. Другим источником для нашего исследования были сборники документов, опубликованные в официальных изданиях царского правительства.

В этот период, испытывая сильное воздействие внешних факторов, способности к адаптации к новым условиям, хозяйство Степного края постепенно заняло важное место в экономике Российской империи.

При решении исследовательских задач применялись общенаучные традиционные методы анализа, синтеза, конкретизации и обобщения.

Ключевые слова: Российская империя, XIX век, Восточный Казахстан, предпринимательство, исторические предпосылки.

K. M. Karimov¹, S. M. Ibrayemova², F. A. Dautova³,
¹candidate of historical Sciences, Professor, Shakarim University of Semey,
Kazakhstan. E-mail: karimov_51@mail.ru
²candidate of historical Sciences, docent, Shakarim University of Semey,
Kazakhstan. E-mail: mayra_isa_1972@mail.ru
³doctoral student, Shakarim University of Semey,
Kazakhstan E-mail: dautova_alma@mail.ru

HISTORICAL PRECONDITIONS OF BUSINESS DEVELOPMENT IN EAST KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE XIX CENTURY

This article considers the historical preconditions of business development in East Kazakhstan during the first half of the XIX century. The materials used were archival documents and sources of personal origin of the ethnographer who visited the Kazakh steppe in the XIX century. Another source for our research was collections of documents published in official publications of the tsarist government. During this period, experiencing a strong impact of external factors, the ability to adapt to new conditions, the economy of the Steppe region gradually took an important place in the economy of the Russian Empire.

Traditional General scientific methods of analysis, synthesis, concretization and generalization were used to solve research problems.

Keywords: Russian Empire, XIX century, East Kazakhstan, business, historical preconditions.

Кіріспе. Шығыс Қазақстандағы кәсіпкерлік ісіне біраз өзіндік ерекшеліктері тән болды. Олар географиялық, әлеуметтік-саяси және экономикалық факторлармен қатар, Ресей империясының отарлық саясатына байланысты еді.

Орыс патшалығының XIX ғасырдың 20-шы жж. бастап белсенді бола түсken Орта Азиядағы жүргізілген саясаты «Сібір қырғыздары туралы жарғының» қабылдануымен (1822 ж.) байланысты алғашында. Орта, ал одан кейін Кіші жүздерде Ресей әкімшілік жүйесінің терендей енүінен басталады. Ұлы даланың терең қойнауларына дейін бекініс жүйелерінің және қамалдардың салынуы дәстүрлі кеші-қон бағыттарын өзгертіп жіберді. Осы шаралардың барлығының жалпы әсері қазақ даласындағы шаруашылық өмірдің өзгеруіне әкелді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дәстүрлі қазақ қоғамының экономикасына нарық қатынастарының элементтері еніп, кәсіпкерлік үрдісі дамый түсті.

Материалдар мен әдістері. Материалдар ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және Ресей Федерациясы Омбы облыстық тарихи архиві қорларындағы деректер пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысында заң актілерін және нормативтік құжаттарды зерттеген авторлар, Ресей империясы зандарының толық жинағының мате-

риалдарын пайдаланды. Осы зерттеудің тағы бір дөреккөзі ретінде белгілі этнограф А. Янушкевичтің жеке өзіне тән «Қазақ даласындағы сапардың күнделіктіре мен хаттары» еңбегі алынды.

Зерттеудің методологиялық негізі таным және тарихиық жалпығылыми принциптері болып табылады. Тарихиық принципі барлық құбылыстарды белгілі бір объективті заңдылықтардың даму түрғысы негізінде қарайды.

Зерттеу міндеттерін шешуде дәстүрлі жалпы ғылыми сараптау, синтез, нақтылау және жалпылау әдістері қолданылды.

Талдау. Қазақ даласының патшалық Ресей кеңіндегі әлеуметтік-экономикалық саясатының мәселелері Қазақстан территориясын зерттеуге арналған революциядан бұрынғы және кеңестік кезеңдегі, сонымен бірге бүгінгі зерттеушілердің көптеген зерттеулерінде қарастырылған. Революцияға деінгі еңбектердің қатарына А. Янушкевичтің қазақ халқының этнографиясы, тарихы және мәдениеті бойынша белгілі еңбегін жатқызамыз (Янушкевич, 1966).

Кеңестік кезеңдегі еңбектердің ішінен Н.Г. Апполованың «Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI – первой половине XIX в.» (Апполова, 1976), Е. Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» (Бекмаханов, 1992), С.З. Зи-

мановтың «Политический строй Казахстана в конце XVIII века и первой половины XIX века» (Зиманов, 1958), Г.Чулановтың «Промышленность дореволюционного Казахстана. Историко-экономический очерк» (Чуланов, 1960) зерттеулерін ерекше атап айтуда болады.

XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы кәсіпкерлік тарихының дамуының зерттелуі Г.М. Ахметованың еңбегінде көрініс тапқан (Ахметова, 2012).

Г.Е. Отепова және А.С. Ильясованаң «Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX век). Сб. документов» (Отепова, Ильясова, 2015) деп аталағын құжаттар жинағы ерекше қызығу туғызды. Жинаққа XIX ғасырдағы қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын анықтаған және нақтылаған Ресей империясының заң актілері кірген. Авторлар еңбекті жинақтау барысында Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы архивтерінің материалдарын, сонымен бірге Патша үкіметінің ресми басылымдарында жарияланған құжаттарды пайдаланған.

Зерттеу нәтижелері. Патша үкіметінің қазақ даласын белсенді түрде игеру XIX ғасырдың 20-шы жылдары «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» (1822 ж.) күшіне енгізілгеннен кейін тың қарқынмен жүргізіле бастады. М.М.Сперанскийдің (1772-1839 ж.) «Жарғысы» Орта жүзде хандық биліктің жойылып, қазақтардың іс жүзінде Россияның құрамына енгендігін көрсетті. Россия жарғының басшылыққа ала отырып, жаңа әкімшілік басқару жүйесін Орта жүз рутайпалары мекендереген жерлерде енгізе бастады.

Бұғанға дейін, XIX ғасырдың басындағы Қазақстанның Ресейге бағынуы номинальды түрде болды деп батыл айтуда болады. Ресей өз бекіністері шенберінен тыс жерлерді (қазақтар бодандықты қабылдаса да) сирт аймақ деп бөлектеп қарады.

Қазақстанның Россия империясына тәуелділігі XVIII ғасырдың 30-шы жылдары басталғанымен, олардың қазақтарды толық бағындыруы XIX ғасырдың екінші жартысында ғана іске асты. Ресей Сібірді бағындырып, өз шептерін айқындал, бекініс тізбектерін салғаннан кейін қазақтарды линиядан өткізбейтін болды. Патшага бағынышты деп есептілінетін қазақтардың шекара линиясына жақын орналасуының өзіне қауіппен қарап, олардың қоныстанатын жерлерін белгілеуге талпыныстар жасады. Сібір аймагын басқаруға келген генерал-губернаторлар да XIX ғасырдың басынан бастап қазақтарды бағындырудың және басқарудың тікелей әскери күшті пайдаланудан басқа да ыңғайлы тәсілдерін іздестірді. Орасан зор аумақты алып жатқан саны көп кешпелі жауынгер халықпен соғыс жүргізу империяға қажетсіз болды және ол қосымша ауыртпалықтар мен шығындар өкелетін. Сондықтан Россияның империяшыл сауатты басқарушылары бұратана халықтардың, оның ішінде қазақ қоғамының ішкі құрылымын, көшпелі мемлекеттік жүйеден қалған басқару жүйесін зерттеді, соны өз мақсаттарына барынша пайдалануға тырысты.

Қазақ даласын игеру, халқын басқару жөнінде 1822 жылғы Жарғының авторы есебінде аталағын М.Сперанскийден басқа басқарушылар да өз ұсыныстарын беріп және соны өз екілеттіліктерімен орындағып жатты. Соның бірі – Сібір Корпусның командири, генерал-лейтенант П.Капцевичтің «О разделении мест между казаками и киргизами в округе Колыванских заводов и других дел об отведении земель (хлебопашству)» деген көлемді

ұсынысы. Оның қазақтарды басқару туралы жаңа заңның қабылдануын асыға күткендігін: «... прописывая в отношении своем к Генерал-губернатору Сибири и кавалеру М.М.Сперанскому и его Высокопревосходительство изволил отзваться, что она может быть приведена к концу как скоро земли Сибирской линии снято в план» дегенінен де көреміз (ҚР ОММ, 518-к., 1-т., 1-к., 1-ic, 103-п.).

Капцевич осы жазған ұсынысында қазактар мен қазақтардың арасындағы жер қатынасы туралы қалыптасқан жағдайға және алдағы уақытқа өз пікірін білдіреді. Ол: «Осматривая выверенные мне Сибирские линии нашел я, что не только киргизам на постоянной и временной кочевки находящимся не указаны места, где им пребывать, но и казакам Высочайшим повелением в штате о Войске линейном в 1808 году состоящимся пожалованной 6-ти десятинной пропорция на каждую мужского пола душу годной к хлебопашству и сенокошению земли по сие времена не отведено и 12-ти лет продолжается бесплодная переписка с Гражданским начальством. Между таковым беспорядком крестьян не взирая на древний закон воспрещающим поселяться им к линии ближе 40 верст, многие без позволения Правительства» (ҚР ОММ, 518-к., 1-т., 1-к., 1-ic, 103-п.) деп, Жарғының қабылдануын тездетуге ынталы екендігін байқатады.

Қазақтардың байырғы көші-қоны болған жерлерге бекіністер орнатып, иеленіп алған патша өкіметі алдымен жерді пайдалануда өз мүдделерін бірінші кезекке қойды. Олар шұрайлы жерлерді барынша өздеріне қаратып, қазақтардың мал жайылымына сортаң жерлерді үйғарды. «Сим верноподданным киргизцам для летней кочевки места можно избрать степные и солонцеватые. Без разбору там, где ни линейные жители, ни крестьяне не пашут пашни и не производят сенокошения» (ҚР ОММ, 518-к., 1-т., 1-к., 1-ic, 103-п.).

Сонымен бірге, Капцевичтің келгендеріне ғасыр толмаған қазақтарды осы жердің байырғы тұрғындары етіп көрсетпекші болғандығы түсініксіз. Ол: «... Казаки не взирая на то, что они есть коренные жители и так сказать владетели земель законом показанных на 40 верст внутрь пределов губерний, а киргизцы приобретшие право на Всемилостивейшего покровительства Его Императорского Величества от междуусобий в киргизской степи бываемых и барантов производящих их к гибельному разорению, укрываются за передовою стражею от наглости разбойников, переходя туда на постоянную, или временную кочевку, крайне угнетаются крестьянами, и претерпывают убыточные для них притязание за потравы табунами их хлебов и сена, равным образом и крестьян в справедливых их претензиях имеют так же на них большим удовольствием» (ҚР ОММ, 518-к., 1-т., 1-к., 1-ic, 103-п.) дейді.

Патша үкіметі XIX ғасырдың 20-шы жылдарындағы реформаны қазақтардың хандық жүйеден қалған өзіндік басқару құрылымын құйретуден, яғни саяси тәуелсіздігіне соққы беруден бастады. Соның ен бастысы қазақ жерінде әкімшілік басқару жүйесін Ресейдің империялық отарлау мүддесіне сай келетіндей етіп құру болды.

1822 жылы Сібір өнірі Шығыс Сібір, Батыс Сібір деген екі үлкен аймақта бөлінді. Батыс Сібірдің орталығы алғашында Тобольскіде, содан кейін Омбыда (1839 ж.) орналасы. Орта жүз рулары қоныстанған қазақ даласы осы Батыс Сібірғе қарап, «Сібір қырғыздары облысы» аталды. Қазақ же-

ріне бекіністер салу, оларда округ орталықтары дуандарды (приказдарды) орналастыру сияқты саяси шараларымен қатар, қазақ жерін қазынаға алу, салық жүйесін енгізу, табиғи ресурстарға (балық аулау, ағаш кесу және т.б.) мемлекеттік монополия жариялау сияқты экономикалық шаралар да қатар жүргізілді. Аталған шаралардың барлығы тұтас бір мақсатқа қызмет етті. Осыны қазақ жерін отарлау саясатының нақты мәні деуге болады.

«Жарғы» бойынша Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қараған қазақтар, Россия империясының негізгі ұлты дәрежесіндегі тең құқылы азаматтары болмаса да, оларға да көніл бөлінді. Сибирские киргизы принадлежат к сословию кочевых инородцев и имеют с ними равные права» (Зиманов, 1958: 148). Зерттеушілердің пікірінше, көшпелі бұратаналардың (қазақтар да осыған кіреді) әлеуметтік мәртебесі мемлекеттік крестьяндарға жақын еді. Қазақтар мүліктік меншік иеленуге құқылы болды.

Орта жүз қазақтарын патша билігі екіге бөліп қарастырды. Олардың бекіністер мен шептерге жақын орналасқандары «ішкі» (внутренний), ал шалғайда көшіп жүргендер «сыртқы» (внешний) қазақтар атанды.

Округтар ашылғанға дейін-ақ «ішкі» қазақтар Омбы, Семей, Өскемен қалаларындағы сауда істеріне араласып, енді ғана дамығ келе жатқан өнеркәсіп орындарында жалдамалы жұмыстар істеп, Сібірдің орыстарымен недәүір шаруашылық-тұрмыстық байланысқа түсті. Сол себепті де олар орыс әкімшілік тәртібіне біршама бейімдеу болды.

Ал, далалық өнірдегі «сыртқы» қазақтарға «Жарғы» талаптары біртіндел, көшпелі халықтың ерекшелігін ескере отырып енгізілді. Мұндағы реформа «Округ-бөліс-ауыл» болып келетін үш сатылы әкімшілік басқару құрылымын қалыптастыру бағытында жүргізілді. Әрбір округтың өз территориясы болды, жарғының 77-81 параграфтарына сәйкес бір округтен екіншісіне ауысып жүре беруге рұқсат етілмеді. Саудамен немесе басқадай шаруамен басқа округке шығатын адамдар аға сұлттаннан арнайы рұқсат алуды керек болды. Округ аумағының негұрлым орта тұсынан тұрақты орталық басқару органы – дуандар (приказдар) ашылды.

Далалық округтерден салық (ясак) жинау патша үкіметінің жаңадан құрған әкімшілік орындарының басты міндеттерінің біріне айналды. Кең ауқымды қамтитын территорияны басқарып, бақылауда ұсташа үшін қыруар қаржы керек. Осы шығындардың орнын жабу үшін ясак жинауды жолға қою үлкен маңызға ие болды.

Алдымен бөлістардың орналасуы, оларда қанша шаңырақ бар екендігі, халықтың қолындағы майдың саны орыс шенеуніктерінің қатысуымен анықталды. Мұндай санақты патша әкімшілігі үш жыл сайын жүргізді және жергілікті халықтан сайланған адамдарға сенбей, орыс шенеуніктеріне жүктеді. Бірақ, қазақтың иен даласына шыққан орыс шенеуніктерінің ішінде елден пара алып, өз қамдараң ойлағандары аз болмады: «...каждый из этих проконсулов считал порученное ему дело только средством приобретения состояния» (Янушкевич, 1966: 211).

Хандық биліктің жойылуын қазақ халқы тә-үелсіздікте жоғалту деп қарады. Сондықтан да, округтердің құрылуы қарсы наразылықтарға әкелгені және оның белгілі бір өнірлерде қарулы көтеріліске үласқандығы белгілі. Ясак жинауда патша әкімшілігі біршама жеңілдіктерді де қарастырды. Қазақтар округ

құрылғаннан кейінгі 5 жылға салықтан босатылды. Дегенмен жиналтын салықтың мөлшері аз емес еді. Мысалы, 1834 жылы Қарқаралы округінен жиналған ясак 65 мың рубльден асқан.

1-кесте. Қарқаралы округінен жиналған малуралы мәлімет. 1834 жыл.

Болыс-тар	Мал саны			Ақшадай түсім			Жиналған салық		
	Жыл-кі	Сынып	Кіті	Жыл-кі	Сынып	Кіті	Жыл-кі	Сынып	Кіті
1.Дүйсенбай-шакшақ	204 90	5736	77960						
2.Қырғызы	7993	4416	55649						
Б.Күсші Тогай	5214	1316	39469						
Д.Дадан Тобықты	6557	4564	54325						
10.Талғазіт	5049	2622	47961						
11.Көрөй	14378	2300	64342						
12.Таражаты	3214	2367	23888						
18.Тобықты	230 88	9020	193 845						
Жиыны	252 175	80 078	1406 037	1073	501	89 58	65866 р. 25 т.	53 17	370
Бұдан басқа Қарқаралыдан Баянауыл округіне ауысқан Бура-найман болысынан түсім							5897		

Ескерту: Қарқаралы округінің 18 бөлісінің қазіргі Шығыс Қазақстан аумағына қарайтын бөлістары ғана алынды (-Авест.) (ООТМ, 3-к., 1-т., 1449-іс, I-том, 56-57 п.).

Кестеде көрсетілгендей салық (ясак) толық дерлік жиналған. Аға сұлтандар патшаның жарлығын таптүйнақтай орындағандай көрінеді, жиналған сомада аз емес. Бір көніл аударатын нәрсе, ақша қазақ арасына әлі тарала қоймағандықтан, салық негізінен майдай салынса да, әкіметке барлығы ақшадай және уақытында төленген. Салықтың осындағы жақсы жиналұының да, оның ақшадай төленуінің де сирь ел басқарған бөлістар мен аға сұлтандардың елден жиналған майды сатып, әкіметпен ақшалай есеп жасасуында жатты. Ал мұнның негізінде, патша шенеуніктері мен қазақ басқарушыларының өздеріне пайда түсіру мүдделері де жатты. Өйткені, елден жиналған майды сатқанда қалған айырмама ақша сұлтандардың қалтасында қалатыны рас та еді. Мұндай жағдайлардың орын алғандығы туралы деректерде көтеп кездеседі. Мысалы, Сүйінгали деген сұлтан шаңырақ басына салынатын 1 рубль 50 тиынның орнына бір қой, бір өгізден алған (Бекмаханов, 1992: 122).

XIX ғасырдың 30-шы жылдарында 1822 жылғы «Жарғының» қазақ жерін терендете отарлауға төжеу жасайтын кейбір кемшіліктері байқалды. Далалық аймақты экономикалық жағынан игеру, халықтың саяси бағындыру үрдісі отаршыл үкіметті қанағаттандырмады. Отарлау ісін одан әрі тиімді жалғастыру үшін Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковтың ұсыныстарын ескере отырып «Сібір қырғыздарын шекаралық басқару» туралы 1838 жылды

патшаның жарлығы шықты. «Сібір қырғыздарын же-ке басқару туралы ереже» осы жарлықпен бірге қа-былданды. Бұл негізінен патша әкімшілігінің облыс-тық құрылымы деңгейіндегі өзгерістеріне әкелді. Ал, қазақтарды басқаруға құрылған «округ – болыс – ауыл» жүйесі сол қалпында қалды. Сырт қараганда бұның қазақтарға қатысы аз болып көрінгенмен, билік облыстық, қалалық әкімшіліктердің әлеуетін қүшейте отырып, отарлау үрдісін қатаїта түсті.

Россия Қазак даласын толық бағындырғаннан кейін бұл өлкеде жүргізіп отырған саясатына тағы да үлкен өзгерістер енгізді. Өскери-отарлаушылық әдістермен Қазақстанды өзіне қаратқан патшалы Россия, бұл өлкедегі ағылшын ықпалын ығыстырып, ортаазиялық плацдармды, аса маңызды қымбатқа тауар шығаратын, арзанға шикізат әкететін және арзан жұмысшы күші бар рынокты алуға қол жеткізген еді. Халықаралық қолайлы жағдайды тиімді пайдалана білген Россия, өзінің империялық мұддесін үшін Қазақстанда қатан отарлық тәртіпі орнатты.

Патша үкіметі империяның басқа да аймақтарындағы дай онтүстік Сібір аймағына кіретін қазақ жерлерінде де сауда-экономикалық қатынастардың дамуына мұдделі болды. Олар бұл саясатын үнемі жағастырып отырды. Бірте-бірте дами бастаған нарық қатынастарының қазақтардың натуралды шаруашылығына да үлкен әсерін тигізгені белгілі. Сол себептен, кәсіпкерліктиң тарихи алғыштарттарын қарастырғанда, оның түрлі кезеңдердегі заңнамалық негізінің де қалай қалыптасқанына және өзгеріп отырғанына үнілі қажеттілік.

Сауда-кәсіптік заңнамалың және оның эволюциясын зерттеу отандық кәсіпкерлік ісік және оның мемлекетпен байланысы тарихының аса қызықты, сонымен бірге күрделі мәселелерінің қатарына жатады.

Заңнамалық құжаттар патша самодержавиесінің бағындырылған халықтарға байланысты бағытты түрде жүргізілген қызметтің нәтижесі де болып табылады. Олардың жасалуы Ресей және қазақ қоғамының дамуының белгілі бір тарихи жағдайларымен байланысты болды. Заңнамалық деректердің себептерін анықтау, олардың тарихи қалыптасқан жағдайлармен тікелей байланыстарын көрсетіп, пайда болуыларының және қызмет жасауларының түрлі себептерін билдіреді (Отепова, Ильясова, 2015: 344).

«Сібір қырғыздары туралы Жарғының» IV – «Сауда» деп атапталып бөлімінде «Жалпы тәртіп», «Айналымдағы монеталар», «Кеден» деген пункттер бар. Жарғының ережесі сауданы дамытуға бағытталды. Сонымен бірге мұнда, қазақтарға өздерінің үй қәсіпшілігі бұйымда-рын, малдарын округтар аумағында және кедендер мен заставалар арқылы да еткізуге рұқсат берілген. «Ерекше құқы және дәстүр» деп атапталып IX тарауда жергілікті халықтың өкілдерінің (яғни қазақтардың) жаллыға бірдей негізде басқа сословиелерге өтулеріне, қызметке кірулеріне, гильдияларға жазуларына және жылжымайтын меншікке ие болуларына рұқсат берілетіні атап көрсетілді.

Н.Г.Аполлова сол кезеңдерде сауда ісіне қазақ байларының белсенді түрде араласа бастағандығын айтады. Орыс үкіметі 1835 жылы қабылдаған әкімдері арқылы өсіп отырған экономиканың талаптарына сәйкес, көпестер құрамын қазақ ауылшының ауқатты тобы – байларды осы іске бейімдеу есебінен көбейтүге тырысты. Апполованың пікірінше, қазақ байларымен жасалатын мал саудасында дедалдықты маклактар немесе прасолдар атқарған. (Орыс тіліндегі «маклак және прасол» атауларын қазақ тіліне аударғанда, көтерме сатып алушы, қайта сатумен айналысадын

адам). Олар базардағы елге сатып алушы сияқты көрініп, мен сатып алам деп, қызылкенірдек бол, әдеби шу туғызатын. Осылай бәсекелестікті қоздырып, бағаны көтеріп жіберетін. Қазақ даласындағы сауданың дамуына мұдделі болған орыс үкіметі XIX ғасырдың басынан бастап орыс саудагерлеріне баж салығынсыз сауда жүргізуге рұқсат етті (Аполлова, 1976: 347).

Зерттеуші Г. Чулановтың атап еткенідей, өлкениң Ресейге қосылуы, онымен және Қазақстан арасындағы сауда байланыстарын қүшейте түсті. Қазақ ауылына тауар-ақша қатынастары ене бастады, ол өз тарауынан феодалдық томағатұйықтықтар жоюға және натуралдық шаруашылықтың бірте-бірте ыдырауына әкелді. Қазақстан ауылшаруашылық шикізатын шығарушыға маманданып, бүкілресейлік және әлемдік нарықтың шенберіне тартылып, Ресейдің орталық өнеркәсіпті аудандарын жүнмен, шікізаттың басқа да түрлерімен және азық-тұлікпен жабдықтап, оның орнына орыс кәсіп орындарының бұйымдарын біршама тұрақты түрде алушыға айналды. Орыс өнеркәсібі өзіне қажетті және сенімді шикізат базасын осылай қалыптастыра бастады (Чуланов, 1960: 4).

Жарғының «Сауда» деген бөлімінің ерекше маңызы болды. Онда сауда жасайтындарға арналған жалпы тәртіп, белгілі бір операцияның өзіндік ерекшеліктері, коммерциядағы қызметкерлердің категориялары нақты көрсетілді. Екінші бап бойынша, жынысына және үлтұна қарамай-ақ, саудагерлерге, компания қызметкерлерінің империядағы енгізілген заңдардың негізінде келісімшарттарға отыруларына, міндеткерлік алуларына құқық берілді. Мұнда бірінші және екінші класс приказщиктердің құқысы және міндеттері, жалақыларының мөлшері, келісімдегі міндеттері, қожайынмен қарымқатынастары және жас мөлшерлері де атап айтылды.

Сонымен қатар мұнда кәсіпке салынатын салыққа біршама көніл бөлінген. Бұл Ресей империясындағы сауда және өнеркәсіптегі қызметтің барлық жақтарын реттеуді толық қамтыған құжат. Занда сауда үрдісінің дифференциялануына, сатып алу және сату операцияларының түрлеріне және дәрежелеріне де көніл бөлінген. Сол сияқты үкімет жаңа салық салу жүйесін кіргізіп ғана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік-меншік мәселесі бойынша біркелкі емес (ішінде қазақтарды да бар) сауда жасаушылардың қалың тобын да бақылауда ұстауға тырысты (Ахметова, 2012: 19).

Қорытынды. Кәсіпкерлік қызметтің реттеуші зан актілерін қарастыру барысында байқайтынымыз, олар елдің саяси және экономикалық жағдайларына байланысты үнемі даму өзгерістеріне түсіп отырғаны. Түйіндей айтқанда, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орта жүз қазақтары мекендеген өнірлердің бүкіл шаруашылығының Ресей экономикасына интеграциялануының басталғанын көреміз. Бұл үрдіс нарық қатынастарына қазақ қоғамының да тартылуын барынша жеделдettі.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI - I половине XIX века. - Москва.: Наука, 1976. - 371 с.

Ахметова Г.М. История торговли и предпринимательства Казахстана в конце XIX-начале XX веков. -Усть-Каменогорск, 2012. - 176 с.

Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата, 1992. – 400 с.

Отепова Г.Е., Ильясова А.С.Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX век). Сб. документов. Часть I (1800-1859 гг.). – Павлодар. ПГПИ. 2015. – 344 с.

Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX века. – Алма-Ата, 1958. – 296 с.

КР ОММ, 518-к, 1-т., 1-к., 1-ic, 103-п.

ООТМ, 3-к., 1-т., 1449-ic, I-том, 56-57 п.

Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. Историко-экономический очерк. – Алма-Ата, 1960. - 177 с.

Янушкевич А. Дневники и письма из путешествий по казахским степям. – Алма-Ата, 1966. – 268 с.

REFERENCES

Apollova N.G. Hozyajstvennoe osvoenie Irtysh'ya v konse XVI - I polovine XIX veka. - Moskva.: Nauka, 1976. - 371 s.[Economic development of the Irtysh region at the end of the XVI-I half of the XIX century]. - Moscow.: Nauka, 1976. - 371 p. [in Russian].

Ahmetova G.M. Istoriya torgovli i predprinimatel'stva Kazahstanu v konce XIX-nachale XX vekov. – Ust'-Kamenogorsk, 2012. – 176 s.[History of trade and entrepreneurship in Kazakhstan in the late XIX-early XX centuries]. - Ust-Kamenogorsk, 2012. - 176 p. [in Russian].

Bekmahanov E. Kazahstan v 20-40 gg. XIX veka. – Alma-Ata, 1992. – 400 s.[Kazakhstan in 20-40 years of the XIX century]. - Alma-Ata, 1992. - 400 p. [in Russian].

Oterova G.E., Il'yasova A.S.Zakonodatel'nye akty Rossiijskoj imperii po istorii Kazahstana (XIX vek). Sb. dokumentov. Chast' I (1800-1859 gg.). – Pavlodar. PGPI. 2015. – 344 s.[Legislative acts of the Russian Empire on the history of Kazakhstan (XIX century).Collection of documents. Part I (1800-1859)]. - Pavlodar. PSPI. 2015. - 344 p. [in Russian].

Zimanov S.Z. Politicheskij stroj Kazahstana konca XVIII i pervoj poloviny XIX veka. – Alma-Ata, 1958. – 296 s.[Political system of Kazakhstan at the end of the XVIII and first half of the XIX century]. - Alma-Ata, 1958. - 296 p. [in Russian].

KR OMM, 518-к, 1-т., 1-к., 1-is, 103-п.

ООТМ, 3-к., 1-т., 1449-ic, I-том, 56-57 п.

Chulanov G. Promyshlennost' dorevolucionnogo Kazahstana. Istoriko-ekonomicheskij ocherk. – Alma-Ata, 1960. - 177 s.[Industry of pre-revolutionary Kazakhstan. Historical and economic essay]. - Alma-Ata, 1960. - 177 p. [in Russian].

Yanushkevich A. Dnevniki i pis'ma iz puteshestvij po kazakhskim stepyam. – Alma-Ata, 1966. – 268 s.[Diaries and letters from travels in the Kazakh steppes]. - Alma-Ata, 1966. - 268 p. [in Russian].

FTAXP/ IRSTI/ МРНТИ: 03.41.01

Г.ҚАЙЫРҒАЛИЕВА¹, А.ЗАЙНОВ², К.ЖҮМАБАЕВА,³

¹т.ғ.к., қауымдаш. проф., Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті. Қазақстан. Е-mail: g.kairgalieva@asu.edu.kz

²Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің докторанты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

Қазақстан. Е-mail: amang84@mail.ru

³п.ғ.маг., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Қазақстан, Алматы к. Е-mail: zhumaeva1995@list.ru

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫң НӘТИЖЕЛЕРИ

(Солтүстік Каспий маңы бәр тәбешіктөрі және құм шағылдар бойынша)

Мақалада 2020 жылы Солтүстік Каспий маңы бәр тәбешіктөрін археологиялық барлау мақсатында Атырау облысы, Исатай ауданына жүргілген экспедиция жұмыстарының нәтижесінде табылған ескерткіштердің және археологиялық артефактлердің сипаттамасы берілген. Экспедицияның негізгі мақсаты – жаңа ескерткіштерді анықтау және одан әрі зерттеу. Экспедиция барысында әртүрлі дәүірлерге жататын жаңа археологиялық ескерткіштер және артефактілер табылды. Зерттеу жұмыстары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттің университеттінің университетішілік «Солтүстік Каспий маңы бәр тәбешіктөрін археологиялық зерттеу (Қызыл үй, Жасқайрат құм шағылдары негізінде)» жобасы шенберінде жүргізілді.

Кілт сөздер: Солтүстік Каспий маңы, Атырау облысы, Исатай ауданы, бәр тәбешіктөрі, археологиялық барлау, ескерткіштер, археологиялық артефактілер.

Г.Кайргалиева¹, А.Зайнов², К.Жұмабаева,³

¹к.и.н., ассоц. проф., Атырауский университет им. Х.Досмухамедова.

Казахстан. Е-mail: g.kairgalieva@asu.edu.kz

²докторант ЕҢУ им. Л.Н.Гумилева, Атырауский университет

им. Х.Досмухамедова. Казахстан. Е-mail: amang84@mail.ru

³маг. пед.наук. ҚазНУ им. Аль-Фараби.

Казахстан, г. Алматы. Е-mail: zhumaeva1995@list.ru

РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗВЕДОЧНОЙ ЭКСПЕДИЦИИ

(По бэрөвском буграм и песчаным барханам Северного Прикаспия)

В статье представлено описание памятников и археологических артефактов, обнаруженных в результате экспедиции, предпринятой в 2020 году в Исатайский район Атырауской области с целью археологической разведки бэрөвских бугров в Северном Прикаспии. Основная цель экспедиции – выявление и дальнейшее изучение новых памятников. В ходе экспедиции были обнаружены новые археологические памятники и артефакты, относящиеся к разным эпохам. Исследования проводились

в рамках внутриуниверситетского проекта Атырауского государственного университета им.Х. Досмухамедова «Археологическое исследование бэрсовских бугров Северного Прикаспия (на основе песчаных барханов Кызыл уй, Жаскайрат)».

Ключевые слова: Северный Прикаспий, Атырауская область, Исатайский район, бугры бэр, археологическая разведка, памятники, археологические артефакты.

G.Kayrgalieva¹, A.M.Zainov², K.S.Zhumabaeva,³

¹candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Atyrau University named after Kh. Dosemukhamedov.
Kazakhstan. E-mail: g.kayrgalieva@asu.edu.kz

²Master of History. Doctoral student of ENU L.N.Gumilyov, Atyrau
University named after H. Dosemukhamedova.
Kazakhstan. E-mail: amang84@mail.ru

³master of Science in Education. KazNU them. Al-Farabi.
Kazakhstan, Almaty. E-mail:

RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL EXPLORATION EXPEDITION

(Along the Baer hillocks and sand dunes of the Northern Caspian region)

The article is considered the monuments and archaeological artifacts description, which discovered in the result of an expedition and undertaken for the archaeological exploration purpose of the Baer hillocks in the Northern Caspian region around Isatai district of the Atyrau region in 2020. The main aim of the expedition is to identify and further study new monuments. During the expedition, new archaeological sites and artifacts dating back to different eras were discovered. The research was carried out within the framework of the university project of Kh. Dosemukhamedova Atyrau University "Archaeological research of the Baer hills in the Northern Caspian region (based on the sand dunes of Kyzyl uy, Zhaskairat)".

Key words: Northern Caspian Sea region, Atyrau region, Isatais district, Baer hills, archaeological exploration, monuments, archaeological artifacts.

Кіріске. Жоспарлы және мақсатты негізделігі археологиялық зерттеу жұмыстары Қазақстан археологиясында кенжелеу дамып жатқан Солтүстік маңы ойпаты үшін ең бір өзекті мәселе. Аталып отырган аймақтың аудандары археологиялық тұрғыда ете аз зерттелген немесе мұлдем зерттелмеген. Бұл, әсіресе, Атырау облысы, Исатай ауданы территориясындағы бэр төбешіктері мен оған іргелес орналасқан құм шағылдарға тиесілі. Анықталған объектілер мен артефактілердің ези археологияғының толыққанды бағасын ала алмай отыр.

Бэр төбелерін зерттеуде академик Карл Бэр үлкен рөл атқарды, олардың пайда болуын теңіз толқындарымен байланыстыра отырып, морфологиясын, морфометриясын, өзара байланысын және геологиялық құрылышын сипаттайды.

Рельеф пішіні ретінде Бэр төбелері ұзыннан созылып жататын батон тәріздестебелер. Бэр төбелерінің ұзындығы негізінен 1 км, ені 0.2-0.3 км, ал биіктігі 10 м-ден аспайды. Олар үшін аз ғана ерекшеліктер мен субендікі бағыт тән. Солтүстік Каспий маңында Бэр төбелері бірнеше топтарды қурайды, ең ірілері Тәменгі Еділ бойындағы тобы. Одан басқа бэр төбелері, немесе соған сәйкес құрылымдар Солтүстік Каспий маңында басқа да аудандарынан анықталған: Каспийдің солтүстік жағалауы, Атырау облысындағы Исатай ауданы, Сағыз өзенінің атырауынан (Мақат, Доссор, Тентек-Сор) және Ембі. Олар Үстірт қыраттарына жақын маңда да сипатталауды (Аристархова, 1999: 52-61).

Бэр төбелеріне кең ауқымды археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген көрнекті ғалым Лев Гумилев болатын. Ол XX ғ. 60-жылдарында РФ, Астрахань облысы территориясындағы бэр төбелерінен Хазар қағанатының ескерткіштерін іздеумен айналысқан болатын.

Зерттеу әдістемесі. Солтүстік Каспий маңы бэр төбешіктеріне және құм шағылдар бойынша археологиялық барлау экспедициясының нәтижелерін зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи материализм принциптері құрайды, үл анықталған фактілер мен оқиғаларды олардың нақты тарихи кезеңдермен, тіркелген археологиялық ескерткіштерді зерттеу деңгейімен арақатынасында қарастыруға мүмкіндік бе-

реді. Біз тарихи процестің жалпы зандылықтарын және олардың Қазақстанда, атап айтқанда Атырау өлкесіндегі нақты археологиялық материалда көріну ерекшеліктерін талдаудың салыстырмалы-тарихи әдісін бірінші орынга қоямыз.

Мақаланың деректік негізін Солтүстік Каспий маңы бэр төбешіктеріне және құм шағылдар бойынша археологиялық экспедициясының еңбектері мен есептері археологиялық зерттеулерге тікелей қатысқан археологтардың еңбектері құрайды.

Үлкінші макалаға арқау болып отырган экспедицияның мақсаты жаңа археологиялық объектілерді, артефактілерді анықтау және бұрыннан белгілі археологиялық орындардың жағдайы туралы ақпараттар алу болып табылады. Деректер мен құжаттарды және бас штабтың топографиялық картасын, ғаламтор жүйесіндегі карталарды (SAS.Планета, Google Maps, Google Earth) алдын-ала сараптау нәтижесінде зерттеу нысанындағы аумақтың неғұрлым перспективті бөліктері белгіленеді. Экспедиция жұмыстарының шенберінде жергілікті тұрғындар мен өлкетанушылардан ақпараттар жинақталды, геоморфологиялық сараптама жүргізіліп, топырақ қабаты тескерліді және анықталған археологиялық заттарға алдын-ала интерпретация жасалды.

Бақылау және талқылау. Солтүстік Каспий маңын ойпатын зерттеулер қатарында, оны ландшафттық тұрғыдан қарастыруды Г.С. Карелиннің (Карелин Г.С., 1883: 497 с.) еңбектерін атап өтуге болады. Ол алғашқылардың бірі болып, Бекей ордасының табиғи ерекшеліктерін зерттеген.

Сонымен бірге ресейлік ғалымдардың ішінен А.И.Левшинді (Левшин А.И., 1832: 306) ерекше атаған жән. 1832 жылы оның «Описания киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегі жарық көрген. Бұл еңбегінде А.И. Левшин қазақ даласын 7 белдеуге бөліп қарастырып оған ландшафтық сипат береді.

Қазақстанның ландшафттық тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ішінде К.М.Бәрдің (1854, 1856), Н.А.Северцевтің (1860-1862), И.Г.Борщовтың (1865) жұмыстары бар.

Солтүстік Каспий маңындың ойпатын зерттеулер қатарында қазіргі ресейлік ғалымдар Барынкин П.П., Козин Е.В. (Барынкин П.П., Козин Е.В. 1998: 66-82),

Бобринский А.А., Васильева И.Н. (Бобринский А.А., Васильева И.Н., 1998: 193-216), Кольцов П.М. (Кольцов П.М., 1988: 20) және т.б. еңбектерін атап етуге болады.

Отандық зерттеушілердің ішінде Артюхова О.А., Мамыров Т.Б. (Артюхова О.А., Мамиров Т.Б., 2005: 89-102), Куандық С.Р. (Куандық С.Р., Мамиров Т.Б., 2019: 89-94) және т.б. Батыс Қазақстандағы құм шағылдарды зерттеген.

Дегенмен де отандық археологияда Солтүстік Каспий маңының ойпатын зерттеулерге, жергілікті жер және қоныстарды зерттеп, картага түсіру жұмыстары кенже қалып келеді.

Сондықтан да Солтүстік Каспий маңы бәр тебешіктерін археологиялық барлау, орны мен рөлін анықтау жан-жақты түсіну қажеттілігін туындалған отыр.

Негізгі бөлім. 1.Археологиялық зерттеулер нәтижелері. 2020 жылдың шілде-тамыз айларында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің археологиялық экспедициясының отряды Атырау облысы, Исатай ауданы территориясындағы бәр тебелеріне, Қызыл үй, Жасқайрат ауылдары және Қөшерқара елді-мекендері маңындағы құм-шағылдарда археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Экспедиция Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің университетінде де ортағасырларда мекендер болғанын дәлелдейді. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жалғасын тауып жатса атальыш аумақтың тарихимәдени көрінісі одан әрі айшықтала түсетіні көміл.

Экспедиция одан әрі археологиялық барлау-зерттеу жұмыстарын Қөшерқара құм шағылында жағастыруды. Құм шағылдан тас дәуіріне тәнкремний қырғыштар, жебе ұштары, қола дәуірінің қыш ыдыстарының фрагменттері анықталды.

2.Қызыл үй және Жасқайрат ауылдары маңындағы жүргізілген экспедицияның қорытындылары. Исатай ауданының орталығы Акқыстау поселкісінен СШ бағытында 28, 5км жерде орналасқан Қызыл үй ауылы маңындағы құм шағылдарда жүргізілген барлау жұмыстары нәтижесінде бірнеше артефактілер анықталды. Айта кету керек, атальып отырған аумақ пен одан зерттеу жұмыстары жүргізілген Жасқайрат ауылының маңындағы құм шағылдардан артефактілер бұрын жүргізілген археологиялық экспедициялар нәтижесінде де анықталған болатын (Атырау, 2008: 4-8, Атырау, 2019: 50-68). Экспедиция анықталған артефактілерді толықтыру, жана маглұматтар алу және жобаның мақсатын ашу негізінде Қызыл үй құм шағылына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Археологиялық әдістерді сақтай отырып шурф салынды. Нәтижесінде тас дәуірінде кремнийден жасалған қырғыштар мен кескіштер, қола дәуіріне жататын қыш ыдыстардың фрагменттері, темір дәуірінің керамикасының сындықтары, үш қырлы, екі қалақтық қола жебе ұштары, моншактар, сонымен қатар, ортағасырдағы керамикалық ыдыстардың фрагменттері анықталды.

Экспедиция маршрутын Исатай ауданы Жанбай селосынан солтүстікке қарай 5-6 км жерде орналасқан бәр тебешіктеріне жая жорықтан бастай отырып, Қөшерқара елді-мекені маңындағы құм-шағылдарға шоулу жұмыстарын жүргізді. Исатай ауданы, Жанбай селосынан ССБ бағытында 11, 9 км жерде орналасқан бәр тебесі үстінен керамиканың фрагменті кездесіп, анықталды. Керамика фрагменттерінің ете ұсақ болуы, әрі өрнектерінің сақталмауы оның нақтырақ анықтауға мүмкіндік бермегі, дегенмен кейір ерекшеліктерін ескере отырып ортағасырлар деп топшылауға болады. Атальыш бәр тебесінің стратиграфиясын және тарихи-мәдени қабатын анықтау мақсатында археологиялық әдіс негізінде терендігі 0, 8 м, көлемі 1, 5-1, 2 м шурф салынды. Бәр тебесінің стратиграфиясы төмөнделгідей қабаттан тұратыны анықталды:

- 1.Өсімдік қабаты – 0, 20-0, 25 м.
- 2.Ақшыл-сұр түсті саз – 0, 25-0, 30 м.
- 3.Қызыл саз – 0, 30-0, 40 м.

Керамика фрагменттері атальып отырған бәр тебешігінен 0, 5 км радиустағы бәр тебешіктерінен және Исатай ауданы, Тұщықұдық селосынан солтүстікке қарай 20, 1 км жерден анықталды. Керамика

фрагменттерін шамамен ортағасырларға жатқызуға болады (1-сурет).



1-сурет. Бәр тебелерінен табылған керамика фрагменттері

Археологиялық барлау экспедициясының кездесіп, анықтаған керамика фрагменттері Жобаның алдына қойған мақсатын айқындағы. Солтүстік Каспий маңының Қазақстан Республикасы бөлігіндегі бәр тебелерінде де ортағасырларда мекендер болғанын дәлелдейді. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары жалғасын тауып жатса атальыш аумақтың тарихимәдени көрінісі одан әрі айшықтала түсетіні көміл.

Экспедиция одан әрі археологиялық барлау-зерттеу жұмыстарын Қөшерқара құм шағылында жағастыруды. Құм шағылдан тас дәуіріне тәнкремний қырғыштар, жебе ұштары, қола дәуірінің қыш ыдыстарының фрагменттері анықталды.

2.Қызыл үй және Жасқайрат ауылдары маңындағы жүргізілген экспедицияның қорытындылары.

Исатай ауданының орталығы Акқыстау поселкісінен СШ бағытында 28, 5км жерде орналасқан Қызыл үй ауылы маңындағы құм шағылдарда жүргізілген барлау жұмыстары нәтижесінде бірнеше артефактілер анықталды. Айта кету керек, атальып отырған аумақ пен одан зерттеу жұмыстары жүргізілген Жасқайрат ауылының маңындағы құм шағылдардан артефактілер бұрын жүргізілген археологиялық экспедициялар нәтижесінде де анықталған болатын (Атырау, 2008: 4-8, Атырау, 2019: 50-68). Экспедиция анықталған артефактілерді толықтыру, жана маглұматтар алу және жобаның мақсатын ашу негізінде Қызыл үй құм шағылына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Археологиялық әдістерді сақтай отырып шурф салынды. Нәтижесінде тас дәуірінде кремнийден жасалған қырғыштар мен кескіштер, қола дәуіріне жататын қыш ыдыстардың фрагменттері, темір дәуірінің керамикасының сындықтары, үш қырлы, екі қалақтық қола жебе ұштары, моншактар, сонымен қатар, ортағасырдағы керамикалық ыдыстардың фрагменттері анықталды.


Қызыл үй елді-мекенінің тұрғыны, тарихшы-өлкетанушы Боранбайқызы Қымісханым Қырым хандығы дәуірінде тән тыныдарды табысталды. Тыныдар зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан құм шағылдан кездесіп, анықталған (2-сурет).



2-сурет. Ортағасырлық тыныдар

Жасқайрат ауылының маңындағы құм шағылдарға (бархан) жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының барысында да тас дәуіріне тән кескіштер, жебенің тастан жасалған ұштары, қола дәуіріне жататын қыш ыдыстың фрагменттері, темір дәуірінің қола жебе ұштары, керамика ыдыстарының сындықтары және ортағасырлық керамикалардың сындықтары анықталды (3-сурет).

Жасқайрат ауылынан ССБқарай 5, 60 км жерден көрған табылды. Координаты – N47°43'833" - E51°



3-сурет. Қызыл үй және Жасқайрат күмшагылдарынан табылған заттар: 1. Таң дөйірінін жебе үштапары, 2. Қырғыштар мен кескіштер, 3. Қызыл үйдегі фрагменттер, 4. Қола жебе үштапары.

03'323. Қорған диаметрі 12 м, биіктігі 0,5 м. Осы уақытқа дейінгі археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде аталмыш учасқіден қорған анықталмаған болатын.

Қорытынды. Солтүстік Каспий маңының бәр тәбелері мен оған іргелес жатқан құм шағылдарға жүргізілген археологиялық барлау экспедициясы аймақтың археологиялық потенциалын айқындауға мүмкіндік берді. Келешекте археологиялық зерттеу жұмыстары кең ауқымда жүргілсі, аймақтың тарихимәдени көрінісін теренірек айқындауға мүмкіндік туатыны анық.

Біріншіден, бәр тәбелері мен оған іргелес жатқан құм шағылдарға жүргізілген археологиялық ескерткіштерді зерттеу процесін кешенді тарихнамалық талдаудың алғашқы әрекеті болып табылады, олардың археологиялық аспектіде зерттелеу дәрежесін анықтауға ғана емес, сонымен қатар қазақ халқы тарихының ежелгі, ерте ортағасырлық және ортағасырлық кезеңдерінің проблемаларын көрсетудегі археологиялық материалдардың маңыздылық деңгейін анықтау.

Екіншіден, Атырау облысының Исатай ауданындағы Қызыл үй, Жасқайрат құм шағылдары шенбे-рінде жүргізілген археологиялық барлау экспедициясының материалдары ғылыми айналымға енгізу жоспарлары анықталды;

Үшіншіден, қазіргі отандық тарих ғылымының да-муындағы археологиялық зерттеулердің өсіп келе жатқан маңызын негізге ала отырып, Атырау өнірінің археологиясын дамыту жөніндегі нақты бағдарлама әзірленуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Аристархова Л.Б. О происхождении и тектонической приуроченности бэрвских бугров. Вестник МГУ. Сер.5. Геогр. №4. 1999. С. 52-61.

Арtyюхова О.А., Мамиров Т.Б. Исследования палеолитического памятника Ешкитау в 2005 году. Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – 2005. – Вып. 4. – С. 89-102.

Атырау облысы аймағындағы жаңа сәулет және археология ескерткіштерін анықтау және қорғау тізіміне енгізілген ескерткіштердің жай-қүйін тексеру мақсатындағы экспедицияның I-ши кезеңінің ғылыми есебі. Атырау, 2008. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі. 12 б.

Атырау облысы Исатай және Құрманғазы аудандары территориясынан тарихи-мәдени ескерткіштерді анықтау мақсатындағы экспедицияның ғылыми есебі. Атырау, 2019. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі. 152 б.

Барынкин П.П., Козин Е.В. Природно-климатические и культурно-демографические процессы в Северном Прикаспии в раннем и среднем голоцене (краткие итоги исследования). Проблемы древней истории Северного Прикаспия. Самара, 1998.- С. 66-82.

Бобринский А.А., Васильева И.Н., 1998. О некоторых особенностях пластического сырья в истории гончарства. Проблемы древней истории Северного Прикаспия. Самара, с. 193-216.

Гумилев Л.Н. Открытие Хазарии (Историко-географический этюд). Москва. Наука, 1966. 188 с.

Карелин Г.С. Путешествия Г.С. Карелина по Каспийскому морю. СПб.: Тип. Имп. Акад. наук, Санкт -Петербург. 1883. - VI, 497 с. ; 6 л. карт. - (Записки имп. рус. геогр. о-ва по общей географии; т. 10).

Кольцов П.М., 19886. Неолит Северо-Западного Прикаспия. Автореф. дисс. канд. ист. наук. М. 20 с.

Котенков С.А. Бэрвские бугры – потенциальные археологические памятники Северного Прикаспия. Маргулановские чтения – 2019. Нур-Султан, 2019. С. 483-495.

Куандык С.Р., Мамиров Т.Б., История изучения дюнных памятников в Рын-песках Западного Казахстана. Вестник КазНУ. Сер. историч. – Т. 94. – № 3 (2019).– С. 89-94.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Петербург, 1832 год. 306 с.

REFERENCES

Aristarhova L.B. O proiskhozhdenii i tektonicheskoy priurochennosti beorvskikh bugrov [About the origin and tectonic confinement of the Bair hillocks]. Vestnik MGU. Ser.5. Geogr. №4. 1999. S. 52-61. [in Russian].

Artyuhova O.A., Mamirov T.B. Issledovaniya paleoliticheskogo pamyatnika Eshkitau v 2005 godu [Research of the Paleolithic site Eshkitau in 2005]. Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana. – 2005. – Vyp. 4. – S. 89-102.[in Russian].

Atyrau oblysy ajmalyndary zhana saulet zhane arheologiya eskertkishter anyktau zhane қорғau tizimine engizilgen eskertkishterdi zhaj-kyjin tekseru maksatyndary ekspediciyanu l-shi kezeñiniñ rylymi esebi [Scientific report of the first stage of the expedition in order to identify and check the state of the monuments included in the list of protection of new monuments of architecture and archeology in the territory of Atyrau region]. Atyrau, 2008. Atyrau oblystyk tarhi-ekletanu muzeji. 12 b. [in Qazaq].

Atyrau oblysy Isataj zhane Құrmanғazy audandary territoriysan tarhi-madeni eskertkishterdi anyktau maksatyndary ekspediciyanu rylymi esebi [Scientific report of the expedition to identify historical and cultural monuments from the territory of the Isatai and Kurmangazin districts of the Atyrau region]. Atyrau, 2019. Atyrau oblystyk tarhi-ekletanu muzeji. 152 b. [in Qazaq].

Barynkin P.P., Kozin E.V. Prirodno-klimaticheskie i kul'turnodemograficheskie processy v Severnom Prikaspii v rannem i sredнем голоцене (kratkie itogi issledovaniya) [Natural-climatic and cultural-demographic processes in the Northern Caspian region in the early and middle Holocene (brief results of the study)]. Problemy drevnej istorii Severnogo Prikasiya. Samara, 1998.- S. 66-82. [in Russian].

Bobrinskij A.A., Vasileva I.N., 1998. O nekotoryh osobennostyah plasticheskogo syrya v istorii goncharstva [Some features of plastic raw materials in the history of pottery]. Problemy drevnej istorii Severnogo Prikasiya. Samara, s. 193-216. [in Russian].

Gumilev L.N. Otkrytie Hazarii (Istoriko-geograficheskij etyud) [Discovery of Khazaria. (Historical and geographical sketch)]. – Moskva. Nauka, 1966. 188 s. [in Russian].

Karelin G. S. Puteshestviya G. S. Karelina po Kaspijskomu moryu [G. S. Karelins Travels in the Caspian Sea]. SPb. : Tip. Imp. Akad. nauk, Sankt -Peterburg. 1883. - VI, 497 c. ; 6 l. kart. - (Zapiski imp. rus. geogr. o-va po obshchej geografii; t. 10). [in Russian].

Kol'cov P.M., 19886. Neolit Severo-Zapadnogo Prikasiya [Neolithic of the Northwest Caspian]. Avtoref. diss. kand. ist. nauk. M. 20 s. [in Russian].

Koten'kov S.A. Berovskie bugry – potencial'nye arheologicheskie pamyatniki Severnogo Prikasiya [Baer Hills - Potential Archaeological Sites of the Northern Caspian Region]. Margulanovskie chteniya – 2019. Nur-Sultan, 2019. S. 483-495. [in Russian].

Kuandyk S.R., Mamirov T.B., Istorya izuchenija dyunnyh pamyatnikov v Ryn-peskah Zapadnogo Kazahstana [History of the study of dune monuments in Ryn-sands of Western Kazakhstan]. Vestnik KazNU. Ser. istorich. – T. 94. – № 3 (2019).– S. 89-94. [in Russian].

Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kaysackih ord i stepej [Description of the Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaysak hordes and steppes]. Peterburg, 1832 god. 306 s. [in Russian].

Қ.СӘРСЕМБИНА¹, З.СҰРАҒАНОВА²,

¹Т.Ф.К., Л. Н. Гумилев атындағы ЕҮУ.

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ. Е-mail: kuralai_sk@mail.ru

²Т.Ф.К., «Бозок» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығы.

Нұр-Сұлтан қ. Е-mail: suraganova_zk@mail.ru

САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЖАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚАМАУ ОРЫНДАРЫ

(Қасиеттендіру және коммеморациялау шеңбері аясында)

Мақалада 1930-1950 жылдары Қазақстанда құрылған саяси құғын-сүргін құрбандарын қамау және жаппай жазалау орындары қарастырылады. Мұрағат құжаттары сол кезеңде ГУЛАГ жүйесіне кірікken рееспубликадағы саяси құғын-сүргін ауқымын айқындауға мүмкіндік береді. Жазықсыз жазаланған тұтқын әйелдер саяси құғын-сүргінге үшырагандардың қатарында ерекше орынды іеленеді. Мақалада қамаудағы әйелдердің ауыр жағдайы, олардың түрлі ауыр жұмыстарға тартылғандығы талданады. Қазіргі Қазақстан кеңістігінде тұтқындағы әйлдерді өнеркәсіп құрылыштарына пайдалану және оларды қамау орындары гендерлік мәнге, сонымен қатар жаңа түсінік пен тәспірлеуге ие.

Қазіргі таңда зобалаңға күе болған жерлер саяси, ғылыми және мәдени кеңістіктегі коммеморативті (еске алу) тәжірибелеге қарқынды тартылуада. Қазақстанның реесми мемлекеттік саясаты шеңберінде және адамдардың жадында саяси құғын-сүргінге қатысты жерлер коммеморация мен қасиеттендіру процесінде кірікken.

Кілт сөздер: Қазақстан, қасиетті кеңістік, саяси құғын-сүргін, құғын-сүргін құрбандары, тұтқындар, Карлаг, АЛЖИР, әйелдер, коммеморация.

К.К. Сарсембина¹, З.К. Сураганова²,

¹к.и.н., ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Казахстан, Нур-Султан. Е-mail: kuralai_sk@mail.ru

²к.и.н., Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок».

Казахстан, Нур-Султан. Е-mail: suraganova_zk@mail.ru

МЕСТА КАЗНЕЙ И ЗАКЛЮЧЕНИЯ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ОРБИТЕ ПРАКТИК КОММЕМОРАЦИИ И САКРАЛИЗАЦИИ

В работе рассматриваются места содержания и массовых казней жертв политических репрессий, возникшие в Казахстане в 1930-1950 годы. Архивные источники дают возможность представить масштабы репрессий в республике, которая в этот период была интегрирована в систему ГУЛАГ. Женщины-заключенные в числе репрессированных занимают особое место. В статье анализируются условия заключения женщин, их использование на самых разных работах. В публичном пространстве современного Казахстана места содержания и использования женщин-заключенных в промышленном строительстве обретают гендерную окраску и получают новое понимание и интерпретации.

В настоящее время места содержания и массовых казней вовлечены в активные коммеморативные (поминальные) практики в политическом, научном и культурном пространствах Казахстана. В рамках официальной государственной политики страны и памяти людей места, связанные с политическими репрессиями интегрированы в процесс коммеморации (поминования) и сакрализации.

Ключевые слова: Казахстан, сакральные пространства, политические репрессии, жертвы, узники, Карлаг, АЛЖИР, женщины, коммеморация.

К.К. Sarsembina,¹ З.К. Suraganova,²

¹candidate of Historical Sciences. L.N. Gumilyov ENU.

Kazakhstan, Nur-Sultan. E-mail: kuralai_sk@mail.ru

²candidate of Historical Sciences. State Historical and

Cultural Museum-Reserve «Bozok».

Kazakhstan, Nur-Sultan. E-mail: suraganova_zk@mail.ru

PLACES OF EXECUTION AND IMPRISONMENT OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN THE ORBIT OF THE PRACTICE OF COMMEMORIZATION AND SACRALIZATION

In work are considered places of detention and mass executions of victims of political repression that arose in the Kazakhstan in 1930-1950. Archival sources make it possible to imagine the scale of repression in the republic, which at that time was part of the GULAG system. Women prisoners occupy a special place among the repressed. The article analyzes the conditions of imprisonment of women, their use in a variety of jobs.

In the public space of modern Kazakhstan, the places of detention and use of female prisoners in industrial construction acquire a gender connotation and receive new understanding and interpretation.

Currently, places of detention and mass executions are involved in active commemorative practices in the political, scientific and cultural spaces of Kazakhstan. Within the framework of the official state policy of the country and the memory of the people, places associated with political repression are integrated into the process of commemoration and sacralization.

Key words: Kazakhstan, sacred spaces, political repression, victims, prisoners, Karlag, ALZHIR, women, commemoration.

Кіріспе. Өткен ғасыр тарихының қайғылы пәрәктар жеткілікті. Құрылған күннен бастап құғын-сүргін шараларымен танымал болған көнеш өкіметі тұсындағы адам тағдырын ойыншықта айналдырыған заңсыздықтар әлі күнге дейін толыққанды зерттелген жоқ. М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Қ. Алдажұманов және өзге де танымал тарихшы ғалымдардың қазақ тарихының сталиндік зобалан жылдарындағы актандақ пәрәктарын түгелдеген, ұлттық сананы биіктегуғе сүбелі үлес қосқан ғылыми еңбектері оқырманға жақсы таныс. Алайда, жергілікті жерлердегі зиялыштардың, қарапайым жандардың құғындалуы, түрмелер мен ЕТЛ-дардағы тұтындардың толық есебі, жазықсыз атылғандардың түгелдей ақталып, есімдері кітап жүзінде қалуы сынды толыққанды зерттелетін мәселелер де бар. Сондықтан, үстіміздегі жылы 30 мамырда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеу жариялад, тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау және құғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды.

Сталиндік саяси құғын-сүргінгө ұшыраған тұлғаларды толық ақтау, атылған жерлерін толық анықтау, түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде азап шеккен жандардың қайғылы тағдырын түгелдей тарих бетінде қалдыруында мәселелер толыққанды өз шешімін тапқан жоқ.

Сталиндік саяси құғын-сүргін шараларының қарқынды әрі ауқымды болғандығы соншалықты сол бір зобаланнан бірде бір елді мекен аман қалмады. Ер азаматтармен қатар, әйелдер де, бейкүнә сәбілдер де қудаланып, адам айтқысыз азап көрді. Отбасын ыдырату саясаты текті жоюға қарсы бағытталды.

Материалдар мен әдістер. Саяси құғын-сүргін жылдарында жазықсыз жазаланып, бас бостандығынан айырылып, еңбекпен түзету лагерлерінә қамалған әйелдердің естеліктері, Алматы (ҚР Орталық мемлекеттік) мұрағаты, Астана қалалық мемлекеттік мұрағаты, Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты қойнауларындағы деректер негізінде, экспедиция барысындағы далалық зерттеулер, сонымен қатар Жезқазған тарихи-археологиялық музейі, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі материалдары негізінде мақала әзірленді. Алайда, облыстық мұрағаттардағы деректер толыққанды ғылыми айналымға енбегендігін де ескеру қажет.

Талдау. 1918 жылдан бастап құрылып, шамамен 35 жыл бойы түрліше атаплан түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлері, еңбекпен түзету колониялары көнеш мемлекеттің ажыратылmas боллігіне айналады. Олардың ішінен ГУЛАГ әлемнің барлық тіліне енеді. 1923 жылы 21 тамызда сотталған әйелдерді Ногинск әйелдер түрмесіне қамау керектігі анықталады (Росси, 1992: 8). Сталиннің өзі 1929 жылы КСРО-да еңбекпен түзету лагерлер жүйесін кеңінен дамытуды жан-жақты жоспарлап, 1930 жылы 7 сәуірде арнайы қаулы қабылдады (Ақтөбе ОММ. 13-к., 2-т., 1-іс, 6-п.). Осылайша бас бостандығынан айырылғандар енбегін тегін пайдалану мақсатты түрде жоспарланып, 1930 жылдың ортасына дейін, осы мәселе тұрғысында көптеген қаулылар жарық көреді. Осы жоспарға

әйелдер де ілігеді (Ақтөбе ОММ. 13-к., 2-т., 1-іс, 11-п.).

1920-30-жылдары КСРО территориясындағы Колыма, Магадан, Воркута, Сібір, Урал, Қазақстан және өзге де өнірлерде концентрациялық лагерлер үйимдастырылды. 1930 жылы мамырда КСРО ХҚК «Қазақенбекпен түзету лагерлерінің үйимдастырылуы туралы» қаулысын қабылдап, Қазақстанның «аграрлық-мәдени және саяси-шарушылық жағдайын ескере» отырып, қазақ даласын «түрме мен лагерлер орталығына» айналдырыды (Ақтөбе ОММ. 13-к., 2-т., 1-іс, 28-п.). Карлаг 1930 жылы құрылды. 1930 жылдың ортасынан бастап тегін жұмыс күшін пайдалануға қатты көніл бөлінді (Росси, 1992: 15). Кеңестік ГУЛАГ-та (Заңнан тыс құлдық) қылмыскерлер құлдардың ролін атқарған (Кравченко, 1999: 300).

1930 жылдың ортасына дейін айыпталған әйелдерге әдіе арналған лагерлер болмаған. Сол кезде бас бостандығынан айырылған айелдерге «кәнігі қылмыскерше қарап» түрмелерге қамау әдеттегі құбылысқа айнала бастайды (Астана ҚММ. 65-к., 1-т., 5761-іс, 9-п.).

1937 жылғы 15 тамыздағы IIXК-ның № 00486 шүғыл бүйрекінен соң «Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне» арналған арнайы лагерлерді құру қажеттілігі туындаиды. Осындағы лагерьлерді құру аймақтары болып Нарым өлкесі мен Қазақстандағы Торғай ауданы белгіленеді. Себебі, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабымен сотталған әйелдерді өзгелерден бөлек қамау бүйрекілігінде еді (Сборник, 1993: 86).

1930 жылдың ортасынан кейін КСРО аумағында мынадай әйелдер лагері болған: АЛЖИР (26 нүктө), Горький қаласынан 40 шақырым қашықтықтағы Темиakov лагері, Фрунзе қаласынан (қазіргі Бішкек қаласы) 100 шақырым жердегі Джанғир лагері және Потьмадағы Темников лагері (Шаймуханова, 2000: 66). № 00486 бүйректа «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» атанды, сотталған әйелдердің барлығын Темников лагеріне жөнелту айтылған болатын. Алайда саяси құғын-сүргіннің кең көлемде жүргізілгінің салдарынан «Отанын сатқандардың» әйелдеріне арналған лагерлер көтеп құрыла бастайды. Өкінішке орай мұрағат құжаттары осындағы лагерлерде қанша тұтын әйелдердің болғаны және олардың немен айналысқандығы туралы жөнди мәлімет бере алмайды. Қазіргі күні «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» атанды, сотталған әйелдер отырған Темников, Сібір, Қарағанды, Томск, Джанғи-джир, Нижний Тагил, Сегежск, Колыма, Потьма секілді арнайы лагерлер белгілі болып отыр. Олардың ең ірілері Темников, Сібір, Қарағанды еңбекпен түзету лагерлері болды (Система исправительно-трудовых лагерей, 1981).

1937-1938 жылдары ОЛЖИР, яғни Отанын сатқандардың әйелдерінің айрықша лагерлері құрылып, 1940 жылдың жазына қарай көбейе түсken (Росси, 1991: 245). Әйелдер еңбекпен түзету лагерлерінде халық шарушылығын дамытуға көп «үлес қости».

Сотталған аналар лагерде өздеріне жұмсалған шығынды енбегімен өтеп кана қоймай, сонымен бірге мемлекетке табыс әкелуге де міндетті болды. Айыпталғандарға ана ретінде ғана емес, адам

ретінде де қарамай, ауа-райы да ескерілмей, ауыр жұмыстарды жасатқызған (Ділманов, 1999: 41-47). РСФСР еңбекпен түзету кодексінде «Пища работающим заключенным увеличивается в соответствии с количеством затрачиваемой энергии», – деп жазылғанымен, іс жүзінде жағдай басқаша болды. Сондай-ақ, аталған кодексте тұтқындар еңбекінен түсken таза пайданың 12,5 проценті сотталғандардың тамагына, ал 40 проценті тұтқындау орындарындағы өндірісті кеңейтуге, ал 12,5 проценті түрме, лагерь қызметкерлерін сый-ақымен марапаттауға бөлінетіндігі ескертіледі (Собрание кодексов РСФСР, 1928: 723). Тұрмelerдегі әйелдер жағдайының адам төзісі болғандығы туралы мәліметті, біздер тек қана сотталған аналардың естеліктерінен ғана ала аламыз. Себебі, 1925-1938 жылдардағы ЕТЛ, ЕТК және түрме құжаттарында аталған мәселе төңірегінде өнгіме де қозғалмаған. Тұрмelerде тұтқындар санының шектен тыс болуы және аурулардың көптігі туралы деректерді мұрагаттардан жиі көргө болады (Астана ҚММ. 65-к., 1-т., 5781-іс; 5765-іс; ҚРОММ. 1380-к., 1-т., 264 іс.).

2020 жылы Жезқазган тарихи-археологиялық музейіне барғанда музей қызметкері залда жүргізілген экскурсия барысында, «ХХ ғасырдың 30-50-жылдары процесстер» деп аталытын тақырыптық экспозицияда Қенгір су қоймасын «әйелдердікі» деп атады. Экскурсоводтың айтуынша Қенгір су қоймасы құрылышына саяси баппен сотталған әйелдердің басым көшілігі тартылған. Музей қызметкерінің эмоцияға толы өнгімесінде су қоймасы Степлагтағы (Карлагтың белімі) ауыр еңбек жағдайына шыдамаған тұтқын әйелдердің мәнгілік мекенинен айналғандығы айтулды. Олардың сүйектері су қоймасын түбінде жатыр. Каторга жұмысы мен аштықтан өлген тұтқындарды болашақ су қоймасының қазан шұнқырларына көме салған. Осы айтулғандар кейін бұрынғы тұтқындар және олардың балаларымен кездесу барысында да қозғалды.

Қенгір су қоймасының ғимараты құрылышы 1940 жылдың басталып, ҰОС басталуына қатысты тоқтатылып, 1954 жылдың аяқталған. Қала тұрғындарымен өнгімелесу барысында бірнеше адам Қенгір су қоймасын «әйелдердікі» деп атады.

Т. Алланиязов, О. Наймушина, М. Сулейменова, С. Д. Шаймұханова, Т. Макалаков, М. Кравери (Marta Craveri) ғылыми еңбектерінде Степлаг тұтқындарының өмір сүру жағдайы мен ауыр жұмыстары ежектегі талданып, статистикасы берілген. Алайда, су қоймасының әйелдер қолымен тұрғызылғаны туралы айтылмайды. Қенгір су қоймасы құрылышы жұмыстарына әйелдердің тартылғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. М. Кравери мақаласында тұтқындар мыс өндіру мен өндеу бойынша жұмыстарға, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыштарға, ауыл шаруашылық жұмыстарына тартылғаны туралы жазылған (Craveri, Logich, 1995: 322).

М.Ж. Сулейменова, С.Д. Шаймұханова, Т.Ж. Макалаков еңбектерінде 1930 жылдың үйімдастырылған IIXX Қарағанды еңбекпен түзету лагері (Карлаг) ауыл шаруашылық бейінде болғандығы көрсетіледі. Сондай-ақ, оның «Степлаг» беліміне келесідей анықтама берілген: «занимался предоставлением рабочей силы на контрагентных началах предприятиям тяжелой промышленности Центрального Казахстана» (Сулейменова және т.б., 2013: 140). Су қоймасы құрылышы «өнеркәсіптік... құрылыш» деген астарлы анықтамамен белгіленген болу керек. Т. Алланиязов пен О. Наймушина кітаптарында, сонымен қатар, А. Даулетбаева эссеінде жасанды су қоймасы

құрылышына тұтқындарды пайдалану туралы нақты нұсқаудың бар екендігі жазылған. Екі деректе де Степлаг тұтқындары Қенгір су қоймасы құрылышы бойынша жұмыстарға тартылғандығы айтылады (Алланиязов, Наймушина, 2004; Даулетбаева, 2018).

Қенгір су қоймасы құрылышы бойынша жұмыстарға Степлаг бөлімі (Особый лагерь № 4, Степной ИТЛ) болып табылатын Қенгір лагеріндегі барлық тұтқындар пайдаланылған. Степлаг «1948 жылы қыркүйекте болашақ Жезқазғанның өндірістік және тұрмыстық нысандары құрылыштарымен айналысадыны №37 және 39 әскери тұтқындарға арналған лагерлердің қайта құрылуы нәтижесінде» үйімдастырылған (Шакир а-Мил, 2017: 123).

Тұтқындардың үлттық құрамы әр түрлі болды (34 үлт өкілдерінен аса адам). Олардың саны – 2186 адам, оның 2052-сі ер адам мен 134-і әйел адам болды (Алланиязов, Наймушина, 2004: 18). Тұтқындардың жалпы санын алғанда, 7 мыңнан аса адам 20 жылдан жоғары мерзіммен сотталған. 3 мыңнан аса адам 20-15 жыл мерзімге сотталған, 9 мыңнан аса адам 15-10 жыл мерзіммен сотталған (Алланиязов, Наймушина, 2004: 18). Тұтқындар негізінен «саяси», «кеңестерге қарсы», «Отанды сату» баптарымен сотталған (14 785), шпионаж (1 201), терроризм (772), кеңестерге қарсы қастандыққа қатысу (1 140), булік пен саяси бандитизм (1 421), кеңестерге қарсы үгіт-насихат (755), шетелдік барлау тыңышлары (1301), үлттық партиялар, үйімдар мен топтардың бұрынғы мүшелері (11144), бұрынғы помещиктер, фабрикантар, фашист басқыншыларының сатқындары мен жақтастары (3439). Қылмыскерлер (Уголовники) аз санды болды, небәрі 228 адам (Алланиязов, Наймушина, 2004: 18-19). Тұрлі де-ректер бойынша Степлагта алты (Craveri, Logich, 1995: 322) немесе серіз белімше болды (1949 ж.) (Сулейменова және т.б., 2013: 140). Т. Алланиязов пен О. Наймушина кітабында 1950 жылдың басына таман Степлагтың құрылышына 9 лагбөлімшелері енгендігі, ал 1954 жылға таман олардың алтауы қана қалғандығы жазылған (Алланиязов, Наймушина, 2004: 17). Степлагтың үш белімшесін Қенгір лагері құрады. Лагерь белімшесінің бірі екі ер және бір әйел барактарынан тұрды (Craveri, Logich, 1995: 325).

Әрбір лагерь белімшесінде әйелдер болды. Шакир а-Мил жазуынша: «которые привлекались на определенные работы, а также приговоренные к каторжным работам, чей труд мог граничить с особым тяжелыми условиями» (Шакир а-Мил, 2017: 125).

Степлаг лагерь белімшесінде өмір сүру мен еңбек жағдайы ауыр қана емес адам төзісіз қорлыққа толы болды. Карлаг жүйесінде адам өлімі жоғары көрсеткішті көрсетті. «Тұтқындар арасындағы өлімнің көп болуының негізгі себептері: тамақ құнарының жоқтығы, ауыр дене еңбегі, аурудың көптігі, дистрофия мен туберкулез» (Сулейменова және т.б., 2013: 141). Карлагтағы тұтқындар дәнсаулық жағдайына сәйкес 4 санатқа белінді. Бірінші санатқа дені сау адамдар жатқызылды. Екінші санатты жеңіл еңбекке жіберілген анықтады, үшінші және төртінші санатты ауру, уақытша жұмысқа жарамсыз және мүгедек жандар құрады. Санатқа бөлу шартты сипатты иеленді. Себебі, барлық тұтқындар жұмысқа тартылған (Сулейменова және т.б., 2013: 141).

Сондай-ақ, зерттеушілер Степлагтың еңбекпен түзету колониясы сипатындағы Карлагтан ерекшелігін де жазады. Степлаг неміс концентрациялық лагерлер үлгісімен құрылып, әрбір тұтқынға арнайы шифр-нөмір берілтін болған (Сулейменова және

т.б., 2013: 141). Зерттеушілердің айтуынша, саяси құғын-сүргін жылдарында қылмыскерлердің, лагерь жұмыскерлерінің (персонал) әйелдерге деген қатынасы бірдей болмаған, өзгеріп отырған (Craveri, Logich, 1995: 322).16).

1951 жылғы Кеңір көтерлісі туралы зерттеңдердің «из сопоставления свидетельств заключенных женщин, находившихся в Кенгирском лагере, и женщин, находившихся в заключении в 30-е годы, явствует, что на протяжении 40-х годов положение женщин внутри лагерей изменилось. Такое положение было в большей степени связано с тем, что осуждение по 58-й статье пользовалось авторитетом у уголовников. Чем более организованы были политзаключенные, чем последовательнее они сопротивлялись администрации и уголовной среде, тем более уважительным было отношение к женщинам» (Craveri, Logich, 1995: 324), – деген тұжырымдары да бар.

Тұтын әйелдерге деген қарым-қатынастың өзгергендігін Кеңірде көтерлісшілердің қойған «Әйелдерді ұғандарды жазалау керек» деген талаптарының бірінен көруге болады (Стефановский, 2000: 147).

Осылайша, экскурсовод пен сауалнама алынған бірнеше қала тұрғындарының Кеңір су қоймасын әйелдер қолымен қана тұрғызылды деп айтқандарына ғылыми дәйек таба алмадық. Саяси құғын-сүргінге қатысты еске алу орындары қатарында әйелдердің қайғылы тағдырларынан сыр шертетін Карлагтағы Карапобе некрополі («Аналар қабірі» – «Мамочконо кладбище»), «АЛЖИР», Кеңір су қоймасы бар.

«Отанын сатқандардың Ақмола лагері» (АЛЖИР) - сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» атты, саяси құғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шарушылық, партия кеңес басшыларының, сонымен қатар қарапайым адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазаларын өтеген Ақмола облысындағы лагерь. Ол Қарағанды лагерінің 26-бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қаласының Оңтүстік-батысында, Төңкеріс (Малиновка) елді мекеніне КСРО Ішкі Істер Халық Комисариатының 1937-жылғы 15-тамыздағы № 00486 бүйріғы негізінде құрылған. «АЛЖИР» Карлагтың бір бөлімі ғана. «Саяси сottalғандар» (РСФСР ҚҚ 58 бабының бөлімдері бойынша) жабық, яғни сыртпен хат-хабар ала алмайтын лагерлерге қамалды. РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 17-тармагы бойынша бас бостандығынан айырылған аналар қамалған Ақмола лагері тікелей Карлагқа бағынды. Саяси тұтқындар ең ауыр жұмыстарды атқарып, «қайта тәрбиеленді». Тұрмелер мен ең-бекпен түзету лагерлерінде «тұтқындарға» жана шырлық білдіргендеге «халық жауы» атағы таңылып, алыс аймақтарға жер аудару жазасы қолданылған.

Ақмола лагері 30 мың га жерді алып жатқан. Оnda 3 жылдан 8 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған әйелдер жазаларын өтеді. Олар әр-үлттың өкілдерінен еді. А. Тасымбековтың «Жан дауысы. Алжир архипелагы» атты еңбегінде жазықсыз сottalған аналардың лагердегі өмірінен көптеген мәліметтер жазылған. Айыпталған әйелдер мал бағып, фабрика салып және жер қазып, бау-бақша егіп, сиыр сауып, киім де тіккен. Олар барлық жұмыстарды атқарған (Тасымбеков, 1993: 210). «АЛЖИР»-деги ауыр жағдай туралы Мария Даниленко: «Біздер 25, 35, 50 градус салқындық пен 50 градус ыстықта да жұмыс жасадық Бір жаз ішінде әйелдер 18 құрылыш объектілерін салды...» - (Грибанова және т.б., 2002: 82), – деп өз естелігінде жазады. Лагерлер мен

турмелилерде надзирательдердің ішетін тамақты жерге қойып, оның ішіне түкіріп, «жрите контрики» деген кездері де өте жиі кездескен (Rossi, 1991: 86).

«АЛЖИР»-де жазасын өтеген Загипа Тінәлина өз естелігінде сottalған әйелдердің өмірі туралы келесідей естеліктерін жазған: «Алматы абақтысынан бізді Қарағанды лагерінің Ақмола бөлімшесіне айдады. Бірақ ол жерге де діңкелеп жете алмай, Новосибирск мен Челябі тұрмелилерінің тұтқындарды жан-жаққа бөлестін сасық қапасында біздерді айлап ұстаумен болды. Ондағы тартқан азап пен қорлықты айтып жеткізу қын. Саяси тұтқындар ғана емес, небір баскесер ұры-қары, жезөкшелермен жан төзгісіз жағдайда, тығыз камераларда жаттық.

... «АЛЖИР» (26 нүктө) – зілкіген-зілкіген сұсты, үрейлі биік бағандар, айналдыра тікенек сымдармен қоршалған, әр мүйісте қарауыл қада, онда арсылдаған ит пен мылтығын кезенген күзетші – көз алдыңа фашист қанышерлерінің концлагерін елестетпей ме? Зәрені ұшырады. Қатар-қатар барактар, адам тұратын жайдан гөрі мал немесе ит ұстайтын қораға немесе колхоздың темір-терсек сақтайтын қамбасына ұқсайды. Іші үш қатар нар (бөстекше), ертengісін және кешкісін сапқа тұрғызып қойып тексеру, одан айдауылмен итін өршеленедіре дедектетіп қара жұмысқа апарады, алып қайтады. Ауыр жұмыстан, аштықтан әлсіреп сүретіле түннің бір уағында бөстекшелерімізге сұлаймыз. Қыста қақап (жылтылмайтын болғандықтан), жазда монша жаққандай пысынап, керегелерінен пар тамшылап, тұншықтырып, алқымды буып, тынысты тарылтатын қапырық сасық «үйімізге» жолшыбай құлап-сүрініп, итке таланбай аман жеткенге шүкір етеміз. Бір баракта үш жүзге дейін адам тұрамыз... Құлдық дәүірдегі құлақ кесті құлдардың өмірі бізден көш ілгері шығарғау. Бөрінен қыны-өнебойы аш құрсақ, жадаумыз. Мен мал бақтым. Құзде қамыс орамыз, белуардан мұздай су кеше, орақпен қамыс орып баулаймыз. Норма-140 бау, күніге. Орындасан-700 грамм нан аласын. Орындаамасаң... адамда жалғыз-ақ арман болады екен: нанға тою! Құздің қара сұғында үстібасымыз суға малшына жатын орынға ораламыз. Таң сәріде қамысқа кайта дірдектеп кетеміз...

Кімдер жоқ емес арамызда: партия және мемлекет қайраткерлерінің әйелдерінен от басындағы шаруа әйелдерге дейін. Кешегі революционерлер, қатардағы партия-совет қызметкерлері, атақты артистер, жазушылар, дәрігерлер, мұғалімдер мен инженер-конструкторлар, ұшқыштар тағы, тағы дер кезінде Отанға, елге пайдасы тиетін жоғары білімді мамандар. Қылышылдаған жастан жетпіске таяп, жер таянған кемпірлерге шейін тікенек сымның ар жағында, күндіз-түні қарулы күзетпен тырп еткізбей, малша қара жұмысқа айдал, арқа еті арша, борбай еті борша болғанша аздырып, ақыл-естен айрылтып, бір жақта қалған бала-шаға, күйеуінен, жора-жолдастардан мүлдем хабарсыз, (хат-хабар жазуға да сәлем-сауқат алуға да рұқсат жоқ), тіршілік атаулыдан күдер үздіре азаптағанда, айтындаршы, жамағат, не жазығы бар еді үлгардың? ...Қандай қылмыс істеп қойып еді? «Тәнір-ау, тым құрыса, айтып, айыбынды бетіңе бастыра айыптастағой...», – деп жан шырқырай айқайлағың келгенімен, үнін көмейінде тұншығатының білесің... Білесің де (жан-жағыңа үрейлене қарап журу-әдет!), тілінді қырши тістеп, шыдау үшін ғана тырысып бағасың. Шыдай алмай өліп кеткендер көп: осы маңайда өлгендерді апарып (арбаға өліктерді бөренеше тиеп...), мал құсатып көміп тастайтын орын бар. Жерге тапсырудың

хайуаннан айырмашылығы: өлген кісінің башпайына тақтайша байлап, оған нәмірлеп (таңбалап десе де), марқұмның анықтамасы қысқаша жазылады» (Дәуренбекова, 2002: 195-196).

1937-жылдан 1954-жылға дейін «Р-17» деп атаптын (ресми түрде) 26-шы нүктеде тұтқын әйелдер саны қанша болды деген сұраққа нақтылы жауап беру қын. Алғашқы жылы-ақ лагеръдегі әйелдер саны 6,5 мыңға жеткен— деген пікір де бар (Тасымбеков, 1993: 41).

Шаймуханов және Шаймухановың «Карлаг» атты еңбегінде Карлатағы тұтқын әйелдердің саны төмендеідей көрсетіледі (Шаймуханов, Шаймуханова, 1997: 21).

1933 – 2304;
1934 – 3011;
1936 – 3260;
1938 – 7511;
1939 – 17099.

Жоғарыда көлтірілген сандарға қарағанда 1938 жылдан кейін лагеръдегі тұтқын әйелдердің күрт өскендігін байқаймыз. Сонымен бірге 1935 және 1937 жылдардың көрсетілмегенін де ескеру шарт. Зерттеушілер жоғарыдағы мәліметті Қарағанды облысының ІІБ-нің мұрағатынан алған. Ал А. Р. Кукушкина Ақмола арнайы бөлімінде 1938-1946 жылдары 4.482 әйел болғандығын, олардың 2469-ы (55 процент), орыс ұлтынын, ал 93-і (2 процент) қазақ ұлтының өкілдері екендігін жазады. Сонымен қатар зерттеуші 1931-1959 жылдар аралығындағы Карлата жазасын етеген тұтқындар туралы нақтылы мәліметтің жоқ екендігін, сондай-ақ саяси баппен сottalғандардың және лагердің түрлі бөлімдеріндегі тұтқын әйелдердің санын дәлме-дәл көрсетудің қыындығын да айтып қынжылады. Оның себебі Карлаг құжаттарының өнделмелегендігімен байланысты түсініріледі (Кукушкина, 2001: 15). Осыған орай тұтқындар саны да түрліше көрсетіледі.

Ал, А. Тасымбековтың айтуынша АЛЖИР-де 22 мың тұтқын әйел азап шеккен (Тасымбеков, 1993: 4.). Лагердің адам айтықсыз жағдайына шыдамай өздерін мерт қылғандар мен лагерь ішіндегі заңсыздықтың салдарынан жендеттер қолынан қаза тапқан немесе ауырып өлген аналардың есімдері бүгінгі күнге толық жетті ме? Жауабы қын сауал! Себебі, лагерлер мен түрмелердегі заңсыздықтар сол кезеңдегі құжаттарда көрсетілмейтін еди.

Түрмеде, лагерде туылған балалар «лагерь балалары» деп аталған. Ал, еңбекпен түзету колониясы мен лагерлерде туылған сәбілерге арнап арнайы балалар бөлмесін ұйымдастыру 1934 жылы айтылған еди. Аналарды балаларын тамактандыруға конвоймен әкеліп, әкететін еди. Лагердегі 2 жасқа дейінгі нәрестелер «балалар комбинатында» ұсталған. «АЛЖИР»-дегі төрт жасқа толған балаларды Осакаров балалар үйіне жіберетін болған (Rossi, 1991: 201). Лагердегі ауыр жағдай (бөлменің салындығы, тамақтың жетіспеуі, аналардың ауыр еңбекпен айналысы) және т.б.) сәбілерге қалай әсер еткендігін айтпай-ақ түсінуге болады. Тұтқын өмірін бастан кешірген аналардың естелігінде осы жағдай жиі айтылады. Жак Rossiидің айтуынша, жазасын өтеп шыққаннан кейін де аналардың балаларын іздеп, тауып алуы өте қындықпен жүзеге асқан (Rossi, 1991: 235). Лагерден 3-4 жастағы балаларды сәбілер үйіне жөнелту нағыз әскери қимыл ретінде жүргізілген. Сәбілдерді анасынан тартып алу түнгі уақытта іске асырылған. Лагерде болған әйелдер өз естеліктерінде жаны күйзелген аналардың ба-

лаларынан айырылған сәттегі жан азабын (надзирательдермен төбелесу, тікенек сымдарға, қабырғаға бастарын соғу және т.б.), тіпті кейбір әйелдердің жынданып та кеткендігін қинала айтады (Тасымбеков, 1993: 49). Сондай-ақ тұтқын аналардың мерекелерді атап өтуге құқы болмаған (КРОММ. 1155-к., 1-т., 340-іс. 3-п.). Себебі, олар «казаматша» деген құқықтан айырылған болатын. Түрмелер мен ЕТЛ-де аяғы ауыр әйелдердің жағдайларына ешқандай мән берілмелегендігін мұрағат құжаттары да дәлелдейді (КРОММ. 1380-к.; 2-т., 210-іс, 25-п.).

АЛЖИР-де КСРО-ның түпкір-түпкірінен келген (Мәскеу, Ленинград, Украина, Белоруссия, Грузия, Армения, Орта Азия) «халық жауының» әйелдері жазаларын өтеді. Сотталған әйелдер «подъем», «отбой», «развод», «обыск» деген лагерь тәртібіне де лажсыз бағынды. Оларды 1938 жылғы 25 тамыздағы заң бойынша (ІІХК лагерлері туралы) мерзімінен бұрын босатуға тыыйым салынды (Орынбаева, 1999: 16). Тіпті, мерзімі аяқталған аналарды лагерде мәжбүрлеп ұстаған жағдайлар да кездескен. Лагердің азапты өмірін 1938 жылдан 1955 жылға дейін басынан өткерген Құләндам Қожановың естелігіне мән берсек: «...Қөттеменің жанға жайлы ертеңі шағы болатын. Лагердің қызметкерлері бізді ауланың ішіне иіріп қойып: Бүкіл жүртшылық Отанымыздың күшкүятын, хал-ахуалын артыру жолында бір кісідегі ат салысұлы. Қуні-тұні ізденис, талпыныс. Ал, сендер ше? Рахат! Жағаларының жайлауда, жайбарақат өмір сүріп жатырысыздар. Тамақ үкіметтен! Өңшеш өзір асқа тік қасықтар-деп тілдеп-тілдеп алды да, бұдан былай жағдайдың өзгеретіндігін, топ-топқа бөлініп, жұмыс істейтінімізді мәлімдеді...»

Біз «АЛЖИР»-дің құзырына өткеннен кейін әрқайсысымыз жеке-жеке сандармен таңбаланғанбыз. Ол сандар таңбаланған кішкене шуберектер үстіндегі киімінің жауырынына және қеудесіне анадайдан көзге шалынатындағы сыйпатта ұқыпты тігілуі шарт. Номерің атапған бетте дереу: «мен» деп дауыстауға тиіссін...

Қажып, қалтырап ақыры 1948 жылға жеттік-ау! Жазайының бірі болатын. Қаздай байпаңдап түрменің 4-5 қызметкері сау ете қалды. Сендер - деді олар-қазір дәл осы арада лагердің бастығының атына етініш жазындар. Қағаз, қалам мінеки. Онда таяу арада қолға алған бір іргелі жұмыстарының бар екені, оның жуық арада аяқталып бітпейтін себепті тағы бір он жыл осында қалып, еңбектерінді әрмен жалғастыруға рұқсат сұрайтындарын, өйткені ол жұмыстың нәтижесін өз көздеріңмен көргілерің келетіні айқын да анық айтылатын болсын. Қол-аяғымыз жансыздынан, мелшиіг қалыппыз. Өтініштің мәтінін өздері дайындалғ әкелген екен. Дірілдеп, қалышылдан, жазатайым еңіреп қоймайын деп тістеніп, көшіріп-көшіріп бердік. Кейін білдік кейбір шаруашылықтағы қарсыласқан әріп тестерімізді талай күн карцерге де қамапты. Шынында да бастықтармен айтысып-тартысып ешкім ештеңе өндірген емес. Ондай жағдай байқала қалса, екі-үш төре дереу мәжіліс өткізеді де, әлгі «тәртіпсіздің» айыпталу мерзімін бір-екі жылға, кейде одан да көбірек үзарта салады, бергісі-бірнеше күн карцерге отыргызыды. Сол күн ешкім тамақта ерін тигізген де жоқ. Солбырая-солбырая орындарымыздан көтеріліп, жұмыстарымызға кетістік. Сол жерде жылап-еніреп, өңшеш тірі өлік ілініп-салынып жүріп жаттық...» (Жұмағалиев, 1998: 3). Ал, Елизавета Тухачевская өз естелігінде: «... Дүрліккен заманда қазақ халқының аялы алақанын көрген жаңын. Менің бір байқағаным – көнгіш еді-ау, қазақ ана-

лар, төзімді еді-ау! Небір ауыр жұмыстардың арасында солар жүретін», – деп жазады (Жұмағазиев, 1997: 2).

1938 жылы «АЛЖИР»-ге келген 2103 әйелдің 655-нің аяғы ауыр немесе кішкентай сәбілере болған. Аяғы ауыр әйелдердің барлығы лагердеbosанған. Осының өзі-ақ аналар үшін сұмдық азап болатын (Степanova-Ключникова, 1997: 45-101).

1937 жылдың ортасында Карлагта жаңа туған бұзаулар мен торайларды бағатын фермалар үйімдестарынылады. Фермаға түнгі бақташи болып орналасқан Құсни апай бұзаулар мен торайларға бетерін күнжараны ашықкан әйелдерге тығып таситын болған. Ол кісінің жолдасы Есім Байғаскин (Алматы) мал дәрігерлік институтының ректоры болған) де «халық жауы» ретінде ұсталған еди. Әзиза Рысқұлова мал дәрігері, ал Мәриям Қамбарқызы ферма менгерушісі болғанда, лагердің шағын қасапханасынан сойылған малдың майын жасырып, тығып әйелдерге тасыған. Әйелдердің жағдайларының жақсара бастағанын сезіп, күдіктенген турме қызметкерлері Мәриям апайды түрмеге қайта камап, кейін «Долинкаға» ауыстырады (Қозыкеев, 1990: 3).

Нетижелер. Мақалада стalinндік сасия құғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жазаланған әйелдердің еңбекпен түзету лагерлеріндегі ауыр жағдайы, зобалаңға ұшырап, жазықсыз атылған тұлғалардың жазаланған орындарын зерделеуге ұмтылдық. Сасия құғын-сүргінге қатысты еске алу орындары қатарында әйелдердің қайғылы тағдырларынан сыр шерте-тін Карлагтағы Каратобе некрополі («Аналар қабірі» – «Мамочкино кладбище»), «АЛЖИР», Қенгір су қоймасы бар.

Қазақстан лагерлерінде де, ГУЛАГ-та қолданылған мәжбүрлел еңбек еткізу әдістері кеңінен пайдаланылды. Дәлел келтірер болсак:

күндік тапсырманы (норма) орындағандарға берілетін нан мөлшері қысқартылған;

атқарылатын жұмыс дені сай және дімкәс, науқас әйелдерге де бірдей болды. Ал, егер де бір күндік жұмыс нормасы орындалмаса 18 сағат, тіпті одан да көп жұмыс жасатқызыған. Сотталған аналар лагерде өздеріне жұмсалған шығынды еңбегімен өтеп қана қоймай, сонымен бірге мемлекетке табыс әкелуге де міндетті болды. Айыпталғандарға ана ретінде ғана емес, адам ретінде де қарамай, ауа-райы да ескерілмей, ауыр жұмыстарды жасатқызыған

Сол бір тағдыр тақыметін арқалаган мындаған әйелдердің бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Лагерде КСРО мемлекет басшыларының, әскери қолбасшыларының әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жазаларын өтеді.

Жазасын өтеп болғаннан кейін де сотталған әйелдерге астаналық ірі қалаларда өмір суруге тыйым салынды. Оларға сондай қалалардан 101 шақырым қашықтықта ғана қоныстануға рұқсат етілді (Шаймуханова, 2000: 131).

Лагердегі тұтқындардың жағдайы адам төзгісіз болды. Мәселен, олар «халық жаулары» деп атанған тұлғалардың әйелдері болғандықтан, туған-туыстарына хат жазуға, яғни сыртпен байланыс жасауға хұқылы болмады. «Алжирде» адам елімі жіл кездескен, әйелдердің кейбірі аурудан немесе қайғы қасиretтке шыдамай да қайтыс болған. Әсіресе, КСРО-дағы түрмелер мен ЕТК, ЕТЛ-дарда тамақ жетіспегендіктен аштан өлгендер көп болған. 1930-жылдың ортасында ГУЛАГ әкімшілігі «аштан өлді» дегенді жасыру мақсатында дистрофия немесе алиментарная (ішкі органдар

қызметінің бұзылуы салдарынан болатын ауру) деп аталағын ауруды ойлап табады. Сондай-ақ аталағыш орындардағы тұтқындардың шамадан тыс екендігін халықтан жасыру мақсатында, сотталғандардың адресін “posta жәшігі” деп те көрсеткен (Росси, 1991: 13). Лагерь күзетшілерінің заңсыздықпен аналарды қорқытып, атқан жағдайлары да жиі кездескен. Мәселең, Кира Нұрмажанбетова деген әйелді «АЛЖИР» күзетшісі атып өлтірген (Тасымбеков, 1993: 49). Ал, Мария Захаровна Михайлова деген азаматшаны (Қылмыстық Кодекстің 58, 169, 192 баптарымен айыпталған) лагерде аяқ киімі мен сырт киімдерін үрлап кеткенінен қарамастан қыстың күні жұмысқа күштеп шығарады. Ол кісінің жазған арызына лагерь соты тағы да он жыл түрмеге қамау мен бес жыл жер аудару жазасын қосып берген. Ал, Пелагея Абрамовна Привозко деген әйелді белгіленген жұмыс мөлшерін орындаудан бас тартқаны үшін атып тастаған. Шын мәнісінде ол кісінің жұмыс нормасын орындауға күші жетпеген. Алайда, бұл жағдай «конрреволюциялық бүлік» ретінде бағаланған. Сондай-ақ, Ольга Дмитриевна Русова деген азаматшаны «құдайға сиынғаны үшін» атса, ал Зоя Андреевна Кәоск деген әйелге лагерь бөлімінің басшысымен «дос болудан бас тартқаны үшін» тағы да он жыл мерзім берілген (Николаев, 1997: 4). Лагерде ағаш көшеттерін отырғызу науқану кезінде аналар жерге дұрыс көмілмей, шашылып жатқан әйелдер мен балалардың сүйектерін көргендіктерін де жиі жазады.

Әйелдерді жазықсыздан жазықсыз қудалау арқылы тексіздікке жол ашылды. Отбасының үйіткесі болған әйел-ананы бостандықтан айырып, ауыр жұмыстарды жасатқызып, балаларынан күштеп ажырату кеңестер билігінің қылмысын айғақтайды. Кеңестік тоталитарлық қоғам бұрын-сонды қазақ даласында болып көрмеген адамдыққа жат оқиғаларға жол ашты. Ананы баласынан тірідей айырып, түрмеге қамап, ауыр жұмысқа салып, қорлық көрсету қызылдар билігі тұсында орын алды. Қызын төрге отырғызып, анаға жол беріп құрметтеген халқымызадам айтқызызы рухани қүйзеліске тап болды. Зерттеушілердің жазуынша: «Несвобода женщины в годы репрессий – это полное отсутствие разумных пределов и поэтому не может быть оправдана» (Сураганова, 2018: 62-72).

Қорытынды. Ашаршылық пен саяси құғын-сүргінге қатысты еске алатын орындардың қасиетті екендігі даусыз. 2017 жылы құрастырылған жалпыұлттық деңгейдегі қасиетті нысандардың тізіміне 600 аса нысандардың енгізілгені белгілі. Олардың арасында XX ғасырдың сонында қана қасиетті деп белгілі болған нысандар да бар. Олардың қатарында ашаршылық пен саяси құғын-сүргінге қатысты серіз орындар бар. Осы нысандардың көпшілік белгілі Ақтөбе, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Шымкент қалаларында, сонымен қатар Долинка (Қарағанды облысы) мен Ақмола (Ақмола облысы) ауылдарындағы ескерткіштер мен мемориалдар екендігі белгілі. Екі мемориал Карлаг пен оның бөлімшелерінің бірі – АЛЖИР территорияларында құрылған.

Осы айтылған жерлермен қатар қызыл террор жылдарындағы жаппай жазалау орындарының да қасиетті екендігі айқын. Оның нақты мысалы саяси құғын-сүргін жылдарында жазықсыз жандардың атылған жерлеріне қойылған «Қасірет», «Түйетөбе» мемориалдары. Оралда Қызыл түрме, Хан тоғайы секілді жазалау орындары халық жадында сақталған (Экспедиция барысындағы далалық зерттеулер. 2020).

Орал қаласындағы Батыс Қазақстанның облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі музей экспозициясы мен қор материалдары Орал қаласына таяу Козинск саяжайы саяси құғын-сүргін жылдарында жаппай ату орны болғандығын айғақтайды (Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі). Коллекциялық тізбе ИК № 38 №№ 212296 в-212248 в.). Козинск саяжайындағы ату орнында табылған 68 заттардың ішінде «пластикассадан жасалған қара түсті мундыштук; 3, 10 және 20 тиындық монеталар; құлпып кілті; көзілдірік; қалам үштәйттың пышак, жасанды жоғарғы және төменгі жақ; тіс щеткасы, сабын салғыш, сақина, тарақ, түймелер, белдік; кімнің металл қалсырмалары; атылған оқтар мен гильзалар» болған (Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі. 1992 ж., 12 қарашадағы № 45-в қабылдау-тапсыру актісі).

Орал қаласының музей қызыметкерлері мен өлкетанушылары: табылған заттар тұтқындалған адамдардың өздерін атуға апара жатқандығын білмегендігінен хабардар етеді, тұтқындалған адамдарға тұтқындау орнына апара жатырмыз деп айтқан болу керек, – деген пікірлерін білдірді.

Қарағанды облысының мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасы Долинка кентіндегі саяси құғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музей экспозициясында (№ 4 залда) лагерь тұтқындары мен олардың балаларына «Әйелдер мен балалар» - тақырыптық стационарлық көрме арналған.

31 мамыр – саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні жыл сайын ресми түрде барлық өнірде жазықсыз жазаланған тұлғаларды еске алу митингисі өткізіледі. Қазақстан музейлерінде саяси құғын-сүргін тақырыбы өзекті болып стационарлық және уақытша көрме жобаларында көрініс беруде.

Қазақстанның қасиетті белдігінің рухани орбита-сына еліміздің тарихы мен адамдардың тағдырын бейнелейтін жаңа нысандар тартылуда. Далалық зерттеулер көрсеткендей, қазіргі заман тарихының қайғылы оқиғаларын түсіну мен зерделеу барысында қасиетті нысандар қатары артуда.

Мақала 2020 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша жүзеге асырылып отырған «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңа шылдық» (BR 06449588, жетекшісі Б. Әбдиғалиұлы) ғылыми бағдарламасы аясында ұйымдастырылған далалық экспедиция материалдары (2017-2020 жж. жүргізілген) негізінде даярланды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Алғашқы қарлығаштар / Құраст. Д. Дәуренбекова. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 208 б.

Алланиязов, Наймушина О., 2004 – Алланиязов Т., Наймушина О. «... Неповинование надо пресечь». К истории восстания заключенных З-го отделения Степного лагеря МВД СССР (16 мая – 26 июня 1954 года). Документы. Факты. Суждения. Алматы: «Фонд ХХІ век», 2004. – 158 с.

Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі. мемлекеттік коммуналды қазыналық кесіпорны. Коллекциялық тізбе ИК № 38 №№ 212296 в - 212248 в.

Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі мемлекеттік коммуналды қазыналық кесіпорны. (1992 ж., 12 қарашадағы № 45-в қабылдау-тапсыру актісі).

Даuletbaeva A. История исправительных лагерей Казахстана. 29 мая 2018 г. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show>

/4230/?phrase_id=20463 © e-history.kz (қаралған мерзімі: 12.09. 2020 ж.).

Ділманов С. Қарағанды лагеріндегі тұтқындар // Ақиқат. – 1999. – № 12. – 41-47 бб.

Жұмағалиев З. Сыр сандық // Орталық Қазақстан. – 1998. – 12 ақрал. 3 б.

Жұмағазиев С. Үрейлі күндер // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 27 мамыр. 3 б.

Кравченко А. И. Социология. – Екатеринбург: Деловая книга, 1999. – 368 с.

Кукушкина А. Р. История создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «изменников Родины» (30-40 годы XX века): Автореф. дис. ...канд. истор. наук. – Караганда, 2001. – 30 с.

Қозыкеев О. Карлаг қаласындағы қос қызғалдақ // Ақ жол. – 1990. – 11 шілде. – 3 б.

Отчеты и сведения о наличии и состоянии движения заключенных за 1932 г. // Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағат. 1380-к.; 1-т, 264-іс.

Николаев В. Женщины ГУЛАГа // Казахстанская правда. – 1997. – 31 мая., с. 4.

Орынбаева Д. Ш. Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг: сравнительно-исторический анализ проблемы: Автореф. дис. ...канд. истор. наук. – Алматы, 1999. – 30 с.

Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК за 1929-1930 гг. // Ақтөбе ОММ. – 13-к.; 2-т, 1-іс.

Отчеты и сведения о наличии и состоянии движения заключенных за 1932 г. // Астана ҚММ. 65-к.; 1-т, 5781-іс; 5765-іс

Росси Ж. Справочник по ГУЛАГУ. – Москва: Просвет, 1991. – Ч. 1. – 269 с.

Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. – М.: Республика, 1993. – 223 с.

Система исправительно-трудовых лагерей в СССР 1923-1960: Справочник.– Москва, 1981. – 479 с.

Собрание кодексов РСФСР редакции 1926 г. – М.: Юр. изд. НКО РСФСР, 1928. – 1183 с.

Статические отчеты НКЮ СССР за 1934 г. // Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағат. – 1380-к.; 2-т, 210-іс.

Степанова-Ключникова Г. Казахстанский АЛЖИР // Простор. – 1997.-№ 9. – С. 45-101.

Стефановский П.П. Развороты судьбы: Автобиог. повесть: в 2 т. – М.: Изд-во РУДН, 2002–2003., Кн. 2: КГБ – ГУЛАГ. – 2003. – 256 с.

Страницы трагических судеб. Сборник воспоминаний жертв политических репрессии в 1920-1950 гг. / Сост. Е.М.Грибанова, А.С.Зулакашева и др. – Алматы: Жеті Жарғы, 2002. – 448 с.

Сулейменова М. Ж., Шаймұханова С. Д., Макалаков Т. Ж. Использование труда заключенных филиалов ГУЛАГа для развития народного хозяйства Центрального Казахстана в 30-40-е годы XX века // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 4. – С. 139-145; URL: <https://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=31764> (қаралған мерзімі: 17.09.2020 ж.).

Сураганова З. К. АЛЖИР как феномен «женской» несвободы в репрессированной памяти казахского народа // Северо-восточный гуманитарный вестник. – 1 (22). – 2018. – С.64-72. doi: 10.25693/IGI2218-1644.2018.01.22.008

Тасымбеков А. Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы.–Алматы: Жазушы, 1993. – 223 б.

Управление ИТЛ и колоний НКВД КАССР // Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағат. – 1155-к.; 1-т, 340-іс.

Циркуляры сводные ведомости и акты. 31.01.1929-7.05.1931 г. // Астана ҚММ. – 65-к.; 1-т, 5761-іс.

Шаймұханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг. – Караганда, 2000. – 160 с.

Шаймұханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 175 с.

Шакир а-Мил. Степлаг. Восстание, которого не было. Б. и., 2017. – 470 с.

Экспедиция барысындағы далалық зерттеулер. 2020.

Craveri M. Кризис ГУЛАГа: Кенгирское восстание 1954 года в документах МВД. In: Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union soviétique, États indépendants, vol. 36, n 3, Juillet-septembre 1995. pp. 319-343; URL: https://www.persee.fr/doc/cmr_1252-576_1995_num_36_3_2433 (қаралған мерзімі: 23 тамыз 2020 ж.).

REFERENCES

- Algashqy karlygashtar [The First swallows]. Comp. by D. Daurenbekova.– Almaty: Kazakhstan, 1993.208 p.
- Allaniyazov T., Naymushina O. «... Nepovinoveniye nad presech'». K istorii vosstaniya zaklyuchennykh 3-go otdeleniya Stepnogo lagerya MVD SSSR (16 maya – 26 iyunya 1954 goda). Dokumenty. Fakty. Suzhdeniya[... Disobedience must be stopped". On the history of the uprising of the prisoners of the 3rd department of the Steppe camp of the Ministry of Internal Affairs of the USSR (May 16 - June 26, 1954). Documents. Facts. Judgments.]. Almaty: «Fond XXI century», 2004. 158 p.[in Russian].
- Batys Kazakhstan oblystyk akimshiligi madeniet basgar-masyning Batys Kazakhstan oblystyk tarikh-ulketanu musey memlekettik kommunaldy kazynalyk kasiporni [West Kazakhstan regional museum of local lore of the West Kazakhstan regional administration of culture. state municipal state enterprise]. Collection list IK № 38 №№ 212296 b-212248 b. [in Qazaq].
- Batys Kazakhstan oblystyk akimshiligi madeniet basgar-masyning Batys Kazakhstan oblystyk tarikh-ulketanu musey memlekettik communaldy kazynalyk kasiporni [West Kazakhstan regional museum of local lore of the Department of Culture of the West Kazakhstan regional administration is a state municipal enterprise.] (1992 year, 12 November No. 45-b act of transfer acceptance).[in Qazaq].
- Dauletbayeva A. Istoriya ispravitel'nykh lagerey Kazakhstana [History of correctional camps in Kazakhstan]. May 29, 2018 [Electronic resource]. Available at: https://e-history.kz/ru/news/show/4230/?phrase_id=20463 e-history.kz(accessed 09.12.2020). [in Russian].
- Dilmanov S. Qaragandy lagerindegi tutyndar [Prisoners in the Karaganda camp].– Truth. 1999. № 12. pp. 41-47. [in Qazaq].
- Zhumagaliyev Z.Syr sandyq [Cheese digital].– Central Kazakhstan. 1998. February 12. p.3. [in Qazaq].
- Zhumagaziev S.Ureyli kunder [Frightening days].– Kazakh literature. 1997. 27 May. p. 3. [in Qazaq].
- Kravchenko A.I.Sotsiologiya [Sociology].–Ekaterinburg: Business book, 1999. 368 p.[in Russian].
- Kukushkina A. R.Istoriyasozdaniya i funktsionirovaniyaAkmolinskogolageryazhen «izmennikovRodiny» (30-40 gody XX veka) [History of the creation and functioning of the Akmola camp for the wives of «traitors to the Motherland» (30-40 years of the twentieth century)] [CandSci. Dissertation Abstract, History].– Karaganda, 2001. 30 p. [in Russian].
- Kozykeev O. Karlag qalasyndagy qos qizgaldaq [Two tulips in the city of Karlag]. White Road. 1990. July 11. p. 3.
- Otcheti i svedeniya o nalichii i sostoyanii dvizheniya zaklyuchennykh za 1932 g.[Reports and information about the presence and state of the movement of prisoners for 1932 y.].Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund. 1380. Inventory 1. File 264. [in Qazaq].
- Nikolaev V.ZhenshchinyGULAGa [Women of the GULAG]. The Truth of the Kazakhstan. 1997. May 31, p. 4.[in Russian].
- OrynbayevaD.Sh. Politicheskiyerepressii v Kazakhstane 1937-1938 gg: sravnitel'nno-istoricheskianaliz problem [Political repressions in Kazakhstan in 1937-1938: a comparative historical analysis of the problem] [CandSci. Dissertation Abstract, History]. Almaty, 1999.30 p. [in Russian].
- Otcheti i otchetnyye doklady o rabote ITK za 1929-1930 gg. [Reports and reports on the work of the ITC for 1929-1930. Aktobe Regional State Archives]. Fund 13.Inventory 2. File 1.[in Russian].
- Otcheti i svedeniya o nalichii i sostoyaniidvizheniyazaklyuchennykhza 1932 g. [Reports and information on the presence and state of the movement of prisoners for 1932].Astana City State Archive.Fund 65.Inventory 1. File 5781; File 5765. [in Russian].
- Rossi J. Spravochnikpo GULAGU[The Gulag handbook: an encyclopedia dictionary of Soviet penitentiary institutions and terms related to the forced labor camps]. Translated from the Russian by William A. Burhans. Moscow: Prosvet, 1991. Part 1. 269 p. [in Russian].
- Sbornikzakonodatel'nykh i normativnykh aktov o repressiyakh i reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii [Collection of legislative and normative acts on repression and rehabilitation of victims of political repression]. Moscow: Republic, 1993. 223 p. [in Russian].
- Sistemaispravitel'no-trudovykhlagerey v SSSR 1923-1960: Spravochnik [The System of Forced Labor Camps in the USSR 1923-1960: A Handbook]. Moscow, 1981. 479 p. [in Russian].
- Sobraniyekodeksov RSFSR redaktsii 1926 g. [Collection of codes of the RSFSR edition of 1926 year]. Moscow: PCJRSFSR, 1928. 1183 p. [in Russian].
- Staticheskiyeotchetny Narodnogokommissariyatustsii SSSR za 1934 god. [Static reports of the USSR People's Commissariat of Justice for 1934 y.]. Fund. 1380. Inventory 2. File 210. [in Russian].
- Stepanova-Klyuchnikova G. Kazakhstanskiy ALZHIR [Kazakhstan ALZHIR].Prostor. 1997. № 9. Pp. 45-101 [In Russian].
- Stefanovskiy P. P.Razvoroty sud'by: Avtobiogr. povest' [Reversals of fate: Autobiogr. Story]: in 2 vol. Moscow: Publishing house of RUDN, 2002-2003., Book. 2: KGB – GULAG. 2003. 256 p. [In Russian].
- Stranitsy tragichestikh sudeb. Sbornik vospominanii zherty politicheskikh repressii v 1920-1950 gg. [Pages of tragic destinies. Collection of memoirs of victims of political repression in 1920-1950]. Comp. E. M. Gribanova, A. S. Zulkasheva and et al. Almaty: ZhetiZhargy, 2002. 448 p. [In Russian].
- Suleimenova M.Zh., Shaimukhanova S.D., Makalakov T.Zh. Ispol'zovaniye truda zaklyuchennykh filialov GULAGadly razvitiya narodnogo khozyaystva Tsentral'nogo Kazakhstana v 30-40-ye gody KKH veka [Using the labor of the prisoners of the GULAG branches for the development of the national economy of the Central Kazakhstan in the 30-40s of the XX century]. Successes of modern natural science. 2013. No. 4.p. 139-145 [Electronic resource]. Available at: <https://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=31764> (accessed: 17.09.2020). [in Russian].
- Suraganova Z.K. ALZHIR kakfenomen «zhenskoy» nesvobody v represirovannoy pamyati kazakhskogo naroda [ALZHIR as a phenomenon of «female» lack of freedom in the repressed memory of the Kazakh people // North-Eastern humanitarian bulletin]. 1 (22). 2018. pp. 64-72. doi: 10.25693/IGI2218-1644.2018.01.22.008 [In Russian]
- Tasymbekov A. Zhan dauysy. ALZHIR archipelagos [The voice of the soul. ALGERIA archipelago]. Almaty: Writer, 1993. 223 p. [in Qazaq].
- Upravlenie ITL i kolonii NKVD KASSR [Directorate of ITL and colonies of the NKVD KASSR].Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 1155. inventory 1. File 340. [in Russian].
- Tsirkulyarys vodnyye vedomosti i akty.31.01.1929-7.05.1931 g. [Circulars summary statements and acts. 01.31.1929 – 05.07.1931]. Astana City State Archives. Fund 65. Inventory 1. File 5761.
- Shaymukanova S.D.Politicheskiyerepressii v Kazakhstane 1930-40-ye i nachalo 50-kh gg [Political repressions in Kazakhstan 1930-40 s and early 50 s].Karaganda, 2000.160 p. [In Russian]
- Shaymukanov D.A., Shaymukanova S.D.Karlag [Karlag]. Karaganda, 1997. 175 p. [In Russian].
- Shakir a-Mil.Steplag.Vosstaniye, kotorogo ne bylo [Steplag.An uprising that never happened]. Without publish. house, 2017. 470 p. [In Russian].
- Ekspeditsia barysyndagy dalalyq zerteýler [Field research during the expedition].– 2020 [in Qazaq].
- Craveri M.KrizisGULaga: Kengirkoye vosstaniye 1954 goda v dokumentakh MVD [The Gulag Crisis: The Kengir Uprising of 1954 in MIA Documents]. Traducteur: S. Logich. In: Cahiers du monde russe: Russie, Empire russe, Union soviétique, Étatsindépendants, vol. 36, n 3, Juillet-septembre 1995. pp. 319-343; Available at:https://www.persee.fr/doc/cmr_1252-6576_1995_num_36_3_2433 (accessed: 23.08.2020). [In Russian].

FTAXP/ IRSTI/ МРТИ: 03.20

Б.САЙЛАН¹, Н.САНАБАЙ²,

¹т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті,

Алматы қ., е-mail: b_sailan1967@mail.ru

²магистрант, 2-курс, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті,

Алматы қ., е-mail: mr.sanabay@mail.ru

ТҮТҚЫНДАР ТАРИХЫ: ҚОРЛЫҚ ПЕН ЗОРЛЫҚ

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында фашистік Германияның түтқындында болған КСРО және Қазақстан азаматы аз болған жоқ. Түтқынға түскен кеңестік офицерлер мен солдаттар қорлық пен зорлықтың ең ауыр азаптарын тартты. Фашистердің Кеңес әскери түтқындарына қарсы жасаған қылмыстары алғашқы жаппай геноцид болды. Кеңес әскери түтқындары бірнеше ай бойы ашық аспан астында, жалаңаш және киімсіз ұсталды. Жаппай аштықтан азап тартты, әлсіреп құлағанша ауыр жұмыстарға жегіліп жәбірленді, жұмысқа жарамсыз деп табылғандары лезде атылды. Кез-келген неміс офицері Германияға дүшпандық жасады деп құдіктелген адамдарға қатысты сотсыз өлім жазасын жүзеге асыруға құқылды болды. Кеңес әскери түтқындарына арналған лагерлер жаппай геноцид сипатындағы қылмыстардың орнына айналды. Мақаланың басты мақсаты да осы кеңестік түтқындар тартқан қорлық пен зорлықтың ақиқатын ашуға арналады.

Түйін сөздер: КСРО, Германия, фашизм, түтқын, соғыс, лагерь, өлім, азап, ауру, қорлық, зорлық, қан.

B.S. Sailan¹, N.B. Sanabay,²

¹д.н.с., professor, al-Farabi Kazakh national university,

Almaty, e-mail: b_sailan1967@mail.ru

²2 nd year master's al-Farabi Kazakh national university,

Almaty, e-mail: mr.sanabay@mail.ru

A STORY OF POWERS: ABUSE AND VIOLENCE

During the Great Patriotic War of 1941-1945, many citizens of the USSR and Kazakhstan were held captive by Nazi Germany. The captured Soviet officers and soldiers endured the most humiliation and violence. The Nazis' crimes against Soviet prisoners of war were the first mass genocide. For several months Soviet prisoners of war were kept in the open air, naked and without clothes. They suffered from massive hunger, were forced to work in heavy industries, until they fainted, and those who were declared disabled were immediately shot. Any German officer had the right, without trial, to carry out the death penalty against suspected hostility to Germany. The camps for Soviet prisoners of war became the site of genocide. The main purpose of the article is to reveal the truth about the humiliation and violence that these Soviet prisoners were subjected to.

Key words: USSR, Germany, fascism, prisoner, war, camp, death, suffering, illness, humiliation, violence, blood.

Б.С. Сайлан¹, Н.Б. Санабай²,

¹д.и.н., проф, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

г. Алматы, e-mail: b_sailan1967@mail.ru

²магистр 2-курса Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

г. Алматы, e-mail: mr.sanabay@mail.ru

ИСТОРИЯ ВОЕННОПЛЕННЫХ: ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЕ И НАСИЛИЕ

Во время Великой Отечественной войны 1941-1945 годов многие граждане СССР и Казахстана находились в плену у нацистской Германии. Пленные советские офицеры и солдаты терпели самые унижения и насилие. Преступления нацистов против советских военнопленных стали первым массовым геноцидом. Советских военнопленных несколько месяцев держали под открытым небом, обнаженными и без одежды. Они страдали от массового голода, были вынуждены работать тяжелых отраслях, пока не упал в обморок, а признанных нетрудоспособными немедленно расстреливали. Любой немецкий офицер имел право без суда привести в исполнение смертную казнь против подозреваемых во враждебности к Германии. Лагеря для советских военнопленных стали местом геноцида. Основная цель статьи - раскрыть правду об унижениях и насилии, которым подверглись эти советские заключенные.

Ключевые слова: СССР, Германия, фашизм, пленник, война, лагерь, смерть, страдания, болезнь, унижение, насилие, кровь.

Kіріспе. Кеңес Одағының түсінде 1941-1945 жылдардағы соғыс қан-құйлы соғыс болды. Ұлы Отан соғысында КСРО фашистік Германияны жеңгендімен, 5,7 миллион адамы жау түтқындында болды. Қаншама қан төгілген шайқастардың қаталдығынан басқа, жау қолына түтқынға түскендер

қарсыластың көрсеткен ашы азабын тартты. Түтқынға түсін қорлық пен зорлықтың зорын көргендердің қатарында Қазақстандықтар аз болған жоқ. XX ғасырда адамзаттың басынан екі орасан зор соғыс етті. Екінші дүйнегүзілік соғыс миллиондаған кеңестік әскери түтқындардың тәніне де, жанына

да жазылмас жара салған аса қатаң психологиялық әрі адам шошырлық сынақ болды, кейбіреулер үшін тіпті өмірін киған қатыгез жағдайлар орын алды. Кеңестік кезеңде тұтқындар мәсеселесі ұзақ жылдар бойы кен ауқымда зерттеліп, қарастырылмады. Соғыстан кейінгі жылдары, атап айтқанда, 1949 жылға дейін кеңестік баспасөз әскери тұтқындар туралы мәселеңін көтермеуге тырысты. Тек 1950-ші жылдардың басында, ашығын айтқанда И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейін бұл тақырып төнірегінде жазу үшін бірен-саран қолына қалам алғандар қатары байқалды.

Тұтқындар көрген қорлық пен зорлық түгіл, олар жайлы жазуға кез келгеннің батылы бармады. Тек 1990-жылдарға қарай бұл тақырып төнірегінде жарияланымдар саны артып, зерттеушілер қатары бой көтере бастады. Соғыстағы кеңестік тұтқындар тарихы және олар болған лагерлер мен ондағы көрген қорлықтар толық ашылып бітпеді. Сондықтанда бұл тақырып өзекті тақырыптың бірі болып саналады.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселеңін деректік базасын мұрағат базасындағы әскери қорлар, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Армия үйіндегі мұрағат қорлары және Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының ашқан сайттарындағы деректер, соғыс тұтқындағы болған адамдардың естеліктері, сонымен қатар осы соғыс тұтқындары жайында жарияланған құжаттар мен материалдар, әдебиеттер мен деректер құрайды. Соғысқа қатысып тұтқынға түскендердің мәсеселінде тарихи құжаттар арқылы қарастыру – соғыс алдындағы КСРО мен Германия арасындағы әскери-саяси жағдайдың ахуалын анықтауға негіз болды. Соғыс тұтқындары туралы 47 ел қол қойған 1929 жылғы қабылданған Женева конвенциясының ара-жігін жанжақты талдауда салыстырмалы және шынайы баға беретін концепция қарастырылды. Сонымен қатар кейінгі жылдары соғыс тұтқындарының саяси бағасын анықтау жолында жарияланған құжатың материалдар молынан пайдаланылды.

Талдау. Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарын зерттеу мәсеселін 3 топқа бөліп қарастыруға болады. Шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілер тобы. Соғыс тұтқындары туралы проблемаларға шетелдік ғалымдардың да аса назар аударғаны рас. Соғыс аяқталған соң және XXI ғасырға аяқ басқан уақытта соғыс тұтқындары тақырыбын жете зерттеу мен оның беймәлім ақиқаттарын ашу шетелдік зерттеушілерді де қызықтырды. Шетелдік зерттеушілер қатарына Ш.Датнер, Ж.Деларю, Р.Оверман, Б.Мюллер-Гиллебранд, Р.Назаревич, И.Гофман, К.Штрайт жатқызуға болады. Олар тұтқындар тарихын дәлірек зерттеуге тырысты.

Ресейлік зерттеушілерге тоқталар болсақ, олардың қатарына В.И. Бондарец, С.А. Голубков, И.М. Чистяков, В.П. Галицкий, Г.Ф. Кривошеев, М.И. Семиряга, О.Дворниченко және т.б. авторларды атауға болады. Бұл авторлар кеңестік кезеңнен бастап тұтқындар тағдыры туралы еңбектер жазумен айналысты.

Отандық тарихшыларымызда соғыс тұтқында-рының тарихын тақырыптан тыс қалдырымады. Бұл тақырып төнірегінде М.Қ. Қозыбаев, Г. Абишев, П.С. Белан, К.Р. Аманжолов, Қ.С. Алдажұманов, Г.Көкебаева, Б.С. Сайлан және т.б. тарихшы ғалымдар қалам тартты және өз еңбектерін ұсына отырып, біздің еліміз үшін бұл тақырыптың әлі де маңызды екенін атап етті.

Зерттеу нәтижелері. Тұтқынсыз соғыс болмайды. Бұл ақиқат. Кез келген жауынгер үшін тұтқынға тұсу

– қайғылы қасірет. Ұлы Отан соғысы кеңестік әскери тұтқындардың тәніне де, жанына да жазылмас жара салған аса қатаң психологиялық сынақ болды, кейбіреулері қорлыққа шыдамай өз өмірін қиды. Ұлы Отан соғысы түгілі 1979-1989 жылдары өзім (автор) 2 жыл қатысқан Ауған соғысында да мұндай сорақылықтың сұмдықтарын көзben көрдік, керек болса ол туралы тізбектеп айтып беруге болады.

Фашистік тұтқында болған кеңес жауынгерлерінің қыны жағдайына гитлерлік басшылық КСРО-ны айыптады. Өйткені КСРО әскери тұтқындардың құқықтық мәртебесін анықтатын 47 ел қол қойған 1929 жылғы Женева конвенциясына қосылмады. Екінші дүниежүзілік соғыста әскери тұтқындар құқығын реттейтін бірден-бір құжат – «Женева келісімі» болды (Данилов, 2009). Женева конвенциясында соғыс тұтқындары туралы заңдық талаптар көрсетілді. Онда соғыс тұтқының беталды азапталуына жол берілмеуі, тұтқындарды қорғаудың белгілі бір халықаралық-құқықтық міндеттерінің сақталуы, соғысушы елдердің үкіметтеріне соғыс тұтқындарын қорғау ережелерін бұзғандығы туралы бір-біріне айып тағуға мүмкіншілік берілуі, Қызыл Крест қоғамы арқылы арыздануға, дәрі-дәрмек алуға және т.б. қарастырылды. Ал КСРО-ның конвенцияға қол қоюдан бас тартуы кеңес тұтқындарын Халықаралық Қызыл Крест үйімінің көмегінсіз қалуына және фашистердің шамадан тыс азаптауына мүмкіндік берді (Золотарев, 2004).

Кеңес Одағы соғыс тұтқындары мәсеселінде Женева келісімін қолданысы келмеди. Оның орнына КСРО мемлекеттік қорғаныс комитетінің тәрағасы И.В. Стalin және тағы алты жоғарылаузымды тұлға 1941 жылдың 16 тамызда №270-бұйрыққа қол қойды. Бұл бұйрық бойынша кеңес әскерлеріне қасық қаны қалғанша арпалысуға, тұтқынға түсіне тыым салынды. «Тұтқынға түсіп қалу жағдайы туындағанда ондайларды командирлер мен комиссарлар сол жерде атып тастауы қажет» деген тапсырма берілді (Приказ №270, 1998).

Алайда Кеңес өкіметінің Женева конвенциясынан мүлде бас тартуы фашистер үшін өте қолайлы сылтау болды. 1941 жылдың 8 қыркүйегінде кеңестік тұтқындарға өте қатал түрде қарau, оларға ешқандай аяушылықтың болмауы туралы фашистер әскеріне де бұйрық келді. Өсіресе, тұтқынға түскен алғашқы қуңдер мен айлар тұтқындар үшін аса қыын болды. Бастапқыда олар дивизиялық жинақтау бекеттеріне, содан соң «дулагтарға» (айдауға жөнелтетін жол жөнекей лагерлер) жөнелтіліп, сол жерлерде үлтты, кәсібі, мінез-құлқы мен тәртібіне қарай жіктеліп отырды. Содан соң қатардағы жауынгерлер мен кіші командирлер «шталагтарға», ал офицерлер «оффлаг» деп аталағын арнайы лагерлерге жөнелтілді. Ал «шталагтар» мен «оффлагтардағы» әскери тұтқындар концентрациялық және жұмыс лагерлеріне айдалды. Әскери тұтқындардың саны аса көп болған кезеңде Остланд, Украина, Польша генерал-губернаторлығы, Австрия, Чехословакия, Германия, Норвегия, Финляндия және Румыниядағы рейхскомиссариаттардың аумағында әскери тұтқындарға арналған лагерлердің саны 2670-ке жуық болды. Кейінрек тұтқындар топтастырылып, неміс әскери басып алған бүкіл Еуропа аумағына таратылды (Семиряга, 1995:24).

Тұтқынға түскен кеңестік әскери қызметкерлерді эвакуациялау, өсіресе, соғыстың алғашқы және соңғы жылдары қыын болды. Олардың бір жерден екінші жерге көшіру үшін техника көп қолданылмағандық-

тан, олар көбінене ондаған километрден жүздеген километрге дейін жол жүрді. Сейтіп олар 4 аптаға дейін жаяу, кейір кездерде тұтқындар легі бір тәулікте 40 км-ге дейін жаяу жол жүрген, ал сол лектің ішінде жаралылар, сырқаттанғандар және қарны ашып қалжырағандар көп болды. Сондықтан ол көшиңдердің көбінене «өлім маршы» деген атауға ие болды (Голубков, 1963:241).

Кеңес әскерлері лагерьлер жүйесіне 1941 жылдың маусым айының аяғында әкеліне бастады. Тұтқындардың жағдайы адам тәзгіз жағдайда болды. Мысалы, 1941 жылдың қазан айында Освенцимге (Оңтүстік Польшада) 10 мың шамасында кеңес тұтқынын алып келген. Лагерьлердегі аштық пен санаға сыймайтын санитарлық ахуалға байланысты олардың арасында өлім деңгейі ете жоғары болды. Нәтижесінде, бес айдан соң тұтқындардан небәрі бірнеше жүздеген адам тірі қалды. Польшадағы ен үлкен лагерьлер қатарына: 90 мыңға жуық кеңестік әскери тұтқындар өлтірілген Хелм қаласындағы 319-шталаг, Демблиндегі 307-шталаг (80 мың), Острув-Мазовецкийдегі 324-шталаг (67 мың), Ламбиновицедегі 344- шталаг (57 мың), Сувалкидегі 68-шталаг (46 мың), Просткидегі 56-шталаг (23 мың), Свентошовтағы 308-шталаг (20 мың), Замостедегі 325-шталаг (28 мың), Ченстоховедегі 367-шталаг (17 мың), Жаганьдағы 1-шталаг (10 мыңнан астам) және басқаларын жатқызып, бұл лагерьлерде адам тәзгісіз жағдайлар орын алғаны анықталып отыр. Оның дәлелі – Польшаның қазіргі Ополе аймағындағы Ламбиновице елді мекені маңында жалпы саны 42 000 кеңес тұтқынының аты-жөндөри бауырластар зиратында жерленуі. Оларға қатысты мәліметтер тұтқындарға қатынастың ете дөрекі әрі азапты болғанын көрсетеді. Әсіресе, Смоленск, Каунас лагерьлерінде, сондай-ақ Бяла-Подляска, Бобруйск, Иван-город, Кельце және басқа да елді мекендердің түбінде орналасқан лагерьлерде жағдай аса қыын болды. Острув-Мазовецки қаласы маңындағы бір лагерьде ғана 1941 жылы құзде ажал құшқан әскери тұтқындардың саны тәуілігіне 1000 адамға дейін жетті. Ал немістердің құжаттарындағы деректер соғыс басталған күннен 1942 жылы жазға дейін күн сайын 6 мыңға жуық кеңестік әскери тұтқынның қаза тапқанын көрсетеді (Назаревич, 1989:36).

1941 жылдың 17 шілдесінде Гестапо Ұлттық социализм үшін қауіпті болуы мүмкін барлық. Кеңес әскери тұтқындарының жойылуын көздейтін бүйрек шығарды. Олар лагерьлерге бара жатып, аштықпен өлтірілді. 1941 жылы 14 желтоқсанда оккупацияға түсken шығыс аумақтарының рейхсминистри А.Розенберг Гитлерге: Украинаға лагерьлерде «аштық нәтижесінде күнделікті 2500-ге жуық әскери тұтқын қайтыс болады» – деп мәлімдеді. Тұтқындар туралы деректер Украинада 1 миллионға жуық, Беларуссияда – 800 мыңнан астам, Литва, Латвия және Эстонияда – 400 мыңнан астам, Польшадағы 1 миллион күрбандармен қосқанда барлығы 3,7 миллион тұтқынның көзі жойылғанын айтады (Назаревич, 1989:37).

Немістердің әскери тұтқындарға арналған лагерьлері белгіленген халықаралық нормалар мен конвенцияларға сай келмеді. Соғыстың алғашқы жылдары тұтқындар жай ғана далада, тікенді сымнан жасалған қоршауда орналсты. Кейірде олар мал қораларға, қоймаларға, фермаларға, стадиондарға, жарыльстан бұзылған казармаларға және тіпті шіркеулерге қамалды. Күн сұыған кезде олар жерге ін қазып, сол індерге жататын болды. Кейіннен, 1942 жылы Германия жұмыс күшіне мұқтаж болғаннан

бастап тірі қалған тұтқындардың жағдайы жақсара бастады, яғни олар от жағылмайтын болса да, жатын орындары бар жабық жайларға (барактарға) орналастырылып, олардың күндік тамақтану мөлшері 2540 калорияға дейін артты. Фашистік лагерьлердегі кеңестік әскери тұтқындарды жоу ауқымы ете үлкен болды, неміс деректері бойынша олардың өлімі 57,8% жетті. Британдық және американдық әскери тұтқындар шығыны тек 4% -ды құрады (Дембицкий, 2017:9).

Тұтқындарға жасалған зорлық пен қорлық адам айтқысыз айуандықпен, жан баласы шыдамайтын азаптаумен жүзеге асты. Немістің әскери қызметкерлері ызаланған кезде немесе жай көніл котеру үшін, не жинақтау бекетіне апаруға ерінгендіктен ғана әрбір тұтқынды ешбір занды жауапкершілікісін атап салды. Соғыстың алғашқы күндері ғана емес, кейіннен де тұтқынға түсіп қалған жауынгерлерді негізсіз, себепсіз өлтіру жағдайлары зерттеулерде көп кездеседі. Ал неміс генералдары мен офицерлерінің бұл жағдайға деген көзқарастары түрлі болған. Біреулері тұтқындарға қатыгездік танытудың бастамашылары болса, кейбіреулері үнсіз қуәсі болған, тағы біреулері адамгершілікке шақырган.

Тұтқындарды эвакуациялау кезінде озбырлық, зорлық пен қорлық, тіпті хайуандық жиі кездескен. Мысалы, 1942 жылы қырым трагедиясының бір күөгіре: «Тұтқындар өткен жердің үсті толған қан, өлген және өлтірілген мәйіттерге толы болған» – деп, толық әрі айқын суреттеме берген (Голубков, 1963:242).

Әскери тұтқындар терең тылға платформасы ашық теміржол вагондарымен және жабық тауар вагондарымен тасымалданған. Оларды малға ұқсатып, 40-50 адам сиятын бір вагонға 80-100 адамнан кіргізген. Ол вагондарда не жатын орын (төсек), не пеш, не су құйылған ыдыстар, не қол жуғыш, тіпті дәретханалар да болмаған. Жол бойы адамдарға тاماқты ете сирек берген, адамдар көбінене 3-5 тәулік бойы аш болған. Жазда тұтқындар ыстық пен оттегінің жетіспеушілігінен қысылса, қыста сұықтан тоқып, қатып жатқан. Бағытстанцияларына барып жеткен әшелондарда ондаған, тіпті жүздеген мәйіттер болған, ал бір жағдайда, яғни Латвиядағы Мост (Көлір) станциясына барып тоқтаған эшелонда 1500 кеңестік әскери тұтқыннан бір де бір тірі қалмаған. Бірқатар жағдайларда неміс қолбасшылары әскери тұтқындар тиелен әшелондарды аса маңызды жүктөрді қорғау үшін «тірі қалқан» ретінде пайдаланған. Неміс қолбасшыларының 1941 жылы 8 желтоқсандағы бүйрекі мен «Жана түсken әскери тұтқындарды эвакуациялау» туралы нұсқаулық шыққаннан кейін ғана әскери тұтқындарды тасымалдау жағдайлары жақсарған. Дегенмен, неміс тарапы әскери тұтқындарды жұмысқа тарту үшін сақтай бастады. Соғыстың соңғы кезеңінде де Германияның түпкі аумақтарына эвакуациялау кезінде көптеген әскери тұтқындар неміс жауынгерлерінің жауыздығынан қаза тапты. Поляк тарихшысы Ш.Датнердің пікірінше, «тасымалдау кезіндегі шығынның» жалпы саны 200-250 мың кеңестік әскери тұтқындарын құраған (Датнер, 1963:412).

Тұтқындар лагерьден тыс жерлердегі жұмысқа тартылған жағдайда 10 адамға бір құзетші бөлінді. Құзетшілер іс жүзінде неміс қолбасшылары шығарған жарғыларды, бүйректарды, нұсқауларды пайдаланды. Ол құжаттар бойынша кеңестік тұтқындар солдат құқығынан айрылды, тұтқындар кез-келген

тапсырмадан бас тартса олардың қарсылығын басу үшін оқ ату тапсырылды. Көптеген жағдайларда әскери тұтқындардың арасында болып жатқан жағдайды ұғып-түсініп жатпай-ақ, автоматты қарудан оқ атты, топтасқан адамдар арасына гранат лақтырды, кейде тіпті көніл көтеру үшін оларды негізсіз өлтірді. Жүздеген мың қеңестік тұтқындар ең ауыр азапты – аштықты басынан кешірді. «Орталық» армиялар тобы «дулагтарының» нұсқаушысы, неміс полковнігі Маршалл өзінің баяндамаларында тұтқындарға тәулігіне бір адамға бар-жоғы 150 гнан және 50 г құрғақтары беріледі деп мәлімдеген. Бұл азық мөлшерінің тағамдық құндылығы 200-700 калориядан аспаған, ал бұл мөлшер өмір сүру үшін қажетті мөлшердің жартысынан да кем. Басқа армиялар топтарындағы жағдай да дәл сондай болған. Әскери тұтқындарға арналған неміс лагерьлерінде 1941 жылдың соны мен 1942 ж. басында орын алған аштықтан адамдар шөп, құрғақ жапырақ, ағаштардың қабығын, өлген жануарлардың етін жеп, түрлі қорлықтарға көнген, тіпті адамдардың бірін-бірі жеуі де кездескен.

Тұтқындарды жазалаудың түр-түрі орын алды. Тұтқындар арасынан, әсіресе қолға түскен жоғары шенді офицерлерді фашисттер жағына өтүге үгіттеді. Қенбекендерін қыстың қақаған аязында лагерь алдындағы ағаш бағаналарға байлап, үстінен мұздай су құйды. Есінен танғанша қорлық қөрсетті, оған жасаған аяусыздық әрекеттерді концлагерьдегі басқа тұтқындарға қөрсетті. Басқа тұтқындар секем алсын деп азаптаудың неше түрлі айуандық қылыштарын жасады. Мысалы, тұтқында болған генерал-лейтенант Д.М. Карбышевті 1945 жылды 18 ақпанда аязды күні Маутхаузен концлагерінің алаңына алып барды, бағанға байлап, сұық су құйып мұзға айналдырды. Ол әскери антын бұзбай, батырлар сияқты қаза тапты. Мұндай азаптаулар басқа жерлерде де орын алды. Ондай батырлардың қайсарлығы қеңестік әскери тұтқындарға рух пен күш берді.

Тұтқындар өте ауыр, әрі азапты жұмыстардың түртүріне жегілді. Тұтқындар батпақты кешіп жүріп ағаш кесті. Фашисттер сұықтан, аурудан әлсіргендерді атып тастап отырды. Жұмыс істейтін жерде арнайы тас болды. Оны фашисттер «сынақ тасы» деп атап, тасты көтере алмаған тұтқындарды атып тастады (Дәркенов, 2005:37).

Гитлер үкіметі қеңестік тұтқындарды түрлі медициналық тәжірибелерге арналған материал ретінде де пайдаланды. 1941 ж. екінші жартысында СС әскер гигиенасы (тазалығы) ғылыми-зерттеу институтында өткен мәжілісте соғыс қажеттілігі үшін медициналық эксперименттер жүргізу туралы шешім қабылданды. Ал сол зерттеудерді жүргізу үшін концлагерлерде орналаскан арнайы зертханалар белгіленді. Атап айтсақ, 1941 ж. сонында Даҳауда неміс дәрігерлері әскери-теніз және әскери әуе флоттарының мұқтаждығы үшін әскери тұтқындармен түрлі эксперименттер жүргізді. Тұтқындарды мұздатқан, тоңа-зытықшқа салған және аса жоғары биіктікін адам ағзасына әсерін бақылауда қолданған (Нюрнбергский процесс, 1959: 448). Освенцим концлагерінде 500 тұтқынға «Циклон Б» газының әсерін сынаған (Концентрационный лагерь Освенцим, 1961:89). Сондай-ақ әскери тұтқындарға жаңа дәрі-дәрмектерді беріп, әсерін байқаған, адамның сусыз және тамақсыз қанша уақыт өмір суре алатыны зерттелген, адамның сүйегіне, жүйкесіне және бүлшүк еті тініне қатысты хирургиялық эксперименттер жүзеге асырылған, фосфордан болған күйікті емдеуге арналған майдың, фенол егудің, акотинмен уландырылған оқ-дәрінің,

иприт пен фосгеннің әсері зерттелген (Деларю, 1993:372). Сондай-ақ адамның терісі мен ішкі ағза органдарын ауыстырып салу іске асырылған және тағы басқа зерттеулер жүргізілген. Түрлі медициналық эксперименттерге қатыстырылған адамдар әдетте қайтыс болған немесе қажетсіз күәгерлер ретінде жойылып отырған.

Ұлы Отан соғысында фашистік тұтқыннның тоғызына 200 мындаған қазақстандық түскен деген деректер бар. Соғыс аяқталған соң елге қайтқан соғыс тұтқындарының қатарында 23 143 қазак болғандығы айтылады. Солардың қатарында Берекет Кенжебаев, Амандос Есенов, Гайпен Бейісов, Бөтеш Байсұлтанов (Коми АССР-інде тұрды), Тұқпатолла Қалымов, Айғали Қөпжанов (Ресейдің Қорған облысында тұрды) және т.б. айтуға болады. Құрайыш Таңатаров соғыстың алғашқы жылында-ақ тұтқынға түскен, фашистердің концлагерінде екі жылдай болып, жан азабын шеккен боздақтардың бірі. 15 жылға сотталып, Магадан облысында алтын өндіретін лагерьде ауыр жұмыстарға жегілген (Ахмет, 2016).

Тұтқында болып, концлагерлердегі ауыр азапты тікелей көзімен көрген өз әкем (автор) Сайланов Санабайдың айтқан естеліктерімен мақаламды аяқтағым келеді. Әкем Сайланов Санабай 1939 жылы қызыл әскер қатарына шақырылып, екі жыл Польша маңайында қызмет еткен. Елге қайтар кезде, 1941 жылы соғыс басталып, Белосток-Минск майданында фашист басқыншыларының қолына тұтқынға түседі. Төбеден төніп, қарғаша қаптаған неміс ұшақтарының атқылауы бұларға соғысуға мұрша бермейді. Артынша бақайшашына дейін қаруланған немістің моторлы-жаяу әскери бұларды тырп етуге мұрша бермей қолға түсіреді. Белосток облысында алдарындағы екі полктен кейін үшінші полк құрамында тұтқынға алынады.

Кеңестік тұтқындардың көшілігі соншалықты немістер алғашқы кезде оларды қайда сыйғызырын білмеген. Майдан шебінің сыртында ашық далада сымнан қоршau жасап, соған қамаған. Алғашында темір сыммен қоршалған ашық алаңда мындаған қеңестік тұтқындардың арасында өзінің болғанын, иін тіресетін жер болмай қысылып-қымтырылып жатқандарын, орнынан тұрған адамның қайта өз орнын таптай қалатынын еске алатын. Тұтқындар қара суға қайнатылған кебекті өзіне ұзын-сора кезекке тұратынын, екі жақтан неміс солдаттарының кезекті тоқтатпай қамшылығы сабалайтынын, кебекті құйып алуға ыдысы жоқтар етегіне құйып алып талғажау жасайтынын әкем марқұм әссерлеп тап кинодан көргендеге етіп айтатын. Бірнеше күндерден кейіннәк аштықтан тұтқындағылардың құры сұлдесі мен сүйегі қалғанның тілге тиек ететін. Сол жерде, одан кейінгі лагерьлерде тұтқындар аштықтан, шөлден, аурудан және азаптан мындаш қырылған. Кейіннен оларды Германиядағы лагерьлердің біріне әкелген. Аяқтарына ағаш бәтінке кигізген. Тұтқындағыларға бірнеше жыл сақталған қатып қалған наңдар берген.

Түркістан легионына жазылу осы жерде жүрген. Мұстафа Шоқайдың әскери тұтқындарды аралап, олардың алдында сез сейлелегені рас болғанымен, әкем оны тікелей көрмеген. М.Шоқаймен қатар тұтқындар арасында Уәли Каюмхан есімі жақсы жайылған. Тұтқынға түскен алғашқы айлар бұлар үшін өте азапқа толы болғанын әкем курсініп есіне алатын. Түркістан легионына тізімдеу сауаты аз тұтқындар арасында еркінен тыс жүргізілгеніде рас. Тұтқындағылардың мақсаты жан сақтау болып, егер майдан даласына шығып жатсақ, жан пида етіп кеңес

жағына өтіп кетеміз деген ой еді. Бұл жерде өмір мен өлімнің қатар қақтығысқа түскен кезі болды.

Әкемнің айтуынша, олар 1943 жылдың басындағы ұрыстың бірінде аман қалғандары кеңестер жағына түгел батальон болып өтіп кеткен. Бұлардың арасында сауатты кіші офицер шеніндегі қазақ жігіті болған. Сол офицер қазақ жігітінің жол бастауды арқасында Қызыл армия жағына қашып өткендерін, кейін ол офицерді көрмегенін, кеңестік тараф оны атып тастандыру ау дегесінде қалғанын айттын. Ұлы Отан соғысы тарихын қарап отырсақ, бұл Қызыл армияның Сталинград туңбидегі жеңісінен кейінгі уақытпен тұспа-тұс келеді. Осы соғыста Туркістан легионының бірнеше батальоны қатты шығынға ұшырап, кеңес жағына қашып өткені рас.

Қазіргі мұрагат құжаттарындағы мәліметтерге қарасам әкемді кеңес өкіметі 1943 жылы 2 сәуірде тұтқындағаны жазылып тұр. IIХК-ның сол жылғы 11 желтоқсандағы айрықша мәжілісінің шешіміне сәйкес КСРО заңының 58-бабымен сottaған (Сайлан, 2020). Бұл заң – отанына опасыздық жасағандарға қолданылатын заң. Сонда қолына қару ұстап, отан қорғауға барған әкем және оның қаруластары тұтқынға түскені үшін осы баппен сottaғалып кете барды. Фашисттер тұтқынынында көрген азабы бір болса, кеңес өкіметінің көрсеткен қорлықты екінші болып жазықсыз жапа шекіт. Сottaғалып Мордоводагы енбекпен түзеу лагеріне айдалды. Әйтесуір елге аман оралды. Жалғыз ол емес, осы қатарда болған қашшама аталарымыз осы заң бойынша сottaғалды, жер аударылды немесе ату жазасына кесілді. Ол кейіннен 1963 жылы 22 маусымда Еділ әскери округінің әскери трибуналы шешімінен ақталды. Ақталғанға дейін жергілікті әскери комиссариатқа жиі шақырылып, сұрау берді. Соғыстың жойқын отынан, оқтың өтінен, тұтқынның тозағынан, лагердің азабынан өткен әкем Сайланов Санабай соғыс ардагері күелгін ала алмай 1997 жылы 30 маусымда дүниеден өтті. Олар арыз айтып шағымданбады, қайта өздерін мазаламағанын қалады.

Қорытынды. Қорытындылай айтқанда, шайқаста тұтқынға түскен жауынгерлерінен бас тартып, тेңіз айналып кеткен, онымен қоймай, оларды сатқын деп кемсітіп, жазаға тартқан бірден-бір ел – Кеңес Одағы. Ал шындығына келгенде қан майданда қолды болып, бас еркіндігін айрылған, қорлық пен зорлықтың зорын көрсе де Отанын сатпаған, қандай аяусыздық болса да төтеп берген тұтқындардың қаза болғанды да және тірі қалғанды да нағыз қаһармандар еді. Соғыста миллиондаған тұтқын тағдырының тамырына балта шабылып үзілсе, одан кейін мындаған тірі қалған тұтқынның тағдыры тәлекекке ұшырады. Екі үлкен империяның көсеген отына күйген мұндан қаһармандардың рухына тағым өтіп, олардың есімдерін түгендеде және ұмытпау біздің міндет пен парыз деп санаймыз.

ӘДЕБІЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Ахмет А. Соғыс тұтқындары... олар ұмытылып барады // abai.kz. – 2016. – 16 сәуір.

Голубков С.А. В фашистском лагере смерти. – Смоленск, 1963. – С. 253.

Данилов И. Повлияло ли неподписание СССР Женевской конвенции на участие советских военнопленных? // statehistory.ru. – 2009. – 21 октябрь.

Датнер Ш. Преступления немецко-фашистского вермахта в отношении военнопленных / Пер. с польск. – Москва, 1963. – С. 412.

Дәркенов Қ. Қазақстандықтардың Еуропа елдерінде антифашистік қарсыласу қозғалысына қатысы // Фашистік Германиямен болған Ұлы Жеңістің қорытындылары мен

тағылымдары: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалы. – Семей, 2005. – 31-38-бб.

Деларю Ж. История гестапо / Пер. с француз. – Смоленск, 1993. – С. 372.

Дембіцкий Н.П. Судьба пленных // Скепсис. – 2017. – 1-18 стр.

Золотарев В. Пленных войн XX века разыскивают в веке XXI // nvo.ng.ru. – 2004. – 8 октябрь.

Концентрационный лагерь Освенцим - Бжезинка / Пер. с польск. –Варшава, 1961. – С. 89-96.

Назаревич Р. Советские военнопленные в Польше в годы Второй мировой войны и помощь им со стороны польского населения // Вопросы истории. – 1989. – № 3. – С. 35-42.

Нюрнбергский процесс над главными немецкими военными преступниками. – Москва, 1959. Т. 4. – С. 448-449.

Приказ №270 Ставки Верховного Главного командования Красной Армии «О случаях трусости и сдачи в плен и мерах по пресечению таких действий», 16 августа 1941 г. – Кн. 2. М., 1998. С. 476-479.

Сайлан Б.С. Тұтқындар тарихы // Туркістан. – 2020. – 23 сәуір.

Семиряга М.И. Судьбы советских военнопленных // // Вопросы истории. – 1995. – № 4. – С. 18-34.

REFERENCES

Ahmet A. Sogys tutqyndary... olar umtylyp barady [Prisoners of war...they are being forgotten].– Abai.kz. 2016. 16 april [in Kazakh].

Golubkov S.A. V fashistskom lagere smerti. [Fascist death in his own].–Smolensiae, 1963. - S.253 [in Russian].

Danilovl. Povliyalо I nepodpisanie SSSR Jenevskoi konventsii na ýchast sovetskih voennoplennyyh? [Did the USSR's non-signing of the Geneva Convention affect the fate of Soviet prisoners of war?].– statehistory.ru. 2009.21 october [in Russian].

Datner S.Prestýplenıa nemetsko-fashistskogo vermahta v otnoshenii voennoplennyyh [Crimes of the Nazi Wehrmacht against prisoners of war]. Per. ex Poloniae – Moscow. – 1963. - S. 412. [in Russian].

Darkenov C. Qazaqstandyqtardyń Evropa elderinde antifaşistik qarsylasý qozgalysyna qatysý // Fashistik Germaniamen bolgan Uly Jeňistiń qorytyndylary men taglymdary: Halyqaralyq gulyymi-tájiribelik konferentsııa materialdary [Participation of Kazakhstanis in the anti-fascist resistance movement in European countries].– 2005. - S. 31-38. [in Kazakh].

Delariý J. Istorija gestapo [History of the Gestapo/Per. cum a quodam Capitaneo Gallo].– Smolensiae, 1993.- S. 372. [in Russian].

Dembitskii N.P. Sýdba plennyh // Skepsis Skepsis [The fate of the prisoners// Skepsis].–2017. - 1-18 p. [in Russian].

Zolotarev V. Plennyh vojn XX veka razyskivalýt v veke XXI // nvo.ng.ru [Prisoners of XX century wars are wanted in XXI century]/ nvo.ng.ru.] – 2004. – 8 october [in Russian].

Kontsentrasiyonny lager Osventsim - Bjezinka / Per. s polsk [Concentration camp Auschwitz - Brzezinka / Per. ex Poloniae].– Warsaw, 1961. S. 89-96 [in Russian].

Nazarevich R. Sovetskie voennoplenyye v Pol'she v gody Vtoroj mirovoj vojny i pomasch' im so storony pol'skogo naselenija// Voprosy istorii. [Soviet prisoners of war in Poland during World War II and assistance to them from the Polish population//Quaestiones historiae].– 1989. - No. 3. - S. 35-42. [in Russian].

Nürnbergskii protsess nad glavnymi nemetskimi voennymi prestupnikami [Nuremberg trials of the main German war criminals].–Moscow, 1959. - T.4. - S. 448-449 [in Russian].

Prikaz №270 Stavki Verkhovnogo Glavnogo komandovaniiia Krasnoi Armii «O sluchaiakh trusosti i sdachi v plen i merakh po presechenii takikh deistvii», 16 avgusta 1941 g. [Order No. 270 of the Headquarters of the Supreme High Command of the Red Army "On cases of cowardice and surrender and measures to suppress such actions", August 16, 1941].– Book. 2.M., 1998.S. 476-479 [in Russian].

Sailan B.S. Tutqyndartarlıhy // Túrkistan[POW history/Turkesitan].–2020. – 23 april. [in Kazakh].

Semiriaga M.I. Sudby sovetskih voennoplennyyh // Voprosy istorii [The fate of Soviet prisoners of war// Quaestiones historiae].– 1995. - № 4. - S. 18-34 [in Russian].

Гүлбакыт ШАШАЕВА¹, Назия ТӘСЛЛОВА²,

¹Халықаралық бизнес университетінің доценті, (PhD) доктор.

Казахстан, Алматы к. Е-mail: t_gulbakhit@mail.ru

² т.ғ.к., доцент. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

Казахстан, Алматы к. Е-mail: tasnaz@mail.ru

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ МӘДЕНИ-ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАР

Мақалада еліміздің мәдени-әркениеттік даму аясындағы жетістіктерін, сол жетістіктерге жетудегі өзекті мәселелер сарапталады. Қазіргі жаһандану заманында ақпараттық күрес ашық та пәрменді күш алуда. Үлттық мәдени құндылықтарын жоғалтпаған елдер ғана әлемде өзінің үлттық болмысын, төл бағыт-бағдарын, өз мүддесін, үлттық мемлекеттілігін сақтап қалуға барын салып бағып, осы жолда бұрыннан бар әдіс-тәсілдерін барынша жетілдіруде. Ал қазіргі қазақ қоғамы үшін мәдени мұраны үлттық құндылықтар тұрғысында қарастыру, оларды жаңырту, сақтау, дәріптеу, насиҳаттау үлкен өзектілікке ие болып отырған күрделі саяси-әлеуметтік мәселе. Бұл мәселе арнаулы мәдениеттанулық талдауды қажет етеді.

Түйін сөздер: мәдениет, ақпараттық күрес, құндылықтар, әлеуметтік, үлттық болмыс, мүдде, үлттық мемлекеттілік, рухани мәдениет.

Г.К. Шашаева¹, Н.А. Тасилова²,

¹ доктор (PhD), доцент. Университет международного бизнеса.

Казахстан, г. Алматы. Е-mail: t_gulbakhit@mail.ru

² к.и.н., доцент. КазНУ имени аль-Фараби.

Казахстан, г. Алматы. Е-mail: tasnaz@mail.ru

СОЦИО-КУЛЬТУРНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ В ИССЛЕДОВАНИИ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

В статье анализируются достижения страны в области культурно-цивилизационного развития, конкретные вопросы этих достижений. В современном глобализированном мире информационная борьба набирает обороты. Только страна, не утратившая своих национальных культурных ценностей, развивается в мире возможностей для сохранения закономерностей, характеризующих ее национальную идентичность, национальную государственность. А для современной казахской культуры рассмотрение культурного наследия с точки зрения национальных ценностей, их модернизация, сохранение, продвижение, продвижение - сложный политический и социальный вопрос, который очень актуален. Этот вопрос требует специального культурологического анализа.

Ключевые слова: культура, ценности, социальная, национальная идентичность, интересы, национальная государственность, духовная культура.

G.K. Shashayeva¹, N.A. Tasylova²

¹ PhD. Associate Professor. University of International Business.

Kazakhstan, Almaty. E-mail: t_gulbakhit@mail.ru

² Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.

Al-Farabi Kazakh National University.

Kazakhstan, Almaty. E-mail: tasnaz@mail.ru

SOCIO-CULTURAL BACKGROUND IN THE STUDY OF CULTURAL VALUES

The article analyzes the country's achievements in the field of cultural and civilizational development, specific issues of achieving these achievements. In today's globalized world, the information struggle is gaining momentum. Only a country that has not lost its national cultural values develops in a world of opportunities to preserve the laws that characterize its national identity and national statehood. And for modern Kazakh culture, consideration of cultural heritage from the point of view of national values, their modernization, preservation, promotion, promotion is a complex political and social issue that is very relevant. This issue requires special cultural analysis.

Keywords: Culture, values, social, national identity, interests, national statehood, spiritual culture.

Кіріспе. Мәдениет адамзат өміріндегі мәдени ықпалдасудың, қоғамдық тұтастықтың ең негізгі және ең қауіпті қүші деп айтуға болады. Қоғамның біртұтас қүш ретінде үйісуына, үлттың үлкен әлеуметтік топ ретінде топтасуына мәдениеттің тиғіз ықпалы ете зор. Кез-келген үлттық мемлекеттің қалыптасу үрдісін үлттық мәдениетсіз елестете алмаймыз. Өйткені әр қоғам ортақ рәміздер, ортақ мәдени құндылықтар, ортақ тәрбие мен білім беру нәтижесін дұрыс

пайдалану барысында өзінің жасампаздығын тұтас жүзеге асыра алады.

Қазақ қоғамының қалыптасуы, оның түрлі әлеуметтік топтарының үлттық деңгейге жету тарихы ерте кезден басталғаны енді дәлелденуде. Әр тарихи дәуірдің өзіне тән мәдени даму деңгейі қалыптасы. Қазақстан тарихына жүгінсек, қазақ үлттының қалыптасу этногенезінде мәдениеттің дамығанын дәлелдейтін материалдық және рухани деректер

баршылық, олар әлі де іздестіріліп зерттелуде. Қазіргі қазақ қоғамы өзінің поліэтностиқ сипатымен, мәдениеттердің сан алуандығымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер алуан сипатқа ие. Бірақ қазақ қоғамының олардан ерекшелігі ұзақ жылдар бойы алдымен патшалық Ресейдің, кейіннен Кеңестік биліктің тұсында өзінің төл мәдениетінен күштеп қол үздірілді. Қазақтар туған тарихынан, тілінен, дінінен, ділінен, шаруашылығынан жартылай айрылды. Устемдік саясатта мәдениеттің ұлт өміріндегі біріктіруші күш екендігі білінбеді, өз мәдениетіне ие бола алмады.

Қазіргі қазақ әлемі мен мәдениетін үлттық дәстүрдің таза жалғастыруышы тұтас сарын деп айта алмаймыз. Бүгінгі ақпараттық заманда, ақпараттық құралдар мен заманауи технологиялар ғасырында қоғамның мәдени дамуы сырттан келген мәдени-рухани ық-палдарға ұшырап отыр. Қазір жаһандану дәуірінде қай үлттық рухани мәдениеті күшті болса, сол үлт жаңа тарихи, саяси-мәдени жағдайларда өмір сүруге бейім екенін танытуда. Рухани мәдениеті әлсіз елдердегі ассимиляцияға ұшырап, өз-өзінен жойылуда. Бұл адамзат қоғамының дамуындағы занды құбылыс. Оған ешкім де қарсы тұра алмайды.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақалада сипаттау, тарихи-сағылыштырмалы, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелуе, тарихи-мәдени, әлеуметтік, т.б. әдістер қолданылды. Мақаланы жазу барысында Ә. Нысанбаев, А. Сейдімбек, Д.Кішібеков, Т. Ғабитов, А. Айтапы, Ә. Фали, Ж. Молдабеков, А. Шәріп төрізді белгілі ғалымдарымыздың қаламынан туындаған еңбектер пайдаланылды.

Талдау. Қазіргі жаһандану қарқынында ақпараттық курес ашық та пәрменді күш алуда. Енді не-ні байқаудамыз, нені ескереміз? Үлттық мәдениң құндылықтарын жоғалтпаған елдер ғана әлемде өзінің үлттық болмысын, төл бағыт-бағдарын, өз мүддесін, үлттық мемлекеттілігін сақтап қалуға барын салып бағып, осы жолда бүрыннан бар әдіс-тәсілдерін барынша жетілдіруде. Ал қазіргі қазақ қоғамы үшін мәдени мұраны үлттық құндылықтар түрғысында қарастыру, оларды жаңғыру, сақтау, дәріптеу, насиҳаттау үлкен өзектілікке ие болып отырған күрделі саяси-әлеуметтік мәселе. Бұл мәселе арнаулы мәдениеттанулық талдауды қажет етеді.

Ұлттық идея қазақ халқын қоғамда топтастырушы фактор, елдің мемлекеттік тіліне жұмылдырышы қуат, мемлекетті құруға лайық құқық. Өтпелі кезеңде және одан кейінгі кездердегі даму барысында, Қазақстанда бірнеше үлгілер ұсынылды және ұлттық идея төнірегінде қызу пікірталастар журуде.

Елбасының «Интеллектуалды үлт – 2020» үлттық жобасын ұсынғандағы мақсаты – жан-жақты дамыған білімді, мәдениетті, отаншыл, үлтжанды үрпақ қалыптастыру – жоғарыда аталған идеяларда жалғасын табу еді.

Елбасы Н. Назарбаев үш негізгі нысанды – қоғамды саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан жаңғыру, интеллектуалды үлттық қалыптастыру, болашақта қазақ мемлекетінің негізін нығайту мәселелерін стратегиялық бағыт-бағдар ретінде ұсынды. Тарихи және әлемдік тәжірибе көріністерінен бай-қағанымыз үлттық рухани-мәдени мұраларын сақтап-дәрілтегендегі ғана еліне, тұған жеріне адам және жұмыла қызымет етеді. Қазақстанның ел болып жаңаруына, өзіндік даму жолын қалыптастыруға ерекше ықпал ететін халықтық дәстүрге, рухани faktorға, интеллектуалды мәдениетке сұраныс артуда (Назарбаев 2014).

Қазіргі заман талаптарына сай бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіреміз деп жатқан кезде, өркениетке аяқ басқан елімізде әрқашанда өзіндік бірегейлік пен ерекшелік жойылмауы керек, сондықтан да қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени мұралары мен рухани қазынасын зерттеу бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселелеге айналуда.

Қазақстандық қоғамның жаһандану жағдайындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер барысында үлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаңа қоғамдық қатынастарды, оған жауап беретін үлттық идеяны қалыптастырудың ғылыми алғышарттарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Әрбір қазақтың өзін-өзі тануы адамдардың өмірінің негізі мен бағдары қоғамдағы әлеуметтік және мәдени саладан көрініс табады.

Зерттеу нәтижелері. Галымдар үлттық идеяны ақыл тараразысынан өтіп халықтың басым белгі қабылдаған үлттық құндылықтар жүйесі деп түсінеді. Үлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени мұраларды жаңғырту үрдісі мен әлемдік өркениет ықпалымен туындаған жаһандану процесінің арақатынасында қарастырылуы тиіс.

«Ұлттық идея негізгі 4 тіректен құралады», – дейді Р. С. Арын. Фалымның пайымдауынша, олар: 1) идеологиялық негізі: ұлттық идеяның бүл негіздегі құраушылары дәстүрлі құндылықтар, моральдық – өнегелі дәстүрлер, салауатты жоғарғы деңгейдегі ақыл-ес және де саяси жоспардағы саяси центризм; 2) мәдени-әлеуметтік негіздегі Ұлттық идеяның – ментелиттің жалпылығы, бірлігі, әлеуметтік экономикалық бағыты, мәдени дәстүрі т. б.; 3) әлеуметтік-экономикалық негіздегі Ұлттық идея – шаруашылықтану типі жинақталынған (бүтінделген) ұлттық экономикалық комплексте негізделген, жалпы және жеке тен құқықтыққа қызығушылық, әлеуметтік бағытталған рыноктық қатынасты реттеу; 4) геосаяси негізіндегі ұлттық идея – мұдде және қауіп-қатердің жалпылама жүйесі, ұлттық қауіпсіздікің жеке приоритетін жасау (Назарбаев 2004). Ұлттық идеяның қалыптастыруда қазіргі кезде көптеген зиялыштар мен қоғам қайраткерлері оны жан-жақты қарастыра отырып өз пікірлерін ұсынуда.

Ә.Нысанбаев, А.Сейдімбек, Д. Кішібеков, Т.Фабитов, А. Айталы, Ә. Фали, Ж. Молдабеков, А.Шөріп тәрізді белгілі ғалымдарымызың қаламынан туындаған еңбектері қоғамдық санаға иғі әсер еткені сөзсіз (Нысанбаев және т.б., 2007: 246).

Ұлттық тәрбие бастауы – ұлттық құндылықтар дейтін болсақ, біз өркениеттік құндылықтарға жету үшін ұлттық құндылықтарымызды өз деңгейінде зерттеп, келер үрпаққа аманат етуіміз керек.

XIX–XX ғғ. құндылық туралы ғылыми қөзқарастар мен қызығушылық басылған емес, қайта мәдени құндылық мәселелерін ғылыми ізденистің обьектісі ретінде зерттеу дәстүрлери қарқындауда. Сонымен «құндылық» ұғымына түрлі мән-мағына енгіzlді, оның түрлі ерекшеліктері тізіліп берілді, әрқалай анықталды. Кең мағынада, құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі, себебі, адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Құндылықтар әлемі – мәдениет әлемі; адамның ішкі дүниесінен тыс, мәнгі, идеалды әлем; «тірілген нәрселер әлемі». Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санаасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Құндылық – адамданырылған дүниенің бастаулары: нәрселердің, заттардың, құбылыстардың тұлғалық-әлеуметтік өлшемдері, бағалану деңгейлері (Дюргейм 1991: 23).

Мәдениет арқылы құндылық адамдық болмыстың бір тірегіне айналады. Өзімен-еzi бейтарап нәрселер мәдениет өрсіне енгеннен кейін, пайдалы, әдемі, қажет, ұнамды т. б. бола бастайды. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу үдерісіндегі қалыпты, қайрымдылық, сұлтулық, әділеттілік идеалдарын басалқы демейтін бастаулар және нәрселер. Әр заманың, адами болмыстың осындай өлшемдері құндылық пен дүниетанымға деген көзқарасты қалыптастыруды, өмір мен өнерге деген түсініктеді іріктеуге үйіткілік етті. Фалымдардың ой-тоқтамдары осындай тұжырымға тіреледі (Артановский 1967: 56) Сонымен қатар кез-келген өркениет пен этностар арасында «Басқа мәдениет»

Құндылық дегеніміз – адамдар арасындағы қарым-қатынасының сипаты, адам еңбегінің жемісі, өмір сүруінің құралы мен жағдайы, шынайы өмірдің мәні мен құбылысы болып табылады. Жеке тұлғаның тұлға ретінде дүниетанымының қалыптасуына құндылық дүниесінің ықпалы зор. Өмірдің әр саласындағы адамдардың рухани, әлеуметтік дамуына қатысын айқындайтын, олардың білімдерінің, көзқарастарының, сенімдерінің және идеяларының жүйесін қамтитын сананың бір түрі деп қарауға болады.

Құндылық бағдары – әлеуметтік тәжірибелі, эстетикалық, этикалық және субъект үшін маңызы зор жеке құндылықтар мен бағдарлар болып табылатын басқа да айналадағы болмыстың маңызына қарай бағалай білудін негіздерін игеру үдерісі. Адамың құндылық бағдарлауының дамуы әлеуметтік дамудың барлық зандарымен тығыз байланысты. Ол жеке тұлғаның, маңызды саласын және қоғамдық құрылымдағы алатын орнын, әлеуметтік қасиетін сипаттайтын.

Құндылық – адамдардың қабілеті мен мүмкіндіктерінен шыққан әрекеттердің қажеттілігі. «Құндылықтар – қасиеттер. ... бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындайды» (Алтаев және т.б., 1998: 22)

Сол себепті адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің сыртқы, қоғам үшін керекті жақтарын қамтиды. Жеке тұлғаның, құндылығының бір саласы – адамгершілік, иманжүзділік нормасы. Иманжүзділік нормасы қоғамың өзгеріп отыруына байланысты, сондай-ақ әр адамың идеалы мен ұстанымымен айқындалып отырады. Сонымен иманжүзділік құндылық қүнделікті тұрмыстағы тәртіп ережесі немесе өзін-еzi ұстая ерекесі – ата-ана мен балалар арасындағы бір-біріне деген қамқорлық сезімі, «ұлкенге – құрмет, кішіге – ізет», адалдық, шынышылдық, сөзде тұрушылық, сылайыгершілік, ешкімнің «ала жібін аттамау», азаматтық борыш, әділдік, ар-ождан, намыс, т. б. ұстанымдармен бағаланады. Ал азаматтық борыш имандылықтың толысувының нәтижесінде туындаиды. Имандылық борыш – қоғамдық борыш, сондай-ақ оны ерлік, тұрақтылық, дұрыс пікірін қорғай алушылық, қыын сәттерде іс-әрекеттерді оңтайлы шешүге деген талпынысы, кездескен қыншылықтарды жеңу жолындағы ұстанымы, жауапкершілік міндегі деп атауға болады (Хасенов 1988:11)

Қорытынды. Құндылық бірлестіктерінің арасында ұлттық мәдениет ерекше орын алады. Құндылық деңгейінде ұлт пен этности тенестіре қарастырып отырғанымыз, осы бірлестіктердің мәдени және табиғи негіздерінің жақындығын да байқауға болады.

Халқыныздың өзіне тән қайталанбас тарихы, ешкімге ұқсамайтын мәдени құндылықтары бар. Ал

Қазақстанның тәуелсіздігіның берген сайын осындай «Қазақстанның мәдени мұра құндылықтары» жаңа мазмұнмен кеңінен айшықталуда. Әлеуметтік-саяси қоғамдық құндылықтар жүйесінің ең динамикалық және өзгермелі элементтері жатады. Қазақ әлемінде мұндай құндылықтарға отбасы, ұлттық салт-дәстүр, ел-жүртараталық қарым-қатынастар, мемлекет, адам құқығы жатады (Сейдімбек 1997: 11)

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Артановский С.Н. Историческое единство человечества и взаимовлияние культур: Философско-методологический анализ современных зарубежных концепций. – Ленинград, 1967 – С. 256.

Дюргейм Э. О разделении труда. Метод социологии – Москва, 1991. - 423c.

Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар: ғылыми мақалаларының жинағы. – Алматы, 2007. – Бөлім 2. – 246 б.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазанды № 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459>

Назарбаевтың Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптастан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы // 14.12.2012. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

Сейдімбек А. Қазақ әлемі: Этномәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – Т. 3 – 11 б.

Философия және мәдениеттандыру: оқу құралы / құрастыр. Алтаев Ж., Қасабеков А., Габитов Т. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 272 б.

Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы (XVI-XVIII ғ.). - Алматы, 1988 – 11 б.

REFERENCES

Artanovskiy S.N. Istoricheskoye yedinstvo chelovechestva i vzaimovliyanije kul'tur: Filosofsko-metodologicheskiy analiz sovremennykh zarubezhnykh kontseptsiy. [Artanovsky S.N. Historical unity of mankind and mutual influence of cultures: Philosophical and methodological analysis of modern foreign concepts].– Leningrad, 1967 - P. 256. [in Russian].

Dyurkgeym E. O razdelenii truda. Metod sotsiologii – [Durkheim E. On the division of labor. Method of sociology – Moscow, 1991. - 423p. [in Russian].

Qazaq mädenietindegi dästürler men innovaciyalar: ǵılımı maqalalarınıň jınağı. [Traditions and innovations in Kazakh culture: a collection of scientific articles.]- Almaty, 2007. - Section 2. - 246 p.

Qazaqstan Respwblikası Prezidentiniň 2004 jılıǵı 11 qazandağı № 1459 Jarlıǵyмен bekitilgen Qazaqstan Respwblikasında bilim berwdi damitwdiř 2005-2010 jıldarǵa arnalǵan Memlekettik baǵdarlaması. [State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2005-2010, approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated October 11, 2004 № 1459]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459>

Nazarbayev N.Ä. «Qazaqstan-2050» strategiyası qalıptasqan memlekettiň jaňa saysı baǵıtı» attı Qazaqstan xalqına joldawi. [Nazarbayev's N.A. Address to the people of Kazakhstan «Strategy» Kazakhstan-2050 «- a new political course of the established state»//14.12.2012]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.

Seydimbek A. Qazaq älemi: Étnomädeni payımdaw:oqw quralı. [Seidimbek A. Kazakh world: Ethnocultural thinking: textbook]. Almaty: Sanat, 1997. - T. 3 - 11 p.

Filosofiya järene mädeniettanw: oqw quralı / qurastır. Altaev J., Qasabekov A., Čabitov T. [Philosophy and Cultural Studies: Textbook / Compiler. Altaev Zh., Kasabekov A., Gabitov T.]. - Almaty: Seven Charters, 1998. - 272 p.

Xasenov Ä. Qazaqstan mädenieti men öneriniň tarixi (XVI-XVIII ғ.). [Khasenov A. History of culture and art of Kazakhstan (XVI-XVIII centuries)] – Almaty, 1988 - 11 p.

Нұржан ЖЕТПІСБАЙ¹,

¹тарих магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы қ. E-mail: nurzhan976@mail.ru

ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСІНДІК ЖАЛЛЫ СИЛАТЫ

Мақалада Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс қысқаша сипатталады. Патша үкіметі Елек тұз қасіпшілігін қорғау желеуімен әскери шеп тұргызыбақ ниетімен Елек өзенінің екі жағалауын да қазақ қауымдарынан босатуды талап етті. Бұл жерлер жергілікті қазақ ауыл-аймақтарының бұрыннан қыстап-жайлап келген қолайлы мекендері болатын. Жердің тартып алдынуы қазақтың заңды ашуызасын туғызды. Оған дейін орыс шебіне жасалып келген ұсақ жорттуылдар бір күшке біріктіріліп, Жоламаның ұйымдастыруымен алдын ала жоспарланған ірі көтеріліске ұласты. Атапған азаттық курсес үзілістерімен 1822-1840 жж. аралығында болып етті. Ол 1837 ж. Кенесарының курсес майданымен қосылды. Жоламан көтерілісі – Отан тарихындағы аса ірі оқиғалардың бірі. Тарихтағы өз орны мен маңызына қарамастан бұл ұлт-азаттық көтеріліс толық зерттелмеген.

Кілт сөздер: Жоламан Тіленшіұлы, көтеріліс, шабуыл, шеп, Елек, бекініс, форпост, Ресей империясы.

Нұржан Жетпісбай¹,

¹магистр истории, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова, Казахстан, г. Алматы. E-mail: nurzhan976@mail.ru

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ВОССТАНИЯ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИУЛЫ

В статье кратко излагаются восстание под руководством Жоламана Тленшиулы. Царское правительство потребовало освободить оба берега реки Элек от казахской общины, чтобы построить военный рубеж для защиты Элекского соляного поля. Захват земли возмутил казахскую общину. До этого небольшие набеги на российскую границу объединялись в запланированное Жоламаном масштабное восстание. Данная освободительная борьба с перерывами происходила в 1822-1840 гг. Она была направлена против колониальной политики Российской империи. В 1837 г. объединилась с фронтом борьбы Кенесары. Восстание Жоламана является одним из крупнейших событий в истории Отечества. Несмотря на свое место и важность в истории данная национально-освободительное восстание полностью не исследована.

Ключевые слова: Жоламан Тленшиулы, восстание, нападение, линия, Илек, крепость, форпост, Российская империя.

Nurzhan Zhetpisbay,¹

¹master of history, Institute of History and Ethnology named after Ch. Valikhanov, E-mail: nurzhan976@mail.ru

GENERAL CHARACTERISTICS OF THE ZHOLAMAN TLENSHI UPRIISING

The article summarizes the uprising under the leadership of Zholaman Tlenshyuly. This liberation struggle took place intermittently in 1822-1840. It was directed against the colonial policy of the Russian Empire. In 1837, it United with the Kenesary struggle front. The Zholaman uprising is one of the largest events in the history of the Kazakhstan. Despite its place and importance in history, this national liberation uprising has not been fully investigated.

Keywords: Zholaman Tlenshyuly, uprising, attack, line, Ilek river, fortress, outpost.

Кіріспе. Қазақ даласында сырт ықпалдарға қарсы бағытталған қурестер мен қарсылықтар жеке бір тарихи кезеңді құрайды. 1822 ж. Батыс Қазақстанда бастиған Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс – Ресей отарлауына қарсы ұйымдастырылған алғашқы ірі науқандардың бірі. Ол патша үкіметінің әскери шеп жасақтау мақсатында қазақ жерлерін тартып алуына қарсы тұтанғанымен түпкі себептері отарлау мен сыртқы ықпалдың қүшесінде қарсы аса ірі наразылықтың құраған еді. Ел қалған тұлғалардың билікке жіберілмеуі, хан болуға негізгі үміткер Арынғазының елге қайтарылмауы орыс үкіметіне деген наразылықтарды қүшейте түсті. Мұның үстіне XIX ғ. алғашқы онжылдықтарында Батыс Қазақстанда аса құрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қалыптасты. Мықты биліктің болмауынан, кейбір сұлтандардың хандық үшін жүргізген қарулы

қурестерінен, басқа да себептерден Кіші жұз рулары арасында өзара алауыздықтар мен қақтығыстар өршіп тұрды. Толассыз талас-тартыстар мен жұттардың әсерінен жергілікті халық зор қүйзелістерге ұшырады. Көптеген адамдар қунқөріс қамымен орыс шебіне өтіп жалдануға, қазак қатарына өтүге мәжбур болды. Осындай қысылтаяң қездерде Жоламан бастаған көтеріліс бұқаралық сипат алды. Көтеріліс пен оның күрделі кезеңін зерттеу, деректер негізінде көптеген ақтаңдақ тұстарын бүгінде аса өзекті болып отыр.

Материалдар мен әдістер. Жоламан көтерілісінің басты материалдары –архивтік деректер. Басым бөлігі бұрын жарық көрмеген, ғылыми айналымға енгізілмеген дереккөздер Қазақстан мен Ресейдің орталық архивтерінде сақталған. Бұл деректер кейбір басқа көтеріліс материалдары тәрізді дербес істерге топтаспаған. Құжаттар арнайы осы көтеріліс

атауымен кездеспейді. Оның бүкіл сипатымен, барысымен танысу сол кезеңдегі әрқылды деректерді толықтай шолып шығуды талап етеді. Олардың өзі көп жағдайда үзік-үзік болып келеді. Дереккөздерді толықанды шолу, талдау жасау өрі игеру, өзара байланыстарын анықтау үзақ уақыттар мен еңбектерді талап етеді. Жоламан көтерілісіне байланысты кейбір қосымша және жанама материалдар көрсетілген екі елдің орталық кітапханаларында, тәңкөріске дейін жарық көрген біршама еңбектерде ұшырасады.

Мақала тікелей архивтік құжаттарға және бірқатар еңбектерге сүйеніп жазылды. Әр алуан архив құжаттарынан көтеріліс қымылдарының жалпы сипатын байқауға болады. Бұл мәліметтерді Жоламан бастаған дала билері мен батырларының патшалық билік орындарына жазған хаттары, әртүрлі дәрежедегі ресейлік басқарушы және әскери шенеуніктердің әр түрлі мазмұндағы іс қағаздары мен жазбалары, басқа да қазақ әкілдерінің, хан мен сұлтандардың жолдаған хаттары, шеп командирлері мен бекініс басшыларының рапорттары, жазалаушы әскер басшыларының жазбалары мен есептері, басқа да көптеген сан түрлі іс қағаздары мен құжаттар құрайды. Мақала объективтілік пен тарихиңк принциптерді негізге алғып, жүйелі талдау, сипатталғандау, салыстырмалы-тарихи талдау және басқа да әдістерді қолдана отырып даярланды.

Талдау. Жоламан бастаған көтеріліс тақырыбы арнайы зерттелмеген. Бұл оның жоғарыда аталғандай архивтік құжаттарының шашыранқы болып келуінен де болуы мүмкін. XIX ғасырдағы патшалық дәүірде де бұл оқиғалар көбіне шағын сипаттамалар деңгейінде ғана кездеседі. Сол замандағы ресейлік әскери зерттеушілер Л.Мейер, И.Бларамберг, М.Терентьев, т.б. еңбектерінде архивтік мәліметтерді толықтыра түсетін жанама материалдар ұшырасады. Осы авторлар Жоламан күресінің әр кезеңдерін суреттеп, кейбір сәттерін қысқаша атап өтті. Ресей Бас штабының офицері, полковник Бларамберг өзінің 1848 ж. шыққан әскери-статистикалық кітабында қазақ сарбаздарының Жаңа Елек шебіне жасаған шабуылдарын сипаттады. Жалпы көтеріліс жөнінде атамаса да автор бұл шабуылдарды ерліктерге толы, асқан жанқиярлықпен жасаған әрекеттер ретінде әділетті атайды. Келесі Бас штаб офицері Мейер де өз еңбегінде қазақтардың шепке шабуылдары мен оларға қарсы шығарылған жазалаушы әскердің кейбір қымылдарын атап өтті. Белгілі әскери зерттеуші Терентьев 1823-1825 жж. көтерілісті жазалауға шығарылған үкімет әскеріне біршама толығырақ тоқталды. Одан бөлек Жоламанның күрес алаңынан кеткен ғұмырының соңғы жылдарына қатысты маңызды бір оқиғаны да толық суреттеп өтеді.

Жоламанның азаттық күресі кеңестік дәүірде де, одан кейінгі тәуелсіздік жылдарында да арнайы зертте тақырыбына айналған жоқ. Дегенмен кеңестік кезеңнің алғашқы онжылдықтарында (1926-1941) көтеріліске тарихшы-ғалымдар А.Ф.Рязанов пен М.П.Вяткин біршама тоқталды, мұрагаттарға негізделген басты оқиғаларын сипаттады. 1943 ж. жарық көрген «Қазақ ССР тарихының» алғашқы басылымына енгізілді. Белгілі тарихшы Е.Бекмаханов өзінің 1947 ж. жарық көрген монографиясында атап өтті. Алайда бұл еңбектердің бәрі көтерілістің барысын шолумен шектелді. Тәуелсіздік жылдарында жекелеген зерттеушілердің Жоламан көтерілісіне арналған бірқатар мақалалары жарық көрді. Қорыта айтқанда бұл тақырып іргелі мүқият зерттеулерді қажет етеді.

Нәтижелері. Ж.Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс – қазақ жеріндегі аса ірі және үзаққа созылған қарсылықтардың бірі. Ол 1822 жылы басталып, үзілістермен 1840 ж. дейін жалғасты. Ресей империясының отарлау саясатына қарсы бағытталды. Негізгі жетекшісі – атақты батыр әрі би, тархан Жоламан Тіленшіұлы. Көтеріліс қымылдары 1822-1826 жж. Батыс Қазақстанда Елек, Ұлы Қобда, Шыңғырлау бойларынан оңтүстікте – Жем, Сағыз, Ойыл, Темір, Солтүстік Устірт өнірлеріне дейін тарады. 1837-1840 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған күрес ошағымен бірігіп, Торғай, Үргызыз далаларына және Сырдарияның төменгі тұстарына дейін ойысты.

Көтерілістің басталуының негізгі себептері – XIX ғ. алғашқы ширегінде Батыс Қазақстандағы бірқатар әлеуметтік-саяси жағдайлар, өнірдегі қазақ қауымдарының ауыр қысымдарға ұшырауы. Бұған бірінші кезекте сыртқы факторлар да әсер еткен еді, аталған кезеңде Ресей империясының қазақ даласына қатысты отарлау шаралары жедел қарқынға ие болды. Империя онсыз да саяси бытыраңқы Кіші жүздегі хандық басқаруға белсенді араласып, мықты билеушілерді билікке жібермеді. Хандыққа әлсіз әрі жігерсіз әкілдерді бекітіп, мұдделі әрі жоспарлы түрде хандық биліктің әлсіреуіне итермеледі. Күйршақ хандардың басқаруларынан Кіші жүзде аса ауқымды саяси дағдарыстар орын алғып, жергілікті билік құлдырауға ұшырады, ел ішінде өзара алауыздықтар, барымталар мен қақтығыстар көбейді. Отарлық қысымның күшеюі мен орыс үкіметіне ғана арқа сүйеген күйршақ хандардың билігіне қазақ қауымдары арасында наразылық күшейді (Жетпісбай, 2017:120).

Көтеріліс қарсаңында XIX ғасырдың басына қарай қазақ даласы солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс жақтарынан түгелдей дерлік ресейлік әскери шептермен қоршалып, құрсалды. Солтүстік шекаралар батыстан шығысқа дейін созылған әртүрлі бекіністерден, форпосттардан, редуттардан тұратын үздіксіз шептермен шектесіп жатты. XVIII ғ. ортасына таман құрылған Орынбор шекаралық шебі ен мықты шептердің бірінен саналып, жалпы ұзындығы 2000 шақырымға дейін созылды. Бұл шеп бірнеше тармақтан тұрды; төменгі Жайық шебінде 6 бекініс, 14 форпост, бір қалашық болса, жоғарғы Жайық шебі – 9 бекініс, 16 форпост, Үй шебі – 8 бекініс пен 9 редуттан құралды. Алдыңғы екі шеп жеке Жайық шебі дең та аталды. Белгілі әскери зерттеуші М.Терентьевтің жазуына қарғанда, Орынбор шебінде барлығы 23 бекініс пен 27 редут болған (Терентьев, 1906: 74). Орынбор өлкесінің тарихы бойынша белгілі авторлардың бірі В.Н. Витевский 700 верст (750 км жуық) қашықтықтан аса созылатын Төменгі Жайық шебі – Гурьев, Кулагин, Калмыков, Елек және Жайық (Орал) қалашықтарынан бөлек төрт бекініс пен 19 қазақ форпостынан тұратындығын, 561 верст (598,5 км) созылған Жоғарғы Жайық шебінде 9 бекініс, 16 редут; ал осы соңғы шептен басталатын Үй шебінде (753 верст – 803 км) 9 бекініс, 9 редут болғанын көрсетеді (Витевский, 1897: 276-277). Жоғарғы Жайық шебінің өзі Красногорская және Орская дистанцияларына бөлінсе, Үй шебі де төменгі және жоғарғы дистанцияларға бөлінді.

Көтерілістің шығуна патша үкіметінің Жайық пен Елек өзендерінің аралығындағы қазақ жерін Елек тұз басқармасына беріп, оны қорғау желеуімен Ново-Илецкая атты жаңа әскери бекіністер шебін салуы тікелей себеп болды. 1811 жылдан құрала бастаған бүлшеп 1822 ж. қарай алты форпосттан, бір редут және бекіністен тұрды. Елек өзенінің оң жағынан әскери

бекіністер тұрғызылып, Елек пен Жайық аралығына қазақтардың қоныстануына мүлдем тыйым салынды, осы аралықты мекендеген Табын руының ең қолайлы жайылым жерлері күшпен тартылып алынды. Бұған қоса қазақ жалпы Елек өзенінің бойына 15 верст (16 км) жерге дейін жақын келуге тыйым салынды. Аталған өнірлерді бұрыннан мекендердеп келген қазақ өзен-көлдерге, орман-тогайларға, жайылымдарға бай төл қоныстарынан ығысуға мәжбур болды. Бұл патша үкіметінің қазақ даласын отарлаудағы, соның ішінде қазақ жерін тартып алудағы ең үлкен шараларының бірі саналды. Көрсетілген кезеңде Жайық казак әскері Нарын құмдарын, Үлкен Өзен, Кіші Өзен бойларын да басып алды. Көтерілістің келесі бір үлкен себептерінің бірі – бұкіл Кіші жұз бер Орта жүздің бір бөлігінің сүйікті билеушісіне айналған, дала өнірлерінде алауыздықтарды тыйып, әділдік пен тәртіп орнатқан Арынғазы Әбілғазыұлы сұлтанның себепсіз Ресейде үсталуы еди. Ел басқаруға бірден-бір қабілетті халық қалаулысының билікке жіберілмеуі, оның елге қайтарылмауы халықтың занды наразылығын туғызды. 1822-1826 жж. Жоламанмен бірге бұл көтеріліске тен дәрежеде Кіші жүздің белгілі тұлғалары, атақты батырлар (бiller) – Асау Баракұлы, Жаналы Игібайұлы, Құттыбас Төлепұлы, Сүйінқара Ургенішбайұлы, Дербісөлі Қығылықұлы жетекшілік етті. Бұлардан бөлек шабуылдарды басқарған жекелеген сардарлар да өте көп болды.

Көтеріліс 1822 ж. көктем-жаз айларында үйимдасқан түрде басталды. Архив деректеріне қарағанда ол 1821 ж. сонынан бастап мұқият жоспарланған. Жоламан мен оның серіктері көптеген кеңестер өткізіп, әр қадамдарын ақылдастып шешіп отырды. Олар мәселенің бейбіт шешілүіне үлкен назар аударды, өтініш-талараптарын алдымен хаттар арқылы білдірді. Орынбор өлкесінің губернаторы П. Эссенге, Жайық казак әскерінің атаманы М. Бородинге Жайық пен Елек аралығындағы жерлерді, Нарын құмдарын қайтаруды, салынған форпосттарды алып тастауды, Арынғазы сұлтанды елге қайтаруды талап еткен хаттарын жолдады. Өз өтініштері жауапсыз қалған соң ғана көтерілісшілер орыс шептеріне жасалатын шабуылдарды жоспарлады. Бородинге жазылған хаттеп танысқан Орынбор Шекара комиссиясы оған «әртүрлі әдепсіз талараптармен толтырылған» деп баға берген болатын (ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 1856-ic, 155-п.). Азаттық күреске даярланған ру болімдері сол тұста 2000-ға жуық шаңырақтан тұрды және Қалдығайты, Бұлдырыты, Ойыл, Қыыл өзендерінің аралығын, Ұлы Қобданың салаларын мекендеді.

Талапқа құлақ аспаған соң көтерілістің алғашқы кезеңінде (1822-1826) орыс шептеріне жүзделген шабуылдар үйимдастырылды. 1822 ж. Жаңа Елек шебінде құрылған алты форпосттың барлығы бірдей Жоламан әскерінің шабуылына ұшырады. 1822 ж. 31 шілдеде көтерілісшілер Изобильный мен Линевский форпосттарына бірдей шабуыл жасады. Бұларды Жаналы мен Құттыбас батырлар үйимдастыруды. Тамыз айының басында Жоламанның өзі мен сардарлары бастаған жасақ бірнеше казакты тұтқынға түсіріп, Бурунның форпосттарына шабуыл жасауды жоспарлады. 29 тамыз күні 500 сарbaz қарауыл бекеттерінен өтіп, Ветлянский форпостына шабуыл жасады. Архив құжаттарына қарағанда, сарбаздар бес бірдей ту ұстаған, түгел қаруланған және бекіністі қатты айқаймен, шынғыра ұрандатып оқ ата шабуылдаған. Форпост казактары көрши Мертвецкий және Изобильный форпостынан шұғыл

көмек шақыруға мәжбур болған. Шабуыл кезінде сарбаздар Ветлянский форпостының командирі хорунжий Печенкинге орыстарды «өз Електерінен көтіретіндерін, ал форпостты өртейтіндерін» айтып қорқытқан. Бұлар жөнінде Ново-Илецкая шебінің командирі есаул Аржанухиннің Орынбор Шекара Комиссиясына жолдаған рапортында баяндалды (ҚР ОМА. 4-к., 1-т., 4700-ic, 1-п.). 4 қыркуйекте қазақ сарбаздары Ново-Илецкая шебінің келесі форпосты Сухореченский шабуыл жасап, бірнеше казакты тұтқындағы. 1822 ж. 9 қазанды 250 адамдық жасақ Бурунның форпостына шабуыл жасап, казактар жүздігінің тойтарысына тап болды. Көтерілісшілерге Елек бойынан қосымша тағы 250 сарбаз қосылып, шабуыл қайта жалғасты. Шайқас кезінде сарбаздар бес казакты өлтіріп, бірнешеуін жарапады, көп мөлшердегі астық пен шөп қорларын өртеп кетті (РМТА. 1291-к., 81-т., 90-ic, 129-п.). Осы шабуылды туралы форпост командирі сотник Свиридов император Александрың өзіне өтініш жазып, шабуылды үйимдастырушыларды қолға түсіру жөнінде жарлық беруін сұрады.

1822 ж. тамыз айының сонында орыс шептеріне шабуыл жасаумен тұрақты айналысқан сарбаздар саны 1 мың адамнан асты, қазан айының басында 2 мынға жетті. Жалпы көтерілісшілер ордасының бірнеше мың адам шығара алатын әлеуетті болды. Бірақ қөптеген шабуылдар мен жортутылдар таңдаулы аз адамдық топтартмен жасалды. Аржанухиннің мәліметі бойынша, қазақ сарбаздары мылтықтармен, найза-қылыштармен қаруланған, сауыт-саймандар киген және жорықтарға үнемі 2-3 қосарлы жарава аттармен шығып отырған. Шабуылдар легі басталған тұста көтерілісшілер өз ауыл-аймақтарын шептеп қашығырақ Ойыл, Қыыл, Сағыз өзендерінің бойларына жіберді. Бірқатар ауылдар Шынғырлау, Қобда бойларында да қалды, дегенмен көтерілістің алғашқы кезеңінде оның негізгі ордасы әрі тылы Ойыл, Қыыл, Жем, Сағыз өнірлері болып табылды.

Кіші жұз ханы Шерғазы Жоламан бастаған көтерілісшілерден қатты қауіптенген. Сарбаздар орыс үкіметінің ықпалынан шыға алмайтын Шерғазы хан ауылдарын да шаппақ болды, олар ханға үкіметтің саясатын жүргізгені үшін өшіккен. 1822 ж. қазан айында ғана Шерғазы хан Орынбор губернаторы Эссенге үш хат жолдап, өз ауылдарымен Жайықтың арғы бетіне өтіп қыстауға рұқсат сұрады. Көтеріліс ауқымынан биліктің құрышқа ханы Шерғазы ғана емес, Петербургтегі үкімет орындары да қауіптеніп, 1822 ж. қарашаның басында Сыртқы Істер министрлігінде ол арнайы мәжілісте талқыланды.

Көтерілісшілердің орыс шебіне шабуылдары келесі 1823 ж. да жалғасты. Сол жылдың ақпан-наурыз айларында Жоламан, Асау, Сүйінқара батырлар даладағы қазақ ауылдарын өздеріне қосылуға шақырып жаушылар жіберді. Мұндай үндеулердің нәтижесінде көтерілісшілер ордасына қосымша 2000-ға жуық адам келіп қосылды. Бұлардың барлығы орыс шептеріне шабуыл жасауға дайын болған. 1823 ж. мамыр айында көтерілісті басуға үлкен жазалау әскері шығарылды. Оны 1812 ж. орыс-француз соғысына қатысқан полковник Ф. Берг басқарды. Жеке үш жасаққа бөлінген жазалаушы әскер барлығы 2382 адамнан, 8 зенбіректен тұрды. Бұл – қазақ даласына шығарылған ең үлкен әскери командалардың бірі. Осындағы мұздай қаруланған қаһарлық әскерге көтерілісшілер тайсалмай қарсы тұрып, жасақтардың үшінде де сарбаздардың шабуылдарына ұшырады. Бергтің өзі басқарған жасақ жан-жағынан қаумалаган

қазақ сарбаздары арасынан асқан қыныңдықтармен жылжыса, полковник Циолковский жасағы да осындау күй кешіп, қазақтардың басқа тобымен шайқасқа түсті. Бұл шайқаста қазақ жасағы жан аямай соғысып, бірде-бірі тірілей берілмеді. Бергтің өзі жорық күнделігінде осы шайқастан соң 79 сарбаздың денесі санап алынғанын, олардың ешқайсысын қолға түсіруге мүмкін болмағанын, себебі олардың тірілей қолға түсіден сақтанып, соңғы демдері біткенше өлемермен дікпен соғысқанын жазған (РМТА. 846-к., 16-т., 769-іс, 30-п.). Полковник Милорадович басқарған 408 адамнан тұратын үшінші жасақты Жоламанның өзі Домалак, Рабай, Әбіт, Әжібай есімді бауырларымен, Жаналы, Құттыбас, Қитар, Дербісөлі т.б. қолбасшылар бастаған 1 мың сарбаз Шыңғырлау бойында қоршап алып, жан-жағынан әрті жіберіп жүргізбей қойды, 24 адамын тұтқындал, 2-ін өлтірді. 13-14 маусымда қазақ жасағы ашық шабуыл жасады. Күшті қарсылықтан бұл команда өте баяу жылжып, көп үзамай Елек бойына кері оралды. Милорадович жасағы қалған екі жасақтан шегінген көтерілісшілерді шеп бойынан күтіп алуы қажет болатын. Қазақ даласына шығарылған үкімет әскерінің көтерілісшілерден жойқын соққылар алып, көздеген мақсатына толық жете алмай шығындармен кері қайтуы – қазақ тарихында бұрын-сондық кездеспеген оқиға. Берг экспедициясы қазақ даласын қанға бектіріп, үлкен дүрбелен туғызыды. Тек көтерілісші ауылдарға емес, әскерден үрейленген жүздеген бейбіт ауылдар басқа өнірлерге кетуге мәжбур болды. 100-ге жуық сарбаз қаза тапса, жазалаушылар салынан да 31 адам шығын болып, 17-і жарапанды, экспедиция үкімет қазынасына 26 650 рубльге түсті. Оның қорытындылары император I Александре баяндады.

Жазалау шараларына қарамастан көтеріліс қимылдары тоқтамады. Шепке шабуылдар қайта жанданып, көптеген тұтқын, соның ішінде 1823 ж. шілде айында есаул Подуров пен прaporщик Медведев көтерілісшілердің қолына түсті. Көтерілісті басу үшін тағы да үлкен жазалау экспедициясын шығару қажеттілігі туындағы. Жайық казак әскерінің атаманы, полковник Назаров Орынбор губернаторы Эссенге көтерілісшілерге қарсы далага тағы жазалаушы команда шығару қажеттілігін жеткізсе, губернатордың өзі Ресей Сыртқы Истер министрі граф К.В.Нессельродеге құпия мәлімдемесінде Жоламан бастаған қазақтардың Ресейге қарсы соғысып жүрміз деп жариялауының өзі жазалауга тұрарлық екенін атады. 1824 ж. ақпан айында Жоламан бастаған көтерілісті басуға екінші ірі экспедиция шығарылды. Оны орыс-түрік және орыс-француз соғыстарынан өткен тәжірибелі қолбасшы, полковник Назаров басқарды. Оның құрамында үш штаб-офицер, 29 обер-офицер, 1000 казак, басқа да шендермен бірге барлығы 1076 адам, 4 женіл зенбірек болды. Бұл жасақ Ойыл өзенінің бойына дейін жетіп көптеген ауылдарды талқандады, көтерілісшілердің шағын топтарымен соғысты, бірақ Сағызбен Жем өзендерінің бойына қоныс аударған көтерілісші ауылдарды қолға түсіре алмады (ОрОМА. 6-к., 10-т., 3040а-іс, 124-130 пп.; РМТА.1291-к., 81-т., 96-іс, 40-54 пп.).

1822-1824 жж. орыс шебіне үлкенді-кішілі жүздеген шабуылдар үйімдастырылды. Алайда аталған кезеңдегі курс нәтижелері көңіл көншітерлік болмады. Көтерілісшілер қанша тырысқанымен көздеген негізгі мақсаттарына жете алған жоқ, жерлері қайтарылмады, тек өздері уәде еткендей шептерге дүрбелен салды, жүздеген тұтқындар алды. Бірақ бұл женіс емес еді, көрісінше үкімет тарапынан екі рет ірі

жазалауға ұшырап, ауыл-аймақтары қатты қүйзелді. Жоламан мен оның қарулас серіктегі орыс шептеріне шабуылдар жасап, тұтқындар мен олжалар алуудың уақытша ғана шаралар екенін жақсы түсінді. Құрестің басқа жолдарын да қарастырды. Хиуага елшілік жіберілді. 1824 ж. көтемінде Жоламан билермен кеңестен соң әр ру бөліміне адамдар жіберіп, Ресей шептеріне шабуылдарды тоқтатуға шақырды. Ол шабуылдардан бас тартып, оның орнына «сауапты істермен» айналысады сұрады. Оның бұл әрекеті барлық рубасы билер тарапынан оң қабылданды. Бұл кезеңде көтерілісшілер ордасы аса дағдарысты, жабырқау күйде болды. Жайылымнан таршылық көрген, Хиуа ханынан көшіп-қонуға жерлер сұраған еді, бірақ ол Жоламанның өтінішінен бас тартты.

Жоламанның көтерілісі Кіші жүздегі хандық билік жойылған соң Орынбор қазақтары Батыс бөлігінің сұлтаны Қаратай Нұралыұлының 1825 жылғы ғаламат жазалау шараларынан ірі тоқырауларға ұшырады. Осы жылы Қаратай сұлтан казак әскерімен көтерілісші ауылдарға тұтқындан екі рет жойқын шабуыл жасап, аз уақытта 250-ге жуық адамды өлтіріп, арасында кішкене сәбілере мен әйел адамдарымен қоса 162 адамды қамауға алды (ОрОМА. 6-к., 10-т., 3188-іс, 47-51 пп.). Кей мәліметтерге қарағанда қаза тапқандар саны өлдекайда көп болды. Арасында Жоламанның туыстары бар 20-ға жуық адам Иркутск губерниясына жер аударылды. Көптеген сәбілер Орал түрмесінде қайтыс болды. Бұл – көтерілісті басу желеуімен Қаратай сұлтанның кезінде өзін қолдамаған ру бөлімдерін жазалауы еді. Екі айға жуық созылған Берг экспедициясының өзі осынша адамың қөзін жоя алмаған.

Көтеріліс үлкен аумақты қамтыды, негізгі үйіткісі бірнеше ру өкілдері болғанына қарамастан, ете ауқымды болды. 1822-1826 жж. оның шенберінде Ресей шептеріне ірілі-ұсақты сандаған шабуылдар үйімдастырылды, шеп бойындағы орыс елді-мекендері қазақтардың үздіксіз шапқындарынан көз ашпады. Шеп бойынан жүздеген тұтқындар алынды. Бір құжаттарда 1822-1824 жж. 150-ге тарта адамың қолға түсірілгені атalsa, кейбір мәліметтер бойынша 1818-1829 жж. аралығында барлығы 443 адам тұтқынға алынған (КР ОМА. 4-к., 1-т., 1351-іс, 2-7-пп.). Қазақ даласындағы ешбір көтерілісте мұндай мөлшерде тұтқын алынбаған болатын. Тұтқындар көп жағдайда Хиуа хандығына сатылды. Құрестің аса ірі жетістіктерінің бірі – оның Қазақстаннның үлкен белгін қамтыған Қасым мен Кенесары сұлтандар бастаған көтеріліске қосылуы. Қазақ даласында екі үлкен күрес ошагы тек сол жолы, яғни төл тарихта тұңғыш рет бірікті. Жоламан бастаған күрес ел мен жердің азаттығы үшін, қазақ халқының тұластығы үшін, қазақ елінде орталықтандырылған мықты билік орнату үшін үйімдастырылды. Жоламанның алдымен Арынғазы сұлтанды, ол өлген соң Кенесары сұлтанды қолдауы осыны анық көрсетті. Бұл сипатты жағынан үлт-азаттық күрес болып табылды, шабуылдар нақты мақсаттармен, жоспармен үйімдастырылды. Шабуылдардың бәрінде дерлік сарбаздардың бір емес, бірнеше ту ұстап шығулары да сол шабуылдардың жай жортуылдардан мақсаттары әлдеқайда биік азаттық сипатын анық көрсетті. Көтеріліс жетекшілері өздерінің нақты талаптарын Ресей үкіметіне қоя білді. Шепке зиян жасау, бекіністерді өртеу арқылы көтерілісшілер отарлаушы үкіметті Елек бойларынан кетіруге тырысты. Бұл орындалуы қын мәқсат болатын. Зенбіректермен қаруланған жазалаушы әскермен көтерілісшілер бетпе-бет шайқасып та

көрді. Көтерілісті басуға мындаған адамнан тұратын үлкен командалардың шығарылуы, оларды орыстүрік, орыс-француз соғыстарынан өткен тәжірибелі командирлердің басқаруы, Ресей үкіметінің Жоламан бастаған курестен шындаған қауілтенгенін көрсетті. Ресей әскери шептері алыс қашықтықтарда қосымша әскери-қорғаныс нысандарын салуға, қүшайтуге мәжбүр болды. Бұл шаралар орыс үкіметін айтарлықтай шығындарға ұшыратты. Көтеріліс қазақ даласын отарлауды біраң уақытқа тежеді. Жоламан бастаған азаттық куресті мұқият зерттеу, тарихтағы өз орнының анықтап баға беру бүгіндегі аса өзекті болып отыр.

Қорытынды. Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс – патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы ұйымдастырылған ірі қарсылықтардың бірі. Қазақ сарбаздары өз әрекеттерін «Ресейге қарсы соғыс» деп те жариялады. Жаңа Елек шебіне көптеген шабуылдар ұйымдастырылды. Шеп бойындағы елді-мекендердің шөп-астық қорлары өртепіліп, көптеген адамдары қолға түсірілді. Казак форпосттары ашық шабуылдарға ұшыраса, көптеген құзет бекеттері талқандалды. Осыған қарамастан көтерілісшілер тек өз жеріне түскен бекіністер мен хуторларды ғана шабатынын, одан тыс жатқан орыс елді-мекендеріне тиіспейтіндіктерін жариялады. Бұл олардың куресінің әділлітті түрде өрбігенін, өз жерлерін қайтаруға бағытталғанын байқатады. Көтерілісті Кіші жүздегі атақты деген батырлар мен билер қолдады. Курес қымылдарын Жоламанмен бірдей тен дәрежеде алты қолбасшы бірінгі басқарды. Жорықтар мен шабуылдарда бірнеше ту ұстаулары көтерілісшілердің жай жортуылға емес, мақсаттары одан әлдеқайда биік ұлт-азаттық мұдделер жолында шыққандастырын көрсетеді.

Жоламан бастаған азаттық курес халық үшін аса күрделі, аласапырандарға толы кезенде өтті. Хандық билік әбден әлсіретілген заманда даланың билері мен батырлары қазақ сахараасында мықты билік орнату үшін, қазақ қауымдарының біртұастығы үшін куресті. Бытырауға ұшырай бастаған қазақты бір күшке біріктіруге тырысты. Алдымен далада темірдей тәртіп орнатқан Арынғазы сұлтанды, оның

өлімінен соң Кенесары ханды қолдаулары да осыны байқататын. Алайда көшпелі жүртқа күші басым империямен тайталасу оң нәтиже бере алмады. Көтеріліс үлкен әскери құштермен бірнеше мәрте жазалаулар арқылы басылды. Көтеріліс ыдыраса да даланы отарлау ісін біраң уақытқа тежел, халықтың жадында өз алдына жеке бір ерліктер кезеңі ретінде сақталды.

ӘДЕБІЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Витевский В.Н. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г.: историческая монография. Том 1-3. – Казань: Типо-лит. В.М. Ключникова, 1897. – 974 с.

Жетпісбай Н.Ы. Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс // Отан тарихы. – 2017. № 4.

ҚР ОМА – ҚР Орталық мемлекеттік архиві.

ОрОМА – Орынбор облыстық мемлекеттік архиві.

РМӘТА – Ресей мемлекеттік әскери-тариhi архиві (Мәскеу).

РМТА – Ресей мемлекеттік тарихи архиві (Санкт-Петербург).

Терентьев М. История завоевания Средней Азии. – Том 1. – СПб.: Типо-литогр. В.В. Комарова, 1906. – 510 с.

REFERENCES

Vitevskiy V.N. Nepluev i Orenburgskiy kray v prezhнем ego sostave do 1758 g. Istoricheskaya monografia [Orenburg region in its former composition until 1758. Historical monograph]. Tom 1-3. – Kazan: Tipo-litografia V.M. Klyuchnikova, 1897. – 974 s. [in Russian].

Zhetpisbay N.Y. Zholaman Tilensiuly bastagan ult-azattyk koterilis [National-liberation uprising led by Zholaman Tilensiuly]. Otan tarihy. 2017. № 4. [in Kazakh].

KR OMA – Kazakhstan Respublikasy Ortalyk memlekettik arhivi [Central state archive of the Republic of Kazakhstan]. [in Kazakh].

OrOMA – Orynbay oblystyk memlekettik arhivi [State archive of Orenburg region]. [in Kazakh].

RMATA – Resey memlekettik askeri-tarikh arhivi [Russian state military-historical archive].

RMTA – Resey memlekettik tarikh arhivi [Russian state historical archive]. [in Kazakh].

Terent'ev M. Istoriiia zavoevaniia Srednei Azii [History of the conquest of Central Asia]. Tom 1. Sankt-Peterburg: Tipeo-litogr. V.V.Komarova, 1906. 510 s. [in Russian].

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

FTAXP / IRSTI / МРНТИ: 03.20.00; 03.81.51; 03.81.99

А. Ш. НУРМАНОВА¹, Д. Е. МЕДЕРОВА², Б. Д. ДЮСЕНОВ³.

¹кандидат исторических наук. E-mail: anurmanova@mail.ru

²кандидат исторических наук. E-mail: dina_m71@list.ru

³старший научный сотрудник. E-mail: bagdat75@inbox.ru

^{1, 2, 3}Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Казахстан, г. Алматы.

НОВЫЕ ДАННЫЕ О «ПОЛУНЕЗАВИСИМЫХ» ХАНАХ: ЖАНТОРЕ АЙЧУВАКОВ

Статья подготовлена в рамках научного проекта АР05131855 «Арабографические памятники Западно-Казахстанской области XVIII-XIX веков: сравнительно-сопоставительное изучение эпиграфических, генеалогических и архивных источников». В ней рассматриваются два новых источника: 1) эпитафийный

материал, кулпытасы Жанторе-хана и Айшуак-хана; 2) архивный документ из фондов Государственного архива Российской Федерации (ГАРФ), обнаруженный в ходе археографической экспедиции в г. Москва в 2019 году. Эти вновь обнаруженные источники всесторонне анализируются и вводятся в научный оборот.

Ключевые слова: Жанторе-хан, Айчуvak-хан, новые источники, кулпытас, эпитафия, архивные документы.

А. Нурманова¹, Д. Медерова², Б. Диусенов³,

¹тарих ғылымдарының кандидаты. E-mail: anurmanova@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты. E-mail:dina_m71@list.ru

³саға ғылыми қызметкер. E-mail: bagdat75@inbox.ru

^{1, 2, 3}Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан, Алматы к.

«ЖАРТЫЛАЙ ТӘҮЕЛСІЗ» ХАНДАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР: ЖАНТОРЕ АЙШУАКОВ

Мақала AP05131855 «XVIII-XIX ғасырлардағы Батыс Қазақстан облысының арабжазулы ескерткіштері: эпиграфикалық, генеалогиялық және архивтік дереккөздерді салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды. Макалада жаңа деректер қарастырылды: 1) эпитафиялық материалдар: Жанторе хан мен Айшуак ханының құлпытастары; 2) 2019 ж. Мәскеу қаласына археографиялық экспедиция барысында Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің (ГАРФ) қорынан архивтік құжат табылды және көшірмесі алынды. Бұл жаңадан табылған дереккөздер алғаш рет талданып, ғылыми айналымға енгізілді.

Кілт сөздер: Жанторе хан, Айшуак хан, жаңа дереккөздер, құлпытас, эпитафия, архив құжаттары.

A.Nurmanova¹, D.Mederova², B.Dyussenov³

¹candidate of Historical Sciences. E-mail: anurmanova@mail.ru

²candidate of Historical Sciences. E-mail: dina_m71@list.ru

³senior Researcher. E-mail: bagdat75@inbox.ru

^{1, 2, 3} R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

NEW DATA ON «SEMI-INDEPENDENT» KHANS: ZHANTORE AICHUVAKOV

The article was prepared in the framework of the scientific project AP05131855 «Monuments in Arabic Script from the West Kazakhstan in the 18 th–19 th Centuries: Comparative Study of Epigraphic, Genealogical and Archival Sources». The article examines new data: 1) epitaph material, qulpytas's of Zhantore Khan, Aychuvak Khan; 2) an archival document discovered in the State Archives of the Russian Federation (GARF), during an archaeographic expedition made to Moscow in 2019. These newly discovered materials have been analyzed for the first time and introduced into scholarly circulation.

Keywords: Zhantore Khan, Aychuvak Khan, new sources, qulpytas, epitaph, archival documents.

Введение. В новой истории Казахстана имперский период с проводимыми ею мероприятиями по постепенному ослаблению и последующей отмене традиционной формы власти представляет особый интерес. Эти четко спланированные меры существенно повлияли на характер казахского социума, привело к трансформациям в образе жизни, межличностных отношениях и исторической памяти народа. Одно из центральных мест в этих процессах принадлежало «полунезависимым» ханам. Их биографии, деятельность представляют живой интерес для исследователей царского периода.

Материалы и методы. Анализу личности и деятельности Жанторе-хан Айчуvakова посвящена специальная монография Ж.Касымбаева «Государственные деятели казахских ханств в XVIII – первой четверти XIX вв. Хан Жанторе (1759-1809)» (Касымбаев 2001б), также его же монография «Государственные деятели казахских ханств в XVIII – первой четверти XIX вв. Хан Айшуак (1719-1810)» (Касымбаев 2001а). Российская историография XIX в. также уделила много внимания истории Внутренней, или Бukeевской, Орды и Младшего джузга. В советской историографии также были посвящены значительные труды по социально-экономическим, вопросам правления, пограничным делам ханств Младшего джуга и Бukeевской орды. Постсоветская историография

представлена трудами И.В. Ерофеевой (История Бukeевского ханства 2002: 3-23), Р.Ю. Почекаева (Почекаев 2007) и др. Среди новых трудов можно отметить монографию Г. Кендирбай (Kendirbai 2020.), посвященную российскому приграничному правлению в Евразии.

В данной публикации к анализу будут привлечены два новых источника: 1) эпиграфический памятник (надпись на надгробном камне – кулпытас Жанторе хана Айшуакулы), обнаруженный в Западно-Казахстанской области; 2) архивный документ из фондов Государственного архива Российской Федерации (ГАРФ). Они были изучены в сравнительно-сопоставительном плане с данными эпиграфики (в большинстве своем эпитафий), генеалогического (ханские, родовые генеалогии) и документального материала (архивные источники).

Результаты исследования. Жанторе-хан Айчуvakов правил в одной из зависимых от империи структур Младшего Жуза с 1805 по 1809 годы. В монографии Ж.Касымбаева, посвященного Хану Жанторе имеется констатация следующего: «... нет прямых указаний на то, похоронили ли Жанторе в том могильнике (место захоронения Абулхайра), или же тело бедняги отвезли куда-либо в другое место» (Касымбаев 2001б: 244). Из этого следует, что место захоронения Жанторе-хана оставался неизвестным для исследователей.

Во время реализации проекта «Памятники культуры казахов как форма хранения и передачи духовного наследия (на основе эпиграфических памятников Западно-Казахстанской области)» (2015-2017 гг.) в течение 2015 г. в поселке Кызылжар Теректинского района ЗКО нами был обнаружен надмогильный камень (кулпытас) Жанторе-хана Айшуакулы. Он находился на территории некрополя, который был известен среди местного населения под названием «Хан мәйті» (буквально: «ханские мощи, ханское захоронение»). В ходе пилотной экспедиции, проведенной весной 2015 г. исполнителями данного научного проекта Казыбеком Куттымуратулы и Айболатом Курумбаевым, было выяснено, что здесь похоронен хан Жанторе Айшуакулы (URL: <http://zhaikpress.kz/kk/news>). В том же году летом членами комплексной экспедиции во главе А.К. Муминовым был полностью отработан данный некрополь: тексты эпитафий были прочитаны на месте, сфотографированы и описаны все надмогильные памятники данной некрополи (Құттымуратұлы 2015: 47-21).

В ходе работ памятнику, установленному над могилой Жанторе-хана ибн Айчувақ-хана ибн Абул-Хайр-хана, был присвоен инвентарный номер 1. Памятник изготовлен из песчаника. Размеры камня: 149x33x15 см. На лицевую сторону камня нанесена плоскорельефная резьба. Эпитафия находится в семи прямоугольных рамках. В самом низу имеется тамга торе.

Текст эпитафии:

/ دیس روصن جا و رفظملا وبا / دبا تومي ال ىذل اى حلوا و
/ ناخ ریخال (!) وبا نب قاوجیا / ناخ (!) نبا مروت ناج ناخ ردامب
هتمحرقح رب دیش بیدیا موجه / ارجحص ئادع ردي رلفييرش نورم
/ دن شا ٤٩ سوق ادمنس ١٨٠٩ دلوا لاص او / (٣)

«Он – Живой, Который не умирает никогда! (Коран, 25: 58). [Это] – благородная усыпальница Абул-Музаффара-л-Мансур Сайид Бахадур Хан Джан-Төре ибн Хан Айшуак ибн Абул-Хайр Хана, убиенного мучеником (шахид) в ходе набега, предпринятого (его) врагами из пустыни, в результате чего он присоединился к милости Истины (Аллаха) в возрасте 49 лет в 1809 году, 2/3-го [числа месяца] Каус (Стрелец).»

Здесь имена убийц хана не названы, имеется лишь намек на его убийство, которое исламом рассматривается как акт мученичества (шахадат). Примечательна дата: месяц Каус соответствует периоду между 22 ноября и 21 декабря 1809 года, что не совпадает с 2 ноября 1809 г., общепринятой датой убийства Жанторе-хана. По нашему мнению, здесь указана дата его похорон или установки данного надмогильного памятника.

В 2017 г. в ходе пилотной экспедиции был обнаружен на некрополи вблизи села Бекей Теректинского района ЗКО надгробный памятник, установленный в честь хана Айшуака [1727-1812] (URL: <http://zhaikpress.kz/ru/news/v-zko-najden-kulpytas-xana-ajshuaka/>; URL: <https://egemen.kz/article/153785-ayshuaq-khannynh-qulpytasy-tabyldy>). Айшуак Абулхайырулы был ханом Младшего жуза в 1797-1805 годах. На престол хана он был поднят в 70 летнем возрасте, в возрасте 78 лет отказался от трона добровольно. Вместо него ханом был избран его сын Жантаре.

Текст эпитафии:

و با / روفغل ... / توُمَي ال يِذَّلَّا يِحْلَّا ىَلَّا كَوَتَّا
ري خلا وبا ناخ نبا قاوجي / ناخ ردامب ديس روصن ملا و رفظملا
ل عجا مطللا / انارفعلا او قمح رلاب وفعلا قديا ناطلس / ايجاخ نبا
ناري نلا رفح نم قر فاح لع جت ال و / انانجلا ض ايدر نم قضور مربق

نَسْكَسِيَّ دَالِيَّ اَتَلَّ حَدَرُوثُ ١٥ تَنَسِ ١٢٢٧ خَيْرَاتٍ / تَوْمَلَابِيَّ فَكَ
مَنْشِيَّ شَيْبَ

Перевод на русский язык:

«И уповай на Живого, Который не умрёт...» (Коран, 25:58). Это могила прощенного Абу-л-Музаффара-л-Мансур Сайид Бахадур хан Айшуак ибн Хан Абу-л-Хайр ибн Хаджи Султан Айдака [О, Алла] дай прощения со своей милостью. Освяти его могилу райским светом. Сохрани от бездны ада!

В 1227 году 15 сауир (апреля) скончался в восемидесяти пять лет».

Таким образом, в результате обнаружения надгробных камней (кулпытасов) Жанторе-хана и Айшуак-хана стали известны точные места захоронения упомянутых ханов, что немаловажно в свете сегодняшних Государственных программ по обозначению и охране сакральных мест. Оба памятника введены в список сакральных мест местного значения в ЗКО, куда могут быть организованы туры, полевые занятия для учащихся местных школ. Если в отношении даты смерти Жанторе-хана имелись данные в других видах источников, то в научной литературе до сих пор в отношении возраста и даты кончины Айшуак-хана указывалось, что он умер в 1810 году в возрасте 91 лет. Вновь обнаруженный нами памятник – надпись на надгробном камне хана помог точно установить, что он скончался в возрасте 85 лет в 1227 году хиджры, что соответствует 1812 году по европейскому исчислению. Это подтверждает другой вид источников – архивный документ, обнаруженный нами: Айшуак-хан вел долгое время переписку с царскими властями по расследованию убийства своего сына – Жанторе-хана и наказанию виновных.

Для восполнения лакун в изучении дела об убийстве хана и наказании виновных лиц существенное значение имеют архивные материалы. Так исполнителями проекта «Арабографические памятники Западно-Казахстанской области XVIII–XIX веков: сравнительно-сопоставительное изучение эпиграфических, генеалогических и архивных источников» (2018–2020) Дюсеновым Б.Д. и Курманбаевой К. в ходе археографической экспедиции в г. Москву в 2019 г. обнаружен и скопирован архивный документ в ГАРФ из фонда 1165 (Особенная канцелярия Министерства внутренних дел), Опись 1, Ед. хр. № 345, Д №16-1811 г. Документ имеет название «Дело о расследовании убийства хана Меньшой Киргиз-Кайсацкой орды Джантюри Аичувакова и об освобождении от наказания лиц, привлеченных по этому делу». Дело начато 14 ноября 1811 г. Оно окончено 28 июля 1823 г. Материал содержит 518 листов.

Данный архивный документ ранее не привлекался к историческим исследованиям, в том числе, в монографическом труде Ж. Касымбаева. Этот исследователь по этому поводу констатировал следующее: «... наш длительный поиск материалов судебного процесса в архивных делах в целом не увенчался успехом» (Касымбаев 2001б: 284). Этот документ также отсутствует в сборнике документов «История Букеевского ханства» (История Букеевского ханства 2002) и других публикациях.

В составе данного дела имеется документ, озаглавленный «Императору Правительствующему Сенату 6-го департамента всеподданнейший доклад, от 17 мая 1811 г. №3171». В нем имеется подробное описание хода расследования убийства Хана Жанторе с указанием имен задержанных, дат задержания, перечислены их показания, места их

содержания, вердикты по каждому из них. В деле имеется решение судебного органа «Решение пограничной Комиссии. Оренбургская пограничная Комиссия определением прошедшего 1810го года Марта 11 дня заключила: Султаны Урман Нуралиев, Премьер-Майор Кара и Чужика Ишимовы, заседающий в комиссии старшина Коллежский Ассесор Байязык Кучукбаев и Киргизцы: Кабул и Жубан Жилкайдаровы / хотя не сознаются в участовании к убийству Хана Джантюри и в других преступлениях; но обстоятельствами дела и свидетельскими показаниями ясно во всем оном доказаны, а по тому на основании наказа Комиссии о сочинении нового уложения 10-й главы 214го и 216го пунктов Урмана Нуралиева, Кару и Чужику Ишимовых лишить Султанского достоинства, сверх же того Кару и Байязыка Кучукбаева чинов, а последнего и старшинского звания, по том согласно указом 1744 Марта 5го и 1797го года Сентября 13 дня сослать в Иркутскую / губернию на поселение. Киргизов же Кабула и Жубана Жилкайдаровых по содержанию уложения 2й главы 1го, 19 и 21го пунктов, Воинского устава 19, 20го и 144го артикулов, указов 1744го Марта 5го и 1797го года Сентября 13 наказав кнутом с вырезанием ноздрей и постановлением знаков сослать в Иркутскую губернию. На сына Урмана Султана Шукурали по делу хотя и нет доказательства в соучастии им в убийстве Хана и в других преступлениях; но как он во все времена находился при отце его: следственно не может / статься чтобы ему не известны были злые намерения отца его и прочих Ордынцев; за всем тем и отпустить его в орду не возможно, ибо он может присоединиться к партии злонамеренного Карагая Султана и не перестанет производить мщения против тамошней стороны за отца его; для того содержать его Шукурали в Аманатном доме, пока Ордынские обстоятельства приведены будут в благоустройство. Что принадлежит до Киргизов Дузбулая Секталирова и прочих всего двадцати одного человека; то как об них со стороны / доказателей в донесениях объясняется, что только некоторые из них участвовали в убийстве Хана, а другие родственники им; и дабы в сем случае невинные из них не потерпели напрасно осуждения, или наказания; то, составив им список, препроводить оный в Уральскую войковую Канцелярию с тем, дабы отобрали от доказателей под присягою вернейшие сведение, кто именно из сих захваченных Киргизов участвовал в смертоубийстве Хана, или в возмущении к тому других и кто не участвовал в злодеяний сем и захвачены / последние по тому ли единственно, что они участвовавшим родственники, или по другим каким причинам. По получении же такового сведения учинить особое рассмотрение» (ГАРФ. Ф. 1165. Оп. 1. Д.16-1811 г. Л. 356-38 а)

При работе с архивными материалами замечен факт наличия одних и тех же документов в двух копиях на кириллической и арабской графике. Нередко их тексты имеют расхождения в именах, званиях людей, интерпретации событий и других фактологических подробностей.

При изучении некрополей региона были обнаружены намогильные памятники, установленные в честь других государственных деятелей. Они занимали определенное место в обществе, были тесно связаны с ханской властью. Их можно принимать за элиту казахского общества. Имена многих из них были еще не известны на страницах

истории нашей страны. Также необходимо отметить, что эпитафии возрождают исторические названия многих местностей нашей страны. Поэтому для исторической географии велика значимость эпитафийных памятников. Не зря некрополи сохранились в народной памяти как «Хан зираты», «Хан сүйеги», «Хан моласы», «Торе корымы» и т.д., в действительности, в ходе экспедиционных работ в подобных некрополях обнаруживаются могилы погребенных здесь ханов, султанов или потомков ханской династии. «Толенгуткорымы» – некрополь служивших ханов придворных людей. Казахские некрополи обычно называются самоназванием рода, или родоначальника, знаменитого батыра, бия. Имеются сакральные некрополи по имени святого, лекаря или предсказателя.

Необходимо признать, что очевидна и закономерна невозможность тотального охвата всех объектов и памятников ЗКО, общее количество которых, по предварительным данным, насчитывается более 20 тысяч. В связи с этим, немало памятников с богатой историей и потенциально перспективных для исторического источниковедения остается за пределами внимания мировой науки. Реализация и результаты данного проекта показали необходимость организации и проведений комплексных экспедиций на приграничную с западным Казахстаном территорию Российской Федерации. Там имеются комплексы некрополей Летней Орды Жангир-хана в Волгоградской области, некрополь Сейт-баба в Красноярском районе Астраханской области, где похоронены Бокей-хан с супругой Атан-ханым, некрополи Барак-батыра в Волгоградской области и множество др. Так же остаются необследованными некрополи на территории полигона Бокейордынского района, куда необходимо специальное разрешение-допуск. Эти экспедиции нужны для сбора эпиграфического материала по памятникам, установленным в честь казахских ханов и султанов, других исторических личностей на территории западного региона.

По результатам проделанных работ мы пришли к заключению, что надписи на многочисленных архитектурных памятниках, на роскошных надгробиях владык прошлого или высокопоставленных лиц нередко являются уникальными источниками. Иногда они служат дополнением к уже имеющимся данным из письменных источников. Мы уверены, что любая информация в этом направлении важна как для историков, так и для этнологов и специалистов более широкого круга.

Сравнительное изучение вновь обнаруженных источников показывает основные контуры имперской политики в среде казахов. Она была направлена на ослабление самоуправления среди казахов, их постепенному переходу под прямое правление имперских структур. Здесь были наказаны менее зависимые руководители общин перед более зависимыми правителями типа Жанторе-хана. Чувствуется плавное движение по линии «ханство–трехжузевое ханство – удельное ханство – султанство – правление через бояр – бийство – введение прямого правления».

В ходе наших работ были собраны методом интервью предания и исторические рассказы по тем персонам, которые были похоронены здесь, с приведением соответствующих биографических данных. Они помогли установить точное место погребения исследуемых персон. Нередко мы стал-

кивались с фактами огромных утрат некрополей и памятников, также соответствующими документами. В таком случае устные рассказы старожил данного региона обладают большим потенциалом, хотя их достоверность должна подтверждаться сведениями из надписей на эпиграфических памятниках.

Заключение. Надгробные эпитафии являются письменными источниками, своего рода документами прошлого, раскрывающими историю народа, его культуры. Их информацию исследователь дополняет и иногда подтверждает другими источниками, в функции которых выступают сохранившиеся в регионе народные генеалогии знатных родов, некоторые представители которых, как и в прошлом, продолжают сегодня свою деятельность. В отличие от рукописи, которую обычно несколько раз переписывали (а иногда вносили пристрастные поправки), памятники эпиграфики не переписывались, а значит, более точно отражали саму эпоху, когда они были записаны.

Благодаря текстам на памятниках установлены формы трансформации традиционного общества, жизни людей той эпохи, состояние их грамотности. На основе изучения данных эпиграфики в сравнении архивных материалов, устной исторической традиции, рукописных сочинений облегчается изучение исторического процесса сложения конкретных центров политической жизни и национальной культуры.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКОВ

Gulnar Kendirbai. Russian Practices of Governance in Eurasia. Frontier Power Dynamics, 16th-19th Century, London: Routledge, 2020.

В ЗКО найден кулпытас хана Айшуака. 14.07.2017. URL: <https://egemen.kz/article/153785-ayshuaq-khannynh-qulpytasy-tabyldy>

ГАРФ. – Ф. 1165. Оп. 1. – Д. 16-1811.

Жантөре ханның құлпытасы табылды. URL: <http://zhaikpress.kz/kk/news/>

История Букеевского ханства. 1801–1852 гг.: Сб. документов и материалов / Сост. Б. Т. Жанаев, В. А. Иnochkin, С. Х. Сагнаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 1120 с. + вкл. 8 с.

Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств XVIII – первой половины XIX вв. – Т.2: Хан Айшуак(1719-1810). – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 256 с.

Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских

ханств в XVIII – первой четверти XIX вв. Хан Жанторе (1759-1809) – Т.3. Алматы: Білім, 2001. – 364 стр.

Құттымуратулы Қ. Ғалымдармен өткен он күн. Құлпытас сырын ашайық // DANAkaz журналы, №8(21) 2015 – 47-21-66.

Почекаев Р.Ю. Губернаторы и ханы. Личностный фактор правовой политики Российской империи в Центральной Азии XVIII – начала XX в. Москва: Изд. дом Высшей школы экономики, 2007. – 384 с.

REFERENCES

Gulnar Kendirbai. Russian Practices of Governance in Eurasia. Frontier Power Dynamics, 16th-19th Century, London: Routledge, 2020.

V ZKO naiden kulpytas khana Aishuaka. 14.07.2017. [Kulpytas of Khan Aishuak was found in WKO. 14.07.2017] [in Russian]. – URL: <https://egemen.kz/article/153785-ayshuaq-khannynh-qulpytasy-tabyldy>.

GARF [State archive of the Russian Federation]. – F. 1165. – Inven. 1. – Case. 16-1811 [in Russian].

Zhantore khannyn qulpytasy tabyldy [Kulpytas of Zhantore Khan was found]. – URL: <http://zhaikpress.kz/kk/news/> [in Kazakh].

Istoriia Bukeevskogo khanstva. 1801-1852 gg.: Sb. dokumentov i materialov / Sost. B.T. Zhanaev, V.A. Inochkin, S.H. Sagnaeva [History of the Bukeev khanate. 1801-1852: Collection of documents and materials / Comp. B. T. Zhanaev, V. A. Inochkin, S. Kh. Sagnaeva.] – Almaty: Daik-Press, 2002. – 1120 p.[in Russian].

Kasymbaev J.K. Gosudarstvennye deiateli kazahskikh khanstv v XVIII – pervoi chetverti XIX vv. T. 2. Khan Aychuak (1719-1810) [Statesmen of the Kazakh khanates of the XVIII-first half of the XIX centuries-Vol. 2: Khan Aishuak (1719-1810)] – Almaty: Zheti Zhargy, 2001. – 256 p.[in Russian].

Kasymbaev J.K. Gosudarstvennye deiateli kazahskikh khanstv v XVIII – pervoi chetverti XIX vv. T. 3. Khan Zhantore (1759-1809) [Statesmen of the Kazakh khanates in the XVIII-first quarter of the XIX centuries. Vol. 3: Khan Zhantore (1759-1809)] – Almaty: Bilim, 2001. – 364 p.[in Russian].

Pochekayev R.Yu. Gubernatory i khany. Lichnostnyy faktor pravovoy politiki Rossiyskoy imperii v Tsentralnoy Azii XVIII – nachala XX v. – Moskva: Izd. dom Vysshey shkoly ekonomiki, 2007. – 384 s. [Governors and khans. Personal factor of the legal policy of the Russian Empire in Central Asia of the XVIII-early XX century]Moscow: Publishing house of the Higher school of Economics, 2007. – 384 p.[in Russian].

Quttymuratuly Q. Ghalymdarmen ötken on kun. Qulpytas syryn ashaiyq // DANAkaz zhurnaly, №8 (21), 2015. – 47-21 bb.[Ten days with scientists. Let's reveal the secret of the tombstone] Danakaz magazine, No. 8(21) 2015 – pp. 47-21 [in Kazakh].

FTAXP / IRSTI / МРНТИ: 03.20

Ерден ИБРАЕВ,
PhD, доцент. Костанайский региональный университет
им. А.Байтурсынова. Казахстан. E-mail: erden-ibraev@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ КАЗАХОВ В СОВЕТСКОМ КИНЕМАТОГРАФЕ И ПОЛОВИНЫ ХХ ВЕКА

В статье на основе художественных лент и мемуаров кинодеятелей Казахстана рассматривается процесс формирования казахского национального кинематографа и художественные образы казахского народа в 1930-1950-е годы. По результатам изучения сюжетного содержания и идейного наполнения кинопроизведений было выявлено, что, несмотря на достаточно жесткие идеологические рамки со стороны советской цензуры, кинодеятели Казахстана сумели воплотить на экране оригинальные образы и сюжеты, демонстрирующие специфику и уникальность казахского народного духа, менталитета, культуры и традиций в целом.

Ключевые слова: кинематограф, национальное кино, авторский взгляд, война, цензура, идеология.

Erden Ibraev,
PhD, associate professor. Kostanai regional university named
after A. Baitursynov, Kazakhstan. E-mail: erden-ibraev@mail.ru

ARTISTIC IMAGES OF THE KAZAKH IN THE SOVIET CINEMATOGRAPH OF THE I HALF OF THE XX CENTURY

Based on art tapes and memoirs of film-makers of Kazakhstan, the article discusses the process of forming the Kazakh national cinema and the artistic images of the Kazakh people in the 1930 s and 1950 s. Based on the results of studying the plot content and ideological content of the cinema works, it was revealed that, despite the rather rigid ideological framework from the side of Soviet censorship, the filmmakers of Kazakhstan were able to realize on the screen original images and plots that demonstrate the specificity and uniqueness of the Kazakh national spirit, mentality, culture and traditions in whole.

Key words: cinematography, national cinema, author's view, war, censorship, ideology.

Ерден Ибраев,
PhD, доцентті, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай аймактық
университеті, Қазақстан. E-mail: erden-ibraev@mail.ru

ҚАЗАКТЫҢ ҚӨРКЕМДІК ОБРАЗДАРЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНЫҢ КЕҢЕС КИНЕМАТОГРАФИЯСЫНДА

Мақалада Қазақстанның кино өндірушілерінің көркемдік ленталары мен естеліктеріне сүйене отырып, 1930-1950 жылдардағы қазақ ұлттық киносының қалыптасуымен қазақ халқының көркем бейнелері туралы айтылады. Кино туындыларының сюжеттік мазмұны мен идеялық мазмұнын зерделеу нәтижелері бойынша, кеңестік цензураның қатаң идеологиялық шеңберіне қарамастан, Қазақстанның кино өндірушілері экранда қазақтың ұлттық рухынын, менталитетінің, мәдениеті мен дәстүрінің ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігін көрсететін түпнұсқа образдармен сюжеттерді жүзеге асыра алатындығы тұтас анықталды.

Түйін сөздер: кинематография, ұлттық кино, авторлық көзқарас, соғыс, цензура, идеология.

Введение: Данная статья посвящена кино как историческому документу. Известно, что в идеях, диалогах, внешних атрибутах зримо запечатлевается на экране облик времени. Цель статьи состоит в том, чтобы увидеть в экранных образах Казахстана и его жителей, особенности эпохи и менталитета людей, живших в первой половине минувшего века. Кино в исследовании выступает как зеркало событий того времени, в котором оно развивалось. Какими были экранные образы жителей республики в первые десятилетия советской власти, насколько они зависели от идеологии и цензуры? Поиск ответов на эти вопросы стали главными задачами исследования.

Методы исследования. Исследование выполнено в рамках методологического направления «Культурная история». Воспринимая реальность как конструируемый человеком социальный феномен, данное направление рассматривает культуру, язык в качестве активной созидающей силы, пронизывающей все сферы жизни человеческого общества. Это в полной мере относится к искусству кино, эффективно формирующему представления о внешнем мире, которые в обратном порядке оказывают мощное преобразующее воздействие на него самого.

История развития казахстанского кинематографа находила свое отражение в книгах советских киноведов Назарова А.С., Каирбаева А.К., Сиранова К.В. своих книгах авторы рассматривали зарождение и развитие социалистического кино в Казахстане. В современный период необходимо отметить труды исследователя кино Центральной Азии и Казахстана Абикеевой Г., изучавшей такие культурные архетипы в киноискусстве, как «народ», «семья», «национальная идентичность».

Результаты исследования. Время для первых художественных фильмов, посвященных непосредственно Казахстану, датируется 1929-1932 годами. Выходят кинокартини с лаконичными, но броскими и характерными названиями – «Песни степей», «Мятеж», «Турксий», «Джут», «Вражьи тропы», «Тайна Карагаты». Эти ленты были посвящены различным событиям и сторонам жизни казахов. Несмотря на то, что со-

держание кинокартин ни на йоту не отходило от основных принципов советской культурной революции (пропаганда социалистического образа жизни, колLECTивного труда, осуждение врагов режима), все же сам факт появления игрового кино в Казахстане был важным событием. В республике появились собственные мастера режиссерского, актерского, сценарного дела. Значимые литературные произведения и народные эпосы были воплощены на экране, обретая, таким образом, новую жизнь, актуальную трактовку и интерпретацию (Абикеева, 2006: 14).

Образы, воплощенные актерами 1920-1940-х годов, на долгое время стали каноничными в практике отображения исторических и литературных персонажей в кино. Это – Абай в исполнении Шакена Айманова («Песни Абая»), Карапаш в исполнении Бибигуль Тулегеновой («Дочь степей»), Амангельды в исполнении Елеубая Умурзакова («Амангельды»), Амантай в исполнении Идриса Ногайбаева («Ботагоз»), Джамбул в исполнении Шакена Айманова («Джамбул»), Чокан в исполнении Калибека Куанышпаева («Его время придет»), образ матери в исполнении Амины Умурзаковой («Сказ о матери») (Сатаева, 2013: 65).

Необходимо отметить, что решение правящей партии СССР пропагандировать в национальных республиках социалистические преобразования и преимущества с помощью киноискусства имело в целом положительный эффект для развития кино в крае. Это обстоятельство способствовало появлению в Казахстане искусственных сценаристов, актерских кадров, художников, кино-композиторов, материально-технической базы, квалифицированных инженерно-технических кадров и высокой культуры производства (Ногербек, 1998: 203).

Летоисчисление казахского художественного кинематографа начинается с ленты «Амангельды», выпущенной в 1938 году. Выбор сюжета первого в истории республики художественного фильма был неслучаен. Героический образ батрака Амангельды Иманова, возглавившего национально-освободительное восстание в Тургае в 1916 году, согласно замыслу авторов, должен был воплощать в себе «революционный

настрой народа». Это было крайне важным в период предвоенного времени, когда массовые политические репрессии, голод, разруха, вызванные колективизацией, резко подорвали доверие народа к политике советской власти. Зрительская аудитория должна была увидеть восстание А. Иманова против колониального режима как часть общей масштабной борьбы большевиков за «свободу и равноправие всех народов России». Особый акцент в фильме делался на последующем вступлении Амангельды в ряды Красной Армии и гибели от врагов революции. В этой связи, нелишним будет отметить, что, несмотря на свой пропагандистский настрой, лента об Амангельды имела достаточно высокие художественные достоинства. Фильм «Амангельды» оправдал ожидания авторов и партийных идеологов. Повествование о борце с царским режимом и «мелкофеодальными представителями» имело огромный успех в Казахстане (Ибраев, 2017: 113).

Пребывание в республике эвакуированных студий «Мосфильм» и «Ленфильм», а также непосредственное общение местных деятелей культуры с профессионалами высокого уровня - С.Эйзенштейном, Г.Рошалем, В. Пудовкиным и многими другими, дало впоследствии свои плоды. Было создано и обучено среднее звено специалистов, в актерской киношколе выросла целая плеяда. Они стали школой профессионализма для целого поколения казахских кинематографистов. В 1942 году режиссером Г. Рошалем был снят фильм «Песнь о великане» («Батыры казахских степей»), в котором образ доброго великана, приходившего на помощь казахскому народу в трудные времена, стал символом советских воинов в годы Великой Отечественной войны.

Связи кинематографистов продолжали существовать и после отъезда москвичей и ленинградцев. Свидетельство тому – послевоенная постановка фильма «Джамбул» (1952 г.) режиссером Е. Дзиганом по сценарию Н. Погодина и А. Тажибаева о прославленном казахском акыне, в чьей судьбе авторы постарались отразить значительные преобразования в жизни казахского народа после победы Октябрьской революции. Образ Джамбула – живого человека, мудреца, поэта, сына своего народа, созданный Ш. Аймановым, до сих пор остается, по признанию киноведов, образцом актерской игры (Тажибаев, 1979: 198). «Джамбул» имел большой зрительский успех, как в нашей стране, так и за рубежом. Идеологическая линия в фильме, разумеется, присутствовала, но ее значительно осветлял образ акына, чей мощный талант и высокое творчество были переданы достаточно объемно, и послужили инструментами для отображения самобытности народной культуры и образа мышления.

Развитие казахстанского кино не обошлось и без жанра кинокомедии. Это было вполне логичным, учитывая многовековую любовь народа к здоровому юмору, шуткам, и массовому веселью. Первым удачным опытом создания фильма этого жанра стала комедия «Девушка-джигит» (1955 г.) по сценарию Ш. Хусаинова и В. Абызова. Характерные запоминающиеся образы и классическая формула любовного треугольника обеспечили успех проката фильма, и существенно поднимали настроения людям, живущим и трудящимся в тяжелую послевоенную эпоху.

Заключение. Итак, рассматривая основные образы кинематографа советского Казахстана, мы видим, что в них прослеживается определенная идеологическая линия, мало позволявшая отклоняться авторам фильмов от нее. Кинообразы 1930-1950-х гг. делятся на следующие типы:

1. В этот период главными персонажами являлись либо революционеры, борющиеся в одиночку против

царского или буржуазного режима, что вполне соотносилось с правилами идеологии в советском кино, либо это были герои эпосов, прошлого – воины, батыры, ханы. Но даже в этом случае персонажи, действующие задолго до появления советской власти, несли в себе пропаганду революционной идеологии.

2. Молодые казахские джигиты, чьи детство и юность пришлись на период существования царской власти в Казахстане. Протестуя против засилья и несправедливости старых феодальных порядков и укладов, молодые герои посвящают свою жизнь революции и борьбе с «кулацко-байским элементом».

3. Образ казахской женщины тоже состоял из необходимых клише: она представляла на экране как «освобожденная женщина Востока», или как героический боец, истинная дочь своего народа, еще вариант – ударница коллективного труда. Образ «казахской Изольды» можно было встретить только в фильмах-сказках или эпических картинах.

4. Важная роль придавалась женскому образу во время Великой Отечественной войны. За указанный период выработался определенный стереотип в кино – образ матери, чей сын погиб сражаясь с белогвардейцами или фашистами, после чего «...женщина стала матерью для всего многонационального советского народа» [4, с. 226].

5. Довольно значимую роль в казахском кино 1930-50-х годов играли русские персонажи. Как правило, это были опытные революционеры или красные командиры, берущие под свою опеку молодых казахов, будущих соратников.

6. Еще одним примером героя на казахском киноэкране представляли аксакалы, принимавшие в свои руки заботу над обществом, после ухода молодых мужчин на фронт. Их слова, поступки, решения на экране были олицетворением опыта, мудрости и силы, зачастую их образы исполняли роль третейского судьи в ситуациях, когда зрителю необходимо было разобраться, кто прав, а кто поступает ошибочно.

Однако, несмотря на такое засилье образов-штампов, во второй половине XX века в кинодраматургии КАЗССР начали появляться достаточно разносторонние, многослойные персонажи, позволяющие нам судить о наступающем формировании авторского кино в советском Казахстане

ЛИТЕРАТУРА

Абикеева Г. (2006). Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. Алматы: Фылым. 308 с

Ибраев Е. Е. (2017). Кинематограф Казахстана: историческая ретроспектива. – Костанай. 240 с.

Nogerbek B. (1998). Kino Kazahstana. – Алматы: НПЦ. 236 с.

Sataeva Zh. A. (2013). Rozhdenie kazahskogo kino iskusstva. – Алматы. 412 с.

Tazhibaev A. (1979). Byloe. – Алматы. 263 с.

REFERENCES

Abikeeva G. (2006). Nacional'noe stroitel'stvo v Kazahstane i drugih stranah Central'noj Azii, i kak etot process otrazhaetsja v kinematografie [Nation-building in Kazakhstan and other Central Asian countries, and how this process is reflected in cinematography]. – Almaty: Gylym, 308 s.

Ibraev E.E. (2017). Kinematograf Kazahstana: istoricheskaja retrospektiva [Cinematography of Kazakhstan: Historical Retrospective]. – Kostanai. 240 s.

Nogerbek B. (1998). Kino Kazahstana [Cinema of Kazakhstan]. – Almaty: NPC. 236 s.

Sataeva Zh. A. (2013). Rozhdenie kazahskogo kino iskusstva [The birth of the Kazakh cinema]. – Almaty. 412 s.

Tazhibaev A. (1979). Byloe [The past]. – Almaty. 263 s.

Бекұрат НАЙМАНБАЕВ¹, Жібек ШЕРИМБАЕВА²,

¹ д.и.н., и.о.профессор. Международный университет Silkway, Шымкент, Казахстан. E-mail: naimanbaev_b@mail.ru

² старший преподаватель, Международный университет Silkway, Шымкент, Казахстан E-mail: szhibek010@mail.ru

СВЯЗЬ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МАҢГІЛІК ЕЛ» СО СТРАТЕГИЧЕСКИ ЗНАЧИМЫМИ ПРОГРАММАМИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

В статье проводится обоснование тесной связи государственной идеологии и стратегических программ социально-экономического развития Республики Казахстан. Главной целью их является формирование новой гражданской идентичности, духовная модернизация, развитие человеческого капитала. Акцент делается на том, что в Казахстане модернизация представляет собой единство исторической памяти, лучших достижений современности и перспектив развития будущего. Именно на этой прочной основе строится новая государственная идеология. Целостное понимание духовной модернизации и ее связи с прошлым, реалиями настоящего, представленными в стратегических программах развития нашей страны, присуще идее «Рухани жаңғыру». В ней сформулированы основные принципы модернизации сознания всех казахстанцев, независимо от их национальной, конфессиональной принадлежности. Поскольку молодежь является главной созидающей силой, то именно ей уделено особое внимание для развития лучших качеств профессионального, нравственного и морального характера.

Ключевые слова: общенациональная идея «Мәңгілік Ел», конкурентоспособность, pragmatism, национальная идентичность, культ образования, открытое сознание.

Б.Найманбаев¹, Ж.Шерімбаева²,

¹Silkway халықаралық университетті, тарих ғылымдарының докторы, профессор мін. атқарушы, E-mail: naimanbaev_b@mail.ru

²Silkway халықаралық университетті, аға оқытушы, E-mail: szhibek010@mail.ru

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Мақалада мемлекеттік идеология мен Қазақстан Республикасы өлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағдарламаларының тығызы байланысына негізделе келтіріледі. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының басты мақсаты жаңа азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, рухани жаңғыру, адами капиталды дамыту болып табылады. Қазақстанда жаңғыру тарихи жадтың бірлігі, қазіргі заманның үздік жетістіктері және болашақтың даму перспективалары екеніне баса назар аударылады. Нәк осы берілген негізде жаңа мемлекеттік идеология – «Рухани жаңғыру» идеясына тән, рухани жаңғыруды біртұтас түсінү және оның еткенімен, еліміздің стратегиялық даму бағдарламаларында ұсынылған бүтінгінің болмысымен байланысы құрылады. Онда барлық қазақстандықтардың ұлттық, конфессиялық тиесілілігіне қарамастан, санасын жаңғыртудың негізгі қагидаттары тұжырымдалған. Жастар басты жасампаз құш болғандықтан, көсіби, адамгершілік және моральдық сипаттағы ең жақсы қасиеттерді дамытуға ерекше көңіл белінеді.

Кілт сөздер: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы, бәсекеге қабілеттілік, pragmatism, ұлттық бірегейлік, білім күльті, ашық сана.

B.Naimanbayev¹, Zh.Sherimbayeva²,

¹Silkway International university. Doktor of Historical Sciences, Acting Professor.

Shymkent, Kazakhstan. E-mail: naimanbaev_b@mail.ru

²Silkway International university. Senior teacher,

Shymkent, Kazakhstan. E-mail: szhibek010@mail.ru

LINK OF THE NATIONAL IDEA «MANGILIK EL» ('ETERNAL COUNTRY') WITH STRATEGICALLY SIGNIFICANT DEVELOPMENT PROGRAMS OF KAZAKHSTAN

The article substantiates the close connection between the state ideology and strategic programs of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan. Their main goal is the formation of a new civic identity, spiritual modernization, and the development of human capital. The emphasis is on the fact that modernization in Kazakhstan is a unity of historical memory, the best achievements of our time and prospects for the development of the future. It is on this solid foundation that the new state ideology is being built. A holistic understanding of spiritual modernization and its connection with the past, the realities of the present, presented in the strategic development programs of our country, is inherent in the idea of "Rukhani Zhagyr". It formulates the basic principles of modernization of the consciousness of all Kazakhstanis, regardless of their nationality, confessional affiliation. Since young people are the main creative force, it is to them that special attention is paid to develop the best qualities of a professional, moral character.

Key words: national idea "Mangilik El", competitiveness, pragmatism, national identity, the cult of education, open mind.

Введение. Идеология не является какой-то абстрактной конструкцией, появившейся неизвестно от-

куда. Ее нельзя заимствовать, нельзя просто выдумать и навязать. Идеология может возникнуть к

конкретном обществе, в конкретных условиях и тесно связана со всеми сторонами жизни этого общества, в том числе историей и культурой. Именно поэтому ее эффективность определяется тем, насколько она выражает интересы народа и каким количеством людей поддерживается. В связи с этим любое государство, ориентированное на развитие и прогресс, формулирует и свои цели и задачи, которые выражаются в форме идеологических представления и ценностей. Если государство не имеет своей идеологии, оно обречено на провал.

Идеология обладает личной независимой ценностью. Ее невозможно заменить политикой, законодательством, общественными науками, вероисповеданием, однако, такие попытки замены встречаются очень часто. Это, конечно же, следствие не полноценной аргументированности идеологии, её особенностей, предмета и объекта анализа, предназначения в обществе и стране.

Государства, базирующие свою политику на неопределенных идеях, считаются слабыми с точки зрения неспособности вырабатывать и фокусировать государственную волю. Это имеет отношение, как к внутренней, так и к внешней политике. В условиях недостаточно эффективной политики могут добиваться успеха интересы определённых групп, преобладать лоббирование, давление со стороны отдельных слоев, групп, их элит. Несомненно, учить, выслушивать позиции сторон, групп необходимо, однако это ещё не национально-государственные интересы страны в целом. Провозгласив независимость Республика Казахстан приступила к поиску государственной идеологии, отвечающей новым требованиям и запросам развивающегося в демократическом направлении общества.

Материалы и методы. Основными методами при работе над статьей стали системный и комплексный анализ. Благодаря им удалось провести анализ значения государственной идеологии в суверенном и независимом государстве, тесной связи общенациональной идеи и стратегически значимых программ социально-экономического и культурно-духовного развития в РК.

Также использовались углубленный и контент-анализ, позволившие глубоко изучить и конкретизировать цели, задачи и содержание инициированной Елбасы Н.Назарбаевым масштабной программы «Рухани Жаңғыру», ее стержневой идеи «Мәңгілік Ел».

Информационным материалом для исследования стали труды Н.А.Назарбаева и государственные программы социально-экономического и индустриально-инновационного развития Казахстана.

Обсуждение. Проблемы значимости идеологии в обществе издавна привлекали внимание специалистов в разных отраслях знания. В конце XX-начале XXI вв. вопросы соотношения идеологии и государства, ее роли в современной общественно-политической жизни стали крайне актуальными и многие ученые вели поиск ответов на эти вопросы. Из зарубежных исследователей следует отметить таких, как К. Манхейм (Манхейм, 1994:704), А.Маккензи (McKenzie, 2013: 252) и Ю.Н.Харрари (Харрари, 2019:530). Они рассматривают эволюцию идеологии в контексте истории человечества.

Новое столетие возродило интерес к проблемам идеологии среди российских авторов, которые стали все больше говорить о необходимости формирования национальной идеи и определении идеологии для своей страны. Это работы Г.Ю. Семигина (Семигин, 2010: 2186), А.В.Логинова (Логинов, 2004:136),

В.П.Макаренко (Макаренко, 2000: 480), Д.А.Мисзорова (Мисзоров, 1996:84-86) и А.И.Соловьева (Соловьев, 2001: 5-23).

Что касается казахстанских исследователей, то после выхода программной статьи Н.А.Назарбаева, появляется ряд работ, посвященных раскрытию ее содержания и значения для дальнейшей модернизации в Казахстане. Среди них выделим публикации таких авторов, как Л.В. Бадажкова и Т. И. Карева (Бадажкова, Карева, 2018), А.М.Касымова и С.Н.Айткулова (Касымова, Айткулова, 2020), Н.К.Нуржанова (Нуржанова, 2018: 29), С.Б.Саутбаева (Саутбаева, 2017) и другие. Эта проблема имеет важное значение для всего казахстанского общества, в связи с чем происходит дальнейшая разработка темы вширь и вглубь.

Результаты исследования. Реальным ответом на запрос казахстанского общества стала общенациональная программа «Рухани Жаңғыру». Она становится цементирующим фундаментом для устойчивого развития и создания процветающего государства, главной целью которого является материальное и духовное благополучия народа. Единство народа республики, государственный язык, социальное равноправие всех граждан и их общая ответственность за честь и судьбу родной земли являются фундаментом, который обеспечивает гарантированное развитие Казахстана в XXI веке.

Сформулированная в ней общенациональная идея «Мәңгілік Ел» стала надежной опорой нашей суверенности, хранителем глубинного смысла национальной идеи современного казахстанского общества, наполненного энергией для создания благоприятных условий развития нашего народа, смогла консолидировать всех казахстанцев (Назарбаев, 2017).

Сегодня Казахстан продолжает двигаться в соответствии с долгосрочной Стратегией «Казахстан – 2050» (Назарбаев, 2012), делая заметные прогрессирующие шаги.

Вслед за конституционными изменениями и Посланием Первого Президента Казахстана было выдвинуто предложение о модернизации общественного сознания. Статья «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру», в которой были изложены основные цели программы, впервые была опубликована 12 апреля 2017 года. Ее главная мысль заключается в том, что начатые процессы политической и экономической модернизации должны отражаться в опережающей ее модернизации общественного сознания, которая станет их продолжением.

Программа состоит из двух частей – концептуальной и практической. В концептуальном разделе программы «Рухани жаңғыру» – «О национальном сознании в XXI веке» – сформулированы шесть принципов модернизации сознания как всего казахстанского общества в целом, так и каждого казахстанца в отдельности.

Первое – конкурентоспособность. Для конкурентоспособности казахстанцам необходимо обладать рядом качеств, очень важных в XXI веке. К ним относятся прежде всего компьютерная грамотность, владение иностранными языками, культурная открытость. Международная интеграция дает о себе знать, с этим нельзя поспорить, и, если мы хотим развиваться вместе с обществом, не должны отставать в развитии и быть максимально конкурентоспособны. Развитие личностных и профессиональных характеристик становится ключевым моментом в успехе.

Второе – pragmatism, который заключается в

ориентированности на конкретные и реалистичные задачи, умение жить рационально, ставить на первое место получение знаний, поддерживать здоровый образ жизни и профессиональный успех. Это верный посыл в сравнении, с нереалистичными идеологиями, популизмом и демагогией.

Третье – национальная идентичность. В процессе модернизации общественного сознания необходимо сохранить национальные традиции и обычая, языки, музыку и литературу, чтобы не раствориться в потоке мировых поведенческих моделей.

Четвертое – культ образования. Получение знаний – главный фактор успеха, национальный приоритет на фоне модернизации. Современная технологическая революция нуждается в высокообразованных людях, которые могли бы быстро адаптироваться и откликаться на требование времени менять профессию. Это означает не просто накопление знаний, а непосредственное развитие способностей к самообразованию и саморазвитию.

Пятое – скорее эволюционное, чем революционное развитие. История XX века подтверждает, что только эволюционное развитие дает нации возможность на благосостояние.

Шестое – открытость сознания, то есть понимание и реагирование на происходящее в мире; готовность к изменениям, которые неизбежны с учетом нового технологического уклада; способность учиться у других, перенимать лучший опыт, адаптивность к окружающему миру. Только человек, который обладает открытым сознанием, в силах увидеть и свершить общенациональное будущее. Для самореализации каждого члена нашего общества в новом мире должна быть заинтересованность к происходящему в мире, восприятие происходящих изменений, творческая и профессиональная конкурентоспособность.

Заключение. Программа «Болашаққа бағдар: рұхани жаңғыру» – «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» представляет собой реальный ориентир направления развития казахстанского общества, в которой общенациональная идея будет способствовать объединению всех граждан страны независимо от этнической и конфессиональной принадлежности для создания процветающего и устойчиво развивающегося государства.

Сегодня стержневыми ценностями казахстанской общенациональной идеи являются образование, саморазвитие, национальная идентичность, культурный и духовный уровень нации. Консолидация всех сил позволит Республике Казахстан войти в число наиболее развитых стран мира и занять достойное место в международном сообществе.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКОВ

Бадажкова Л.В., Карева Т.И. «Рұхани жаңғыру» – программа, которая вдохновляет. //<https://cyberleninka.ru/article/n/ruhani-zha-yru-programma-kotoraya-vdohnovlyayet>

Касымова А.М., Айткулова С.М. Программа «Рұхани Жаңғыру» как стратегия духовного развития граждан Казахстана // <https://cyberleninka.ru/article/n/ruhani-zha-yru>

Логинов А.В. Идеология как проблема социальной онтологии: Дис. ... канд. филос. Наук. - Екатеринбург, 2004. - 136 с.

Манхейм К. Идеология и утопия // Избранное. Диагноз нашего времени. – М.: Юристь, 1994. – 704 с.

Макаренко В. П. Главные идеологии современности. Ростов н/Д.: Феникс. – 2000. – 480 с.

McKenzie I. Political Ideologies: An introduction / Eccleshall R., Finlayson A., Georghegan V., Kenny M., Lloyd M., MacKenzie I., Wilford R.. – London: Routledge, 2013. – 252 p.

Мисюров Д.А. Какая идеология нужна России? // Вестник

Московского университета. Серия 12. Политические науки. – 1996, № 2. – С. 84 – 86.

Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания //https://www.akorda.kz/ru/events/akorda-news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchey-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

Назарбаев Н.А. Патриотизм является нерушимой опорой «Мәңгілік Ел». [Электронный ресурс] <http://muftyat.kz/ru/news/11876>.

Нуржанова Н.К. В проблеме модернизации общественного сознания //Педагогическая наука и практика, 2018. - № 2. – С.29.

Саутбаева С.Б. Духовная модернизация – основа развития Казахстана. // <https://cyberleninka.ru>

Семигин Г. Ю. // Новая философская энциклопедия: в 4 т. / пред. науч.-ред. совета В. С. Стёпин. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Мысль, 2010. – 2816 с.

Соловьев А.И. Политическая идеология: Логика исторической эволюции//Полис, 2001.- № 2.– С.5-23.

Харари Ю.Н. Sapiens. Краткая история человечества / пер. с англ. Л. Сумм.– М.: Сидбад, 2019. - 530 с.

REFERENCES

Badazhkova L.V., Kareva T. I. «Rukhani zhанғуру» - programma, kotoraya vdokhnovlyayet. [“Rukhani zhagyru” is a program that inspires]. //<https://cyberleninka.ru/article/n/ruhani-zha-yru-programma-kotoraya-vdohnovlyayet> [in Russian].

Kasymova A.M., Aytkulova S.M. Programma «Rukhani Zhangyru» как стратегия духовного развития граждан Казахстана [The Rukhani Zhangyru program as a strategy for the spiritual development of citizens of Kazakhstan. // <https://cyberleninka.ru/article/n/ruhani-zha-yru> [in Russian].

Loginov A.V. Ideologiya kak problema sotsial'noy ontologii [Ideology as a problem of social ontology]. Dis. ... Cand. Philos. Science. - Yekaterinburg, 2004. - 136 c. [in Russian].

Mankheyim K. Ideologiya i utopiy // Izbrannoye. Diagnoz nashego vremeni. [Ideology and Utopia]. // Selected Works. The diagnosis of our time. - Moscow: Jurist, 1994. - 704 p. [in Russian].

Makarenko V. P. Glavnyye ideologii sovremennosti. [The main ideologies of our time]. Rostov on Don: Phoenix. - 2000. - 480 p. [in Russian].

McKenzie I. (2013) Political Ideologies: An introduction / Eccleshall R., Finlayson A., Georghegan V., Kenny M., Lloyd M., MacKenzie I., Wilford R.. – London: Routledge, 2013. – 252 p.

Misyurov D.A. Kakaya ideologiya nuzhna Rossii? [What ideology does Russia need?] // Bulletin of Moscow University. Series 12. Political Science. - 1996, №. 2. - P. 84 - 86. [in Russian].

Nazarbayev N.A. Vzglyad v budushcheye: modernizatsiya obshchestvennogo soznaniya [Looking into the future: modernization of public consciousness]. //https://www.akorda.kz/ru/events/akorda-news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchey-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya[in Russian].

Nazarbayev N.A. Patriotizm yavlyayetsya nerushimoy oporoy «Mәңгілік Ел». [Patriotism is the indestructible support of “Mangilik El”.] <http://muftyat.kz/ru/news/11876> [in Russian].

Nurzhanova N.K. K probleme modernizatsii obshchestvennogo soznaniya [In the problem of modernization of public consciousness] // Pedagogical Science and Practice, 2018. - №. 2. - P.29. [in Russian].

Sautbayeva S.B. Dukhovnaya modernizatsiya – osnova razvitiya Kazakhstana. [Spiritual modernization is the basis for the development of Kazakhstan]. // <https://cyberleninka.ru>[in Russian].

Semigin G. YU. // Novaya filosofskaya entsiklopediya : v 4 t. [New philosophical encyclopedia: in 4 volumes]. / prev. scientific-ed. Council V.S.Stepin. - 2nd ed., Rev. and add. - Moscow: Mysl, 2010. - 2816 p. [in Russian].

Solov'yev A.I. Politicheskaya ideologiya: Logika istoricheskoy evolyutsii. [Political Ideology: The Logic of Historical Evolution]. // Polis, 2001. - No. 2. - P.5-23. [in Russian].

Kharari YU.N. Sapiens. Kratkaya istoriya chelovechestva. [Sapiens. Brief history of mankind]. / per. from English L. Sum. - Moscow: Sidbad, 2019 .- 530 p. [in Russian].

**FTAMP/ IRST/ МРНТИ: 03.20
ӘОЖ: 902.2**

Ә. МАРХАБА¹, И. ЖЕМЕНЕЙ², А.К. РАХМЕТУЛЛИН³,

¹ PhD докторант, Қазак инновациялық гуманитарлық-зан университеті.

Казақстан, Семей қ. Е-mail:adil.marhaba.imam@mail.ru

² ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ. Е-mail: jemenevislam@yahoo.com

³ т. ғ.к., Қазақстан, Семей қ. Е-mail: aman150176@mail.ru

ШЕТЕЛДІК ҚОРЛАРДАҒЫ АРАБША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР: Орталық Азия халықтарының тарихына қатыстылары

Жер бетіндегі кез келген халықтың өткен дәуірлерден сыр шертер рухани құндылығы, мазмұнды мұрасы бұрынғы мен келешек арасын жалғастыратын шежірелі қазына – көне дәуірлерден сыр шерткен жазба ескерткіштері екенін ешкім жоққа шығара алмасы хақ. Бүгінгі жаңандық бәсекелестік өлемнің барлық халықтарының өткен дәуірлер тарихын, халқының рухани мәдениетін, тілі мен дәстүрін құрметтей біліп, ең бірнеші кезекте көне дәуірлерден жеткен бабалар мұрасын жинақтап, жазба ескерткіштерін көзінің қарашығында сақтап, келешектегі тарихи танымының тамызырын ертеден іздеуді талап етіп отыр. Яғни, әрбір жаңа дәуірдің күесі болған айтулы оқығалар, кезеңдер тек жазба әдебиет ескерткіштеріндең беттерінде сақталды. Демек жазбаша ескерткіштердің маңыздылығын түсініп, тарихи түргыдан таразылап сақтап, олардың көлемін арттырып бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Кілт сөздері: Орталық Азия, деректер, қолжазба, мұрагат, Әл-Фараби, «Диуани лұғат ат-турік».

A.Marhaba¹, I. Zhemenei², A.K.Rakhmetullin³

¹PhD student, Kazakh Humanitarian Innovative Law University, Semey, Kazakhstan. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru

² professor, Doctor of Philology, Kazakh National University named after Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty. E-mail: jemenevislam@yahoo.com

³ candidate of Historical Sciences, Kazakhstan, Semey. E-mail: aman150176@mail.ru

WRITTEN DATA IN ARABIC ON THE HISTORY OF THE PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN FOREIGN FUNDS

No one can deny that the spiritual values of the peoples of the world, their rich heritage, the chronicles of the past and the future - these are the written monuments of antiquity. Today's global competition requires all peoples of the world to respect the history of the past, the spiritual culture, language and traditions of their people, first of all to collect the heritage of ancient ancestors, to preserve written monuments and to search for the roots of future historical knowledge. That is, the significant events and periods that witnessed each new epoch were preserved only on the pages of written literary monuments. Therefore, understanding the importance of written monuments, preserving them historically and increasing their size is one of the most pressing issues today.

Keywords: Central Asia, data, manuscript, archive, al-Farabi, "Diwani Dictionary of Turkish".

А. Мархаба¹, И.Жеменеи², А.К.Рахметуллин³,

¹ PhD докторант, Казахский гуманитарно-инновационный юридический университет, Казахстан, г.Семей. Е-mail:adil.marhaba.imam@mail.ru

² д.филол. н, проф., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы. Е-mail:jemenevislam@yahoo.com

³ к. и. н., Казахстан, г.Семей. Е-mail: aman150176@mail.ru

ЗАПИСИ НА АРАБСКОМ ЯЗЫКЕ В ИНОСТРАННЫХ ФОНДАХ: по истории народов Центральной Азии

Никто не может отрицать, что духовные ценности народов мира, их богатое наследие, летописи прошлого и будущего – это письменные памятники древности. Сегодняшняя глобальная конкуренция требует от всех народов мира уважать историю прошлого, духовную культуру, язык и традиции своего народа, прежде всего собирать наследие древних предков, сохранять письменные памятники и искать корни будущих исторических знаний. То есть знаменательные события и периоды, засвидетельствовавшие каждую новую эпоху, сохранились только на страницах памятников письменной литературы. Поэтому понимание важности письменных памятников, их историческое сохранение и увеличение размеров – одна из самых актуальных проблем сегодня.

Ключевые слова: Центральная Азия, данные, рукопись, архив, аль-Фараби, «Диван лугат ат-турк».

Кіріспе. Қазақстан Республикасының тұнғыш президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, езіміздің мемлекеттігімізді ұзақ үақыт құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барап жол халық даналығының негізінде жатыр», – деген пікірі арқылы елдігіміздің екшесі үлттық

құндылық, яғни, жазба деректерде екенін ерекше атап көрсеткен еді.

Қазақ тарихының көне дәүірі мен ортағасырлық кезеңдеріндегі ең негізгі шиеленісті оқығалары мен қалыптастқан тарихи жағдайлары жөнінде зерттеу жүргізген уақытта араб тіліндегі қолжазба деректер мен кітаптарға ерекше мән беріп қараған дұрыс. Себебі, ортағасырларда жазылған қолжазба деректері еш уақытта арнағы бір елдің мандайына жазылмаған, сол бір елдің меншігіне байланып берілмеген.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазғанда ортағасырлардағы араб, парсы, түрік тілдерінде жазылған жалпы қоғамдық саяси даму, тарих, жаратылыштану мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер мен тақырыпқа қатысты қолжазба деректер пайдаланылды. Олар: Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-турік», Мұхаммед Хайдар Дулатидің парсы тіліндегі «Тарих-и Рашиди» атты еңбектері және т.б. Мақаланы жазу барысында сипаттамалық-баяндамалық (нarrativt) және жүйелілік-құрылымдық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талдау. Зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар отандық ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады. Мысалы, Б.Е. Көмеков. 1987 ж. Алматыда шыққан «Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв.» атты ғылыми-аналитикалық мақаласында мәмлүк кезеңіне жататын бірқатар авторлардың шығармаларына тоқталып, негізінен ондағы қыпшак бірлестігіне, оның этникалық құрылымына қатысты деректерге шолу жасаған. Ал, Б.Б. Ирмухановтың 1997 жылы Алматыда жарық көрген «Прошлое Казахстана в письменных источниках 5 в. до н.э.» атты зерттеу еңбегінде көне дәүірдегі Қазақстан және онымен көршилес елдер мен халықтардың тарихына қатысты құнды мағлұмattар берілген. Мұнда, Мәмлүк мемлекеті мен Дешті Қыпшак арасындағы байланыстарды сипаттайтын бірқатар араб жазба дерек көздерінен алынған үзінділер кіргізілген.

Соңғы жылдарды жарық көрген төл зерттеушілік міждің еңбектерінің ішінде, Қ. Сәқидің «Сұлтан Байбарыс» атты туындысының орны ерекше. Зерттеуші еңбегінде 1260-1277 жылдар аралығында Мысыр мен Шам елінде билік еткен, мұсылмандардың коргаушысы мен арабтардың халық қаһарманына айналған тарихи тұлға сұлтан Рукн ад-Дин аз-Захир Байбарыс әл-Бундуқдаридің ғұмырнамасы мен оның заманын және ішкі саясаттағы реформалары, сыртқы саясаты, араб отаның коргау жолындағы жиһад жариялап, сырт жаулармен соғыстары мен езінен кейін қалдырыған архитектуралық ескерткіштері туралы кеңінен мағлұмattар береді. Келесі еңбек 2013 жылы жарияланған Ж.М. Төлебаева «XIII–XIX ғғ. Орталық Азия жазба ескерткіштеріне жалпы сипаттама» атты мақаласы, мұнда ортағасырлардағы араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған деректердегі тілдердің қолданудың өзіндік ерекшеліктері және Орталық Азияда жазылған қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы құнды мәліметтерді береді.

Сондай-ақ, 2019 жылы жарияланған М.Лаумулин-нің «Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан тарихы және Орталық Азия» деп атапталын Қазақстанның тарихын, мәдениетін, этнографиясын және тіл білімін «батыс шығыстануындағы қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеу» мақсатында жазылған ғылыми еңбегі. Бұл еңбекте Орталық Азия және Ішкі Еуразияны зерттеу контекстіндегі шығыстану мектептерінің қалыптасу мәселелері мен дамуы қарастырылады. Сонымен қатар, Орталық Азия тарихы бойынша ежелгі және ортағасырлық дереккөздер талданған. Мысалы, Орталық Азия халықтары туралы ежелгі авторлардың деректері,

автохтонды, ортағасырлық дереккөздер, мұсылмандық тарихнама және маңызды қытай дереккөздері талданады.

Зерттеу нәтижелері. Ортағасырлық жазба деректерде бірнеше елдің тарихына қатысты ортақ тарихи мұра сақталып қалған. Мысалы, Аристотельден кейінгі екінші устаз деп атапталған шығыс ғұламасы Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлаг әл-Фараби ат-Түркідің (870–950 жж.) ғылыми мұрасы – әлемдік деңгейдегі ортақ мұра. Бабамызың жаратылыстару ғылымдары саласындағы жаналықтары және қоғамдық ғылыми мәселелерге арналған трактаттары ортағасырдағы ғылыми зерттеу еңбектерінің бастамасы болды.

Сонымен бірге XI ғасырдың көрнекті ғалымы, жаратылыстанушы Жүсіп Баласағұнның (1015–1075 ж.) «Құтты білік» еңбегі – көне түркі дәүіріндегі әмір сүрген халықтардың тарихынан, қоғамдық-саяси әмірінен, дәстүрі мен әдет-ғұрпы, дүние танымдары жөнінде құнды мәліметтер беретін ерекше жәдігер. Осы бір кезеңде әмір сүрген Махмұд Қашқаридың (1029–1101 ж.) «Диуани лұғат ат-турік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбегі түркі тілінің жазылу заңдылығын таразылаған, түркі халқының мәдени-тарихи дамуын танытқан энциклопедиялық анықтамалық еңбек. Атапталған ғылыми шығармашылық еңбектер бүкіл шығыс халықтарының ортақ мұрасы, тарихи жәдігері болып табылады.

Сондай-ақ ортағасырлық жазба ескерткіштер ішіндегі шоқтығы бүйік екі шығармалың авторы Мырза Хайдар Дулатидің (1499–1551 жж.) парсы тіліндегі «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі мен түркі тіліндегі «Жаһаннама» атты поэмасы – тарихшы ғалымдар мен қоғамдық-мәдени дәүірді зерттеушілердің қызығушылығын тудырган ерекше туынды. Мысалы, «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Шыңғыс хан үрпақтары – Шагатай мен Жошы билігі және Орта Азиядағы ортағасырлық мемлекеттердің тарихы мазмұндалған, сондай-ақ мұнда қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуына қатысты мәліметтер келтірілген. Мұнда мемлекеттермен халықтардың қалыптасуынан өзге өлкенің географиялық-топонимикалық, тілдік және мәдени-түрмистік дамуына қатысты бір қатар мағлұмattар берілген ерекше құнды шығарма.

Бұл жоғарыда аттары атапталған тарихи-әдеби туындылардың алғашқы қолжазба нұсқалары шетелдік мұрагат корларында сақтаулы түр. Мысалы, «Тарих-и Рашидидің» Британия мұражайында, Техран университетінің кітапханасында, Ташкенттегі Ә.Бируни атында Шығыстану институты қолжазбалар қорында, Душанбе жазба деректер институтындағы қолжазба қорында, Мәскеу қаласындағы Азия халықтары институтын шығыс әдебиеттері бөлімінде, Ресей Фылым академиясының Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтынан қолжазба қорында парсы және түркі тілдеріндегі бірнеше қолжазба нұсқалары сақтаулы. Ал, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-турік» шығармасы жалғыз қолжазба нұсқасында Стамбулдың Үлттық кітапханасында түр.

Шығыс және Европа елдерінің кітапхана қорларында Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерінің түрлі кезеңдердегі тарихы жөнінде қысқаша сипаттаулармен бірқатар көлемді жазба деректер кездеседі. Мұнда деректердің көпшілігі әлі күнге дейін ғылыми айналымға енбеген. Оның өзіндік себептері бар. Мысалы араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған деректерді зерттеуде тілді оқу мүмкіншіліктері болмады және көпшілік құжаттар қолға тимеді.

Ең алдымен ортағасырдағы қазақ тарихына қатысты араб тілінде жазылған дерек көздері қайда сақталған турасындағы мәліметтерді жинақтап саратаған жөн. Кеңес билігі тұсында шығыс халықтарының тарихына қатысты көптеген деректер арнағы

турде жойылып, зерттелген материалдардың мазмұны өзгертіліп, жекелеген халықтардың үлттық мұддесінен алыстайтылды.

Дегенмен, Түрік әлемінің мәдениеті мен тарихына қатысты деректер Осман империясы тұсында арнайы жинақталып осы күнге дейін Стамбулда сақталған. Сондай-ақ XVII ғасырдан бастап батыс елдерінің зерттеушілері мен саяхатшылары шығыс халықтарының тарихына қатысты көптеген құнды деректерді өздерімен бірге Европага тасымалдап, соның нәтижесінде бүгінгі күні АҚШ пен Европа елдерінің қолжазба қорларында Орталық Азия халықтарының тарихына қатысты бірқатар мәліметтер жинақталған.

Европадағы шығыс халықтарының мәдени, тарихи, саяси тарихын зерттеуге арналған ірі орталықтарының бірі Болон университетінің арнайы қорында жинақталған. Мұнда түрік, парсы, араб тілдеріндегі бірегей дерек көздері сақталған және жалғыз ғана нұсқасы болып табылады. Қазақстан және Орта Азия халықтарының ортағасырлардағы тарихының өзекті мәселелеріне қатысты деректер қорлары мен фотокөшірмелері америка университеттерінде сақталған. Гарвард университетінің кітап қорларында Ұлықбек мырзаның тере тұқымына (Шыңғыс хан ұрпақтарына) қатысты мәліметтері жинақталған және Индиана университетінің арнайы қорларында Орталық Азия халықтарының тарихына қатысты микрофильмдер елем болынша жинақталып, сақталған.

Орталық Азия тарихнамасында XIII ғасырға дейін араб тіліндегі шығармалар басым болды. XIII ғ. екінші жартысынан бастап Орталық Азиядағы араб тілі неғізінен Құдайға құлшылық ету және теологиялық әдебиет тіліне айналды. Оның орнына парсы және шағатай тілдерін қолдану алдыңғы қатарға шығады, олар өндіріс пен мәдениеттің мемлекеттік істердің тілдері ретінде Орталық Азияда XX ғасырдың 30-жылдарына дейін қолданылады.

Бізге жеткен арабографиялық тарихи қолжазба кітаптар Иранда хулагуид Илхановтың билігі кезінде (1256-1353) жасалған. Хулагуидтер мемлекеті қазіргі Ауғанстанмен (Шағатай ұлысына кіретін Балхтан басқа), Мерв оазисімен, Араб Иракымен, Джазирамен (Жоғарғы Месопотамиямен), Иран Әзіrbайжанымен, Арранмен және Ширванмен, Армениямен Курдістанмен және Кіші Азияның шығыс бөлігімен (Рум) бірге бүкіл Иран тауарын қамтыды.

1295 жылы илхандар Исламды қабылдады және Ұлы пұтқа табынушы ханның билігін мойындаудан бас тартты. Хулагуидтердің бастапқы астанасы Марага болды, содан кейін астанасы Тебриз қаласына ауыстырылды, ал XIV ғасырдың басынан бастап астанасы Казвин маңындағы Сұлтания болды.

Биілеуші әулеттің бұйрығымен «Тарих-и Джакхангуша» («Әлемді жауап алушының тарихы»), «Джами' ат-таварих» («Шекірелер жинағы»), «Раузат аули ал-ансаб» («Хронология мен шекіреле қатысты дана БАҚ (ұлы адамдар)», «Китаб таджизиат ал-амсар ва тазжият ал-а'сар» («Бөлу кітабы»), «Тарих-и гузидә» («Таңдамалы шекіре»), «Нузхат әл-кулуб» («Услада сердец») сияқты көптеген шығармалар жазылды.

Қолжазба кітаптарының авторлары композицияның дәстүрлі түрлерін ұстанды. Тарихи қолжазба кітабы әдетте үш компоненттен тұрды:

I Кіріспе белім.

II Негізгі мәтін.

III Қорытынды.

Жалпы тарих туралы қолжазба кітаптары әдетте бірнеше томнан (мужаллад) тұрды, томдар үлкен тараууларға (баб, мақала) немесе бөліктерге (кисм,

дафтар) бөлінді, олар өз кезегінде бөлімдерге (fasl, максад, темекі) және әңгімелерге (дастан) бөлінді. Шығармалардың жекелеген томдарының өз атаулары жи болатын.

Жалпы тарих бойынша қолжазба кітабының жарықын үлгісі «Джам' ат-таварих» еңбегі болып табылады. Шығармандың бірінші томының өз атауы бар «Тарих-и мубарак-и Газани» («Газанованың құтты тарихы»), үшінші том «Джам' ат-таварих» сонымен қатар «Сурат-и акалим ва масалик-и мамалик» («климат және ел жолдары») деген атпен белгілі.

Мәтін қолжазба кітаптардың құрылымы бойынша берілген материалдың, олардың ішінде ең танымалы:

- 1) хронологиялық,
- 2) саяси-аймақтық,
- 3) тақырыптық.

Тимуридтік қолжазба кітаптары Әмір Темірдің (1370-1405) және өкілдері Мавераннахр, Ауғанстан, Иран, Әзіrbайжан, Иракты басқарған Тимуридтер әулетінің (1370-1506) билік ету кезеңін қамтиды.

Тимуридтер дереккөздеріне келесі еңбектер кіреді: «Тузик-и Тимури» (Тимурдың жазбалары), «Зафаринаме» («Женістер кітабы»), «Мунтахаб ат-таварих-и Му'инни» («Му' инидің таңдамалы шығармалары»), «Зафар-наме-ий Тимури» («Тимурдың женістері туралы кітап»), «Тарих-и арба 'улус» («төрт Ұлыстың тарихы»), «Му' из ал-ансаб фи шаджарат Салатин мугул» («Монгол султандарының шекіресіндегі шекірелерді дәрілтейтін кітап»), «Маджму-и Хафиз-и Абрү» («Хафиз-и абрү [Тарихи] жинағы»), «Му-жамал-и Фасихи» («Фасихтер жинағы»), «Матла' ас-са' дайн ва маджма 'ал-Бахрейн» («Екі шоққұлдыздың шығу орны және екі теніздің бірігі»), «Раузат ас-сафа' фи сират ал-анбия' ва ал-мулук ва ал-хулафа» («Пайғамбарлардың, егемендердің және халифтердің әмірбаяндарына қатысты тазалық бағы») және басқалар.

Шейбанидтік қолжазба кітаптары истриялық шекірелер, естеліктер, әмірбаяндармен ұсынылған. Материалдың тұсаукесеріне сәйкес тарихи шекірелерді жалпы және әулеттік әңгімелер тобына жатқызуға болады.

«Тарих-и Абу-л-Хайр-хани» – жалпы тарих бойынша шығарма. «Фатх-наме», «Шейбани-наме», «Футухат-и хани», «Михман-наме-ий Бұхара» әулеттік шығармаларының авторлары Мұхаммед Шейбани ханның әмірін баяндайды. «Зафар-наме», «Шараф-наме-ий шахи» шығармалары II Абдоллаханға арналған (1557-1598 жж.) «Мусахир ал-біллад» авторы Шейбанидтер әулетінің әр түрлі өкілдерінің және бірінен соң бірі келе жатқан алғашқы Аштарханидтердің билік еткен жылдарын сипаттайтын.

Аштарханидтер қолжазба кітаптарында Аштарханидтер әулетінен шыққан Бұхар хандарының билік ету тарихы жазылған (1601-1753). Аштарханидтер мемлекеттің аумағы Дешті Қыпшак шекарасынан Балхқа дейін, оған кіретін Кундуз, Джузгун(Файзабада), Шеберган және Солтустік Ауғанстанның басқа да қазіргі аудандарымен созылды. Ферғана Әзіген қаласын қоса алғанда олардың иеліктерінің құрамына кірді. Аштарханидтер иелігінің солтустігінде Талас алқабы бар Сайрам мен Туркістан қаласын басып алды. Мемлекеттің астанасы Бұхара болды.

XVIII ғасырдың басында Ферғана алқабында жаңа мемлекеттік бірлестік Қоқан хандығы (1876 жылға дейін созылған) пайда болды. Қоқан хандығының құрылымынан хандықтың тарихына арналған көптеген шығармалар жасалады. Қоқан қолжазба кітаптарына келесі шығармалар жатады: «Мунтахаб ат-таварих «(тариҳтан үзінді»), «Тарих-и джадида-ий Ташканд «(«Ташкенттің жаңа тарихы»), «Хуласат ал-ахвал «([әмір]

жағдайларының қысқаша мазмұны»,» Умар-наме («Умарова тарихы») және басқалар.

Хиуа мемлекеті 1920 жылға дейін созылды. Хиуа хандығы 1512 жылы Дешті-Қыпшақтан шыққан Шыңғысидтер, Жошы ханың ұлы Шейбанның ұрпақтары болған Илбарс пен Балбарт құрган.

Хиуа деректерінде хандықтың өзі Хорезм деп аталауды. Мемлекеттің бастапқы астанасы Үргеніш болды, содан кейін 1598 жылы Хорезм мемлекетінің жаңа астанасы Хиуа болды. Отандық және шетелдік тарихнамада Хорезм мемлекеті өзінің жаңа астанасының құрметтіне Хиуа хандығы деп аталды.

Хиуа хандығының құрамына Батыс Өзбекстанның, оңтүстік-батыс Қазақстанның және Түркіменстанның көп бөлігінің қазіргі аумактары кірді. Төрт ғасырдан астам уақыт бойы өмір сүрген Хиуа хандығы жазба ескерткіштер түрінде бай мәдени мұра қалдырыды, бұл Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеудің баға жетпес көзі болып табылады.

Ендеше Қазақ тарихына қатысты барлық құнды деректер түпнұсқадан текстологиялық талдау жасалып, жаңа қөзқараспен қайта қаралу керек. Олай дейтініміз, деректердің тиянақты зерттелуі – егеменді елдің жаңа тарихы мен болашақтағы тарихи танымының, ұстанымның қалыптасуына көмектеседі. Мемлекеттігіздің жүйеленген тарихы жазба деректермен рассталатыны бөрімізге аяң.

Қорытынды. Көне Қазақстан территориясында дүниеге келген жазба мұраларды орыс, неміс, түрік, француз, венгр және т.б. шетелдік ғалымдар көп зерттеп, қыуар іргелі енбектер қалдырыды. Отандық ғылымда олардың да ғылыми маңызы жоғары бағаланып, зерттеу жұмыстарында көнінен қолданылады. Сондықтан да Қазақстан тарихы, мәдениеті, әдебиеті зерттелген көне ғылыми басымдардың да жәдігерлік құндылығы жоғары. Олар да ерекше күтіммен, ықдағаттылықпен сақталуы қажет.

Бұл жайттар жазба жәдігерлерін бір орталық тиянақты жинақтаудың, ұқыпты сақтаудың, жан-жақты зерттеудің қажеттілігін туындағып отыр. Оның үстіне елімізде 2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетел мұрағаттары мен ғылыми мемемелерінен айқындалған ел тарихына қатысты мындаған мұрағаттық құжаттар алынды. Мұрағатшылар мен ғалымдар атапан бағдарлама аясында Армения, Египет Араб Республикасы, Турция, Франция, Венгрия, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан Республикаларының мемлекеттік мұрағаттарынан, ғылыми мекеме, мұражай, кітапханаларынан қазақ халқының шекіресінен сыр шертептін тарихи, мәдени құжаттық деректермен еліміздің мұрағат қорын толықтырыды. Шетелдік мұрағаттар, кітапханалар, ғылыми-зерттеу мемемелерінің сирек қолжазбалар бөлімдерінен 35 мыңнан аса тарихи құжаттар анықталып, біраз бөлігінің көшірмелері алынған. Бұл құжаттардың басым бөлігі Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағат қорында жинақталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. –Алматы, Тұран. 2003. -402 б.

Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XII вв. –Ташкент, 1988.

История Казахстана в персидских источниках. Джамал ал-Қарши. Ал-Мұлхақат би-с сурас. –Алматы, 2005. –131-132-б.

Ж.Т.Тулибаева, Г.Т.Исахан. Арабографические источники по истории Казахстана.–Республика Узбекстан. 2013 г. 25- 30 сс.

Әта Мәлік Жовеини. Әлемді жаулаушы тарих. Үш томдық, Голландия, Лайден қаласы, «Берил» баспасы, 1911 ж.

Зардыхан Қинаятұлы. Монгол үстіртін мекен еткен соғыс түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. Астана, Елорда, 2001, 208 бет.

Монгол империясы (The Mongol Empire), Mary Hull, парсы тіліне аударған: Надыр Мирсаиди.– Техран. «Қоқнус» баспасы, 1380, 136 б.

Рашидеддин Фәзлолла. Жамең-әт-тауарих. – Техран «Әлборз» баспасы, бірінші басылымы, 1373 ж.

Ибн Бәтуте. Сапарнама. Ауд: Мұхаммед Әлі Мұвәхед, бірінші том.– Техран, «Ғылыми-фәрнәнги орталығы» баспасы, 1361 ж. 447 бет.

Шарафеддин Әлі Йәзди, Зафарнама, парсы тіліндегі қолжазбасы. – Ташкент, Фан баспасы, 1972 ж.

Мырза Мұхаммед Айдар Дұлат. Екі кітап/ Тарих-и-Рашиди. Аударған және түсініктемелер жазған: Ислам Жеменей, Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2020. 1-кітап. 367 б.

Ислам Жеменей. Парсы және түркі жаәба деректеріндегі қазақ тарихы (Ежелгі және ортағасырлық дәүір). – Алматы, «Сардар» баспа үйі. 2019.- 224 бет.

REFERENCES

Muhammed Haidar Dulati. Tarih-i Rashidi –Almaty, Turan.2003. -402 b. [Mohammad Haidar Dulati. History of Rashidi]. –Almaty, Turan.2003. -402 p. [in Qazaq].

Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XII vv. – Tashkent, 1988 [Materials on the history of Central Asia X-XII centuries].– Tashkent, 1988 [in Russian].

Istoria Kazahstana v persidskih istochnikah. Djamal al-Qarshi. Al-Mulhaqat bi-s sýrah. –Almaty, 2005. –131-132-b. [History of Kazakhstan in Persian sources.Jamal al-Qarshi. Learn from Al-Mulhaqat Bi]. –Almaty, 2005. –131-132-p.[in Russian].

J.T.Tulibaeva, G.T.Ilsahan. Arabograficheskie istochniki po istorii Kazahstana. Respublika Yzbekstan. 2013 g. 25- 30 ss. [Zh.T.Tulibaeva, G.T.Ilsakan. Arabographic sources on the history of Kazakhstan]. – Republic of Uzbekistan. 2013. 25- 30 ss [in Russian].

Áta Málík Joveini, Álemdi jaýlayshy tarikh, úsh tomdyq, Golllandıa, Laïden qalasy, «Beril» baspasy, 1911 j.[Ata Malik Joveini. History Conquering the World, three volumes].–Leiden, The Netherlands, «Beryl» Publishing House, 1911. [in Qazaq].

Zardyhan Qınayatuly. Moñgol ústirtin meken etken soňgy türki taipalary: IX-XII ғасыр.– Astana, «Elorda», 2001, 208 bet. [ZardyhanKiyaniatovich. The last Turkic tribes inhabiting the Mongol plateau: IX-XII centuries].–Astana, «Elorda»,2001, 208 pages [in Qazaq].

Moñgol imperiäasy (The Mongol Empire), Mary Hull, parsytiline aýdargan: NadyrMirsaidi.–Tehran. «Qoqnýs» baspasy, 1380, 136 b.[The Mongol Empire, Mary Hull, translated into Persian by Nadir Mirsaidi].– Tehran,«Koknus» Publishing House, 1380, p.136 [in Qazaq]. RashideddinFázlolla. Jameh-ät-táyárih.–Tehran.«Álborz» baspasy, birinshibasylymy, 1373 j. [Rashid al-Din Fazlullah.Jameh-at-Taurikh].–Tehran. «Alborz» Publishing House, first edition, 1373 [in Qazaq].

Ibn Bátýte. Saparnama. Aýd: Muhammed Áli Muváhед, birinshi tom, Tehran, «gylymi-fárhángi ortalıgy» baspasy, 1361 j. 447 bet. [Ibn Battuta. Travel. Translated by Muhammad Ali Muwahed,the first volume].– Tehran, «Scientific and Cultural Center» Publishing House, 1361. P. 447 [in Qazaq].

Sharafeddin Áli lázdi, Zafarnama, parsy tilindegi qoljazbasy. – Tashkent, Fan baspasy, 1972. [Sharafeddin Ali Yazdi, Zafarnama, manuscript in Persian].–Tashkent, Fan Publishing House, 1972 [in Qazaq].

Myrza Muhammed Aídár Dýlat. Eki kitap/ Tarih-i-Rashidi. Aýdargan jáne túsinitkemeler jazgan: Islam Jemenei.– Almaty, «Qazaq ýniversiteti» baspasy, 2020. 1-kitap. 367 b. [Mr. Muhammad Aidar Dulat. Two books / Tarih-i-Rashidi, Translated and written by Islam Zhemenei].–Almaty, «Kazakh University» Publishing House, 2020. Book 1, -367 p. [in Qazaq].

Islam Jemenei. Parsy jáne türki jazba derekterindegi qazaq tarihy (Ejelgi jáne ortaғasyrylyq dáýır). –Almaty, «Sardar» baspaúi. 2019,- 224 bet.[Kazakh history in the written sources of Islam Zhemenei, Persian and Turkic (Ancient and medieval times).].–Almaty, Sardar Publishing House 2019, - 224 pages [in Qazaq].

Айнагул ҚАЙЫПБАЕВА¹, Ардақ НҮРМҰХАМБЕТОВ²,
¹т.ғ.к., Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Алматы, Қазақстан. E-mail: aina_78@mail.ru
² PhD доктор, Т.Жүргенов атындағы КазҰлтФнАк,
Алматы, Қазақстан. E-mail: nur.ardak_83@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІ: ұлт қайраткерлерінің қызметі (XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Мақалада XX ғасыр басында большевиктер билігінің орнауынан кейін білім және ғылым саласындағы өзгерістер мәселе сі көтерілген. Авторлар қазақ жеріндегі зайдырылды білім беру жүйесінің орнытуы және қазақ жеріндегі жаңа үлгідегі мектептердің ашылуына көніл аударады. Зайдырылды білім берудің нормативтік құқықтық негіздерін ашып, қабылданған қаулылар мен жузеге асқан бағдарламаларды терең сараптайды. Әсіресе, авторлар зайдырылды білім беру ісінің жузеге асуына ұлт қайраткерлерінің қосқан үлесіне көніл аударады. XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлері саяси қызметтермен қатар, білім беру ісіне белсенді атсалысты. Мысалы, Алаш партиясы тәнірекіне топтасқан ұлт қайраткерлері «Есеп құралы», «Педагогика», «Табиғаттану», «Ұлы математика курсы» және тағы да басқа оқулықтар жазып, қазақ балаларының өзгелерден кем болмауына жеткілікті көніл бөлгөн болатын.

Кілт сөздер: тәңкерең, білім, қаулы, ұлт қайраткерлері, мектеп, оқулық, жүйе.

Мақала №AP08856779 «XX ғ. 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңыру ту саясатындағы зайдырылды білім мен агарту жүйесі» жобасы аясында жазылды.

Айнагул Каипбаева¹, Ардақ Нұрмұхамбетов²,
¹ к.и.н., Институт истории и этнологии им. Ш. Уалиханова,
Алматы, Казахстан. E-mail: aina_78@mail.ru
² PhD доктор, КазНАИ им. Т.К. Жүргенова,
Алматы, Казахстан. E-mail: nur.ardak_83@mail.ru

СВЕТСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ: деятельность национальных лидеров (20-30-е годы XX века)

В статье поднята проблема изменений в сфере образования и науки после установления большевистской власти в начале XX века. Авторы обращают внимание на установление светской системы образования и открытие школ нового типа на казахской земле. Раскрывает нормативно-правовые основы светского образования, глубоко анализирует принятые постановления и реализуемые программы. Особенно авторы обращают внимание на вклад национальных деятелей в реализацию светского образования. Например, национальные деятели начала XX века наряду с политической деятельностью принимали активное участие в образовании. Например, лидеры объединившиеся вокруг партии Алаш, написали учебники «Есеп құралы», «Педагогика», «Табиғаттану», «Ұлы математика курсы» и другие, уделяя достаточно внимания казахским детям, чтобы они не уступали другим.

Ключевые слова: революция, образование, указы, национальные деятели, школа, учебник, система.

Статья написана в рамках проекта № AP08856779 «Система светского образования и просвещения в политике модернизации традиционного казахстанского общества 20-30-е годы XX века».

Ainagul Kaipbaeva¹, Ardash Nurmuhambetov²,
¹ c.h.s., Ch. Valikhanov Institute of History and Etnology,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: aina_78@mail.ru
² PhD doctor, T.K. Zhurgenov KazNAA, им. Т.К. Жүргенова,
Almaty, Kazakhstan. E-mail: nur.ardak_83@mail.ru

SECULAR EDUCATION OF THE KAZAKHSTAN: activities of national leaders (In 20-30 years of the XX century)

the article raises the problem of changes in the field of education and science after the establishment of Bolshevik power in the early twentieth century. The authors draw attention to the establishment of the Soviet education system in the Kazakh land and the opening of a new type of schools in the Kazakh land. it reveals the normative and legal foundations of secular education, deeply analyzes the adopted resolutions and implemented programs. The authors pay special attention to the contribution of national figures to the implementation of secular education. For example, national figures of the early twentieth century, along with political activities, took an active part in education. For example, nationalists united around the Alash party wrote textbooks «Есеп құралы», «Педагогика», «Табиғаттану», «Ұлы математика курсы» and others, paying enough attention to Kazakh children so that they did not give way to others.

Key words: revolution, education, decrees, national figures, school, textbook, system.

The article was written within the framework of project № AP08856779 «The system of secular education and enlightenment in the policy of modernization of the traditional Kazakh society in the 20-30s of the XX century»

Кіріспе. 1917 жылдың Қазан төңкерісінде жеткеннен кейін жаңа құрылған социалисттік жүйедегі мемлекет үшін маңызды мәселелердің бірі білім беру жүйесін түбігейлі өзгерту болды. Дәстүрлі білім беру жүйесі ескіліктің белгісі ретінде қарастырылып, оның сан жылғы халыққа білім беру ісіндегі қызметті жоққа шығарылды. Большевиктік тәртіпке негізделген жаңа білім беру жүйесі арнағы қаулылар және бағдарламалар арқылы белсендерді жұмысын бастап, қазақ қоғамына еркін сіністі. Осылайша бұған дейін дәстүрлі қазақ қоғамында қолданыста болып келген білім беру ісі түбігейлі өзгерістерге ұшырады. Әрине, зайырлы білім беру ісінің өзіндік артықшылықтары болды. Сондықтан болар үлт қайраткерлері белсендерді қызметті етті. Мектептер үшін арнағы окулықтар жазып, тіпті білім ошақтарында да қызметтерін жалғастырды. Осы мәселенің қазіргі ғылыми қауымдастық үшін беймәлім тұстары жетерлік. Сондықтан аталған мәселе кең көлемдегі талдау мен кешенді зерттеуді талап етеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында тарихи кезеңдеу әдісін кеңінен қолданық. Тақырып бойынша жазылған ғылыми еңбектерді талдау және зайырлы білім беру ісінің ерекшеліктерін айқындау үшін салыстырмалы-тарихи әдіске сүйендік.

Талдау. Аталған мәселе түрлі тарихи кезеңде өз зерттеушісін тауып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысаны болғанымен, мәселені кешенді түрде қарастыра қоймаған. Атап айтқанда мәселеңе қатысты Р.Б. Сулейменов пен Х.И. Бисеновтердің «Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов» атты еңбектерімен қатар (Сулейменов, 1967), Ш. Мажитаева мен С.Б. Қалыбаеваның «XX ғасыр басындағы қазақша окулықтардың тілі туралы» еңбектерін атап өтуге болады (Мажитаева, 2010). Сонымен қатар А.С. Елагиннің «Социалистическое строительство в Казахстане в годы Гражданской войны (1918-1920 гг.)» (Елагин, 1966), Р.С. Таханованың «К вопросу о развитии общеобразовательной школы в Казахстане 20-40-е гг.» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарында да XX ғасыр басындағы Қазақстандағы зайырлы білім беру ісінің даму тарихы жақсы талданады (Таханова, 2010). Мұндай еңбектер қатарында С.Т. Рысбекованның «Образование как фактор социальной модернизации традиционного общества (на примере Казахстана 1920-1930-е гг) XX века» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарын атап өтуге болады (Рысбекова, 2009).

Зерттеу нәтижелері. 1917 жылдың қараша айында Үкіметтің қаулысымен халық ағарту ісі бойынша мемлекеттік комиссия құрылады. Бұл комиссия кейінрек Халық ағарту комиссариаты мәртебесіне ие болған еді (Народное, 1957: 52). Сол жылы ағарту комиссариаты «Халықта үндеуін» жариялад, зайырлы білім негіздері, міндетті тегін білім беру сынды маңызды мәселелердің көтерді. 1918 жылы 30 қыркүйекте Орталық атқару комитеті «Бірынғай еңбек мектептері туралы» қаулы шығарып, екі сатылы білім беру ісі қолға алынды. Оның біріншісі бесжылдық білім деп аталып, 8-13 жас аралығын қамтыса, екіншісі төртжылдық деп, 13-17 жас аралығын қамтыды (Культурное, 1965: 47).

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы зайырлы білім беру мәселесінде маңызды болған қаулылардың бірі 1919 жылдың 31 қазанында қабылданды. «Аз үлттар мектептері туралы» деп аталағын қаулыға сай елімізде мектептер қайта жасақтала бастады. Мәселен, Жетісу жерінде патша және Ұақытша үкімет тұсындағы «орыс-түземдік» мектептерін үлттық еңбекшілер

мектептеріне айналдыру үрдісі жүрді. Ал жекелеген аудандардағы мектеп-интернаттар толықтай мемлекеттің есебінен қамтамасыз етіле бастады. Мұндай мектеп-интернаттардың алғашқылары 1919 жылы Шымкентте ашылған болатын (Сулейменов, 1967: 79). Маман тапшылығы байқалғандықтан, мамандық бойынша жұмыс істемеген, бірақ жұмыс атқарғысы келетін азаматтарды да тіркеуге алды. 1919 жылдың қыркүйек айында Верный қаласымен қатар, Шалқар, Орынбор, Торғай, Орал, Ойылда екі айлық мұғалімдер курсы өз жұмысын бастады. Мұндай курстар 1920 жылдың бірінші жартысында Ақмола мен Семейде ашылады. Тек қазақ тілінде фана емес, өзге тілдерде білім беретін мектептер үшін де мұғалімдер даярлана бастады (Народное, 1957: 120).

XX ғасырдың 20-30-жылдарында бой көтере бастаған мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге үлт қайраткерлері зор үлес қости. Атап айтқанда, қарастырып отырған осы жылдары М. Дулатовтың «Есеп құралы», М.Жұмабаевтың «Педагогика» және «Баланы тәрбие қылу жолдары», Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекіші», «Психология» мен «Жан жүйесі және өнер тандауы», Е.Омаровтың «Пішіндеме» мен «Физика», Х. Досмұхамедовтың «Жануарлар» мен «Табигаттану», «Адамның тән тірлігі», Қ.Кеменгревовтың «Оку құралы», «Орысша-қазақша тілмаш», С. Қожановтың «Есептану құралы», Ә. Ермековтың «Ұлы математика курсы», Б. Майліннің «Ересектерге арналған әліппе» атты оқулықтары жарық көрді. Осы оқулықтардың мазмұнымен таныса келе, үлт зияяларының қазақ тілінің тазалығы үшін ғылыми терминдерді қазақ ұғымдармен ішінара алмастыруға тырысқанын байқауға болады (Мажитаева, 2010: 33-38).

Әрине, зайырлы білім беру жүйесін қалыптастыруда алғашқы қабылданған декреттердің маңыздылығы жоғары болды. 1930 жылдың 14 тамызында КСРО Орталық атқару комитетінің жалпылама бастауыш білім туралы қаулысы шығып, құжатқа сай елде педагогикалық институттар мен техникумдардың салын үлгайту мәселесі күн тәртібіне көтерілді. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар өз нәтижесін бергендейді даусыз (Елагин, 1966: 15).

1923 жылдың наурыз айында Шымкент қаласында әйелдерге арналған мектеп ашылады да, 35 әйел осы мектепте білім алады. Арыс қаласында ашылған жаңа мектепте 7 жастан 70 жасқа дейінгі аралықта барлық үлттардың өкілдері оқыған болатын. Осы тұста III Бүкілпресейлік съезд өз жұмысын бастап, орыс емлесін дәстүрлі қазақ қоғамында насиҳаттау жұмыстарын қүштей мақсаты айқындалды. Осы мақсатқа сай ауыл адамдарының білімін көтеру міндеті белгіленіп, 1926-1927 жылдары Сырдария облысы территориясында алты еуропалық, үш өзбек, бес қазақ мектебі жұмыс істей бастады. Облыстың құрамындағы алты аудан бойынша 82 қазақ және өзбек мектептері жұмыс істеп тұрды (Таханова, 2010: 106-109). 1920 жылдың басында коммунисттік партия Шығыс халықтарының санасына коммунисттік идеялардың орнығына құш салудың маңыздылығын атап ете келе, осы бағыттағы жұмыстарды екі есе белсененді ету керектігі аталаып етті (Рысбекова, 2009: 234).

Қорытынды. Жаңа білім беру жүйесі қазақ қоғамына үлкен өзгерістер әкепді. Қазан төңкерісінен кейін жаңа мемлекеттің жаңа адамдарын қалыптастыру бағытында большевиктердің қабылдаған нысандық құжаттарындағы талаптары мен түйген ойлары тез арада жүзеге аса бастады. Мұны жоғары үйимдастырушылық қызметтерімен қатар, сол тұстагы адамдардың санасын ортақ мұддеге онтайты

жұмылдыра білуперінен көреміз. Осы мәселені жеке ғылыми тақырып ретінде қарастырудың маңыздылығы өткен күннің білім жүйесін қалыптастыру өдістемесі мен окулық жазудағы жетістіктерін бүгінгі күн көз-қарасымен ұштастыра біліп, түйсітін мәселелерін ғылыми дәлелдеумен қатар, дәлелді болжам жасау болып табылмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Елагин А.С. Социалистическое строительство в Казахстане в годы Гражданской войны (1918-1920 гг.). – Алма-Ата, 1966. 187 с.

Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932) – Т1. – Алма-Ата, 1965. – 239 с.

Мажитаева Ш., Қалыбаева С.Б. ХХ ғасыр басындағы қазақша окулықтардың тілі туралы // Қарағанды университетінің хабаршысы. – №2(58). – Қарағанды, 2010. – 142 б (33-38 б.).

Народное просвещение КазССР. Сборник документов и материалов (1917–1939). – Алма-Ата, 1957. – 237 с.

Народное образование Каз ССР. Алматы, 1957. – 197 с.

Рысбекова С.Т. Образование как фактор социальной модернизации традиционного общества (на примере Казахстана 1920-1930-е гг) // Вестник РУДН. – №5. – 2009. – 319 с.

Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. – Алматы, 1967. – 237 с.

Таханова Р.С. К вопросу о развитии общеобразовательной школы в Казахстане 20-40-е гг. XX века // Известия Саратовского университета. – Т10. – Выпуск 3. – 2010. – 109 с.

REFERENCES

Elagin A.S. Sotsialisticheskoe stroitelstvo v Kazahstane v

gody Grajdanskoi voiny (1918-1920 gg.) [Socialist construction in Kazakhstan during the civil war (1918-1920)]. – Alma-Ata, 1966. – 187 s. [in Russian].

Kulturnoe stroitelstvo v Kazahstane. Sbornik dokumentov i materialov (1918-1932) [Cultural construction in Kazakhstan. Collection of documents and materials (1918-1932)]. – T1. – Alma-Ata, 1965. – 239 s. [in Russian].

Majitaeva Sh., Qalybaeva S.B. XX gasyr basyndagy qazaqsha oqlıqtardın tili turaly [About the language of Kazakh textbooks of the beginning of the XX century] // Karagandy universitetinin habarshysy. – №2(58). – Karagandy, 2010. – 142 b (33-38 b.). [in Kazakh]

Narodnoe prosveenie KazSSR. Sbornik dokumentov i materialov (1917-1939) [People's Education of the Kazakh SSR. collection of documents and materials (1917-1939)]. – Alma-Ata, 1957. – 237 s. [in Russian].

Narodnoe prosvetenie KazSSR [National education of the Kazakh SSR]. – Alma-Ata, 1957. – 197 s. [in Russian]

Rysbekova S.T. Obrazovanie kak faktor sotsialnoi modernizsii traditsionnogo obshestva (na primere Kazahstana 1920-1930-e gg) [Education as a factor of social modernization of traditional society (on the example of kazakhstan in the 1920s-1930s)] // Vestnik RUDN. – №5. – 2009. – 319 s. [in Russian].

Suleimenov R.B., Bisenov H.I. Sotsialisticheskii put kulturnogo progressa otstalih narodov [The socialist way of cultural progress of backward peoples]. – Almaty, 1967. – 237 s. [in Russian]

Tahanova R.S. K voprosu o razvitiy obsheobrazovatelnoi shkoli v Kazahstane 20-40-e gg. XX veka [On the development of secondary schools in kazakhstan in the 20-40s of the xx century]// Izvestia Saratovskogo universiteta. – T10. – Vipusk 3. – 2010. – 109 s. [in Russian].

FTAXP/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20

Қ. МҰХИТОВ¹, А. ӘБСАДЫҚ²

¹т.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік

университеті, Қазақстан. Е-mail: ocean_5@mail.ru

²ф.ғ.д., А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры,
Қазақстан. Қостанай қ. Е-mail: almas9172447@gmail.com

МҰНАЙ ҚҰБЫРЫНЫҢ ТАРИХЫ (XX ғасырдың 20-жылдары)

Бұл мақалада XX ғ. 20-30-жылдары салынған Қазақстан мұнай құбыры туралы айтылады. 1912 жылды Доссордан Рәкөш мүйісіне дейін көсіпкерлердің салған мұнай құбыры отызыншы жылдарға дейін пайдаланылған болатын. 30-жылдары Қазақстанда салынған Каспий-Орск мұнай құбыры КСРО-да өзінің ұзындығы жағынан екінші орынға ие болды. Бұл мұнай құбыры кейін Ұлы Отан соғысы жылдарында қызыл әскерді жанар маймен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарған еді. Мақалада осы мұнай құбырының салынған тарихы мен мұнай тасу үшін және көсіпшіліктердің қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін салынған Гурьев-Доссор тар табанды темір жолы құрылышының тарихы талданады.

Кілт сөздер: мұнай құбыры, Гурьев, Ембі, Доссор, Рәкөш, Қосшагыл, Баку, Ор, тағы басқалары.

К.Мухитов¹, А. Абсадық²

¹К.и.н., Атырауский государственный университет

им. Х. Досмухamedova, Казахстан. Е-mail: ocean_5@mail.ru

²д.ф.н., профессор КГУ им. А.Байтұрсынова,
Қазақстан. г. Қостанай. Е-mail: almas9172447@gmail.com

ИСТОРИЯ НЕФТЕПРОВОДОВ

В этой статье рассказывается об истории казахстанского нефтепровода, построенного в 20-30-х годах XX века. В 1912 году нефтепровод, проложенный предпринимателями от промысла Доссора до мыса Ракуша, не утратил своего значения до середины тридцатых годов. А в тридцатые годы построенный нефтепровод Каспий-Орск по своей протяжённости был вторым нефтепроводом в СССР. Этот нефтепровод был бесценным средством в деле снабжения Красной армии горючим в годы Великой

Отечественной войны. В статье также рассказывается история узкоколейной железной дороги Гурьев-Доссор, построенной для транспортировки нефтепродуктов и обеспечения промыслов необходимым средством.

Ключевые слова: нефтепровод, Гурьев, Эмба, Доссор, Рекеш, Косшагыл, Баку, Орск и так далее.

K. Muhkitov¹, A. Absadyk,²

¹candidate of historical sciences, Atyrau state University named after Kh. Dosmukhamedova. Qazaqstan. E-mail: ocean_5@mail.ru

²Doctor of Philology, Professor of KSU named after A. Baitursynova, Qazaqstan. Qostanai. E-mail: almas9172447@gmail.com

HISTORY OF OIL PIPELINES

This article tells about the history of the Kazakhstan oil pipeline, built in the 20-30s of the XX century. In 1912, the oil pipeline laid by entrepreneurs from The Dossor field to Cape Rakusha did not lose its significance until the mid-thirties. And in the thirties, Kazakhstan became a major oil pipeline Republic. The Caspian-Orsk oil pipeline was the second oil pipeline in the USSR in terms of its length.

This pipeline was an invaluable tool in supplying the red army with fuel during the great Patriotic war. The article also tells the story of the narrow-gauge railway Guryev-Dossor, built for the transportation of petroleum products and providing the necessary means of fishing.

Keyword: Oil pipeline, Guryev, Emba, Dossor, Rakusha, Kosshagyl, Baku and so on.

Кітіспе. Қазақ мұнайының ғасырдан астам тарихы бар. Алайда осы мұнайдың кең көлемде игерілуі тек қана Қеңес үкіметінің еншісіне тиесілі. Мұнай өндірісінің дамуына зор үлес қосатын саланың бірі – тасымалдау ісі. Ал тасымалдау ісінде басты рольді мұнай құбыры атқарады. Қазақстан мұнай құбырының тарихы негізінен XX ғасырда басталады. Бұрын-соңды болмаған бұл сала осы жылдары қарқынды дамып, одақ қөлемінде екінші орынға ие болды. Сол себепті осы кезеңдегі мұнай құбырының тарихы кеңінен зерттелуі қажет деп санаймыз.

Әдістеме. Әткен ғасырдағы мұнай құбырының тарихы сонау 20-жылдардағы Доссор-Рекеш мұнай құбырының салыну тарихынан басталады. Арада жиырма жыл әткен соң одақтық дәрежедегі алып құрылыстардың біріне жататын Каспий-Ор мұнай құбыры салынды. Осылайша Қазақстан мұнай өндіру ісінде Бакуден кейінгі екінші орынға айналды. Мұның бәрі мұнай қәсіпшіліктерін керекti құрал-жабдықтармен дер кезінде қамтамасыз ету мен өндірілген мұнайды өндітін орындарға уақытында жеткізіп отыру арқылы шешілген екен.

Талдау. Мұнай құбырының тарихы бұрын-соңды арнайы зерттелмеген болатын. Дегенмен, бірқатар зерттеушілердің енбектерінде бұл мәселе жолжөнекей болса да қозғалды (Лаврентьев Я.В., Замятин А., Бузик А.И., Толстоногов Н.А., Темірғалиев К., Шаукенбаев Т.). Сонымен қоса, кейбір қорғалған диссертацияларда аталған тақырып біршама ашылды (Сәрсенбаев С.Б., Қарымсақова Э.С.). Кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар енбектерде де бұл мәселе қамтылды (Мұхтар Ә.Қ., Бердіғожин Л.Ж.).

Зерттеу нәтижелері. Ембі мұнайнан тасымалдау ісі патшалық Ресейдің кезінде қолға алынған болатын. Мұнай құбырын салу ісінде «Ембі» мұнай өндіру және сауда акционерлік қоғамы зор үлес қосты. Бұл қоғам Каспий теңізі жағалауында орналасқан Рекеш деген мұйистен 25 десятина жерді жалдап алып, Доссор арқылы оған алты дюймді керосин айдайтын құбыр салуға кіріsti. Сөйтіп, ұзындығы 65 шақырымға созылған бұл мұнай құбыры 1912 жылдың қазан айында салынып бітті. Тек қана желтоқсан айына дейін бұл мұнай құбыры арқылы 820 тонна Ембі мұнайы Астрахан мен Баку қалаларына тасымалданған екен (ҚРОММ). Осылайша Қазақстанда тұнғыш рет мұнай құбыры салынды.

1912 жылы қараша айында Орал-Каспий мұнай қоғамы (ОКМК) «Ембі» акционерлік қоғамы сияқты мемлекеттенн жер жалдап алып, Доссор қәсіпорнынан Рекеш поселкесіне дейін тартылатын өзінің алты дюймді екінші құбырын салуға кіріседі. Бұл мұнай

құбыры кейінгі жылдарда да қолданыста болып, 30-жылдарға дейін Орал-Ембі ауданынан өндірілген мұнайды орталықта жеткізіп тұрды.

Доссордан Рекешке дейін мұнай құбырын салу үшін «Ембі» акционерлік қоғамы 571 мың сом, ал Орал-Каспий мұнай қоғамы 540 мың сом қаржы жұмсаған екен. Бұл екі фирма Рекеште Ембі мұнайдын өндеу үшін өздеріне тиесілі екі мұнай айыру зауытын салды. Әрқайсысы жылына 250 мың тонна мұнай айыратын бұл екі зауыт 1913 жылы салынып біtedі. Сөйтіп оларға Доссор қәсіпшілігін тартылған екі мұнай құбырлары жалғастырылады. «Ембі» қоғамы 1915 жылды Доссордан Рекеш поселкесіне 106 436 тонна мұнай айдаған екен. Бұл мұнайдың 197 тоннасы шикізат күйінде, ал қалған бөлігі өнделген өнім күйінде кемелермен Астраханға тасылған болатын. Орал-Каспий мұнай қоғамына қарасты мұнай құбырымен Рекешке 174 403 тонна мұнай айдалыпты. Соның 28 913 тоннасы шикізат күйінде, ал қалған бөлігі өнделген өнім күйінде жеткізілді (Шаукенбаев Т., А.-1960 -31-б.).

1916 жылы «Ағайынды Нобельдер» серікtestігі Новобогат мұнай көзін пайдалану үшін оны өндіріске дайындауға кіріседі. Себебі бұл мұнай көзіндегі 2/64 санды ұңғыдан мұнай фонтаны атылаған болатын. Бұл жерден көп көлемде мұнай өндіремін деп есептеген серікtestік Новобогаттан Рекешке өзінің мұнай құбырын салуды жоспарлапты. Бірақ кейінгі барлау жұмыстары көп нәтиже бермеген соң бұл құбыр салынбай қалады.

Азамат соғысы жылдарында Орал-Ембі ауданы тоқырау кезеңін басынан кешіреді. Барлық мұнай қәсіпшіліктері мемлекет қолына көшеді. Осы ауданда мұнай өндіру ісімен шұғылданған қәсіпкерлер өздеріне тиесілі құрал-жабдықтарын тасып алып кетуге мәжбур болды. Ал өзімен бірге алып кете алмаған бөлігін әдейі бүлдіріп кеткен екен. Оның үстіне ақ гвардияшылар мен казактар атаманы қызыл әскерден жеңіліс тауып шығысқа қарай шегінген кезде мұнай қәсіпшіліктерін қасақана қыратып кетті.

1919 жылы 7 желтоқсанда Халық Комиссарлары Қеңесі арнайы қаулы қабылдап, Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзеге Орал облысын тезірек азат ету және Ембі мұнай қәсіпшіліктерін аман сақтап қалу міндетін жүктейді (Темірғалиев К., -10-б.). Каспий теңізінің солтүстік жағалауы жау қолынан азат етілген соң ендігі жерде Ембі ауданында сақталған мұнай өнімін тасып алу міндеті тұрады. Сол үшін Орал-Ембі ауданын Саратов қаласымен жалғайтын темір жол құрылсының және мұнай құбырын салуға кіріседі.

Құрылыш жұмыстары 1920 жылы көктем айларында қарқынды жүргізіледі. Жайық өзені жағасында 1,2

шақырым қашықтыққа құбыр төседі.

Бірақ, 1920 жылы Қызыл әскер бөлімдері Қавказды азат еткен соң Ембі мұнайын тасып алу мәселесі кейінге қалдырылады. Ембіде өндірілген мұнай бұрынны мұнай құбыры арқылы Рекөштегі айдалып, одан әрі Қаспий теңізімен еліміздің өнеркәсіпті аудандарына тасыла берді. Тек қана 1922 жылы Рекөштегі Астраханға 139 мың тонна мұнай тасымалданған екен.

30-жылдардың басына дейін осы зауыттарда 85-90% Ембі мұнайы өндеген екен. Ембі мұнайының өзіндік құны қымбатқа түседі. Мысалы, Рекөштегі Астраханға жеткізу үшін Ембі мұнайының әрбір тоннасы 5 сом 12 тиынға шықса, одан әрі Константинов мұнай айыру зауытына жеткізу үшін оның құны 7 сом 19 тиынға тенеледі (Шаукенбаев Т., А.-1974, -15-б.). Бұл – өте қымбат болатын. 1928 жылы Ембі мұнайының өзіндік құны Баку мұнайымен салыстырғанда 4,1%-ға, ал Грозный мұнайымен салыстырғанда бір жарым есеге қымбатқа түсті. Мұның негізгі себебі – тасымалдау ісінің дұрыс жолға қойылмағандығынан. Оның үстіне Ембі мұнайын орталыққа жеткізу жолы үздіксіз емес, маусымдық сипатта еді. Наурыз айының екінші жартысынан бастап қараша айының ортасына дейін тасымалдауға болатын бұл су жолы Ембі мұнайын үздіксіз жеткізіп тұра алмады. Сол үшін мұнай құбырын салу қажеттігі туады.

1932 жылы 8 наурызда Кеңес үкіметі Қаспий-Ор мұнай құбырының жобасын бекітеді. Сол жылы 16 маусымда Еңбек және Қорғаныс Кеңесі ұзындығы 709 км созылған Қаспий-Ор мұнай құбыры мен Ор қаласында мұнай айыру зауытын салу жөнінде қаулы қабылдайды (Шаукенбаев Т., А.-1960 -96-б.). Бұл – өте күрделі міндет еді. Себебі құрылғыс жұмыстарын өте ауыр табиги-климаттық жағдайда жүргізуге, сонымен қатар жабдықтау қоймалары мен халық тұратын орындардан алшақ жерлерде салуға тұра келеді. Құрал-жабдықтарды жүзденеген шақырым жерден тасып тұру қажет болатын. Автокөлік, трактор, экскаватор, т.б. механикалық құрал-жабдықтар жетіспеді. Негізгі еңбек құралы қарапайым құрек пен қол арба еді.

1932 жылдың көктемінде Атырауға мұнай құбырлары әкеліне бастайды. Сол жылдың мамыр айында дайындық жұмысы, ал маусым айында құрылғыс жұмыстары басталады. Өзінің көлемі жағынан Қаспий-Ор мұнай құбыры 1907 жылы салынған КСРО-дағы ең үлкен Баку-Батуми мұнай құбырынан кейінгі екінші орынға ие болады. Сейтіп, ДнепроГЭС пен Стalinград трактор зауыты және Туркісіб сияқты соғысқа дейінгі бой көтерген алып құрылғыстардың қатарына қосылады. Құрылғыс жұмысы өнімді жүргізіледі. 1932-1935 жж. 453 км. қашықтыққа құбыр тартылады. Оған 1935 жылы 275 автокөлік пен 17 экскаватор пайдаланылған еді (АОММҚФ).

Осы жылдары 3-4 мың адам жұмылдырылған болатын. Олардың көпшілігі қазақтар еді. Құрылғыста қызмет етіп жүрген қазақтар әр түрлі құрылғыс ма-мандықтарын игереді.

Құрылғышыларға жергілікті тұрғындар өте көп көмек көрсетеді. Олар азық-тулікпен, жылы киіммен және көлік мәселесімен жәрдемдесіп отырады. 1933 жылдың бірінші жартысында осы құрылғыс жұмысына жұқ тасу үшін жергілікті халықтың 177 жылдықсы мен түйесі және 650 арбасы пайдаланылыпты (Ударник нефтепровода).

Міне, осында қыруар енбектің нәтижесінде одақтық маңызы бар алып құрылғыс аяқталады. 1935 жылы 11-қарашада таңертенгі сағат 9-да Қосшабыл кәсіпшілігінің мұнайы айдала бастайды. Сейтіп, араға 26 күн салып 7-желтоқсан күні Ембі мұнайы Ор мұнай айыру зауытының шикізат сақтайтын қазандарына

келип құйылады (АОММҚФ, 4-тізбе, 17-іс, 120-бет).

Осыдан бастап ұзындығы 847 км болатын, Құлса-са-Байшонас, Ескене-Байшонас кәсіпшіліктерін жалғаган Қаспий-Ор мұнай құбыры Орал-Ембі ауданының дамуына зор улес қосады.

Корытынды. Бұл құбыр кеңес-герман соғысы жылдарында тенденсі жоқ пайда келтіреді. Жау әскерлері Еділге таяп келіп, орталық аудандарды Қавказдан бөліп тастаған шақта Ембі мұнайын үздіксіз жеткізіп тұрады. Сонымен қоса Баку мұнайы Қаспий тенізі арқылы Гурьевке келіп, Ор мұнай айыру зауытына жөнелтіледі. Мәселең, 1941-1945 жж. аралығында осы құбыр арқылы 2 147 399 тонна мұнай Ор зауытына келіп туседі (АОММҚФ, 4-тізбе, 67-іс, 53-бет). Міне, мұнай өнеркәсібінің дамуында мұнай құбырының алатын орны зор екенін осыдан көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Атырау облыстық мемлекеттік мұрагатының қалалық филиалы (АОММҚФ). 7-кор, 3-тізбе, 90-іс, 11-бет.

Бердіғожин Л.Ж. //Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әулеті. А.2012, 368 б.

Бузик А.И.. «Эмбинский нефтеносный район Уральской области». //Экономическая жизнь Поволжья. Саратов. 1919, № 2, 1-13 стр.

Зямятин А. «По Уральской области». Санк-Петербург, 1914. 95 стр.
Карымсакова Э. С. Исторические аспекты транспортировки высокозастывающей нефти в Западном Казахстане. Уфа. -2003, Автореферат.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрагаты (ҚРОММ). 681-кор, 1-тізбе, 13-іс, 11-бет.

Лаврентьев Я.В. Нефтяная Эмба. А.А.-М. 1935, с. 29.

Мұхтар Ә. Қазақ мұнайының дамуы. А. 2006, 224 б.

Сарсенбаев С.Б. «Деятельность партийных организаций западных областей Казахстана по созданию железнодорожного транспорта в нефтеносном районе республики (1936-1970 гг). А-А. 1973.

Теміргалиев К. Борба за нефть Казахстана. А., 1982, 180-б.

Толстоногов Н.А. //Эмба итоги и перспективы работы в Эмбенском районе. М.-Л., 1931, с. 109.

Ударник нефтепровода. 1935, 15 қараша.

Шаукенбаев Т. Орал-Ембинский нефтеносный район. А., 1960, 227-бет.

Шаукенбаев Т. Экономика нефтяной промышленности Казахстана. А., 1974 ж. 167-бет.

REFERENCES

Atyraý oblystyq memlekettik muragatynyý qalalyq filialy (АОММҚФ). 7-qor, 3- tizbe, 90-is, 11-bet.

Berdigojin L.J. //Qazaqstannnyý munai-gaz ónerkásibi: kadrlyq áyleti. A.2012, 368 b.Buzik A.I. «Embinskij neftenosnyj rajon Ural'skoj oblasti». //Ekonomicheskaya zhizn' Povolzh'ya. Saratov. 1919, № 2, 1-13 str.

Zyamytin A. «Po Ural'skoj oblasti». Sank-Peterburg, 1914. 95 str.

Karymsakova E. S. Istoricheskie aspekty transportirovki vysok ozastayushchey nefti v Zapadnom Kazahstane. Ufa. -2003, Avoreferat.

Qazaqstan Respýblikasy Ortalyq memlekettik muragaty (QRÖMM). 681-qor, 1-tizbe, 13-is, 11-bet. Lavrent'ev YA.V. Neftyanyaya Emba. A.A.-M. 1935, s. 29.

Muhtar Á. Qazaq munaulyp damýy. A. 2006, 224 b.

Sarsenbaev S.B. «Deyatel'nost' partijnyh organizacij zapadnyh oblastej Kazahstana po sozdaniyu zheleznodorozhnogo transporta v nefenosnom rajone respubliki (1936-1970 gg). -A-A. 1973.

Temirgaliev K. Bor'ba za neft' Kazahstana. A., 1982, -180 s.

Tolstonogov N.A. //Emba itogi i perspektivy raboty v Embenskom rajone. M.-L., 1931, s. 109.

Udarnik nefteprovoda. 1935, 15-noyabr'.

SHaukenbaev T. Uralo-Embinskij neftenosnyj rajon. A., 1960, -227 s.

SHaukenbaev T. Ekonomika neftyanoy promyshlennosti Kazahstana. A., 1974 g. -167 s.

FTAMP / IRSTI / МРНТИ: 14.25.09

Нұрболат ТЕМИРОВ,
Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі,
Павлодар педагогикалық университетінің тарих мамандығының
1-курс магистранты. E-mail: mrnureke0@gmail.com

СЫН ТҮРГЫСЫНАН ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Бұл жұмыста тарих сабактарында деректерге талдау жүргізу тәсілдері арқылы оқушылардың сыны ойлау дағдыларын дамыту жолдары көрсетілген. Сын түргысынан ойлау дағдысын дамыту үшін алдымен оқушылардың жұмыстары зерттеуге алынды. Біздің барлық іс-әрекетіміз оқушылармен байланысты болғандықтан, оқушылардың сауланамалары мен жұмыстары бағаланды. Зерттеудің алғашқы кезеңінде мәселе анықталған соң, сын түргысынан ойлау дағдыларын дамытудағы әдебиеттер сарапанды. Жоспар құрылып, нақты іс-әрекеттер айқындалды. Жоғары деңгейлі сұрақтарға жауап беруде қындық тудырған тапсырмалардың құрылымы мен ерекшелігі талданды. Талдау түрлерін сабак барысында қолдану – оқушылардың сын түргысынан ойлау дағдыларын дамытудың негізгі құралы. Себебі, талдау барысында кез келген мәселе екі жақты қарастырылып, шешу жолдары ұсынылады. Мениң ойымша, бұл – күнделікті сабак барысында дамытууды қажет ететін мәселе. Зерттеу барысында мәселе анықталды, зерттеу сұрақтары негізделді және мәселені шешуге бағытталады. Оқудан кейін студенттердің дағдылары қалыптасқаны байқалды.

Кілт сөздер: сын түргысынан ойлау, талдау, оқушы, көшбасшы, зерттеу, бағалау, жынтық бағалау.

Нұрболат Темиров,
учитель истории Назарбаев интеллектуальной школы,
магистрант 1-курса по специальности история Павлодарского
педагогического университета. E-mail: mrnureke0@gmail.com

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ: научно-методические основы

В данной работе показаны пути развития у учащихся навыков критического мышления через способы проведения анализа данных на уроках истории. Для развития навыков критического мышления сначала были взяты на исследование работы учащихся. Поскольку вся наша деятельность связана с учениками, были оценены анкеты и работы учащихся. На первом этапе исследования была выявлена проблема, проанализирована литература по развитию навыков критического мышления. Составлен план, определены конкретные мероприятия. Проанализирована структура и специфика заданий, вызывавших затруднения в ответах на вопросы высокого уровня. Использование видов анализа в ходе урока является основным средством развития навыков критического мышления учащихся. Дело в том, что в ходе анализа любая проблема рассматривается неоднозначно и предлагаются пути решения. Я думаю, что это проблема, которую нужно развивать во время ежедневных занятий. В ходе исследования выявлена проблема, обоснованы вопросы исследования и направлены на решение проблемы. Отмечалось, что после обучения у студентов сформировались навыки.

Ключевые слова: критическое мышление, анализ, ученик, лидер, исследование, оценка, суммативное оценивание.

Nurbolat Temirov,
History teacher of the Nazarbayev intellectual school,
1st-year master's degree in history of Pavlodar pedagogical university.
E-mail: mrnureke0@gmail.com

FORMATION OF CRITICAL THINKING SKILLS: scientific and methodological foundations

The study of this activity shows the development of student's research skills using data analysis methods in history lessons. This paper shows ways to develop student's critical thinking skills through methods of data analysis in history lessons. For the development of critical thinking skills at first were taken to study the student's work. Since all our activities are related to students, we evaluated the student's questionnaires and work. At the first stage of the study, the problem was identified and the literature on the development of critical thinking skills was analyzed. A plan has been drawn up and specific measures have been identified. The structure and specifics of tasks that caused difficulties in answering high-level questions are analyzed. The use of types of analysis during the lesson is the main means of developing student's critical thinking skills. The fact is that during the analysis, any problem is considered ambiguously and solutions are proposed. I think this is a problem that needs to be developed during daily classes. The study identified the problem, justified the research questions and aimed at solving the problem. It was noted that after training, student's developed skills.

Keywords: critical thinking, analysis, student, leader, research, assessment, summative assessment.

Кіріспе. Әр адамның және бүкіл қоғамның жаңа әлеуметтік маңызды және жеке мақсаттарын түсінү кезеңінде мынадай қыын міндеттер туындаиды: болып жатқан оқигаларды талдай білу; осы оқигаларға басқа көзқарасқа шыдамды болу; болжамдарды тексеруді қажет етегін зат ретінде қарастыру және осы тексеруден бас тарту; өзіне және айналасындағы әлемге сыйни көзқарас орнатуды дамыту.

Сыны тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибелін, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыны тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрләндірілген тәсілдерді енгізуға дайын болуға, үйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыйни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді (Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгерін) деңгей, үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ және Кембридж Университеті, 2015: 49).

Философтар біздің қыншылықтарымыз белгілі бір дәрежеде проблемалық мәселелерді шешүге, жағдайды сыйни тұрғыдан бағалауға және үтимды шешім табуға қабілетсіздікке байланысты дег санайды және тек сыйншылықпен айналыспайды, мұндай сыйн шындық үшін емес, сыйн үшін сыйн болып табылады. Мұндай сыйнның пайдасыздығының себебін біз қоғам қойылған мәселелерді қалай дұрыс шешуді ғана емес, сонымен біреу дұрыс сыйнауды да білетіндігінде қореміз.

Материалдар мен әдістер. Материал ретінде осы мәселе бойынша зерттеу жүргізіп жүрген авторлар мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ деңгейлік курс материалдары пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында атамыш мәселе бойынша зерттеу жүргізген авторлардың материалдарын пайдаланды.

Зерттеудің методологиялық негізі таным және педагогикалық жалпы ғылыми принциптері болып табылады. Тарихиық принципі оқыту заңдарын және заңдылықтарын пайдалану әдістерін сипаттайты. Зерттеу міндеттерін шешуде дәстүрлі жалпы ғылыми сараптау, синтез, нақтылау және жалпылау әдістері қолданылды.

Талдау. Педагогика саласында қазіргі таңда оқушылардың білім мен дағдыларын дамыту мәселе өзекті болып табылады. Оқушылардың өз ойын еркін әрі нақты жеткізу үшін сыйн тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуда батыс және отандық ғалымдар мен зерттеушілер зерттеулер жүргізуде.

С.Қалиев, К.Аюбаев «Антомология педагогической мысли Казахстана (I том)» ISBN 9965-822-67-0 енбекінде қазіргі кездегі педагогика саласындағы өзекті мәселелерді атап қорсетеді. Мектеп ұстаздарында сыйн тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, жаңартылған білім беру бағдарламарын енгізу жұмыстары жасалып, деңгейлік курс барысында білімдерін толықтыруды.

G.Bassham, W. Irwin, H.Nardone, J.M.Wallace, Critical Thinking: A Student's Introduction (ISBN: 978-0-07-340743-2) зерттеулери бүгінгі оқушыларға қунделікті мәдениет пен сыйни ойлау арасындағы алшақтықты жоюға көмектеседі. Негізделген қадамдар жасай отыра, бұл зерттеуде сыйни ойлаудың барлық негіздерін анық қорсетілген.

Г.Бекахметов пен А.Қоржынбаевың «Основы критического мышления» атты енбекінде сыйн тұрғысынан ойлау дағдыларын толық әрі нақты қорсеткен. Ғылым және сыйни ойлау белімінде ғылыми нақты көзқарасты көрсете отырып, ғылыми әдіске баса назар аударады. Сонымен қатар, бұл мақалада мектептегі іс-әрекетті зерттеу жұмысы көрініс табады.

Зерттеу нәтижелері. XXIғ. әлемнің көптеген елдері

білім беру жүйесінде өте белсенде реформалар жүргізіп жатыр. Қазіргі қоғамда кәсіби құзыретті, шешім мен іс-әрекетті таңдауға қабілетті, сыйни ойлау дағдыларын менгерген, алған білімін тәжірибеде қолдана алатын түлектердің қажеттілігі қатты байқалып отыр. Қазіргі күні білім беру саласында оқушыларға өзекті білім беру мен практикалық дағдыларын қалыптастыру тен мәнге ие болған мойындалып отыр (Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгерін) деңгей, үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ және Кембридж Университеті, 2015: 40). Осыған орай, мектепте өзгеріс енгізуін тиімді жолдарын іздеу мақсатында зерттеу жүргізіліп, оның басым жақтары мен дамыту керек тұстары көрсетілген. Мектептегі білім беру үдерісін жетілдірудің негізгі жолы – тиімді көшбасшылық екені барша мәлім. Дұрыс бағытталған көшбасшылық оку үдерісінің нәтижелілігіне, білім сапасынан жоғарылығына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Менің байқағаным, көшбасшылық жеке тұлғаның дамыуна ғана емес, сонымен қатар, әріптестермен тың идеялармен белісіп, бір-біріне қолдау көрсетіп, ынталандырып, өзара көмектесуге бағытталған. «Талдау және синтез элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сыйн тұрғысынан ойлау дағдыларын қалай дамытамыз?» проблемалық сұрағы таңдал алынды. Не себепті осы сұрақ? Себебі қоғамдық ғылымдар пәндерінде, жалпы қоғамда орын алған мәселе оқушылардың сыйни ойлау деңгейінің төмендігі және XXI ғасыр қажет ететін аналитикалық қабілеттердің жоқтығы. Осы мәселе төнгрегінде жоспар жасалып, шағын зерттеулер жүргізілді. Бір ұстаз бойындағы өзгеріс, сыйның көлеміндегі өзгеріс, оқушылар бойындағы өзгеріс, мектеп көлеміндегі өзгеріске талдау жасалды.

Барлық іс-әрекетіміз оқушылармен байланысты болғандықтан, олардан сауалнама алынып, жұмыстары сарапқа салынды. Шәкірттер нақты дәлелдерді талап ететін тапсырмаларға толық жауап беруден қиналады. Бұл қунделікті сабак барысында дамыту керек мәселе деп білемін.

Бірінші кезекте оқушылардың жиынтық бағалау жұмысы талданды. Талдау барысында олардың берілген тапсырмаларға дәлелдер мен дәйектер келтіре отырып жауап берулері қыындық тудырғаны байқалды. Осы мәселе негізгі ала отырып сабак барысындағы оқушылар мен мұғалімдердің іс-әрекеттері және ата-аналардан сауалнама алынған болатын.

Сауалнама нәтижесінде барлық тараптың дәлелдер мен дәйектер қолдану бойынша қойылған сұрақта аландастырынын және дамыту керек екендігін түсіндім.

Зерттеу нәтижесінде мынадай түйіндер жасалды: ұстаздармен бірге біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кенейте алдық, талдаудың түрлерін қолдану арқылы өз ойларын негіздей алу дағдылары қалыптастып, он нәтижелер бере бастады. Әр сабактан кейін тәлім алушымен алға қойған мақсаттарымызға жеттік, тақырыптан қалып оқушылар болған жоқ, сабакқа белсенде қатысып, аргументтер арқылы өз ойларын негіздел берді. Бағдарламаның негізгі ойларын нысанана ала отырып, кіркіту арқасында оқушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, сұрақтарға дәлелдер мен дәйектер келтіре отырып сейлеуге дағдыландырып, білім алуға құлшыныстары артты. Алдағы уақытта бағдарламаның түйінді ойларын өз тәжірибемізде қолданып, әртүрлі деңгейдегі оқушыларды дамытып, жетелеп, тұлға ретінде қалыптастыруына септігімізді тигіземіз.

Жалпы тәжірибе кезінде оку үдерісінің қатысуышыларына, яғни ұстаздарға, оқушыларға өзгеріс енгіздім деп айта аламын. Оны қалай байқадым?

Ұстаздар бойындағы өзгерістер: олардың қызығу-

шылықтары артып, өзгеріс пен жаңашылдыққа деген бетбұрыс байқалды; бұрын тек өз кәсіби деңгейін жетілдірумен айналысадын үстаздар енді ынтымақтастықта коучингтерде өзара тәжірибе алмасуға дағыланды; сын тұрғысынан ойланып, сабактарына жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана бастады; сабактарға талдауды үнемі енгізуге машықтанды.

Оқушылардың бойындағы өзгерістер: А деңгейлі оқушылар талдауларды қолданып, өз ойларын еркін білдіруге дағыланды; В деңгейлі оқушылар қарапайым талдау түрлерін қолдану арқылы өз ойларын қарапайым түрде білдіруге дағыланды; С деңгейлі оқушылар қарапайым талдауларды мұғалімнің көмегімен өз ойларын қарапайым деңгейде білдіруге дағыланды.

Қорытынды. Мұғалімдер оқытудағы басты назар студенттердің берілген ақпаратты игеруіне және оқу материалын механикалық есте сақтауына емес, оқушылардың ойлауын дамытуға бағытталуы керек екенін үзақ уақыт анықтады. Сондай-ақ, зерттелетін саланы аналитикалық тұрғыдан қарастыруға үйрету керек, ол ыдышауды, бөлуді, принциптерді, қарапайым принциптерді зерттеуді қамтиды, соның арқасында ойлау дәлелді сипатқа ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Г. Бекахметов., А. Коржумбаева. Основы критического мышления. ОО «Общенациональное движение» «Қазақстан -2050» – Астана- 208.

А. Ташенова, Сын тұрғысынан ойлау оқу мен жазу арқылы

дамыту. Білім-Образование – 2006 ж. №6. 3-46.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы үлттық баяндама, 2011, 21 б.

Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгерін) деңгей, үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ және Кембридж Университеті. 2015 жыл., 406., 496., 676.

Президент Жолдауы. Н.Ә. Назарбаев. 2012, Стратегия - 2050. http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respublik-i-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-14-dekabrya-2012-g.

С.Қожагельдиева, Н.Нұртазаева. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі. Бастауыш мектеп №4. 2009 ж.

REFERENCES

G.Bekakhmetov., A.Korzhumbaev, Foundation for critical thinking. NGO «National movement » Kazakhstan – 2050 -Astana-208 [in Russian].

A. Tashenova, Development of critical thinking through reading and writing, Education-2006 №6. 3-4 p. [in Kazkh].

National report on the stability and development of education systems in the Republic of Kazakhstan, 2011, 21 p. [in Kazakh].

Download guide. First (advanced) level, third edition. AEO "Nazarbayev Intellectual schools" and Cambridge University, 2015, p. 40, p. 49, p. 67. [in Kazkh].

Message of the President. N.A.Nazarbayev. 2012, the Strategy – 2050. http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respublik-i-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-14-dekabrya-2012-g [in Kazkh].

S.Kozhageldiev, N.Murtazaeva. Effectiveness of learning through critical thinking. Primary school No. 4. 2009. [in Kazkh].. Текжөнделді.

КЕҢЕСТИК КЕЗЕҢДЕГІ ДІН МЕН РУХАНИ ЖАҒДАЙДЫҢ МАСЕЛЕЛЕРИ

Ербол ЫСҚАҚОВ (Искаков),

М.Әуезов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Тарихта әлемді дүр сілкіндірген оқиғалардың бірі Ресейде болған революциялық төңкеріс Ұлы Октябрь социалистік революциясы деген атаумен тарих қойнауда қалды. Социалистік құрылыш капиталистік қоғамды жойып, коммунизм бүкіл дүние жүзінде үстемдік етеді деген пікір сол кезеңнің негізгі бағыт-бағдары болды.

Капиталистік қоғаммен куресте Карл Маркс пен Фридрих Энгельс өңбектеріндегі: дін – үстем тап өкілдеріне қызмет етеді деген идея негізге алынды. Пролетариат көсемі В.И.Ленин «Жұмысшы партиясының дінге көзқарасы» деген мақаласында: «Дін дегеніміз халықтың басын айналдыратын ағын, – Маркстің осы нақыл сөзі марксизмнің дін мәселесі жөніндегі бүкіл дүние тануының ірге тасы болып табылады. Осы замандағы діндер мен шіркеулердің бәрін, әр алуан діни үйімдардың бәрін марксизм әрқашан буржуазиялық реакцияның, жұмысшы табын қанау және оның басын айналдыру үшін қызмет ететін органдар деп таниды» [1] – деп жазса, «Социализм және дін» деген мақаласында: «Дін дегеніміз – өмір бойы басқа біреулерге жұмыс істеумен, мұқтаждықпен жаншылған халық бұқарасын барлық жерде бірдей басқан рухани езгінің бір түрі... Дін – капитал құлдары өздерінің адамшылық бейнесін, адамға лайық азды-көпті тұрмыс жөніндегі талабын тұншықтыратын рухани удың бір түрі» [1],– деп көрсетеді.

Большевиктік әкімет билік басына келгеннен кейін жер халықтік деп ұран тастап, 1917 жылы 26 қазанда (8 қарашада) жер туралы декрет қабылдады. Осы құжатқа сәйкес жерге жекеменшік құқық жойылды.

Жер халық игілігіне беріледі деген шешім қабылданып, діни үйімдар жер иелену құқығынан айырылды. Осы құжат арқылы большевиктер ақырындан дінге деген қысымшылық шараларын жүзеге асыра бастады.

Ресейдегі дүмпу шаралардан Қазақстан да тысқары қалған жоқ. Бұл жөнінде езінің мақаласында профессор Д.А.Аманжолова: «Қайтадан құрылған білім беру жүйесі мен тәрбие жүйесі арқылы Кеңестік Өкімет елдің көптеген халықтарына идеологиялық жағынан «кеңестік қағидаларын» кіргізуға тырысты. Ол қағидалар: коммунизмді құруда, партияға және атеизмге берілгендей...»,– деп атап етеді [2].

Қазақстандағы дінге қарсы шаралардың қалай болғандығын ғалым зерттеушілердің еңбегінен байқауымызға болады.

1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың басынан бастап Кеңес үкіметінің антиисламдық саясатының басты үстанимдары айқындалды, ол ең алдымен мұсылман қауымдастырының дінбасыларын саяси күғын-сүргінге ұшырату, кеңестік атеизм идеологиясына қайши келетін діни бірлестіктерді жабу, мешіттер мен медреселерді талқандауға бағытталды. 1918-1931 жылдар аралығында Қазақстанда 1630 діни гибадатханалар, оның ішінде 782 мешіт, 1931-1933 жылдары 8 сенім (культ) ғимараты, 879 діни гибадатхана, оның ішінде 499 мешіт жабылды [3].

Дінмен қатар тілге де шабуыл жасалып, қазақ халықын рухани дағдарысқа ұшырату шаралары да жүргізілді. Осы кезеңдеңігі кеңестік жазалаушы жүйенің тағы бір

оздырылғы саясаты тіл саясатына қатысты жүргізілді. КСРО құрамындағы мұсылман халықтарының бұрынғы қолданып келе жатқан араб әліпбін жойып, өзелі латын, кейінірек кириллицаңы енгізу күштеп орыстандыру саясатының бастамасы еді. Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуші белгілі ғалым Ширин Акинердің «*Islamic People Of The Soviet Union*» еңбегінде КСРО құрамына кірген Орта Азия және Қазақстан елдерінің әліпбін туралы мәліметтерде 1924 жылға дейін араб әліпбі, 1924-1929 жылдары өндепген араб әліпбі, 1929-38 жылдары латын әліпбі, 1938-1940 жылдары екінші латын әліпбі, 1940 жылдан бастап кириллицаға ауысқаны және оның 1957 жылды модификацияланғандығы туралы және олардың діні ислам, ханафи мазхабындағы сұнниттер екендігі туралы мәліметтер көлтіріледі [3].

Дінге қарсы насиҳат Ұлы Отан соғысы жылдары саябырысыды. Қенес өкіметіне соғыс ашқан Герман басшылығының совет халықтарына дінге қайта оралуарына еркіндік беретіні жөніндегі мәлімдемесі Коммунистік партияның дінге қатаң қөзқарастарын жұмсарутса себеп болды. Отанды қорғау жопында халықтар бойындағы ерік-жігерді нығайту мен сенімділікті бойларына сіңіру мақсатында діні сенімге рұқсат берілді.

1943 жылды 15-20 қазанда Ташкентте Орта Азия және Қазақстан улемдерінің бірінші құрылтайы өтті. Құрылтайды Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасын құру туралы шешім қабылданды, төрағасы болып Эшон Бабахан сайланды. 1945 жылдың аяғына таман қенестік мұсылмандар Мекке мен Мединеге қажылық өтеуге баруға мүмкіндік алды. Жалпы алғанда, 1941 жылдан басталған Қенес Одағының ислам конфесияларына қатысты «жылымық» саясаты ұзаққа созылмады, 1948 жылдан басталған діни қысым 1953 жылды Сталиннің өліміне дейін жалғасты [3].

Соғыс кезінде «діни соқыр сенімдерге» адамдардың бет бүргандығы жайлы советтік әдебиетте былай көрсетілген. «Неміс фашистеріне қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысы жылдарында діни соқыр сенімдердің жандануына біраз мүмкіндік туды. Соғыс жылдары көптеген адамдар жақын туыстарынан айырылды және біраз материалдық қынышлықтарды бастаудын кешірді. Осындай жағдайларда ескіліктің қалдықтарынан айырылмаған кейір адамдар өздерінің көнілдерін жұбатуда, медеу етуде дінге бой ұрды. Оған қоса соғыс жылдарында дін иелері де әлі келгенінше діни үгітті жүргізіп қалуға тырысты» [1].

Орыстың озық мәдениеті мен әдебиетінен нәр алған қазақтың ұлы тұлғалары, ағартушы ғалымдары атеистік идеяны насиҳаттауға зор үлес қосқан деп саналды. Олар дінге, дін иелеріне қарсы шыққан, өз әнбектері арқылы халықты діннен аулақ болуға шақырган қайраткерлер деп дәріптеді. Халықтың арасында алғашқы атеистік қөзқарастардың қалыптасуына жол салды. Бірақ діннің негізі әлеуметтік таралу жолдарын түсіне алмагандықтан, атеизм негізін қалай алмаған деп көрсетілді.

«Шоқан діннің пайда болуын материалистік тұрғыдан қарал, құдай жоқ және ислам діні зиянды деп ашық айтатын атеизм дәрежесіне жеткен. Дін атауларының бәрі ғылыминың, мәдениеттің жауы екенін көрсетті. Ол қазак даласында исламдық, шамандық идеологияға, діни фанатизмге қарсы аянбай күресті. Сөйтіп қазақ жерінде атеистік қөзқарастардың тарауына жол салды. Діннің гносеологиялық әлеуметтік тамырларын түсіне алмады да, оны жоюдын басты жолдарын көрсете алмады.

Надандық пен қарандылыққа қарсы күрес жүргізе

отырып, Ыбырай дін мәселелеріне де тоқталды. Оның дін туралы ойлары өзінің педагогтық еңбектерінде, мектептегі оқу жұмысы туралы баяндамаларында, жылдық есептері мен рапорттарында, хаттарында және көркем шығармаларында жазылған...

Абай өмір сүрген кезеңде мен ислам дінінің үстемдік еткен заманы. Сондықтан діни шырмауда қасретті өмір сүрген қараңғы халқымыздың өмірі Абай шығармаларының арқауына айналды. Абай өз шығармаларында діни уағыздарды және діннің тірегі болған байларды, дін иелерін сыйнады. Ол ислам діннің намаз, ораза сияқты парыздарын ашықтан-ашық сыйнайды, келемеж етеді. Абай да діннің шығуының гносеологиялық, әлеуметтік тамырларын жете түсінбеді де дінге қарсы тікелей құресетін атеизм дәрежесіне кете-ріле алмады» [1].

Сонымен қатар қазақтың басқа да ақын-жазушылары да атеистік тәрбие үшін мәні бар деп табылып, мектеп бағдарламаларына енгізілді.

Қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, Б.Майлін, И.Жансүгіров, Ж.Жабаев, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ф.Мұсірепов, Ф.Мұстафин, А.Токмаганбетов, Ә.Тәжібаев, Т.Жароков тағы басқа көптеген дарынды акын, жазушылардың творчествосынан маркстік-лениндік идеяны айқын көреміз [4].

Үлт руханиятының өзегі болып табылатын дінге қарсы шығу арқылы жергілікті үлтты жою мақсаты көзделді. Адам баласының рухани құндылықсыз өмір сүре алмайтындығы ескеріліп, атеистік білім мен тәрбие арқылы халыққа советтік моралдік құндылықтар насиҳатталды. Адам баласының бойындағы жаман қылықтардың барлығы діннің әсерінен дөлініп, совет адамдарының бойында адамгершілік қасиеттердің жинақталғандығы баяндады. Атеистік тәрбие жұмыстары мектептен басталып, жоғары оқу орындарында жалғасты. Мектептерде пионер үйімі құрылып әр түрлі істердің бастамашысы болып табылса, жоғары сыйнаптарда комсомол үйімі социалистік елдің құрылышылары болып саналды. Мектептерде жас тимуршылар деген атпен озат окушылардан жасақталған балалар үлкен қарт кіслерге көмек көрсету міндеттін мойындарына алды. Осындай істер арқылы басқаларға үлгі етілді. Бұлар жарқын коммунизмнің ұрпақтары саналды. Одақ көлемі бойынша балаларды әр республиканың көркіт жерлеріне саяхат жасау қолға алынды. Балалар сауықтыру орындарында демалды. Советтік кітаптарды оқу әр баланың сүйікті іci болып табылады. Міне, осындай істер арқылы советтік балаларды тәрбиелеу идеологиясы қолға алынды. Қенестік империя гуманистік идеяны басты орынға қойғанымен, әр халықтың мәдениеті мен наым-сенім, өзіндік салт-дәстүрінің ерекшеліктеріне көз жума қарғандықтан коммунистік идеяның болашағы көпке созылмағандығы белгілі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Исқаков Мұқан, Нұрмажанбетов Қарібжан. Атеистке көмекші. Алматы, « Қазақстан » ,1969. – 216 б.

2. .<http://kazorta.org> Қенестік Қазақстанда атеизм негізделінің пайда болуы.

3.<http://pps.kaznu.kz> Қенестік дәүір саясатындағы ислам факторы және Қазақстандағы ислами ахуал. Актаулов Бақыт Жұмажановна.

4.А.Токбергенов. Жастарға ғылыми – атеистік тәрбие беру. Алматы, « Мектеп » ,1987. – 115 б.

Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
Акжар ауылы.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

**Б.ӘБДІЛБАЕВА (Абдилбаева),
№3 Кеген орта мектеп-лицеїнің мұғалімі**

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы														
Сабак тақырыбы	Неліктен ежелгі адамдар Ласко үнгірінің қабыргаларына сурет салған?													
Осы сабактағы оқу мақсаттараты	5.2.2.1 ежелгі адамдардың тұрмыс салтын сипаттау үшін «алғашқы қауымдық өнер» үғымын пайдалану; 5.2.1.2 тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді білу.													
Сабактың мақсаты	Барлығы: Алғашқы қауымдық өнер туралы түсіні. Көпшілікі: Ласко үнгірінің қабыргаларына салынған суреттер арқылы ежелгі адамдардың тұрмыс салтын сипаттау. Кейбіри: Ежелгі адамдардың діни түсініктерінің мәнін ашу.													
Бағалау критерийі	Алғашқы өнер үлгілерін түсініп, ежелгі адамдардың өмірін сипаттайтыны; Тотемизм, фетишизм, магия, анимизм сияқты діни түсініктер туралы біледі, ажыратады.													
Тілдік мақсаттар	Окушылар: Ласко үнгірінің қабыргаларына салынған суреттер туралы айта алады; Ежелгі діни наным-сенімдердің түрлерін, мағынасын кестеге жазады. Диалог/казылым үшін пайдалы сөздіктер: 1.Ласко үнгіріне салынған суреттер ежелгі адамдардың өмірін сипаттайтыны, дәлелім..... 2. Тотемизм, фетишизм, магия, анимизм.....													
Құндылықтарға баулу	-Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; -Тарихи мұраға құрмет, ескерткіштерді қорғауға, сақтауға қалыптастыру; -Өмір бойы білім алушыны болу, ынтымақтастық, достық, өзгелерге қамқорлық көрсету.													
Пәннэр. байланыс	Қазақстан тарихы, бейнелеу өнері, география.													
Алдыңғы білім	Алғашқы адамдардың қандай көсіп түрлерімен айналысқаны, өндіруші шаруашылық түрлері туралы біледі.													
Сабак барысы														
Сабак кезеңдері	Сабактағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар												
Сабактың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру сәті. «Бір белгі» әдісі арқылы окушыларды түгендеде. Тақтада түрған тізімге окушылар + белгісін қою арқылы жүргізіледі.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>Белгі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>Алимжоғаев Руслан</td> <td>+</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Арман Бақыт</td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Бақытқызы Сәуле</td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>«Бір ауыз сез» әдісі арқылы окушылар суретке қарап үй тапсырмасын еске түсіреді, айтады. Садақ, жебе, мыс қола егіншілік, малышлар туралы суреттер.</p>	№	Оқушының аты-жөні	Белгі	1	Алимжоғаев Руслан	+	2	Арман Бақыт		3	Бақытқызы Сәуле		<p>Қалам. Кесте.</p> <p>Суреттер</p> <p>Оқулық Дүниежүзі тарихы.</p> <p>Атамұра 2017 жыл</p>
№	Оқушының аты-жөні	Белгі												
1	Алимжоғаев Руслан	+												
2	Арман Бақыт													
3	Бақытқызы Сәуле													
Сабактың ортасы 12 минут	<p>«Суреттер сыры» әдісі. Окушыларға суреттер көрсетіледі. Бұл не? Суретте не бейнеленген? Олай болса балалар бізідің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қалай аталуы мүмкін?</p> <p>Сабактың тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері окушыларға таныстырылады. Мұғалім хабарлайды. Францияда 1940 жылдың күзінде төрт жасеспірім бала Ласко үнгіріндегі суреттерді тапқан.</p> <p>Т.Ж. 1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. «Данышпан үкілөр» әдісі.</p> <p>Топтагы окушыларға Ласко үнгірі туралы мәтін таратылып беріледі.</p> <p>1.Мәтіннен негізгі ұғымдарды тауып, адамдардың неліктен Ласко үнгіріндегі суреттерді салу себептерін анықтаңыз. Жаңаңыз болған ақпаратты жазыңыздар, түсінірініздер.</p> <p>Дескриптор: 1.Ласко үнгірін тапқан кімдер және қай жылы екенін жазады; 2.Ласко үнгірінің географиялық орналасу аймағын атайды; 3. Ласко үнгіріне салынған суреттер арқылы алғашқы адамдар тіршілігін сипаттайтыны, жартасқа суреттерді салу себептерін анықтайтыны. 4. Үлгі боларлық қорытынды. Оқыған мәтіннен келешекке қажет болатын маңызды қорытынды шығарады.</p> <p>ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек».</p> <p>Ж.Ж. 2-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер» әдісі. Қазіргі аң аулау суреттері мен жартастағы суреттерді салыстырып, суреттерде кездесетін жануарларды анықтаңыз. Бұл суреттер сол кезде өмір сүрген адамдар туралы не айтады?</p> <p>Дескриптор: 1.Суреттерді пайдаланып қысқаша әнгіме құрастырады. 2.Окушылар таныымдық және ойлау деңгейін көрсете алады.</p> <p>ҚБ. Жапондық әдіс. Ж.Т. Тапсырма: «Минуттық шешім» әдісі. Кестеде берілген ежелгі діни түсініктердің анықтамаларын жазады,</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Ұғымдар</th> <th>Анықтамасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>Тотемизм</td> <td>Фетишизм</td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Анимизм</td> <td>Магия</td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор: 1.Ежелгі діни наным-сенімдердің анықтамасын сипаттайтыны. 2.Ежелгі діни сенімдердің қайсысы бүгінгі күні кездеседі? Бүгінгі өмірмен байланыстырады.</p> <p>ҚБ.Әзін-әзі бағалау.</p>	№	Ұғымдар	Анықтамасы	1	Тотемизм	Фетишизм	3	Анимизм	Магия	<p>Ласко үнгіріндегі суреттердегі жануарлар бейнелерінің көшірмелері YouTube</p> <p>YouTube</p> <p>Ласко үнгірі бейнефильм.</p> <p>Мәтін-таратпа. Интернет материалдары</p>			
№	Ұғымдар	Анықтамасы												
1	Тотемизм	Фетишизм												
3	Анимизм	Магия												
10 минут														
Сабактың соңы 3 минут	<p>Рефлексия. «Көніл күй букеті». Қызыл тұс – проблема бар, көмек қажет. Сары тұс – барлығы түсінікті емес. Жасыл тұс – барлығы жақсы. Стикер түстері әртүрлі болуы мүмкін.</p>													

Алматы облысы, Кеген ауылы.